

Б. Қапалбек, Г. Закиряева, С. Жантасова

ҚАЗАҚ ТІЛІ 10

Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-туманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бекіткен



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз-922
К40

Қапалбек Б. т.б.

К40 **Казак тілі. Жалпы білім беретін мектептің көгамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Б.Қапалбек, Г.Закиряева, С.Жантасова. – Алматы: Мектеп, 2019. – 216 б., сур .**

ISBN 978-601-07-1126-6

К 4306020200-035 24(1)-19
404(05)-19

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз – 922

ISBN 978-601-07-1126-6

© Қапалбек Б., Закиряева Г.,
Жантасова С., 2019
© «Мектеп» баспасы, көркем
безендіріту, 2019
Барлық әдебиеттер жаңы
басылымның мұтиқтік құжаттары
«Мектеп» баспасының тиесіні

ҚҰРМЕТТІ ЖАС ДОС!

Міне, сен өз болашағынды бағдарлай алатын, айналада болып жаткан жағдайларға өзіндік пікірінді білдіре алатын, бұл дүниенің ағы мен қарасын, ыстығы мен суығын айыра билетін жастасын. Енді баяғы солқылдақ жас шыбық емессін, тамырын ұлттын руханийтына бойлаған, еліне, ұлттына еңбек сініруте бет алған жас азаматсын. Сенің осындај жекетуľға ретінде калыптасуында қазак тілінің ролі өте зор. Өйткені сенің бойындағы тәлім-тәрбиең, өнерің мен мәдениетін, білімің осы тіл аркылы берілші және осы құндылыктардың барлыты тілдің бойында, тілдің ішінде сакталады.

Әлемде алты мынға жуық тіл болса, сонын әркайсысы әлемді өзінше таниды, өзінше бейнелейді. Мәселен, қазак тілінде халықтың сан ғасырлар бойы жинаятаған білімі сакталған. Қазактың әр макалының өзі бағзы заманнан бері дала зертханасында сыналып, халықтың өмір тәжірибесінде әбден дәлелденген бір ғылымшы тұжырым десе болады. Бұл пәнні оку кезінде сендер бар күштерінді, негізінен, сез тануга жұмысауларын керек. Қадімгі қазак сезінін ішіне терен сұнгіп, онын тағылымдық, танымдық мәнін, мәтіннің дәнін, сезінің жұмысалу кезіндегі астары мен жапсарын, мың макалдың мәйегін, жуз пікірдің дәйегін танып, тамырларын терендеп, діндерін катаюы кажет. Тіл деңгениміз – ұлттың мазмұны. Ал сен – сол ұлттың ажырамас бір белгісін.

Бұл оқулықта Алаш кайраткерлері, олардың енбектері мен шеясына қатысты материалдар көтеп берілді. Максат – Алаш кайраткерлерінің өмірінен өнеге алу, елге калтқысыз қызмет етудің үлгісін үйрену, түйсіну. Тілдің дамуы, өзгеруі үшін бір ғасыр бір гана сәт секілді. Яғни, Алаш кайраткерлерінің тіл туралы айткан сезідері бүтін де өте өзекті. Тіл өзінен-өзі дамымайды, ол – биологиялық құбылыш емес, қоғамдық құбылыш. Сондыктan Алаш шеясын ұстану, тілге қызмет ету, оны дамытуға барынша атсалысу енді сендердің колдарында. Оны қоғамдық катынастың барлығына жетектеп енгізу – сендердің міндеттерін.

Қазақ мектептеріндегі қазақ тілінің мақсаты, өзге де гуманитарлық пәндер сиякты, өте күрделі. Мұнда коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге, кез келген санаттағы мәтіндерді талдауга, мәтін тузыруға, шығармашылықка және орта мектепке сай лингвистикалық білім алушта, тіл білімі терминдерін біліп, тіл бірліктерін түстеп тануга үйренулерін керек. Онда іске сәт!

Шартты белгілер:



– оку



– айту



– тындау



– жазу



– қайталау



– талқылау



– табу



– ширату



– талдау



– өзінді тексер

ТІЛ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

1.1. АЛАШ ИДЕЯСЫ



1-тапсырма. Мәтіннен алынған тірек сөздердің әріптерін дұрыс орналастырып, мағынасын ашындар.



А Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар.

Алаш алыптары: «Жаратушы адамзат баласын тен қылыш жаратты, сондыктан казақ та тендігін алсын. Қазақ тіліне таршылық болмасын, казақ атажұртына, оның байлығына өзі не болсын», – деді. Ешкімге қаратылған қарсылық жок, бұл адад ниеттен туған ойтаним болатын.

Оған бірінші кедергі «фікі» екендігін, оның «өлімге» апаратындығын Алаш алыптары тұра айтты. «Оян, казак!» ұран ғана емес, жанайқайы болатын. Жанайқайы рухқа қауіп төнгенде шығады. Осылайша бірінші сөз алаштың өз баласына қаратылып айтылды.

Екінші сөз баршасына, сыртқа қаратылып айтылды. Адамзаттың бәрін бауырым деп сүйеттін алаш баласының әділетті ойы сол кезде сыртқа ұнамады, ал бүтінде іште оған деген немкүрайдылық пен енжарлық катар бар. Ұнамау жаксы, ейткені кімге ұнамағанын білесін. Немкүрайдылық пен енжарлық жаман, онда іш пен сыртты тұтастандырып жіберетін әділетсіздік бар. «Алаш» ұғымы – қазақ танымындағы ең касиетті метағым¹. Ежелгі Ер Түріктен бері «бауырластар», «қандастар», «туыстар» деген мағынаны білдіретінін әр казақ біледі. Алаштың идеясы да сол – «бауыр болайы», «туыс болайы», «адамзат баласы тен» деген терен танымға өріс ашқан болатын. «Қазақ та сол адамзаттың бір баласы, бәрімен барлық мәселеде тен болсын» деді. Қазактың тұра мағынасындағы, әділетті мағынасындағы ұлтшылдығы империялық санаға ұнамады. Ол туралы қазақ философи

¹ Метағым – барлық ұғымдардың мазмұны мен олардың бір-бірмен логикалық байланысын біріктіріп тұрған азық динамикалық сатылық күрьым.

Гарифолл а Есім: «Сондықтан Алаштың Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржакып Дулатұлы сынды озық азаматтарының «Оян, қазак!» деп көтерген ұраны большевизмге карсы атылған оқ болды», – деген еді.

Алаш альштары әділетсіздік жолындағыларға үлттық сананың ұна-майтынын білді. Бірақ саналы түрде, ауыр болса да, әділет жолын таң-дады. Алаш альштары сау ақыл мен әділетті ту етіп ұстады, әділетсіздік жайланаған сана оны өзіне оқ етіп қабылдады. Бұл зандылық болатын.

T.Шаңбай. Алаш мәселелері. 1-том



Ә Мәтіндегі Алаш идеясын санамалап көрсетіндер.



Б Бір-бірінді қайталамай, Алаш қайраткерлері туралы бір-бір сөйлемнен айтындар.



В Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріндер.



Есте сақта!

Жаңа атаулар емлесі

Тілдегі жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайды, оны туғызатын әртүрлі себептер болады. Жаңа қолданыстар қазақ әдеби тілінің кітаби сез жанрларының лексика-фразеологиялық жүйесін байыта түседі. Олар, негізінен, бірге жазылады: құзырхат, ашықхат, айдарбелгі, затбелгі, ғаламтор, айқұлақ, хатқалта, ықпалшара, экоорталық, әуесерік, құлаққап, пернетақта, тоқбасар, гүлшоқ т.б.



2-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, «Есте сақта!» айдарында берілген сөздердің түсіндірмелерін табындар.

Керек дерек!

Кітаби тіл

Кітаби тіл «жазба әдебиет тілі» үғымын береді. Ғалымдар мынадай категорияларды «кітаби тілге» жатқызады:

- Ислам дәүіріндегі ортаазиялық ортақ әдеби түркі тілі;
- «шағатай тілі» деген таза әдеби тіл;
- Орталық Азия халықтарында қалыптасқан эпистолярлық-ресми әдебиеттің тілі;
- таза шағатай тілінде емес, сол тіл мен татар, қазақ тілдерінің элементтерін араластырып жазған, «қазақ тілінде» деп ұсынылған әр ауан жанрдағы нұсқалардың, яғни діни қисса-дастандар, ислам канондарының аудармасы т.б. үлгілердің тілі.

R.Сыздықова

1-белім.



3-тапсырма. «Керек дерек!» айдарындағы «Орталық Азия халықтарында қалыптасқан эпистолярлық-ресми әдебиеттің тілі» дегенге мысал келтіре отырып, мағынасын ашындар.



A Мәтін қандай стилде жазылған? Ойларынды дәлелдендер.



Ә Мәтінді оқып, кітаби тілге жинақы анықтама жазындар.

1.2. АЛАШ ҚОЗГАЛЫСЫ



1-тапсырма. Алаш қозғалысы туралы өз пікірлерінде білдіріндер.

1. «Алаш қозғалысы » туралы өзіндік пікір (оі, идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін айгақтайтын мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы дәлел – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал – бір сөйлем.
6. Корытынды – екі сөйлем.



A Мәтінді оқындар. Мәтінде берілген ақпаратты әдебиетпен, тарихпен байланыстырып әңгімелендер.

Казактың санғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы айрықша тарихи құбылыс ретінде ұлттымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бүрганы сөзсіз. Өйткені ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендейдігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тен қалыптастырылғанда азат күн кешуте болатындығына әлеуметті¹ сендері алған жаңашыл қозғалыс еді. Жаңашылдығы – қазақ қоғамы үшін қын-қыстау сол бір дүбірлі шакта азаттық ұранын салып, билігі өзгенің колындағы, мемлекеттік институттары қалыптаспаған, бытыранқылық жайлайтын сахара төсінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезенде амал тауып халқының басын косып, ертеңіне сендерін тұлғалардың осындағы ұлы шоғыры бұған дейін болмағанына талайды көрген қазақ тарихы күә. Олар сол тұста кездескен қындықтардың барлығына да дайын тұрып, түпкі максатка жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының онтайлы шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы Кеңес өкіметі тарапынан терістелгендімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүргегі мен санасында өмір сүріп келді.

E.Tілешов. Алаш мәселелері. 1-том



Ә Екі топқа бөлініп, матін мазмұны бойынша З сұрақтан дайындандар. Қарсы топ сұрақтарға жауп берсін.

¹ Әлеумет – ел-жүргізушілік, халық деген мағынада.



Б Өз білімдеріңе сүйене отырып, мәтіннен алғынған «Алаш қозғалысы Қеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүргі мен санасында өмір сүріп келді» деген пікірді жалғастырып, аргументативті эссе жазындар.



В Жоғарыдағы сейлемге морфологиялық талдау жасаңдар.



Есте сақта!

Ықшамдалған сөздер емлесі

Бірнеше сөзбен аталатын құбылысты бір сөзбен атау немесе тұлғалық жақтан ықшамдалып қолданылатын сөздердің емлесі: үй тұтқыны – мырзакамақ, күміс қылышықты тұлқі – қалтар, қара ләйлек – қарабай, ғарыш айлағы – ғарышайлақ, іс парағы – іспарақ, ғарыш кемесі – ғарышкеме, мұз айдыны – мұзайдын т.б.



2-тапсырма. Кім көп табады? Бірнеше сөзбен аталатын белгілі бір құбылысты бір сөзбен атау немесе тұлғалық жақтан ықшамдау үдерісіне байланысты қолданылатын сөздерге «Есте сақта!» айдарында берілгеннен басқа мысалдар табындар.



А Төменде берілген сөздердің тұлғалық жақтан ықшамдалған түрін сәйкестендіріңдер. Оларды қатыстырып салалас құрмалас сейлемдер құрастырындар. Түрлеріне қарай ажыратындар.

хан қызы	бабыр
кул баласы	мырза
тұлқинің баласы	сабаншы
аюдың баласы	ханшайым
әмірдің баласы	қарабай
қамыс мысығы	құлшар
қара ләйлек	жәудір
қар барысы	қонжы қ



Ә Қазақ орфографиясының негізгі ережелері туралы қысқаша конспект жазындар.

Керек дерек!

Кітаби тілге қатысты белгілер

1. **Лексикалық белгісі.** Бұл – кітаби тілдік үлгілердің құрамында қазақ тіліндегілерге қарағанда, араб-парсы сөздері сан жағынан әлдеқайда көп болып келуі және халық тіліне енбеген шығыс сөздерінің болуы.

2. **Грамматикалық белгісі.** Оған қазақтың жалпы халықтың тіліне тән емес кейір морфологиялық тұлғалардың актив қолданылуы жатады. Мысалы, еткен шақ есімшениң анықтауыштық қызметте, көбінесе -мыши жүрнағы арқылы жасалуы, етістіктің III жағының -дүр формантын, көпше мағынасында -лар жалғауын тіркеуі; бірлән, уа, һәм тәрізді өзге тілдік шылаулардың қолданылуы; кейде (өте сирек) құрмалас сейлемнің ки (кім) конструкциялы болып келуі т.б.

3. **Орфографиялық белгісі.** Бұл – қазақ сөздерінің үндестік занына байланысты фонетикалық нұсқаларын ескермей, жалғау-жүрнақтарды бір-ак

1-бөлім

вариантта жазу (*атлар, қазлар, балалар, атны, қазны, баланы, атлық, қазлық, балалық т.б.*), сөз басындағы ж-ның орнына й жазу (*йас, йахши, йігірма*); сөз ортасына f әрпін қосып жазу (*ұғлы, ұруғы – руы т.б.*), араб-парсы сөздерін түпнұсқадағыдай жазу.

Р.Сыздықова



3-тапсырма. Мәтіннен берілген сөздерге мағыналас сөздерді табыңдар.

белсенді

үндестік заны

нұска

күрылым



А Мәтіннің әр бөлігіндегі ойды бір сөйлемге сыйдырып жазыңдар.




Ә Кітаби тілге жататын шағын мәтін табыңдар.

1.3. АЛАШ ҰРАНЫ¹



1-тапсырма. Сөзжұмбақты дұрыс шешсендер, боялған торкөздерден бүгінгі сабактың тақырыбы шығады.

1. Ұлттық жазудың реформаторы.
2. «Қыр баласы» деген кім?
3. Әрі дәрігер, әрі тілтанушы Алаш зиялдысы.
4. Телжан ...
5. «Қаранды қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» ақын.
6. Қазақ халқына «Оян!» деп ұран тастаган ақын.
7. Түркістан автономиясының жетекшісі.
8. «Қазақ тілі» елецинің авторы.
9. Қазақша жазылған алғашкы «Психология» еңбегінің авторы.



¹ Ұран – халықты бір іске жұмылдыру мәссаңында айттылатын үндеу, шакыру, дабыл.



A Мәтінді оқып, тезистік жоспар құрындар.

«Алаш ұраны» – Алашорданың гимні. «Алаш ұраны» «Алаш» партиясының, адамзат баласының көзі көріп, қулагы естімеген өзгерістерді басынан өткеріп жатқан исі казактың ұраны еді. Сұлтанмахмұт – елін емірене, жүртүн тебірене сүйген ұлтжанды азамат. Атар тан, батар күнде тек қана ел қамын ойлап еніреген, ұлтына жан-тәнімен қызмет жасауды мұрат еткен Торайғыровтай перзенттің аласапыран уақытта бұлқынып тарих сахнасына көтерілуі – занды құбылыс.

«Алаш ұраны» – 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін іле-шала жазылған шыгарма. Рухы биік, мақсаты ізгі, бітімі оқшау туынды.

1917 жылдың 20 наурызында Петроградтан Элихан, Мұстафа, Міржақып «Алаш ұлына» атты мақала жолдап, онда: «Азаттық таны атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүтін тенелдік. Қам көнілде қаяудай арман қалған жок. Неше ғасырлардан бері жүрттың бәрін корлықта, құлдықта ұстаган жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас кара сапарға кетті», – деп көнілдегі қуанышты зор шаттықпен хабарлады. Осы қуаныш лебі Торайғыров өлеңінде де жалғасқан.

Сұлтанмахмұт қуанышты хабарды құшак жая қарсы алды. Патшаның тақтан құлауын бостандыққа, тендікке жету деп ұқты. «Алаш ұранындағы »:

Құрт аурудай жайлайған,
Құртпаққа бізді ойлаған...
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.

Жаса сын, алаш, жасасын!.. – деген шаттыққа толы тіркестер дүйім жүрттың көніл күйін өрнектейді. Осы ұлтжандылық мінез Алаш арыстарының баршасына ортак еді. Ұлтын суюодің өзгеше өлшемін Сұлтанмахмұт шыгармашылығынан танимыз.

A.Еспенбетов. Алаш мәсетеілері. 1-том



Ә Мәтіндегі мәліметтерді талдандар.



Б Мына сызба бойынша Алаш қайраткерлеріне анықтама беріндер. Өмірлерінен деректер көлтіріп, басты еңбектерін атандар.



1-бөлім.

Сұлтанмахмұт

Мұстафа

Әлихан

Міржакып



В Мәтіннен туынды сөздерді тауып, оларға морфологиялық талдау жасандар.



Г С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңін тындалап, бүгінгі күнмен байланыстырып айтындар (1-аудио).



Есте сақта!

Төлтума сөздер емлесі

Ұлттық тілде сөз тудыруға байланысты кейір терминдердің, өзге де атаулардың қайтадан төлтума сөзбен атала бастауы (реноминациялану): территория > аумак, зона > аймақ, регион > өнір, пения > өсімпүл, турник > белтемір, штанга > зілтемір, стаж > өтіл, юбка > белдемше т.б.



2-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, «Есте сақта!» айдарында берілген сөздердің мағынасын ашындар.



А Кім көп табады? Кірме сөздердің төлтума сөздермен атала бастаған атауларын табындар.



Ә А.Байтұрсынұлының терминжасам принциптерін тауып танысындар.

Керек дерек!

Ахметтің жаңа әліпбі

Болашақ үрпақты дүмшө молдалардың дым білместігінен, миссионерлердің жаңашылдығынан құтқару үшін Ахан жалғыз құресті. Оның жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен құресінің көрінісі болатын. Біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылықтары бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тілінің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Ол қазақ тілінде қолданылмайтын мұлдем қажетсіз 12 араб әрпін әліппеден алып таstadtы. Бұл жазу емлесіндегі көптеген қыыншылықты жойды. Сондықтан да Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тілдің таза сақталуына мүмкіндік туғызды.

Т.Шонанов



3-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды табындар.



А «Ол қазақ тілінде қолданылмайтын мұлдем қажетсіз 12 араб әрпін әліппеден алып таstadtы» деген сейлемдегі ойды өрбітіп, бүгінгі кирилл қарпіндегі қажетсіз әріптерді табындар.



Ә А.Байтұрсынұлы әліпбі туралы ғылыми эссе жазындар.

1.4. АЛАШ АРЫСТАРЫ ТІЛ ТУРАЛЫ



1-тапсырма. Берілген үйқас негізінде тақырыпқа қатысты өлең жолдарын (тармақтарын) кұрастырыңдар.

... қырқылды,
... бұлқынды,
... ,
... ұмтылды.



A Мәтінді оқындар. Ұлылардың айтқан сөздерін ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жүрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сакталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жүрттың өзі де жоғалады.

Ахмет Байтұрсынұлы



Елдің түрмисын, тілін, міnezін білмеген кісі кеш басын да алып журе алмайды.

Әлихан Бекейхан



Қазақ тілі – бай, таза, іргелі жүрт тілі.

Миржасын Дзхлатұлы



Ана тілі – халық болып жасаганнан бергі жан дүниесінің айнасы һәм өсіп, өніп, түрлене беретін, мәнгі құларайтын бәйтерегі.

Жусінбек Аймауытов



Ұлтқа тілінен кымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, түрмисы, міnezі айнадай көрініп тұрады.

Магжан Жұмабаев



Тіл ешбір уакытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сактауға борыштымыз. Тіл – айна, оның ішіне бүтін халыктың тұрмысы түсіп тұрады.

Fұмар Карапаш

Бала әуелі ана тілінде тәрбие алуы тиіс. Мезгілсіз жат тілге байланып сорлағаны дұрыс емес. Білім – тілде емес, түсініктерде, тәрбие – орысша шүлдірде емес, жақсылықта жаттығуда. Жас балаға бұлар ана тілінде, ұлт мектебінде табылады. Басқа жерден табылмайды, табылса да, кымбатқа түседі. Жат тіл – тәрбие ісіне пайдаласыз.

Сұлтанбек Кожанұлы



Онаша жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдін тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері... Біздің тәжірибелізде казақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес.

Хатея Досмұхамедұлы



Ә Әрқайсысың өздерінен ұнаган сөзді жалғастырып, ой өрбітіп, дәлелді тұжырымдар айтындар.



Б Мәтіннен жалғау жалғанған сөздерді тауып, қалаған жетеуіне фонетикалық талдау жасандар.

Есте сақта!

Діни мазмұндағы сөздер

Қоғамдық сананың бір түрі болып саналатын діни сананың жаңғыруына байланысты діни мазмұндағы сөздердің әлеуметтік мән алуы: *ахлақ, Барат тұні, Қадір тұні, Миғраж тұні, Рағайып тұні, инсан, ғұсыл, әнапіл, Мәуліт, намазжай, раббы, тариқат, тарауық, әһли сұннет, ауызашар, аят-хадис, ғинаят, халфе* т.б.



2-тапсырма. Араб-парсы түсіндірме сөздігін пайдаланып, «Есте сақта!» айдарында берілген сөздердің мағынасын ашындар.



- A** Абай өлеңдерін тыңдаңдар (2-аудио). Діни мазмұндағы сөздерді тауып, оларға дыбыстық талдау жасаңдар.

Керек дерек!

Ауызша сейлеу түрлері

Ауызша сейлеудің екі түрі бар:

- 1) диалогтік сейлеу;
- 2) монологтік сейлеу.

Диалогтік сейлеу – екі немесе бірнеше адамның тілдесуі.

Монологтік сейлеу – бір адамның сейлеуі. Әңгіме, баяндама, лекция және басқа да түрлері кездеседі. Мұнда сейлеуші – бір адам, тыңдаушы – көп халық.

Сыртқы сейлесу ауызша диалогтік сейлеу, ауызша монологтік сейлеу және жазбаша сейлеу болып бөлінеді. Адамның айтқан қандай сөзі де белгілі бір мазмұнды білдіреді және сейлеушінің жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді.

К.Ныязбекова



- 3-тапсырма.** 2 топқа бөлініп, Венн диаграммасын толтырыңдар.



- A** Мәтіндең ойды ауызекі сейлеу стилін қолданып, екі окушы болып диалог түрінде, жеке окушы болып монолог түрінде баяндаң беріңдер.



- Ә** Мәтінге тірек бола алатын сөздерді табыңдар.

1.5. ТІЛДІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ



- 1-тапсырма.** 3 топқа бөлініп, әр топ «тіл», «ұлт» және «рух» деген ұғымдарға анықтама беріңдер. Олардың өзара байланысын анықтаңдар. Берілген үш сөзге қатысты мақал-мәтелдерді естеріңе түсіріңдер.



1-бөлім



А Мәтінді оқындар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беріндер.

Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбінде бағасыз сезім, жан түкпіріндегі асыл ой жарық көрмей, кор болып калар еді. Адам тілдің арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар?! Жазушы, акын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыкка шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның кор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш казандай кайнайды да. Кыскасы, адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында.

Тіл әрбір адамға осындағы қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмак емес. Ондай ұлт құрымак. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың қури бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазактың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындағы екпінді тарихы, сар далада үдерे көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазактың сар даласы кен, тілі де бай. Осы күнгі түрік¹ тілдерінің арасында қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сейлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл сайын қазақ тіліне жақындаپ келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік.

М.Жұмабаев



Ә М.Жұмабаев мақаласының стильдік ерекшелігін ескере отырып, мақалаға аннотация жазындар.



Б Төмендегі тұжырымды өрбітіндер.

Тіл – қоғамдық
кубыллыс.

Тіл – қатынас
құралы.

Тіл – тарихи
құбыллыс.

¹ Қазіргі түркі тілдері мен түркі халықтары. М.Жұмабаев ез шығармаларында «түрік» деп аттап.



В Автор қолданысындағы «турік тілімен сейлемін деген түрік балалары» деген сөйлемдегі *tүрік* сөзі бүгін қандай мағына білдіреді? Ал мәтінде қандай мағынаны білдіріп тұр?



Г Қазақ, әзіrbайжан, қырғыз, өзбек, түрік және түркімен тілдері – мемлекеттік тіл дәрежесіне ие. Қалған түркі тілдерін атандар. Олардың тілі мемлекеттік тіл мәртебесінен неліктен айырылған? Тұжырымдарынды ортаға салындар.



Есте сақта!

Кірме сөздер емлесі

Шетелдік ауыс-түйіс сөздердің деңі:

- 1) мемлекеттің саяси құрылымына (Министрлер кабинеті, вице-министр, парламент, сенат, сенатор, департамент, палата т.б.);
- 2) экономикалық құрылымдағы өзгерістерге (коммерция, брокер, менеджмент, инвестор, маркетинг, лизинг, бартер, менеджер, валюта, банкомат, субвенция, фиксинг, фолио, форвард, франчайзинг т.б.);
- 3) қоғамдық-саяси саладағы қатынастарға (консенсус, саммит, электорат, имидж, плюрализм, брифинг, медиафорум, субэлита т.б.);
- 4) ақпарат техникасы саласындағы жаңалықтарға (компьютер, принтер, файл, байт, мегабайт, интерфейс, винчестер, дисплей, сканер, сайт, диск т.б.);
- 5) музика, спорт салаларындағы жаңалықтарға (рокер, брейкер, саундтрек, рэпер; айкидо, кикбоксинг, каратэ-до, биатлон, стипль-чез) қатысты атаулар.



2-тапсырма. Шетелдік кірме сөздерді қатыстырып, «XXI ғасыр тілі» тақырыбында полемикалық¹ диалог құрастырындар.



А «Есте сақта!» айдарында берілген өздерің қалаған 5 сөздің мағынасын ашып, оларға қазақ тілінде балама ұсынып көріндер. Аудармаларыңың уәжін дәлелдей беріндер.



Ә «Есте сақта!» айдарында берілген шетелдік кірме сөздерді пайдаланып, семантикалық картаны толтырындар. Дұрыс жауапқа «+» белгісін қойындар.

Шетелдік кірме сөздер	Қоғамдық-саяси сала	Ақпараттық технологиялық сала	Музика, спорт салалары
1	2	3	4
Электорат	+		
Айкидо			
Брифинг			
Брейкер			

¹ Полемика – идеялардың, кезкарастардың, пікірлердің қарама-қарсылығы, ез пікірін дәлелдей дауласу.

1	2	3	4
Байт			
Консенсус			
Интерфейс			
Винчестер			

Керек дерек!

Сөйлеу кезінде жіберетін қателіктер

Сөйлеген сезің анық, дәл, айқын естілетін болсын. Даусың бұлығып шығып, бірсыдырғы әуенмен, жігерсіз, баяу сөйлейтін болсан, айтқаның қаншама қызықты болғанымен, тыңдаушыларды тез жалықтырады, олардың көңілі басқаға ауып кетеді. Сөйлеушінің даусы құбылмалы әрі жайдары болуға тиіс. Сенің әуеніңнен байсалдылық, сенім, табандылық, қайрат сезілетін болсын. Құр шінкілдеп, айқайлап кетудің де, ынжық, құңқіл дауыспен ақырын сөйлеудің де керегі жоқ.

Даусынның жоғары-төмендігі аудиторияның үлкенді-кішілігімен, тыңдаушылардың аз-көптігімен өлшенуге тиіс. Тар үйдегі аз кісіге айқайлап сейлесен, «айдағаны – бес ешкі, ысқырығы жер жарады» дегендей, мұнысы несі деп жүрт күледі. Кең бөлмедегі көп адамға өлімсіреп, күмілжіп сейлесен, тыңдаушылар мына кісі бүгін ас ішпеген болар деп ойлап, кейбіреулері үйықтап кетуі де мүмкін. Сондықтан сөйлеген сезім дәмді болсын деген баяндамашы сөздерін дұрыстап айтуға ерекше көніл бөлуі керек.

М.Балақаев



З-тапсырма. Көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып, «Сөйлеу кезінде жіберетін қателіктер» тақырыбы бойынша ой қозғандар.



A «Керек дерек!» мәтінінің тақырыбына сәйкес келетін мақал-мәтелдер айтыңдар.



Ә Мәтін мазмұнын ашатын 3 тірек сез жазып, постер қорғандар.



Б Публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, «Сөйлегенше – сезінде өзің қожа, сөйлеген соң – өзіңе сезін қожа» тақырыбына памфлет жазындар.



В М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңін тыңдалап, өлең туралы ойларынды ортаға салындар (3-аудио).

1.6. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ КІМ?



1-тапсырма. Кім көп табады? Төменде берілген кластерді толтырындар.



A Мәтінді оқып, ат қойындар. Мәтіндеңі негізгі маселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырындар. Бір-біріңің сұрақтарында бағаландар.

Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су акқалы бергі қалған казактың коскан үлесі бір пара да, А.Байтұрсынұлының бір өзінің сінірген енбегі бір пара.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық дамудын талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті караң кала жаздаған **тегершігін** бір езі айналдырып керіп, мігірсіз¹ козғалысқа косып берген ертегінің ерлеріндегі ерен тұлға. Туган халкының рухани жанғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда калтқысыз еңбек етіп, мәнгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес. Ахан өз өмірін былай суреттейді:

Ракатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын...

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар...
Шыккызбайтын жолынды өрлер де бар...

Ел мұнымды білемін ұқпайтынын,
Көтермелеге талғанда шықпайтынын.
Шалыс басып аякты, жығылғанда,
«Жатқанынан тұрма!» деп мықтайтынын.

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немің алар өлім менен?!

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жүрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бүтіншіл, **менікі** ертengі үшін...

¹ Мігірсіз – тынымсыз, тоқтаусыз.

1-белім.

Шын азаматты пендешлікке, шын ерді есерлікке жібермейтін де осы: ертенге деген сенім, келешек алдындағы жауапкершілік.

Ахмет Байтұрсынұлы өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның¹ түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сініре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартастың аулак тұрып, тек қана ұлттық мұдде ге қызмет етті.

Ә.Кекілбайұлы



Ә Матіннен А.Байтұрсынұлының тұлғалық келбетіне берілген метафораларды табындар.



Б А.Байтұрсынұлының «Адамдық диқаншысы» өлеңін тыңдал, синквейн әдісі бойынша ақынға арналған өлең жазындар (4-аудио).

Бірінші жолда – такырыпты бір сөзben беру (зат есім).

Екінші жолда – такырыпты екі сөзben сипаттау (сын есім).

Үшінші жолда – такырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазу (етістік).

Төртінші жолда – төрт сөзден тұратын бір сөйлем.

Бесінші жолда – такырып мәнін ашатын бір синоним сөз.



В Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің қай сөз табына жататынын анықтандар.



Г Ахмет аталарыңа XXI ғасыр атынан хат жазындар. Бүгінгі заман мәселелері туралы ойларыңмен бөлісіндер.



Есте сақта!

Будан сөздер емлесі

Тіліміздің лексикалық жүйесінде будан сөздердің саны соңғы жылдары күрт көбейді. Олар, негізінен, бірге жазылады: *агроенеркәсіп*, *аудиокітап*, *автошеру*, *бейнетаспа*, *бейнегільм*, *биоотын*, *бортсерік*, *велобайге*, *VELOSHABANDOZ*, *дендробақ*, *зоодүкен*, *геосаясаткер*, *геофизик*, *геоэкология* т.б.



2-тапсырма. «Есте сақта!» айдарында берілген мысалдардың мағынасын түсіндірме немесе терминдер сөздігінен табындар.



А Кестені толтырындар. Кім кеп табады?

Көгамдық-саяси саладағы будан сөздер	Экономика саласындағы будан сөздер	Мәдени саладағы будан сөздер

¹ Зымыстан – корлық, азап, пәле, қынышық.

Керек дерек!

А.Байтұрсынұлы тіл туралы

Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шүбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жүртқа сіңісп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Біз сиякты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиғен жүртөз тілінде жок деп мәдени жүрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақыры ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал.

Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ак табиғаттың законына ерген, сондықтан тілі азбаган. Өзгелер табиғатты зорлап емлеке таңып, тілін аздыраған.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін – қайсысына болса да түсінікті болуын көздеді.

Өнердің ең алды сез өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сез баққан, сез күйттеген халық болып, сез қадірін білгендейтін айтқан.

Асыл тіл, тұзу емле қазақта боларға тиіс. Неге десек: атакәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жүртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, тілін бұзбаған, арасына жат жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ.



3-тапсырма. А.Байтұрсынұлының соңғы азатжолда берілген ойын қазіргі қоғамда болып жатқан маселелермен байланыстырып көріндер.



А А.Байтұрсынұлы ойлары арасынан мазмұны ұқсастарын жеке топтаңдар.



Ә А.Байтұрсынұлы туралы сілтемелер көлтіріп, қажетті клишелерді қолданып дәлелді әссе жазыңдар.

1.7. ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫНЫҢ ОҚУ-АГАРТУГА ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРИ



1-тапсырма. Т кестесін толтырыңдар.

Келісемін	Телжан Шонанұлы – Алаш қайраткерлерінін бірі. Телжан Шонанұлы – акын. Телжан Шонанұлы – «Қазақ» газетінің редакторы. Телжан Шонанұлы мен Құдайберген Жұбанов замандаш. Телжан Шонанұлы Ахмет Байтұрсынұлымен бірігіп кітап жазған. Телжан Шонанұлы – тілтанушы, түркітанушы.	Келіспеймін

1-бөлім.



А Мәтінді оқындар. Кесте жасап, ғалымның еңбектерін толтырындар.



Телжан Шонанұлы – қазақ ғалымы, оку-ағарту кызметі мен мәдениетінде өзіндік сокпақ салған тұлға.

Т.Шонанұлы ғылым, оку-ағарту кызметіне қызыу араласып, әліппе, оқулық, бағдарламалар жазып, халықты сауаттандыру жолында көп еңбек сінірді.

Ана тіліміздің мектепте жеке пән ретінде оқытылуымен байланысты туындаған қажеттілікті етеген Т.Шонанұлының бұл еңбектерін, негізінен, төрт топқа бөліп жіктеуге болады:

1) әліппе оқулықтары: «Жаңалық» (1928), «Сауаттан» (1929), «Колхоз ауылы» (1930, М.Жолдыбаевпен бірге);

2) бастауыш сыныптарға арналған тіл дамыту оқулықтары: «Тіл дамыту» (1930), «Қазақ тілі (Грамматика мен емле)» (1934), «Жана арна» (1927, М.Жолдыбаевпен бірге);

3) ересектерге арналған қазақ тілі оқулығы: «Шала сауатты ересектер үшін оку құралы» (1926);

4) орыстарға арналған қазақ тілі оқулықтары: «Орыстар үшін казакша әліппе» (1931), «Қазақ тілінің оку құралы» (1933), «Учебник казахского языка для взрослых» (1934).

Т.Шонанұлы А.Байтұрсынұлымен бірлесіп, 1926 жылы мектеп оқушыларына арнап 412 беттік «Оку құралын» («Хрестоматия») бастырып шығарады.

Ол қазақ бастауыш мектебінің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі болды. Оның қаламынан емлеке, тіл дамытуға, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген еңбектер мен хрестоматиялар жарық көрді. Көрнекті ғалымның әдістемеге қатысты еңбектеріне «Жаңалыққа жетекші», «Диаграмдар, графиктер кандай болады?» деген кітаптары, «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқытудың әдісі» сияқты көптеген мақалалары жатады.

1935 жылы Т.Шонанұлы көрнекті әдіскерлер F.Бегалиев, С.Жиенбаевпен бірлесіп «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» деген көлемді еңбек бастырып шығарған.


Р.Каренов



Ә «Телжан Шонанұлының оқу-ағартушылық қызметі» тақырыбында шағын сұхбат үйимдастырындар.



Б «Фишбоун» әдісін пайдаланып, «Алаш мураты және тәуелсіздік тағылымы» деген тақырыпқа сәйкес ойқорытынды жасандар.



В Мәтіннен шылауларды теріп жазып, оларға дыбыстық талдау жасандар.



Г Семантикалық картаны толтырындар.

	Қоғамдық өмірде пайда болған жана зат, күбылым атаудары	Белгілі бір күбылымды бір сезбен атап немесе тұтальк жақтан ықшамдау үдерісіне байланысты пайда болған сездер	Үлттық сананың оянуымен байланысты кейбір терминдер мен өзге де атаудардың телпума сезбен аталуы	Діни сананың жаңыруына байланысты алеуметтік мән алған діни мазмұндарды сездер	Шетелдік кірме сездер	Будан сездер
Велобайге						
Қалтар ¹						
Гүлшок						
Сканер						
Сайт						
Рагит ²						
Аудиокітап						
Форвард						
Ауызашар						
Пернетакта						
Белтемір						



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сездерді қойындар.

- Естерінізге сала кетсек, үстіміздегі жылдын маусым айында «Елбасы жолы. Бейбітшілік кіндігі» және «Тұмар патшайым» атты киножобаларға актерлер арасында республикалық ... жарияланған болатын.
- Қазірдің өзінде хореография, қолөнер шеберлігі, пікірталас

¹ Қалтар – терісі бағалы, құмсқысықты, кара коныр түлкі.

² Рагит – діни ұғым бойынша бұлтты, жанбырлы, жайды басқаратын перштенің аты.

1-белім.

клубы, ИТ сыныбы, баспасөз орталығы, фотостудия, ... сияқты кептеген сыныптың жұмысы қызып тұр. Нактылай түссең, кепсалалы Орманшаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының (Қазақ орманшаруашылығы ғылыми-зерттеу институты) ... (тур мен тек коры) қатысты мүшкіл халі осыны айтқызады.

«Егемен Қазақстан» газетінен

Кереккі сездер: кастинг, экоорталық, дендробак.




A Матіннен бір сөйлем таңдал, оған морфологиялық талдау жасандар.



3-тапсырма. Мәтінді тындал, «Қазақ» газеті мен қазіргі «Егемен Қазақстан» газетін салыстырыңдар (5-аудио). Артықшылықтары мен кемшіліктері туралы өз пікірлерінді білдіріндер.



A Бірге және бөлек жазылатын сездерді еске түсіріп, мысал келтіріндер.



Ә Өзінді тексер! Өлеңдегі орфографиялық қателерді табындар.

Оқып жүрген жастарға

Умутпенен жок күтән,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер кәйтіп қаламыз?
Тәуекелге¹ бел бусак,
Кердөгіні аламыз.
Жеткізбей гетер жүйрүк жок,
Кусак бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,

Ашылмасын саламыз.
Сүмдар салған жүректе,
Аз ба біздің жарамыз?
Тепкісінде басканың
Кор боп жудеп барамыз.
Көрүне көзге азапта
Мәнгі ғайтіп қаламыз?
Ойынды енді азат қыл,
Қалсын былай балалық!

С.Торайғыров



4-тапсырма. «Сүйемін туған тілді – анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім...» деген өлең жолдарындағы тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.

¹ Тәуекел – бір іске жалтактамай батыл кіріскендік, беді бекем бутандық.



A Өлең жолына морфологиялық талдау жасандар.



5-тапсырма. Тарапуды қайталауға арналған сұрақтарға жауап беріңдер.

- Алаш козғалысының жаңашылдығы не?
- Алаш үранын еске түсіріндер.
- Ғұмар Қараштың тіл туралы айтқан қанатты сезін еске түсіріндер.
- Тілдің адам өміріндегі орны туралы айттындар.
- Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына сінірген енбекін сана-маландар.



Ғалым болам десеңіз...

- P.Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сез сазы). Астана: Елорда, 2000.
- P.Сыздықова. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Кептомдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2014.
- Орфографиялық сөздік / Алтыншы басылым. Алматы: Дауір, 2013.
- F.Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
- Қ.Күдеринова. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Алматы: Елтаным, 2013.

ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ: ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

2.1. МҰХИТ АСҚАН ТҮҮНДЫ





1-тапсырма. «Прозаны аударған адам – құл, өлеңді аударған адам – бақталас» деген В.А. Жуковскийдің пікірімен келісесіндер ме? Ойларыңды дәлелдендер.



A Мәтінді оқып, жанрлық ерекшеліктерін көрсетіндер. Қай стилюге жататынын тілдік құралдар (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері) арқылы дәлелдендер.

«Өркениеттің тал бесігі – казак даласы», – деп жүрген ағылшын жұрты құр мактауды желеу етіп келе жатқан жок. Тарихымызды танып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің ел болып құрылғаннан-ақ салтанат құрғанын сарап алыш, ойын осылайша топшылауда. Олардың рухы берік қазакты біліп, салт-дастуріміз бен саф алтындаі сезімізді тануының басты күші әдебиетімізде жатыр. Ал оны бүгінде әлем кеңістігіне шыгаратын данғыл жол – аударма.



Казактың бай әдебиеті әлемдік деңгейге көтеріліп, ағылшын тілінде оқылатын болды. Бұл – үлкен жетістік. Атап айтқанда, Хан Тәңірдің мұзбалагы, ақыны ақын Мұқағали Макатаевтың өлеңдер жинағы және «Балалық шакка саяхат» жасаған жазушы Бердібек Сокпакбаевтың «Мениң атым Кожа» повесі Америка Құрама Штатының Нью-Йорк каласындағы «Metropolitan Classics» баспасынан ағылшын тілінде жарық көрді. Тау тұлғалы ұлымыз Мұқағали Макатаев кітабының

алғы сөзін акын Ұлықбек Есдәulet жазған. Ал Бердібек Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесін америкалық аудармашы Кэтрин Фитцпатрик аударды.

A. Сұтандазы

-  **Ә** Мәтіннің стильдік ерекшеліктерін ескере отырып, ақпараттық хабар жазындар.
-  **Б** Аударма терминіне анықтама беріндер. Аударманың қандай түрлерін білесіндер? «Тұпнұсқа мәтін» дегенді қалай түсінесіндер?
-  **В** Мәтіннен метафораларды тауып, оларды қатыстырып жайылма сөйлем құрастырындар. Оларға синтаксистік талдау жасандар.
-  **Г** М.Мақатаевтың қай өлеңі үнайды? Неге? Жатқа айтындар.
-  **Ғ** Сәйкесін табындар.

	Тел шығарма	Көркем аударма
А.Байтұрсынұлы «Өгіз бен бака»		
С.Торайғыров «Тұрмыска»		
М.Жұмабаев «Айырылым сенен, жан сәулем»		
М.Дулатұлы «Тағдырдан сұра, касқунем»		
Қ.Кеменгерұлы «Жазғытүрь»		
Ж.Аймаұтов «Шернияз»		



Есте сақта!

Біріккен сөздер емлесі

Соңғы сыңарлары -аралық, -нама, -тану, -хана, -жай, сондай-ақ бірінші сыңары *əsіре-*, *көп-* тәрізді бейдерек мағынадағы сөздермен келген атаулардың қатарына едауір сөз қосылды: *ауданаралық, пәнаралық, университетаралық, заннама, топырақтану, жантану, ойынхана, дәмхана, жағажай, мекенжай, əсіреүлтішіл, көпденгейлі, көпсатылы, көпсөзді, көппалаталы, көпмәнді* т.б.



2-тапсырма. Кім көп табады? «Есте сақта!» айдарында берілген сөздерден басқа сөздерді тауып, кестеге орналастырындар.

-нама	-хана	-жай	əсіре-	көп-	бей-



А «Есте сақта!» айдарында берілген сөздерден баяндауыштары есім сөзден болатын сөйлемдер құрастырып, сол баяндауыштарға морфологиялық талдау жасандар.

2-бөлім



- Ә** Кім көп табады? Өлеңді тыңдал, ондағы сөздерді орфоэпиялық нормаға сай жазып шығындар (6-аудио).

Керек дерек!

Сөз құрамы

Тілдегі сөздер бір бүтін тұлға ретінде қаралғанмен, олар мағыналы бір не бірнеше бөлшектен құралуы мүмкін. Сөз құрамының ең негізгі бөлшегі – түбір. Сөз тудыратын, сөз жалғастыратын (байланыстыратын) қосымшалар түбірге қосылады. Мысалы, ек (ег)-ін, егін-ші, егін-шілік сөздері ек түбіріне жүрнақтар (-ін, -ші, -лік) жалғану арқылы жасалған. Ал бойжеткен сөзі екі түбірдің бірігуінен, бала-шаға сөзі түбірлердің қосарланып айтылуынан туған. Сөздер сыртқы тұлғасына (құрамына) қарай түбір сөз (бала), туынды сөз (балалық), қос сөз (бала-шаға), біріккен сөз (қосаяқ), қысқарған сөз (ТМД), тіркесті сөз (қара ала) болып бөлінеді. Қазақ тілі сөздердің морфологиялық құрамына қарай жалғамалы тілдер тобына жатады.

Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінен



- 3-тапсырма.** «Керек дерек!» айдарынан 3-4 сөйлемнен тұратын жинақы мәтін құрастырындар.



- А** Семантикалық картаны толтырындар.

	Туынды сөз	Қос сөз	Біріккен сөз	Қыскарған сөз	Тіркесті сөз
әуежай					
жагалау					
торы ала					
КР					
шала-шарпы					
УДЗ					
зиялды					
некен-саяк					
конаққаде					



- Ә** Кім көп табады? Туынды сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер, тіркесті сөздер және қысқарған сөздерге мысал келтіріп жарысындар. Оларға морфологиялық талдау жасандар.

2.2. БІЛІМ ЖАРЫСЫ



1-тапсырма. Нобель сыйлығы туралы нә білесіндер? Бұл сыйлық не үшін беріледі?



А Мәтінді оқындар. Мазмұнын үш сөйлемге сыйдырып айтындар. Ең үздік жинақы мәтінді анықтандар.

Білім жарысы

Білімді жүрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста байгеге түсे алатындар – білімділер, зейінділер. Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар – бай адамдар я обществолар. Бәйге тігу, жарыс істей біздің қазакта да бар. Қазакта бай адамдар я куаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Барлығы байгеге тіккен малынан гөрі шакырган елдердің санынан, сойылған малынан байкалады.

Білімді жүрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеңен мақсаты да баска. Ол бірнеше ұлыс ел жиынтып, бір-екі күн дуылдаپ, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт я дүниядың бүтін жүрт үшін һәм көпке каларлық іс үшін істеледі. Дүниядың күн көріп, тіршілік етудің ауырын женилдету үшін, женілін ракатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, ракатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниядың бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жүрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әртүрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы.

Еуропада, мысалы, Нобелевский білім жарысы бар. Бұл жарыста бәйгени ғылым ауданында я әдебиет ауданында енбек етіп озған адам я соғыска қарсы һәм халық арасын жақындастыруға пікір жайған адамдар алмақшы. Жылда Рождество мейрамының алдында швед жүртіның астанасы Стокгольм шаһарында білім жарысынан озғандарға бәйге ата лады.

А.Байтұрсынұлы



Ә «Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, ракатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниядың бейнет

2-бөлім.

кемімекші...» деген ойды қазіргі заманмен байланыстырып әңгімелендер. Оның кері асерлерін санамалап көрсетіндер.



Б Қосымша дереккөздерге сүйеніп, «Қазақтан шыққан алғашқы меценат» тақырыбына төмендегі сұрақтар қамтылған ғылыми эссе жазындар.

1. Бұл мақала қай газетке жарияланған ?
2. Роман бәйгесі туралы не білесіндер?
3. Жақсы роман жазғандарға бәйге тіккен қазактын қай байы?
4. Роман бәйгесін анықтауга қазы болған тұлғалар кімдер?



Есте сақта!

Тіркесті сөздер емлесі

Біріккен сөзге сырттай үқсас, бірақ бөлек жазылатын тіркесті сөздердің жазылуы: қара күз, қоңыр күз, бесіккертте құда, бес саусақ, ақ аю, алғы сөз, бұлышқ әт, әмір бақи, елді мекен, алғы шеп, әр алуан, әр кез, әр уақытта т.б.



2-тапсырма. Бөлек жазылатын сөздерді естеріңе түсіріп, мысал келтіріндер.



А Жоғарыда берілген мәтінді негізге ала отырып кестені толтырындар.

Күрделі атаулар	Анықтауыштық қатынастагы сез тіркестері	Күрделі сан есімдер мен сын есімдер	Күрделі етістіктер	Пішомалық, фразалық тіркестер

Керек дерек!

Сөз байлығы

Сөздің аса мол кениң көркем әдебиетте жинақталған. Мысалы, М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларында сөздің саны 30 мыңнан астам. Қарасөздің қас шебері М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында 16 983 сез қолданған. Әрбір тіл сөзге бай. Сөздердің санын математикалық тұрғыдан санап, санын дәл айту мүмкін емес. Қазір ғалымдар тілдің сөздік қорын жуықтап айтады. Тіл байлығын олардың курамындағы сез саны емес, олардың қолданысы анықтайды.

Айтушының сезі тұндарман қауымға тартымды болуы үшін сез байлығы жақсы, сөздік қоры мол болуы тиіс. Адамдар сейлеменде бос қайталаударға бой алдырып, сез жұтандығын танытады, тілдің коммуникациялық сапасын күрт төмендеп жібереді. Әрбір айтылған сөздің салмақты болғаны жен. Әдемі сөйлеуді, дұрыс сөйлеуді тіл мәдениетін үйрену арқылы жетілдіруге болады. Сөздік қорын молайту үшін кітапты көбірек оку керек, аса көрнекті қаламгерлерден, тіл нақышы келісті сез зергерлерінен үйрену керек.

«Қазақ тілі: Сөз мәдениеті» кітабынан



3-тапсырма. Мәтіннің екі азатжолындағы ойды екі сөйлемге сыйдырып айтындар.



А Қарасөздің қас шебері, сөздің салмақтылығы, тіл нақышы келісті сез зергерлері деген тілдік оралымдарды талдандар.



Ә Сөздік қорды молайтудың басқа жолдары жөнінде өз ойларынды дәлелдей эссе жазындар.

2.3. ЭЛЕМДЕГІ ҚАЛАМАҚЫСЫ ЖОҒАРЫ ЖАЗУШЫ



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, өз жауаптарынды түсіндіріңдер.

- Казак әдебиетіндегі қандай жазушы әйелдерді білесін?
- Егер жазушы болсан, кай жанрда қалам тартар едін?
- Жазушылардың қоғамда алатын орны қандай?
- Жазушы болу үшін адамның бойында қандай касиеттер болу керек деп ойлайсың?
- Элем әдебиетіндегі жазушы әйелдердің қандай шығармаларын оқыдың?



A Мәтінді оқындар. Мәтіннің құрылымы мен рәсімделуіне тоқталып, жанрлық ерекшеліктерін табындар.

«Forbes» журналы 2017 жылдың рейтингісі бойынша қаламақысы жоғары жазушыны аныктады.

Тізім көшбасында британдық жазушы әйел Джоан Роулінг тұр.

Басылым акпараты бойынша, соңғы он екі айда ол 95 миллион доллар табыс тапқан. Роулінг бұрындары жалакысы жоғары жазушы ретінде журналдың 2008 жылғы рейтингісінде де алғашқылардың бірі болған.

Рейтинг тізімін құрастырушылардың айтудынша, қаламақылары жоғары болып табылатын он бір жазушының арасындағы бесеуінің табысы сатылған кітаптарының пайдасы есебінен болып отыр. АҚШ-та бір жыл ішінде 11 жазушының 30 миллион дана кітабы сатылымға түсіп, ол 312 миллион АҚШ долларын құраған.



Е.Маяренко



Ә Берілген мәтіннің қандай аудиторияға арналғанын көрсетіп, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы сабак мәтінімен салыстыра (лексикалық деңгей бойынша) талдандар.



Б А.Барбюстің «Жазушы – қоғам қайраткері, егер қателессе, жұртты теріс жолға сілтейді» деген пікірімен келісептіндерінді не келіспейтіндерінді білдіріп эссе жазындар.



В Қазіргі қазақ прозасының негізгі тақырыптарына кластер жасандар.



2-бөлім.

Есте сақта!**Мамандандырылған сөздер**

Ұлттың азаттық тарихындағы ерекше уақығаларды, соларға қатысты жайттарды арнайы мамандандырылған сөзben атап: оралман, желтоқсаншылар, ұлан, байрақ, арадағер т.б.



2-тапсырма. Төменде берілген сызба бойынша «Есте сақта!» айдарындағы сөздерге сатылай кешенді фонетикалық талдау жасандар.



А Эр сөздің түсіндірмесін айтындар.



Ә Желтоқсаншылар атынан монолог құрастырындар.

Керек дерек!**Ауызекі тіл**

Ауызекі сейлеу тілі – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасаудының бір түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сейлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асатындығы. Тіл білімінде ауызекі тілді стильдердің бір түрі ретінде қарастырады. Басқа стильтен оның біршама өзгешеліктері бар. Негізгі мақсаты тікелей және тез хабар беріп, хабар алу болғандықтан ауызекі тілде әдеби тілдің нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері (варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілер т.б.) кездесуі әбден мүмкін. Ауызекі тілде тілдік (лингвистикалық) факторлармен қоса, тілден тысқары факторлардың (экстраварийстикалық) да жарыса пайдаланылуы осы стильдің өзіндік ерекшелігі болып табылады (сөз болып отырған оқиға тындаушысына түсінікті болса да, бет пішінін, қолының қозғалыстары, дауысты көтере немесе сыйырлай сейлеуі т.б.). Экспрессия және ықшамдылық үшін ауызекі тіл сөздерді өзгеше жұмысайды, ерекше синтаксистік бірліктер (сөз тіркестері мен сөйлемдер) қолданады.

«Қазақ тілі» энциклопедиясынан



3-тапсырма. Мәтіндегі варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілер туралы таратып айтындар.



А Мәтінді қайталап оқып, ауызекі сейлеу стиліне 4-5 сөйлемнен тұратын ереже жазындар.

2.4. МУЗЫКАНЫҢ ҮЛКЕН КІТАБЫ



1-тапсырма. Дұрыс-бұрысын дәлелдендер.

Дұрыс	Бұрыс
Әбу Насыр ал-Фараби – лингвист	
Әбу Насыр ал-Фараби – философ	
Әбу Насыр ал-Фараби – қүйші	
Әбу Насыр ал-Фараби – психолог	
Әбу Насыр ал-Фараби – музика зерттеушісі	
Әбу Насыр ал-Фараби – ислам дінін негізін салушы	



A Мәтіндегі ал-Фараби және Фараби сөздерінің жарыса қолданылуын түсін-діріндер.

Әл-Фарабиді дүниеге танытқан – музика теориясына арналған «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегі. Ғұлама¹ бұл еңбегінде математикалық тәсілдерді пайдалану арқылы музикалық дыбыстарды тұнғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірді. Ол тек музика теориясын ғана емес, музикалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай да білген. Қазақ домбырасын дүниеге келтірген музика зерттеушісі ұлы бабамыз Әбу Насыр ал-Фараби десек, қателеспеген боламыз. Оған Фараби жасаган музикалық аспаптар түрі күә бола алады. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүтінгө дейін айтылып жүрген көптеген аныз да бар.



Музика саласындағы зерттеу енбектерінде Фараби музиканың емдік қасиетін, жағымды әсерін дәлелдеді, сондай-ак оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтты. Адамның музика шығару кабілеті дарындылығы дәрежесінің әртүрлі сатысын көрсетіп, адамның жан-жакты дүниесіне жағымды, жағымсыз әсер ететін музикалық жанрларға талдау жасады.

«Музыканың үлкен кітабы» «Музика өнеріне кіріспе», «Музика өнерінің негіздері», «Музикалық аспаптар», «Музикалық композиция» деген үлкен-үлкен тараулардан тұрады.

Фарабидің бұл еңбегі XV ғасырда-ак латын тіліне аударылып, Еуропа музика ғылымы мен өнерінің дамуына үлкен әсерін тигізді. 1930–1935 жылдары француздың белгілі музика зерттеушісі Р.д'Эрланже «Музыканың үлкен кітабын» француз тіліне аударған.

¹ Ғұлама – бар өмірін белгілі бір салага арнаган, ерінбей-жалықтай ізденген білімпаз, ғалым адам.

2-бөлім.

Әл-Фарабидің бұл еңбегі – музика саласы бойынша жазылған аса кымбат тарихи және мәдени мұра. Ендеше бізге Аристотельден басталып, әл-Фараби, Құрманғазы, Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Шәмші т.б. жалғастырган қуатты мәдени-философиялық, музикалық дәстүр туралы білмеуге болмайды. Біздің ұлттық ой-санамыздың, мәдени өнеріміздің төл бастауы да осылар.

Ж.Алтаев



Ә Мәтіннен өздеріңе таныс емес терминдерді тауып, оның терминдік мағынасын ашып көріңдер.



Б Мәтінге жоспар құрып, ондағы басты ойды анықтаңдар.



В Мәтіндегі музиканың адамға тигізетін әсері туралы азатжолға морфологиялық талдау жасандар.



Г Мәтінді негізге ала отырып, мына кестені толтырындар.

Ғылыми терминдер	Жалғы есімдер	Кірме сөздер



Ғ М.Шахановтың әл-Фараби туралы өлеңінен үзінді тыңдалап, ғұлама туралы ғылыми эссе жазындар (7-аудио).



Есте сақта!

Орыс тілінен енген сөздер

Орыс тілінен енген сөздердің білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, экономика, өндіріс пен техника т.б. салаларда кеңінен қолданылатын және БАҚ-та жиі кездесетін түрлері: *ведомость, ведомоска, ведомосы; грамм, грамма, грамы; лимонад, лимонадқа, лимонадтар; лингвист, лингвиске, лингвисті; турист, туриске, туриسى; бефстроганов, бефстрогановка, бефстрогановы* т.б.



2-тапсырма. *Турист, туриске, туриسى; ведомость, ведомоска, ведомосы* деген сөздердегі өзгерістерді түсіндіріп көріңдер.



А «Есте сақта!» айдарында берілген сөздерді пайдалана отырып, жоғары оку орындарындағы «Лингвистика» мамандығына оқуға шақырып, үгіт-насихат сипатындағы жарнама мәтінін жазындар (5-6 сейлем).



Ә Алған білімдеріңе және Алаш қайраткерлерінің ұстанымдарына сүйеніп, кірме сөздер туралы пікірталас үйімдастырындар (Бізге кірме сөздер қай елден кірген? Басқа елдерге сіңген түркізмдер қанша?).

Керек дерек!

Сөз мәдениеті

Мәдениетті адам сөйлеу мәнері құлаққа жағымды әрбір ойын лайықты әуенмен, әрбір сөйлемді өзінің сазымен сейлейді. Ән сияқты дұрыс айтылған сез де құлақтан кіріп бойды алады. Міне, сондықтан сөзді қалай болса солай айта салмай, сөйлеу мазмұнына үйлесімді ыргак, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар.

Тындаушыларды еліктіре білу, олардың назарын сөйлеп түрған ой-пікіріне аудара алу – сөйлеушіге (мұғалімге, баяндамашыға, үгіттеушіге) жүктелген міндеттің нәтижелі болуының басты шарты.

Ұзақ сөз дәмді болғанымен, кісіні жалықтырады, кісінің тындау, айтқанды қабылдау қабілеті нашарлайды. Сондықтан шама келсе, елеусіз юмор, аздал тақырыптан ауытқып көніл көтеріп, тындаушыларды құлдіріп алған жен. Солай еткенде, аудитория сергіп, жадырап, бір көтеріліп қалады, сөзді қайтадан ынта қойып тындаитын болады. Бірақ тақырыптан ауытқу жөнімен әрі қысқа болуы тиіс.

М.Балақаев



З-тапсырма. Бірінші және үшінші азатжолдағы негізгі ойды бір сөйлемге сыйдырып айтыңдар.



А ыргак, екпін, әуенниң анықтамаларын еске түсіріңдер.



Ә Ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді атандар.

2.5. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ҚОШКЕ КЕМЕНГЕРУЛЫ



1-тапсырма. Қ.Кеменгерұлының еңбегі, қызметі туралы не білесіндер?



А Мәтіннің негізгі идеясын анықтандар. Мәтін авторының айтпақ болған ойын сызба арқылы нобайлап беріңдер.

Білім мен білікке үмтүлған Алаш қайраткері Қошке (Қошмұхамбет) Кеменгерұлы 1915 жылдан бастап 1930 жылға дейін үзіліссіз ұлт әдебиетіне, тарихына, драматургиясына, журналистикасына, ғылымына айрықша үлес косты.

Қ.Кеменгерұлы қазак, орыс тілдеріне бірдей шешен болған. Ол неміс, араб, парсы тілдерін де біршама жақсы білген. Оған өзі жазған «Қазақша-орысша тілмаш» атты кітабында араб, парсы тілдеріне талдау жасауы айқын дәлел бола алады. Бұл кітап 1925 жылы Мәскеуде басылып шықты.

Тіл білімі және окулық саласында Қошке екі кітаптан тұратын «Оқу күралын» жазып шығарды (Ташкент, 1928; Қызылорда, 1929).



2-бөлім.

Қ.Кеменгерұлы драма саласында жемісті еңбек етті. «Әулие тәуіп» (1918), «Бостандық жемісі» (1919), «Каскырлар мен койлар» (1920), «Күнәсіз күйгендер» (1930) атты пьесалары кезінде әуескій театр сахналарында қойылған. Көпке белгілі пьесалары: «Алтын сакина» (1923), «Парашилдар» (1926), «Ескі оқу» (1927).

1926 жылы 13 кантарда Қазак драма театры тұнғыш шымылдығын (тұнғыш директоры әрі бас режиссері – Д.Әділов) Қ.Кеменгерұлының «Алтын сакина» пьесасымен ашты.

Кошке шебер журналист ретінде де кабілет-карымын ангартты. Газет-журналдарда жариялаған сан алуан макалаларында ол білім, ғылым, денсаулық, өнер, шаруашылық және тағы басқа тақырыптағы мәселелерді қамтиды. Әсіресе «Қазақ», «Сарыарқа», «Абай» сынды үлтжанды басылымдардың ізбасары іспеттес «Жас азамат» бетінде Алаштың мұнын мұнданап, жоғын жоқтаған макалалары нәмір құрғатпай шыққанына бүтінде мұрағат қойнауында сақтаулы унжарияның 22-саны дәлел.

Р.Каренов



Ә Мәтіннің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып сұхбат жазындар.



Б Қ.Кеменгерұлының еңбектерін тақырыпқа бөліп, топтастырындар.

Оқу-білім саласы	Публистика саласы	Драматургия саласы



В Кластерді толтырындар.



Г Сайкесін табындар.

Кандай да бір халыктың немесе жазушының белгілі бір дәуір мен кезеңдегі драмалық шығармаларының жыныстығы.	сауна
1. Баспасөз, радио, теледиңдар, кино, ғаламтор сиякты ақларат құралдары арқылы елшегі және алемдегі жаналықтар мен оқиғалар, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және табиғи	

күбылыштар жөнінде жүртішілікка мәғлұмат беріп, қоғамдық пікір қалыптастыратын әдеби-шығармашылық қызмет түрі.	
2. Белгілі бір халықтың нақты бір кезеңде шыккан газет-журналдарының жүйесі, оларда жарияланған материалдар жынытығы.	театр
3. Баспасөз тарихын, теориясы мен практикасын зерттейтін ғылым саласы.	
Табигат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын езгерістер.	өнер
Сахнада орындауга ариалған драматургия туындыларының бірі.	журналистика
Сөзді бір тілден екінші тілге ауызекі аударушы.	мәдениет
Театр ойын-сауықтары көрсетілетін орын.	пьеса
Көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыштарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.	тілмаш
Сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алғында актерлер күшімен бейнелейтін түрі; ойын-сауық немесе спектакль; түрлі сахналық ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар еткізілетін орын.	драматургия



f Мәтіннен есімдіктерді тауып, мағыналық топтарына қарай ажыратындар.



Есте сақта!

Бейіндес сөздер емлесі

Бір буыны жуан, келесі буыны жінішке, я болмаса, керісінше, бірінші буыны жінішке, келесі буыны жуан бейіндес сөздердің жазылу үлгісі: қауіп, неғұрлым, сәңқой, өнерпаз, құдірет, құзырет, қошемет, біраз, рақмет, ақырет, кесапат, қатілез, қабілет, қасірет, зarezap, тәкаппар, ілтипат, хазірет, хакім, хикая т.б.



2-тапсырма. «Есте сақта!» айдарында берілген мысалдарға фонетикалық талдау жасандар.



A Бейіндес сөздер қандай заңға бағынбай түр? Ол заң туралы кеңірек баяндап беріндер.



Ә Үндестік заңына бағынбайтын сөздердің түрлерін атап, мысал келтіріндер.

Керек дерек!

Тіл және мәдениет

Тіл – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын үлттық рухтың ізін айқындаپ тұратын ұлы күш. Үлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, үлттық мәдениеті, негізінен, тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл – үлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі.

Мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі, өте тығыз. Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс ретінде таныла алмайды. Себебі тіл – адам баласына берілген рухани құндылық. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен пішіннің байланысы секілді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Сондықтан да тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қаруға болмайтын кубылыс деуімізге болады.

А.Мырзаханова



З-тапсырма. Оқылым стратегияларын жүйелі колданып матінге пікір жазындар.



А. Мәтіннен баяндауышы есім сөзден болған сейлемдерді көшіріп жазып, сейлем мүшелеріне талдандар.



❸ Матіндең басты ойды аныктап, ондағы тірек сөздерді табындар.

2.6. ЭЛЕМДІК КИНЕМАТОГРАФІЯНЫҢ ӨМІРГЕ КЕЛУІ



1-тапсырма. «Кинематография» сезжумбағына сұрақтар курап жарысындар.



A Мәтінді оқындар. Кепшілік алдында сейлеу әдебін сақтап, мәтінге сілтеме келтіре отырып сурақтар құрастырындар.

1872 жылдың қайбір күні АҚШ-тың Калифорния штатында Станфорд және Коен есімді екі жігіт «Ат шапқанда тұяғы жерге тиे ме, тимей ме?» деген мәселе жөнінде таласып қалады. «Ат

шапкан кезде төрт аяғы бірдей жоғары секіреді», – дейді Станфорд. Ал Коен: «Ат шапкан сәтте тек бір аяғы ғана жерге тиіп отырады», – дейді. Екеуі ұзак дауласып, келісімге келе алмайды. Ақыры мәселені американдықтардың дағдылы тәсілі арқылы шешпек болып, бас тігіседі. Жақын маннан бір ат баптаушы тауыш әкеліп, оған төрелік айтуды ұсынады. Бірақ бір адамның көзімен мұны дәл ажырату күн болғандыктан, ат баптаушы бұл айтыска соңғы нүкте коя алмайды. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екені сол күйі анықталмай қалады.

Артынан бұл әнгімені казылық етуге шақырылған ат баптаушының досы фотограф Эдвард Мейбридж (Eadweard Muybridge, 1830–1904) естиді және бұл сұракқа жауап табуға кол ұшын бере алатынын айтады. Ол досына еріп тартыс майданына (ат шаптырган жерге) барады. Сонда 24 фотоаппаратты бір қатарға, қозгалмайтындағы етіп орнатады. Арадан ат ететіндегі жол қалдырып, қарсы жаққа 24 бағана орнатады. Олардың әрбіріне жінішке жіп байланып, оның бір ұшын келесі беттегі фотоаппараттардың түсіру тетігіне жалғайды. Дайындық толық біткен соң, келіскең бір жүйрікті әкеліп, ортадағы жолмен шауыш өткізеді. Ат шауыш өткен соң, 24 бағанаға байланған жінішке жіп арқылы 24 фотоаппарат 24 сурет түсіреді. Мейбридж бұл суреттерді рет тәртібі бойынша күшті алып, арасын жақын қызып жалғап шығады. Сейтіп, ол жеке суреттерден суреттер тізбегіне айналады. Осы тізбектен шапкан аттың әрбір аяғы кезек-кезек жерге тиетіні анықталады. Бәste Коен женген болып есептеледі.

Фотографтың бұрын-соңды болмаған бұл тәжірибелі адамдарды қатты қызықтырады. Көруге ынтыктар көбейе түседі. Мейбридж де ерінбей өзінің әлгі бір тізбек суретін қызыққандарға көрсете береді. Бір жолы ойламаған жерден бір көрермен тізбек суреттерді шұғыл қозғап қалады. Нәтижесінде жеке-жеке тұрған суреттер косыла жылжиды да, кескіндегі атка «жан бітіп», самғай жөнеледі. Бұл адамдарды тіпті қайран қалдырады. Содан 1879 жылы Эдвард Мейбридж фотография тарихында үлкен төңкеріс жасап, «зоопраксископ» деп аталатын, ан немесе адамның кимылын таспаға жазуға қабілетті жаңа аппарат жасап шығады. Сейтіп, бұл кейін кино түсіруге болатын кинематографияның өмірге келуіне мықты негіз қал айды.



С.Нұғыман

2-бөлім.



- Ә** Мәтінді стиль түріне ажыратындар. Тілдік құралдар арқылы дәлелдендер.
- Б** З топқа бөлініп, мәтінге аннотация, пікір жазып, тірексызба түріндегі жоспар құрындар.
- В** Шет тілдер сөздігіне жүгініп, мына сөздердің мағынасын ашындар.



- Г** Шетелдік және отандық кинематографияны салыстырып, «Қазақ киносы қандай деңгейде?» тақырыбына эссе жазындар.



Есте сақта!

Игерілген кірме сөздер

Ауызекі тіл арқылы игерілген кірме сөздердің жазылуы: *машине, пойыз, сөмке, резенке, стакан, бәтенке, бөшке, көтес, самауыр, сотық, куртеше* т.б.



2-тапсырма. «Есте сақта!» айдарында берілген сөздерге фонетикалық талдау жасандар.



- А** Бұл кірме сөздердің қазіргі кірме сөздерден басты айырмашылығы не?



- Ә** Отken сабактардағы білімдерінді еске түсіріп, мына кестені толтырындар.

Бұрын-сондық тілде болып көрмеген, жана ұғымдардың пайда болуымен байланысты неологизмдер	Бұрыннан тілде бар атауларды жаңартып, ескіні жаңғыртып жаңаша мән беріп, түрлендіріп колдану негізінде пайда болған неологизмдер

Керек дерек!

F. Қараш тіл туралы

- Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып, өзгереді һәм көршілес күшті халықтың тілімен араласып, соған құл болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Я кішкене ұлттардың жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады.
- Ең әуелі ана тілі қажет. Ана тілін білмесен, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді¹.

¹ Өршімейді – бұт жерде: даымайды, ерге баспайды.

- Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.
- Жалпы өнер-білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм, керісінше ана тілі болудан ұлттың білім-өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім-өнерді таратуға мүмкін емес.
- Өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана осы мақсаттарға жетпекпіз.



3-тапсырма. Матіндегі ар азатжолға сәйкес келетін мақал-мател табындар.



A Кепшілік алдында сөйлеу әдебін орынды қолдана отырып, «Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсын» деген ойды өрбітіндер.

2.7. ӘЛЕМ ТАНЫГАН КЛАССИК



1-тапсырма. Қайсысы кім туралы?

• «Әшім» атты тұнғыш әңгімесі 1952 жылы жарияланды. Онан кеңін «Аспалы көпір» (1956), «Бетпе-бет» (1957) т.б. әңгімелері жарық керді. Жазушыны алғаш әлемге таныткан таңдаулы туындысы – әйгілі «Жәмила» повесі (1958). Мұхтар Әуезов пен француз жазушысы Луи Арагон осы шығарма арқылы ол кісінің дарынның жоғары бағалап, жүрекжарды пікір айткан...

• «Жолда» алғашкы әңгімесі «Замандастар» атты жинақта 1963 жылы жарияланған. «Бекет» (1966), «Аңыз бал» (1969), «Мазасыз күндер» (1970), «Қара шанырақ» (1973), «Тіршілік» (1975) повестер мен әңгімелер жинактары, «Қарғын» (1980) романы басылды. Жекелеген туындылары бойынша «Гаунар тас» (режиссері – Ш.Бейсембаев, 1975), «Дермене» (режиссері – Асанәлі Әшімов, 1986) көркем фильмдері түсірілді. «Мұрагерлер» пьесасы үшін оған Қазакстан Жазушылар одағында Мұхтар Әуезов атындағы сыйлық берілген (1985)...



A Мәтінді оқындар. Ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолданып, мәтінді ез сөздеріңмен түсіндіріп көріндер.

Дулат Исабеков – Казакстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Халықаралық ПЕН-клуб, Платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты.

Гажап туындыларымен бүтінде әлем танып білген классик жазушы, драматург¹ Д.Исабеков қазак әдебиетіндеға емес, шетел әдебиетінде

¹ Драматург – драматык шығарма жазумен шұғылданатын жазушы.

2-бөлім.



тәсілдер, әйгілі режиссер Дэвид Папава қазак жазушысының шығармашылығын жоғары бағалап, драматург шығармаларын Лондон түрғындарына насиҳаттаудан жалықпайтынын жеткізді.

Әлемге танылған жазушының бүтінгі шығармаларын ағылшын тіліне Шыңғыс Айтматов академиясының директоры, германиялық Рахим Абдуалиев, Ұлыбритания театрының директоры Дэвид Папава және ирландиялық тәуелсіз сынши, психолог Сара Коплей аударған.

Шыңғыс Айтматовтың орыс тілінде жарық көрген шығармаларының барлығын ағылшыншаға аударған – Рахим Абдуалиев. Ол Ш.Айтматовтың «Жәмиласы» мен Д.Исабековтің «Гаунар тасын» салыстыра келе, екі классик жазушы арасындағы рухани ұқастықты байқаған. Бүгінгі казак драматургиясының биік шыңын бағындыра алған Д.Исабеков қаламының карымы бөлек, жаңалығы көп.

M.Сұлтан



Ә Дулат Исабековтің қандай шығармаларын білесіндер?



Б «Келісу-келіспеу парагын» толтырындар.

Сейлемдер	Келісемін	Келіспеймін
Д.Исабеков – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегі.		
Д.Исабеков – драматург.		
Д.Исабеков – поэзия жанрындағы қаламы шындалған тұлға.		
«Гаунар тас» атты туындысына кино түсірілген.		
«Халық қаһарманы» атагынын негері.		
«Ғасырдан да ұзак күн» романының авторы.		



В Мәтіннен дайексөз келтіре отырып, БАҚ құралдарына шағын мақала дайындаңдар (10 сейлем).



Г Ш.Айтматовтың «Жәмиласы» мен Д.Исабековтің «Гаунар тасын» салыстырып, Венн диаграммасын толтырыңдар.

«Жәміла»

«Гаунар тас»



Ғ Мәтіннің соңғы үш сейлеміне толық грамматикалық талдау жасандар.

грамматикалық
талдау

морфологиялық талдау

синтаксистік талдау



Д Мәтіннен топонимдерді¹ тауып, оларға фонетикалық талдау жасандар.



2-тапсырма. Семантикалық картаны толтырыңдар.

Елдегі топонимдердің морфологиялық талдауы									
Будан сөздер									
-аралық, -нама, -тану, -хана, -жай,									
сөндай-ак бірінші сынары әсіре-,									
көп- тәрізі бейшерек мағынадағы									
сөздермен келген атаулар									
Біріккен сөзге сырттай ұқсас, бірақ									
бөлек жазылатын тіркесті сөздер									
Ұлттың азаматтық тарихындағы									
ерекше уақыгаларды, соларға									
қатысты жайттарды арнайы									
мамандандырылған сөзбен атау									
Орыс тілінен енген сөздер									
Бір бұнын жуан, келесі бұнын									
жінішке, я болмаса, керісінше,									
бірінші бұнын жінішке, келесі									
бунын жуан бейнедес сөздер									
Ауызекі тіл арқылы итерілген кірме-									
сөздер									



3-тапсырма. Кім жылдам?

¹ Топонимдер – географиялық атаулар.

2-бөлім.

1. Гүл сөзі қай тілден енген?
а) парсы; ә) кытай; б) латын; в) жонғар.
2. Орфографиялық нормага сай жазылған сөз қайсы?
а) мектепшілік олимпиада;
ә) мектеп-ішлік олимпиада; б) мектеп ішлік олимпиада.
3. Орфографиялық нормага сай жазылған сөз қайсы?
а) кез-келген; ә) кез келген; б) кезкелген.
4. Орфографиялық нормага сай жазылған сөз қайсы?
а) банкка; ә) банкіге; б) банкке.
5. Мұғалім, әдіппер сөздері қай тілден енген?
а) иран; ә) қытай; б) орыс; в) араб.



4-тапсырма. Қазіргі кездегі орыс және ағылшын тілдерінен енген сөздерді тауып, оларды ауызекі тіл арқылы игерілген кірме сөздердің жазылу-емлесіне сай түрлендіріп жазып көріндер. Мысалы: портфель, USB шнур, VIP, смайлик т.б.



5-тапсырма. Қазақ әліпбінде 28 дыбыс бар. Ғалымдар XXI ғасырда тек төл дыбыстарымыздан тұратын әліпбиді жасап бекітті дейік. Кірме әрітер болмаған жағдайда, шет тілден енген терминдерді қалай жазар едіндер? Талқыландар, мысалдар көлтіріп, жазып көрсетіндер. Қазақ әліпбінің тағдырын өздерің шешіп көріндер.



Өзінді тексер!

1. Бұл тарауда Алаш қайраткерлерінің кайсысы туралы мағлumat алдындар? Қысқаша мазмұндан беріндер.
2. Тіл және мәдениет туралы не айтар едіндер?
3. «Есте сакта!» айдарындағы сөздердің жазылуын қайталап, еске түсіріндер (6 түрлі сөздер тобы).
4. Фонетика, фонология, фонема деген не?



Ғалым болам десеңіз...

1. Р. Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000.
2. Орфографиялық сөздік / Алтыншы басылым. Алматы: Дәуір, 2013.
3. F.Калиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмे сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
4. Г. Мамырбекова. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірмे сөздігі. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017.



ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

3.1. КАЗАК МӘДЕНИЕТІ МЕН АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ ЗАНГАР БИЛГІ



1-тапсырма. Ұлы Абайдың «Бойы бұлған» елеңін тыңдаңдар (8-аудио). Өлеңнің не туралы екенін 5 сөйлеммен сипаттап беріңдер.



A Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселеге автор және оқырман тарапынан сұрақтар құрастырып, жауап беріңдер.

Қазақ мәдениеті мен ақыл-оыйның зангар білгі Абай Құнанбайұлынан кейін де талай дүлдүл жарап шығып, өздерінің өлмес туындыларын тарту етсе де, хакім¹ Абайдың жүлдзызы білк тұратыны неліктен? Ол, ең алдымен, Абай шығармашылығының әмбебаптығы, энциклопедиялығымен түсіндірілсе керек. Лирика, поэзия, сатира, поэма, аударма жанрларының негізін салып қана қоймай, осы жанрларды әлемдік білкке шығара білуі, музыкалық мұрасы, алеуметтік-публицистикалық, философиялық, діни, ғылыми, тарихи еңбектерінің мазмұн терендігі, ағартушылық, педагогикалық ойлары оның үлт үстазы, тіпті адамзат ғұламасы атануына арқау болды...

Абай шығармашылығына өзек болған мәселелер – мәңгілік тақырыптар. Жан мен тәннен жаратылған адам баласының рухани өмірінде мәңгілік болатын дінгекті мәселелер. Материалдық, техникалық тұрғыдан адамзат қоғамы қашшалықты дамып, өмір сүру тым колайлы әрі женіл, ынғайлы болғанымен, адамның жан мен тәннің қосындысы екендігі, оның санасы, ақыл-оый, ішкі жан дүниесі, руханияты мен ділі² қатпарлы болатындығы белгілі. Абай заманынан бері адамзат ақыл-оый, әсіресе әлемнің дамыған, бәсекеге қабілетті елдерінде жаңа денгейге көтерілді.

Адам құны мен құқығы кеміген, арзандаған, аяқасты болған қоғамда адам ешқашан бақытты болмайды. Адам құны мен құқығы жоғары қоғамдаға адам өзін толық бақытты сезінеді.

Н.Кенжегараев



Ә «Адам құны мен құқығы кеміген, арзандаған, аяқасты болған қоғамда адам ешқашан бақытты болмайды. Адам құны мен құқығы жоғары қоғамдаға адам өзін толық бақытты сезінеді» деген азатжолдағы көтерілген мәселе бойынша өз ойларынды дәлелдеп жазындар.

¹ Хакім – білімді, оқымысты, дана, ғалым.

² Діл – ұлттың сипатын билдіретін ұғым, менталитет.



Б Осы азатжолдағы сөйлемдерге морфологиялық талдау жасандар.

Есте сақта!

Интонация. Пауза

Интонация – сейлемдерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сейлеудің ырғақты әуені. Интонация – сезді, сез тіркесін, сейлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сейлеудің ритм-мелодикалық бейнесі. Интонация мелодия, ритм, темп, қарқындылық, тембр, фразадағы сездер мен сез тіркестерін бөліп айтуда қызмет ететін логикалық және тіркес екпіні деген компоненттердің бірлігінен тұрады. Интонация – ауызша сейлеудің маңызды элементі, ол жазуда тыныс белгілерімен және арнайы графикалық амалдармен (мәтінді азатжолдарға бөлу т.б.) беріледі.

Пауза (кідіріс) – сейлеу үстінде болатын кідіріс, үзіліс. Сейлемдер, ондағы сездер мен сез тіркестері әр уақытта бірсызырығы үласқан әуенмен айтылмай, олардың арасы үзіліп айтудады. Пауза үзак сейлемді, құрмалас сейлем құрамындағы жай сейлемдерді немесе сейлем мүшелерін айырып, нақтылап айтуда кездеседі.



2-тапсырма. Мәтінді окуда интонациясына мән бере отырып, сейлеушінің сезімін білдіруге тырысындар.

Белес басына шыққанда, жүрт киімдерін желпісіп, бір көтеріліп калды. Пысық жігіттер той мерекесін өткізудің тәртібін кенесіп жатты: алдымен бәйгенін аттары жіберіледі. Аттың шабатын межесі¹ Алакелдің аргы белесіндегі кара жол болады.

– Ау, кара жолдың осы арадан он бес шакырым екенин білесіндер ме? Мына ыстықта ат жазым болмай ма? – деп айтқандар болып еді.

– Шаптай бәйге алайын деп пе едін? Он бес шакырымсыз аттың бауыры жазылмайды, – деп атына сенгендер киіп кетті. Сакадай іріктеліп жиырма ат шыкты. Он бес-он алтыдағы балалар бастарына ак орамал байлан алыш, жүйріктердің басын шүлғытып, жеке топтың катарына қосылып жатты...

Б.Майлин



А Кідіріс жасалатын орындарды табындар.

1. Қазы-карта, жал-жая қазанда бүрк-бүрк қайнайды. Оқ-дәрімен, азық-тұлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету ауыр кындықтар арқылы жүзеге асты.

Ә.Әбішев

2. Көші-кон тағы да тауға бет алды. Өзен бойлай үйір-үйір жылқы, отар-отар қой, мөніретен сиырлар кетіп барады. Жүк тиеген керуен.

¹ Меже – мәлшер, шама; шек.

Адамдардың айқайы, кісінеген құлын-тай, бакылдаған бота-түйе уда-шу. Қызыл-жасыл ән шыркайды.

маныраған қой-қозы, кінген қыз-келіншек

Ж.Аймауытов

Керек дерек!

Ауызекі сөйлеу стилі

Тілді түрліше қызметте жұмсау нәтижесінде әртүрлі стильдер қалыптасады. Осы қызметтеріне сәйкес тіл стильдерінің тұрмыстық сейлеу (қатынас жасау), ғылыми, ресми (хабарлау) және публицистикалық, көркем әдебиет стильдері (әсер ету) сияқты түрлері сараланып, бір-бірінен өзіндік белгілері арқылы ажыратылады.

Қарым-қатынас жасау қызметі	ауызекі сөйлеу стилі
Хабарлау қызметі	ғылыми стиль ресми-іскери стиль
Әсер ету қызметі	көркем әдебиет стилі публицистикалық стиль

Ауызекі сөйлеу стилі – күнделікті қарым-қатынас барысында, оның барлық саласында (тұрмыста, өндірісте, таныс ортада т.б.) ауызша қолданылатын сейлеу үлгісі. Оның өзіндік нормасы мен тілдік-стильдік белгілері бар. Негізгі қолданылу формасы – диалог, монолог.

М.Қанабекова



3-тапсырма. Ауызекі сөйлеу стилінің анықтамасын өткен сабактарда (2-тарауда) өздерін құрастырған ережемен салыстырыңдар.



А Диалог, монолог терминдеріне анықтама беріңдер.



Ә Кестеде берілген ақпаратты өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

3.2. Ш.ҚУДАЙБЕРДІУЛЫ ШЫГАРМАШЫЛЫГЫНДАҒЫ «АР» ТАҚЫРЫНЫ



1-тапсырма. З топқа бөлініп, төменде келтірілген ойды өрбітіңдер.



Әдебиет – ардын
ici.

Зейнолла Қабдоло в



Ар жазасы – бар
жазадан ауыр
жаза.

Мұхтар Әнзебов



Бұл жалғанды
бұзатын – арсыз
адам.

Жусіп Баласагұни

З-бөлім



A Мәтінді оқып, *ар* сөзінің қолданысына назар аударыңдар. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша сұрақтар құрастырыңдар және бағаландар.

Шәкәрімнің «Ашу мен ынсан» атты өлеңінде «ар» сөзі бірнеше рет қайталанған:

Бәріне де қулақ сал,
Ракым¹, ұят, ар қайда?..

Кеп наданнан жасқанып,
Сорлың елге бас ұрган.
Ракым, Ұят, Арының
Бетін топырак жасырган...

Дайын қылдым бәрін де,
— Сактық, Ұят, Ракым, Ар...
Ынсан² деген кәрін де...

Бұл өлеңде ар адам бойындағы ашу-ызыға қарсы, ынсанқа жақтас қасиет ретінде көрініс тапқан.

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді.

Ар қайда? Ракым қайда? Эдеп қайда?
Быт-шыт бол неге жүрміз әрбір сайды?

Кез жұмыш, «көппен көрген – ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда? – деп ең бірінші орынға арды кояды. «Көппен көрген – ұлы той» деген сұлтау тауыш, арға нұқсан келетін істін бәрін актап алатын казак болмысын сыйнайды.

Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды .

Ал келесі шумакта ар адамнан талап етілетін өзге қасиеттермен біртұтас алынады.

...Ынсан, ұят, ар, ракым, сабыр, сактық,
Талапка алты түрлі нокта тактық.
Алтауының ішінде ынсан әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық...

Төмендегі жолдарда «ар» ұғымына терендей үніледі. Адамшылық негізі ретінде көрініп, оны жоғалтпау үшін табанды бол деген ой айтады.

¹ Ракым – 1. Алла Тағаладан алатын кешірім, мейірім, шапағат. 2. Көмек, қайырым.

² Ынсан – канагат, тойымдылық.

...Ар демек – адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағына қарыс деген...

...Ар, нысаппен іс қылыш, азап тартыш,
Ақ жолында өледі бірталай жан, – деген жолдарда ар,
намыс үшін азап тартыш, жанын құрбан еткендердің жолын ақ жол
деп тұжырымдайды. Ардың жолы – азапты жол, ақ жол. Ақ жолмен
жүріп өту үшін ар – басты көрсеткіш.

...Ар, нысаптың пайдастын жан сезеді,
Өлген соң бәйге аларын біліп тұр жан.

Өлген соң, Алла алдына барғанда да, корғаның арың болады. Оны
жанынмен ұғып, жүргегінмен бойла. Байлық, мансап – арман емес,
керісінше арман – ары зор, адамгершілікті адам ұлы болу. Бұл тұрғыда
данышпан Абаймен үндестігі сезіле ді.


P.Сүлейменова



Ә «Ар» сезін «ұят» сезімен синонимдес дей аламыз ба? Неліктен? Өз ойларынды
дәлелдендер. Сөздердің мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» іздең
керіндер.



Б Кім кеп табады? Берілген сөздерге қатысты тұрақты сөз тіркестерін табыңдар.



В Мәтіннен алынған мына өлең шумағындағы тыныс белгілерінің қойылуын
түсіндіріңдер.

Ақылды сол – нысап пен ар сактайты,
Арсыз сол – арамдықпен жан сактайты.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.



Есте сақта!

Мелодия

Мелодия (грек. *melodikos, melodia* – ән, ән салу) – дауыс әуені. Мелодия дауыс
ырғағының көтеріліп немесе басендей отыруынан туады.



2-тапсырма. Дауысты дыбыстардың әуен жасаудағы қызметі мен маңыздылығы
туралы айтыңдар.

3-бөлім

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.

Картан тартқан адамнан от азаймак,
От азайса, әр істің бәрі тайғак.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғ ак, аяғын тартар маймак.

A.Кұнанбайұлы



A Мәтінді оқып, дауыс әуенінің көтерілуі мен бәсендеуіне тыныс белгілерінің әсер етуін түсіндіріндер.

Болыс тобын тағы да Әбубәкір жарды.

– Да, карияның кешегі сезін де, бүтінгі сезін де естідік, естімеген, алғыс айтпаған албаның баласы жок. Артындағы елдің үмітін актасан, естіп актарсың. Сүйіндірсөн, осылай сүйіндірсін. Үрзамыз! Бұл – бір сез. Ендігі бұдан соңғы бір кезең, ұлықтың айтқанына көнбедік. Бермейміз дедік. Сонда бұл жерінді мекен қылғызбайды екен. Жа! Сол күнде бізге анау қалмақ коныс бере ме? Қойнын аша ма? Осылан не айтасындар? «Бермеймізден» соңғы елдің қамалып тұрған тұйығы осы болып тұр. Бұған кария болсын, осы отырған кеп халық болсын, не дейді, кәне?! – деп ашулы ернін жымырып, канталаған қызыл көзімен айнала қарады.

– Әуелі бір сөзден бір сөзге сырғымайык. «Бермеймізге» осы жынын түтел сезін сарыкты ма? Әуелі соны аяқтайык та. Сол макул болмас па? – деп Серікбай көпке қарады.

Жүрт:

– Иә, иә... Солай-солай!.. – деп дағдылы шуымен тағы да қостай жөнелді...

М.Әуезов. «Киты заман»



Ә Қанатты сөздерді дауыс әуеніне мән беріп оқындар.

1. Ештене туралы сұрамайтын адам ештене үйренбейді.

Т.Фуллер

2. Өзінді қарапайым жылы лебізімен сыйлата білмесен, күр
қаталдықтан түк шыкпайды.

А.П. Чехов

3. Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін, тек қана
олардың окуы үшін жағдай жасаймын.

А.Эйнштейн

4. Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ен жоғарғы қасиеті – тіл
өткірлігі мойынасын, тіл сұлулығы кемімесін!

F.Мұстафин

5. Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның
бәрінен құралакан қалады.

F.Мусірепов

6. Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін,
қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп
сақтап отыратын қазына.

Ж.А Ымаұтов



Б Қанатты сөздерден атап септігі, ілік септігі, табыс септігі формасындағы сөздерді¹ тауып, сөйлемнің қай мүшесі қызметінде тұрғанын анықтаңдар. Тапсырманы
3 топқа бөлініп орындаңдар.

Керек дерек!

Ресми стиль

Ресми стиль белгілі бір қалыпқа түскен үлгі бойынша жазылады да, онда
саяси-публицистикалық лексика, әкімшілік терминдер мен номенклатуралық
атаулар¹ жиі қолданылады (мекеме, үйым, өкілеттік, ақпараттық хат, шарт, келісім,
ереже, қаулы, нұсқау, өтінемін, сенім білдіруші, келісілген, төменде қол қоюшы-
лар, қолхат, куәлік, күн тәртібі, шешім қабылданды, бүйрыққа жіберілсін т.б.).

Ресми ісқағаздар стильінің талабы ойда дәл, анық, қысқа, нақты жеткізу
болса, онда қолданылатын стандарт тіркестер үшін грамматикалық тұлға мен
мазмұнның сәйкестігін сақтау – негізгі талаптардың бірі.

Л.Дүйсембекова



З-тапсырма. Ресми ісқағаздар стильінің негізгі белгілерін атандар.



А Ресми ісқағаздар стильінің қызмет аясы туралы ой бөлісіндер.

¹ Номенклатуралық атау – белгілі бір мемандықта қолданылатын атаулардың терминдердің тізбесі немесе жиынтығы.


Ресми ісқағаздар стилі

ҚОЛХАТ
2017 жылғы 12 қаңтардағы № 04-15/12

Мен, _____, ЖСН 8005053044727, Қазақстан Республикасының IIM 2016 жылғы 01 қарашада берген жеке қуәлігімнің №457896302, тұрғылықты жерім: 050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Н.Тілендиев көшесі, 25-үй, 17-пәтер, _____ ЖСН 8203033042225, Қазақстан Республикасының IIM 2013 жылғы 24 қаңтарда берген жеке қуәлігінің №578964221, тұрғылықты жері: 050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 33-үй, 14-пәтер, мына құжаттарды алдым:

№	Құжаттың атауы	Құжаттың түрі	Құжаттың деректемелері	Парақтардың саны
1	Ілеспехат	Тұлпұска	2017 жылғы 12 қаңтардағы №05-15/23	2 парап (казак және орыс тілдерінде)
2	Терезелерді қою бойынша қызмет көрсету туралы шарт	Тұлпұска	2017 жылғы 12 қаңтардағы №15	6 парап (казак және орыс тілдерінде)

Барлығы екі құжат, сегіз парақта қазақ және орыс тілдерінде қабылданды.

Құжаттарды берді: _____ 12.01.2017.
көлі аты-жөн

Құжаттарды қабылдады: _____ 12.01.2017.
көлі аты-жөн


4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қолха ттың занды күші бар ма?
2. Бір танысың саған күнды заттарын сактауға беріп, сенен қолхат талап етті. Оны калай жаза р едін?

3.3. МАҒЖАН МЕН ЖУСПІБЕК



1-тапсырма. Сендерге Алаш зияллылары Мағжан және Жусіпбекпен сұхбаттасу мүмкіндігі туды. Қандай сұрақтар қояр едіндер? Үш топқа бөлініп, ең үздік үш сұрақты анықтаңдар.





А Мәтінмен танысындар. Оndaғы ғылыми терминдер мен ұғымдарды, фразеологиялық оралымдарды табындар.

Магжан Жұмабаев туралы Жүсіпбек Аймауытов: «Өлеңнің тілге женіл, кулакқа жылы тилюін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуга тырысқан. Бірақ дыбыспен сурет жасауга, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Магжанға жеткен ақын жоқ», – деген.

«Адам өзінің әрбір ойына, әрбір ісіне ішінен баға беріп отырады. Ізгі ой, ізгі іс адамда жағымды сезім туғызады. Адамға қалай да болса, қашан да пайда келтіретін – ой һәм ізгілік. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу – адам жаратылысының өзінде бар нәрсе», – деп жазды Магжан Жұмабаев. Оның түсінігінше, адамның жан дүниесінің іздейтіні – руханият, ал оны болашакка жеткізу үшін әрбір заманда, когамда рухани сабактастыруши, жалғастыруши адамдар болады, олар өздерінің дұрыс өмір сүре білуін өзгелерге ұсынады. Ал дұрыс өмір сүру әрекетінің басты шарттары – адамгершілік, өзгені өзіндей түсіну, бірлік, ынтымак, жана шырлық, сабырлылық, қанағатшылық. Егер адамның іс-әрекетін бағалауда жасандылық, әділетсіздік болса, ол сенімге дақ түсіреді, рухын жасытады. Сондықтан да Магжанның ойлары әлеуметтік маңызға пе. Алаш зиялыштары өз өмірінде болып жаткан түрлі оқиғалар мен сан түрлі жағдайдағы халық тағдыры үшін де жауаптымын деп ойлаап, мундай жағдайлардың орын алуын өз мінезімен, болмысымен, қабілетінің деңгейімен түсіндіреді.

Негізінен, толеранттылық¹ немесе тәзімділік ауқымындағы ұлттық мінез, нағыс, ұлттық дәстүр, салт-сананың жойыла бастауы, сөзсіз, ұлттық тіл мен ділдің тоқырауына әкеліп согады. Рух мәдениеті – күрделі әлеуметтік құбылыс, ол өз зандағымен, дараптығымен дамиды. Ол туралы белгілі қазак ойшылы Жүсіпбек Аймауытов: «Ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды кайрат, шамдай мұрат, жалынды жүрек, терен білім керек», – деп жазған. Қазак халқының сана мәдениеті, рух мәдениеті, тіл мәдениеті – үлкен тарих, ұзак көшпелі елдің ауыр асуларынан тұған күрделі құбылыс. «Күн көру тәсілін сырттан жүктірып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды», – деген сөздерінде танымдық сарын басым.

С.Аубакирова



Ә «Күн көру тәсілін сырттан жүктірып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды» деген ойды ербітіндер.

¹ Толеранттылық – басқа кезкараска, наңым-сенімге, адеп-ғұрыпқа, идеяларга тәзімділік көрсете білу қасиеті.

З-бөлім.



- Б** Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңін тыңдалап, ондағы басты ойды үш сейлемге сыйғызып баяндандар (9-аудио).

Есте сақта!

Ритм

Ритм (грек. *rhythmos* – ырғақтылық, үйлесімділік, үндестік). Сөйлеу ритмі – құрылымдық сипат беруші, мәтін құраушы әрі экспрессивті-эмоционалды қызмет атқарушы, ұқсас, үндес сөйлеу бірліктерінің үнемі қайталанып отыруы. Ритм – табиғаттың ырғақтылық тудыратын қалыпты курделі заңдылығының көрінісі. Ол өлең, проза түріндегі көркем мәтіннің эстетикалық негізі болып табылады. Әсіресе өлең мәтіндерінде айқын көрінеді, ал еркін диалог сөздерде азырақ байқалады.



- 2-тапсырма.** Өлеңдегі буын санын анықтап, сөйлеу ритміне әсерін түсіндіріңдер.

Анадан алгаш туганымда,
Жыладым неге дауыстап?
Кіндікті кесіп, қиганында,
Анамнан кеттім алыстап.

Ақ бүйімға орап алғанында,
Күндаққа койды таңып сап.
Жып-жылы суга салғанында,
Денемді әбден арулап...

Ш.Құдайбердіұлы



- А** Өлеңді әнімен орындалап көріндер. Өлең тармақтарындағы әуеннің қайталанатын түстарын көрсетіңдер.



- Ә** Өлеңнен етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасандар.

Керек дерек!

Сөз өнері

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе тұрасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көніліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көнілдің күйін тәртіпте, қысынын, қырын, кестесін келістіріп, сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз – осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға кеп өнер керек.

Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі; 2) әншайін тіл. Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншайін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде сөзге айрықша өң берілгендейтін, лебіз көрнекті болып шығады.

Әншайін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілгендейтін, лебіз сида, жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекті лебіз делініп, соңғысы жалаң я (көсе) лебіз делініп айтылады.

А.Байтұрсынұлы



З-тапсырма. А.Байтұрсынұлының сөз өнері туралы тұжырымын өз сөздерімен қысқаша баяндап беріңдер.



A Керкем әдебиет стиліне екі сөйлемнен тұратын анықтама беріп көріндер.



Ә Керкемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Сөз өнері» туралы шығарма жазыңдар.

3.4. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ



1-тапсырма. Сен қай топтасын? Пікірталас үйымдастырындар.

I топ
Келісемін

«Галамдық сана мен
ойлау жүйесіне жүтінсек,
«мәңгілік» ұтмы тек
кана он сегіз мың галамды
жаратқан жаратушыға ғана
каратыла колданылады»
деген пікірге

II топ
Келіспеймін



A Мәтінмен танысындар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтандар.

«Мәңгілік ел» – мәңгі алансыз мекендейтін жер туралы әфсаналар¹ ісі түрік қауымының аңсарына айналған. Ел жаңарап, ұрпак жаңғырса да, осынау қасиетті арман жүректеріне рух боп ұялай берді. Коркыт баба мен Асанқайғы іздеумен өткен өлім-жітімсіз ел мен Жерүйік, Жиделібайсын жұрты жайындағы аныздарда сол «Мәңгілік елдің» нысанасы жатыр. Жер – «Мәңгілік елдің» киелі кепілі. Жыл санаудымыздан бұрынғы IV ғасырда өмір сүрген Меде Тәніркұты, дүшпандары арандату максатында астындағы атын, әйелін сұратқанда, олардың айтқанына көнеді. Ал ешкімге керексіз сортан жердің пұштағын сұратқанда: «Жер – Отанның белгісі, елдің мәңгілік еншісі», – деп намыстанип, түн ката аттанып, жауын жер жастандырады. Құнанбай да: «Ел өседі, жер өспейді», – деп өмір бойы Шыңғыстың ұлтарақтай пұштағы үшін ағайындарымен жағаласып етті. Меде мен Құнанбайдың арасын екі жарым мың жыл боліп тұр. Бірақ жерге деген құрмет, елдік саясат өзгермеген. Оның басты себебі – атадан балаға аңсар ретінде кешкен «Мәңгілік елдің» нысанасы. Тура сол жер жаттың колында кетпесін деп түрік қаганы «Өтукен қойнауындағы Сұнгі Башқан жайлауына Так пен Сарай орнатты. Мыңжылдық, түмен² қундік жазу белгілерін осында – жалпақ ауыр таска

¹ Әфсанада – халықтың нағым-сенимінен, арман-кіялтынан тутан прозатык жанрдың бірі.

² Түмен – он мың деген ескіше сандық ұтмы.

З-бөлім.

жаздырды . Өйткені онда көктегі Кек тәнірі жарылқаған түрік елі өмір сүрді, елдігін құрды. Төменде Кара жер жарылқады, сол жер үшін төрт бүрыштағы халық күш-куатын сарп етті. Жаулары өз үлесінен айырылды» («Тариат» жазуы). Бірақ заман бір төңкеріліп түскенде такта, сарай да, «мынжылдық, түмен күндік жазу да» жаттың уысында қалды. Осы түрғыдан алғанда, жер жөніндегі «Мәнгілік ел» нысанасы ұстанған «адамға өлім бар, елге өлім жоқ» деген қасиетті қағиданы ешқашан да жадымыздан шығармауымыз керек.

Т.Жұртбай



- Ә** Мәтіннің қай стилде жазылғанын, қандай қөркемдегіш құралдар мен бейнелі сөздер қолданылғанын ажыратындар.



- Б** Мәтіннен антропонимдер мен топонимдерді тауып, екі бағанға теріп жазындар.

Антропонимдер	Топонимдер



- В** Мәтіндегі деректерге сілтеме жасай отырып, «Менің жерүйім» тақырыбында әңгіме жазындар.



Есте сақта!

Сөйлеу темпі

Сөйлеу темпі – сөйлеу элементтерін (дыбыс, буын, сез) айту жылдамдығы. Сөйлеу темпі уақыт бірлігі мөлшерінде (көбінесе секунд ішінде) айтылатын дыбыс пен буын санының немесе олардың орташа созылынқылық мөлшерімен өлшенеді.



2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Арманыңды актарам ба, жүргегімде тербесем,
Айға сінлі, қарындастың қасиетті Жерге сен.
Мен өзінді тенденсі жоқ қудірет деп түсінем,
Сендей қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен.
Сұлу әлем, әлем сұлу сен жараткан адаммен,
Кек жолының карсылығын қағып тастап барам мен.
Сендей қуат болар, бәлкім, басын іді кек маған,
Эр кез сенен тутанымды есіме алсам, тоқтаман.
Ал ұмытсам, ұмыт болып қаларымды білемін,
Ұмыт қалмау үшін мениң шарқ ұрады жүрегім...

Т.Айбергенов



- А** Қалай ойлайсындар, ақырын немесе жылдам темппен оку арқылы өлеңнің мағынасын өзгертуге бола ма?



3-тапсырма. Сейлеу темпіне мән беріп, Абайдың он бірінші қарасөзін тыңдаңдар (10-аудио).



A Мәтін мазмұнына темптің қатысын өз сөздерімен түсіндіріңдер.

Керек дерек!

Публицистикалық стиль

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, деректі фильмдерде қолданылатын функционалды стильдердің бірі.

Публицистикалық стильтің (бұқаралық ақпарат құралдарының) жазбаша түріне мерзімді баспасөз (визуалдық), ауызша түріне радио (аудиалдық), теледидар хабарлары, деректі кино (аудиовизуалдық) жатады.

М.Қанабекова



4-тапсырма. Ұсынылған дәстүрлі сез үлгілерін қолданып, кез келген оқиға орынан 3 минуттық репортаж дайындаңдар: бүгінгі көретіндеріңіз; арналы тілші репортажы; назарларыңызда – үлттық арнаның қорытынды жаңалықтары; тікелей эфирде – «Хабар» арнасының қорытынды жаңалықтары; хабарымызды жалғастырамыз; тілшіміз әңгімелейді; ендігі кезек спорт жаңалықтарында; жаһан жаңалықтары т.б.



A Радио-теледидар тілі мен ауызекі сейлеу тілінің ерекшеліктерін қалай ажыратар едіңдер? Санамалап көрсетіңдер.



Ә Публицистикалық стиль туралы ғылыми стилде анықтама жазындар.

3.5. ЕГЕМЕН ӘЛІПБИ



1-тапсырма. Латын жазуына негізделген егемен әліпби қандай болуы керек?

Әрбір төл дыбыстың жеке таңбасы болуы керек...

1-ұсыныс

3-ұсыныс

Қазіргі әліпбішегі 42 таңба түтел казак аліппінде болуы керек...

ЕГЕМЕН
ӘЛІПБИ

Әліпби пернетақтағы 26 таңбадан ғана түзілуі керек...

2-ұсыныс

З-бөлім



- A** Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселеге сұрақтар құрастырып, оған жауап беріндер.

Ұлттық әліпби құрастыру күнін. Қын болатын себебі – бір ғасыр бойы баса-көктеп, кордаланып калған көп дыбыстың арасынан төл дыбысты **таныш біліп, жиып-теріп, өлшеп-пішіп, қазақ тіліне лайықты төл әліпби** жасау. Соның нәтижесінде қазақ тілінің төл дыбыстарына сай төл әрітер калыптасады. Қазіргі тіліміздегі басы артық ондаған жаңсақ емле ережесі өзінен-өзі жойылып, басы артық **кірме әрітердің тілбұзар машакатынан** құтыламыз.

Жетілген әліпби – қолдағыны жеңіл қалыптастырудың, көзтансымды оңай жаттықтырудың, ең бастысы, ана тілінің айтылым үлгісін ұрпактан-ұрпакка бүзбай жеткізудің кепілі.

Жазудың сөздің айтылым үлгісіне ықпалы зор екенин ескерсек, жазу жүйесін қалыптастыруға жауапкершілікпен карау керек. Ол үшін жазу ережелері (әліпби құрамы, танба үлгісі, емле-ережесін бірге карау керек) сол тілдің ішкі табиги зандылыктарына телінгенде ғана жүйелі жазу шығады.

Бүтінге дейін әліпшишілер әліпбиді дыбыс естіліміне қарай түзіп келеді. Ал дыбыстың естілімін әркім әртүрлі қабылдайды (түйсінеді). Бұл – дұрыс жол емес, дыбыстың таңбасы оның жасалымынан (**артикуляциясынан**) туындау керек. Бұл кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ол үшін жоба жасаушы маман фонетист болу керек.

Егемен ел болу үшін, оның егемен тілі болуы керек, егемен тілі болу үшін, оның егемен жазуы болуы керек, егемен жазуы болу үшін, оның егемен әліпбі болуы керек, егемен әліпбі болу үшін, ол ҰЛТТЫҚ болуы кере к.

Ә.Жұнісбек



- Ә** «Латын әліпбі – өркениет өріне бастайтын әліпбі» жобасы бойынша пікірталас үйымдастырындар.



- Б** Қарамен берілген сөздер мен терминдік бірліктердің мәнін ашындар.

Есте сақта!

Қарқындылық

Қарқындылық – дыбысты, әсіресе дауысты дыбысты айтуда әкпеден шығатын фонациялық ауаның¹ күшеюі мен солғындау дәрежесі.

¹ Фонациялық ауа – әкпеден шықкан, яки дыбыс жасауга катысатын ауа.



2-тапсырма. Өкпеден шығатын ауаның күшеюі мен солғындау дәрежесіне эмоцияның қандай әсері болуы мүмкін деп ойлайсындар?



А Күшті және солғын даудың қарқынымен айтылатын сейлемдерді өз ойларыңнан құрастырыңдар.



Ә Дыбыс қарқындылығына мән беріп, «Ер Қармыс» батырлық дастанынан үзіндіні оқындар.

Бұрынғы өткен заманда,
Дін-мұсылман аманда,
Сегіз арыс Сейілхан,
Сейілханның баласы
Хорезмде бас косып,
Ақылдасып, кенесіп,
«Құлакшынды қазақтан
Мал мен жесір алам» деп,
«Тілекті Кұдай берер» деп,
Арғымак мінді жемдесіп,
Ала коржын тенденесіп.
Бойына кару іледі,
Кіл бедеуге мінеді.
Қапысыз әбден сайланып
Манғыстауға жүреді...

Керек дерек!

Ғылыми стиль

Ғылыми стиль – ғылымның дамуымен, ғылыми-зерттеу еңбектердің пайда болуымен байланысты туған стиль. Оған әр мамандық, әр ғылым саласында жазылған шығармалар тілі жатады.

Ғылыми стилде зерттеу нысаны болған зат, құбылыстар ғылыми негізде сипатталып, белгілі бір теориялық негіздермен дәлелденіп, логикалық жағынан нақтыланып, белгілі жүйеге құрылған өзекті, дәлелді, ой қисының корытындыланған ғылыми тұжырым жасалады.

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



3-тапсырма. Қазақ тіліндегі стильдердің орны туралы ғылыми сұхбат жазындар.



А Ғылыми стильдегі етістіктердің жасалу жолы туралы 1-2 сейлемнен тұратын постер жазып, қорғандар.



Ә Алғашқы сейлемдегі ойды өз сездерінмен жеткізіндер.

3.6. ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТІ



1-тапсырма. Өздерің өмір сүріп жатқан өлкені шетел азаматтарына таныстырындар. Сөздерің әсерлі жарнама стилінде болуы керек (5-6 сейлем).



A Мәтінді оқындар. Құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін анықтандар.



Отырар – Қазақстанның ортағасырлардағы әйгілі қалаларының бірі. Қаланың қалдығы «Отырар төбе» деген атпен белгілі, көзіргі Онтүстік Қазақстан облысына карасты Отырар ауданында Шәуілдір елді мекенінің жанында орналаскан. Отырар қаласы туралы көптеген саяхатшының жазба деректерінде айтылады. Ежелгі

Отырар шұраты Онтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданында орналасқан. «Отырар» және «Фараб» атаулары жазба деректерде б.з.б. IX ғасырда кездеседі. X–XII ғасырлар монгол шапқыншылығы тамырын шапкан қалалық өмірдің гүлдену кезеңі болды. 1219 жылы Отырар Шыңғыс хан әскерінің соккыларынан құлады. Алайда қайта түлеп, XIII ғасырдың ортасында Батыс пен Шыңғыс арасындағы жолда ірі сауда орталығына айналды.

Отырарда ғажайып үлкен кыш ыдыстар – хұмдар¹ көпtek кездеседі. Олардың кейбірінің үлкендігі адам бойындағы зор болып келеді. Ол ғажайып ыдыстарда, күмыраларда астық, жем сакталатын болған. Казір Отырар қазынасының аса бір көзге елеулі көрінетіні – оның керамикалық ыдыстары, күміс, қола құмғандары. Әсіресе Отырар керамикалары өзінің композициялық құрылымы, ою-өрнектерінің күрделілігі, ерекшелігі жағынан назар аударады. Қаншама ғасыр етседе, табактардағы бояулар өз сапасын жоймаған. Бояу түрлерінің бір-бірімен жымдасуы, әдемі накышты өрнегі көзтартарлық, жасалу сапасы берік. Кейінгі қазба жұмыстарының нәтижесінде Отырарда сөүлетті сарай, мешіттердің болғанын дәлелдейтін қалдықтар аршылып алынды. Отырардағы алғашқы қазбаны 1904 жылы археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мүшелері А.К.Кларе мен А.А.Черкасов жүргізді. Олар бірқатар траншея салып, материал жинақтады. Кейінгі зерттеулер тек XX ғасырдың 40-жылдары профессор А.Н.Бернштам басшылығымен жалғасын тапты.

«Ежелгі Отырар» кітабынан

¹ Хұм – ірі, биіктігі 1–1,5 метр болатын кыш ыдыс.



Ә Мәтіннен қазақ қолөнері мен сәulet өнеріне қатысты қасіби сөздерді теріп жазындар. Қасіби сөз бен терминнің айырмашылығын тілдік түргыдан дәлелдендер.



Б Ономастикалық атаулар кездесетін сөйлемдерді пайдаланып, айтылған ойды өз сөздеріңмен шетелдегі достарыңа хат түрінде жазындар.



Есте сақта!

Тембр

Тембр (франц. *timbre* – дыбыс әуені) – дыбыс дірілімен байланысты негізгі тон мен көмекші тонның көтеріңкілігі және күші жағынан өзара қарым-қатынасынан туатын дыбыс сапасы. Тілде тембр арқылы даудың ырғағын өзгерте отырып сезімді, көніл күйді (куаныш, реніш) білдіруге болады.



2-тапсырма. Даудың ырғағын өзгерте отырып мәнерлеп оқындар.

Kісі мен көленек

Айтайын бір тентектің әнгімесін,
Демендер «Сөз ғып жазған мұның несін?»
Есі аудың көре салып куалады,
Өзінің ұстаймын деп көленкесін.

Бұл қуса, көленкесі алыстады,
Жүтірсе, жүйріктігі калыспады.
Катты да, жай да куды, ұстапады,
Болғанша бар өнерін карыштады.

Тентектің бір мезгілде кірді есі:
«Әуре боп қуып, маған қажет несі?»
Осылай ойлаң, қайта журіп еді,
Артынан куды енді көленкесі.

* * *

Кейбіреу Қыдыр дарып, караса бак,
Бейне бір осы айтылған көленке нак.
Қайырылмай, караганда бак-дәuletке,
Артынан қуалайды қай тарып ап.

A. Байтұрсынұлы



А Даудың ырғағы арқылы кейіпкерлердің көніл күйін жеткізіп, диалог құрастырындар.

Керек дерек!

Ғылыми стильтеге тән белгілер

Ғылыми стильтің негізгі сапалық белгілері:

- логикалық;
- нақтылық не айқындылық;
- дәлдік.

Тілдік ерекшеліктері:

- а) лексика-фразеологиялық: тұра мағыналы атау сөздер, ғылыми терминдер т.б;
- ә) морфологиялық: осы шақ және аудиоспалы келер шақ тұлғалы етістіктер т.б;
- б) синтаксистік: хабарлы, толымды, жайылма, сабактас сөйлем түрлері т.б.

М.Қанабекова



3-тапсырма. «Таңда да, таста» әдісі бойынша мәтінге сұрақтар құрастырындар.



А «Қазақ тілінің пәнаралық байланысы» туралы ғылыми стилде сұхбат жаңындар.



Ә Ғылыми мәтінге стилистикалық талдау жасандар.

Логиканың зерттейтін пәні – дұрыс ойлаудың заңдылығы мен формасы. Ойлау – адам миының жемісі. Ой тіл арқылы жүзеге асырылады. Тіл – ойдың құралы. Тілсіз ой болмайды, ойсыз тіл болмайды. Тілдің атқаратын қызметі көп. Тілдің аркасында адамдар бір-бірімен қарым-катьнас жасайды. Ғылым мен практикада, жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда тілдің рөлі өте зор.

3.7. ҚАЗАК ОТБАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



1-тапсырма. Кім жылдам? Отбасы тақырыбына мақал-мәтел тауып айтып, мәнін түсіндіріндер.



А Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша авторға оқырман атынан сұрақтар құрастырындар.

Отбасы – жас үрпак тәрбиесінің қайнар кезі. Отбасында адам өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым-катьнас жасау дағдыларын, өмірлік үстанымдарын қалыптастырады, өзін-өзі үстау нормалары мен мінездүлкүн реттеу өлшемдерін менгереді. Демек, отбасы – адам баласының алтын дінгегі, оның адамзат үрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Жас үрпакты

ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сактай отырып, келер ұрпакка жеткізуге тәрбиелеу – бүтінгі танның өзекті мәселесі. Отбасы – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың кайнар кезі, тәрбиенің бастауы. Эр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары ұлғілерді сініретін де отбасы. Осы тұрғыдан отбасын ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын, оларды ұрпактан-ұрпакқа жеткізіп отыратын, ұлттық мәдениетті тәрбие арқылы тасымалдаушы орта ретінде карастыруға болады.

Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сакталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі ерте оянады. Кекірегі ояу әр казақ баласының ұлттық құндылықтарды менгеруі оның отбасылық құндылықтарды менгеруінен басталады. Ұлттық құндылықтар және отбасылық құндылықтар барлық әлеуметтік-гуманиттарлық ғылымның зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алғанда, құндылықтар адамның жекетүлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байту, адамдар арасындағы жағымды карым-қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Егер адам отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын етеуге бейімделген болса, есе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышы мен азаматтық парызына ұласатынын ангарады. Сондыктан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық менгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал.

С.Казиева



Ә Мәтіндегі негізгі ойды тауып, өз пікірлерінді айтындар.



Б Қарамен берілген сөз берілген сөз тіркестеріне анықтама беріндер.



В Көркемдегіш құралдарды ұтыймды қолданып, ата-аналарыңа арнап өлең жазындар.




2-тапсырма. Венн диаграммасы арқылы интонацияның құрамдас бөліктерінің айырмашылықтары мен ортақ сипаттары туралы айтындар.

3-бөлім.



3-тапсырма. Интонация сөзіне ассоциация құрындар.

Үлгі :



Өзінді тексер!

- Интонация дегеніміз не?
- Интонацияның құрамдас бөліктерін атандар.
- Қарқындылық деген не?
- Сөйлеу элементтерін (дыбыс, буын, сөз) айту жылдамдығы деп нені айтамыз?
- Тембр туралы не білесіндер?
- «Әсіреле өлең мәтіндерінде айқын көрінеді, ал еркін диалог сөздерде азырак байқалады» деген сипат интонацияның қай құрамдас бөлігіне тән?
- Мелодия (дауыс әуен) дегеніміз не?



Фалым болам десеңіз...

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
2. Жұмсалымды грамматика негіздері. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016.
3. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: Ісқағаздарын жүргізу. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.

4

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ – БҮГІНГІ КУННІҢ ДАМУ ҮРДІСІ

4.1. БАТЫСЕУРОПАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ



1-тапсырма. Ойлан, тап. Қатар тұрған әріптерден интеграция, парламент, экономика, валюта, шешім, мемлекет, тарих термин сөздерін құрап, қысқаша анықтама беріңдер.

а	в	а	р	в	т	а	л	а	р
п	п	а	р	л	а	м	е	н	т
н	о	в	л	ы	й	а	с	к	а
т	а	с	т	ю	ш	е	ш	і	м
е	к	м	е	м	т	а	р	п	х
г	с	м	п	п	з	а	и	р	л
р	ы	н	о	к	т	у	п	о	ш
а	н	т	о	м	м	а	р	н	а
ц	н	м	е	м	л	е	к	е	т
п	э	к	о	н	о	м	п	к	а
я	а	к	л	т	п	я	с	т	ж
н	о	с	т	р	а	д	п	к	е



А Мәтінді оқып, ондағы мәліметтерді, сандарды талдап, негізгі үрдістерді анықтандар.

Экономикалық интеграция¹ тек Батыс Еуропадағана өз мәнінде толық дамыды. Еуропалық Одактың күрылу тарихы 1951 жылы Еуропалық көмір және болат корыту бірлестігі туралы келісімге кол коюынан басталды. Алғашкы құрамына 6 мемлекет енді: Франция, Германия, Италия, Бельгия, Люксембург, Нидерланд. Қазіргі саны – 27. 1999 жылы ортақ валюта енгізу туралы шешім кабылданып, 2001 жылдан бері айналымға «еуро» валюта бірлігі енгізілді.

Еуропалық Одакты басқаруды институционалдық 5 ұйым жүзеге асырады. Олар бірлесе отырып, белгілі шекте зандылық, атқарушылық, сот қызметтерін жүзеге асыруши ерекше мемлекетаралық басқару жүйесін құрады: Еуропалық Парламент, Еуропалық Кенес, Еуропалық Одак комиссиясы, Министрлер Кенесі, Еуропалық Одак соты. Ен ірісі – Еуропалық Парламент, оған Еуропалық Одакқа мүше елдердің дауыс беруі арқылы 5 жыл мерзімге сайланады. Секретариаты Люксембург қаласында, сессиялары Страсбург қаласында өтеді. Парламент

¹ Интеграция – бірігу, экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың өзара іс-кимділіктеріндегі, арасындағы байланыстарды дамыту.

4-белім.

Еуропалық Кеңеспен бірлесе отырып, ішкі нарық мәселелері, Еуропалық Одақ бюджеті, жана мүше елдерді кабылдау, дамушы елдермен экономикалық байланыстарды дамыту туралы шешімдер қабылдайтын.

*Казақстан. Ұлттық энциклопедиясынан



- Ә** Мәтін мазмұнын 5 сейлеммен баяндап беріндер.
- Б** Мәтін ішінде 5 етістікке морфологиялық талдау жасандар.
- В** Фылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, Еуропалық Одаққа енген мемлекеттерге арналған нұсқаулық жазындар.



Есте сакта!

Әдеби тіл

Әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметті әр алуан тіл.

Әдеби тіл халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты. Әдеби тіл жазу арқылы, әдеби мұраларды баспаға басып жүргізу тарату арқылы, ауызекі тілдің байлықтарын екшеп саралау арқылы қалыптасады.

Әдеби тілдің біркелкі әрі қоғамның барлық өміріне қатысты жұмысалуы – оның ұлт тілі болуының белгісі.



2-тапсырма. Кім көп табады? Әдеби тіл нормасынан ауытқыған сөздерді тауып, мағынасын ашындар.



- А** Мына ойды өрбітіндер.

Әдеби тіл – жазба тіл	Әдеби тіл – жүйелі тіл	Әдеби тіл – стильдік тармақтары бар тіл	Әдеби тіл – қоғамдық қызметті мол тіл



- Ә** Әдеби тілдің стильдік тармақтарын атаңдар. Әр стильтеге тән белгілерді айтындар.



- Б** М.Жұмабаевтың мына шумақтарындағы сұраулы сейлемнің интонациялық ерекшеліктеріне назар аударып, түрлерін ажыратындар.

Кеш, Тәнірім, болса сөзім пендешілік,
Мінеки, айқын зұлым, кайда әділдік?
Соншама кең ракметтен күр тастайтын,
Баласы алты алаштың – біз не қылдык?..

Бір жауыз сөндірмек пе, әлде нұрын?
Үстіне кигізбек пе кара құрым?
Жок, әлде қазіргімен жұмысын жок,
Қайғыға түсір е ме өткен күнін?

М.Жұмабаев

Керек дерек!

Тілдік норма

Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз.

Тілдік норма «әдеби тіл» деген ұғыммен ұқсас. Әдеби тілге сіңіскен, әдеби тілде орнықкан тіл байлықтары тілдік нормаға жатады. Тілдік нормадан тысқары құбылыстар, ауытқулар ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктер болып есептеледі.

Әдеби тілде нормадан ауытқу деген болады:

- 1) жөнімен ауытқу;
- 2) жөнсіз ауытқу.

Әдеби норманы белгілі мақсатпен, стильтік өні болғандықтан өзгертіп қолдану жөнімен ауытқу болады. Әдеби норманы жөн-жосықсыз бұзып, естіген-білгенін қалай болса солай талғамай қолдану жөнсіз ауытқу болады.

М.Балақаев



3-тапсырма. Кім көп табады?

Әдеби тіл нормасынан жөнімен ауытқу	Әдеби тіл нормасынан жөнсіз ауытқу



A Тілдік норманың басты белгілерін атандар.



Ресми ісқағаздар стилі

ҚОЛХАТ

Алматы қаласы, 2018 жыл, 14 қазан

Мен, _____, мекенжайым Алматы қаласы, Абай даңғылы, 36-үй, 14-пәтер, Қазақстан Республикасының IIM 2011 жылы 16 ақпранда берген жеке куәлігімнің №88855214, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 56-үй, 21-пәтерде тұратын _____ Қазақстан Республикасының IIM 2012 жылы 14 тамызда берген жеке куәлігінің №554498411, 500 000 (бес жұз мың) теңге алдым. Мен алынған ақшаны 2018 жылы 14 желтоқсанда қайтаруға, қайтармаған жағдайда 25% көлемінде айыппұл төлеуге, мекенжайым өзгерген жағдайда бұл туралы үш күн мерзім ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Осы қолхат үш дана етіп жасалған, бір данасы №1 нотариалдық кеңседе тіркелг ен, екінші данасы _____, үшінші данасы _____ сақталады.

14 қазан, 2018 жыл

(нотариусдың қалы)

4-белім.

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріндер.

- Тағы кандай қолхат түрлерін білесіндер?
- Қолхат жазғанда куәлардың катысусы міндепті ме?



A Сен велосипедті жалға беру орнынан осы көлік түрін жалға алдың. Сенен қолхат жазып беруінді талап етті. Қалай жазар едің?

4.2. ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ**1-тапсырма.** ТМД елдерінің астаналарын білесіндер ме?

- Украинаның астанасы.
- Тәжікстанның астанасы.
- Казақстанның астанасы.
- Ресейдің астанасы.
- ТМД елдері құрамында болып, кейін шығып кеткен мемлекет.
- Армения астанасы.
- Өзбекстан астанасы.
- «Ұлт» сөзінің орыс тіліндегі баламасы.
- Беларусь елінің астанасы.
- Орталық

			1		I		
					H		
2							
3			-		T		
					E		
					G		
					R		
					A		
5					C		
6					I		
7							
8							
9							
10					J		



A Мәтінді оқып, ондағы сандарды сөйлемтіңдер. Мәтіндегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды тауып, талдандар.

ТМД елдерінің тарихы

1991 жылы желтоқсанның 8-інде Минскіде (Беловеж) Ресей, Беларусь және Украина басшылары кездесіп, 1922 жылы КСРО құрылуды туралы келісімнің жойылғандығы және ТМД құрылғандығы

туралы келісімге қол койды. 1991 жылы желтоқсанның 13-інде Орталық Азия мен Қазакстан басшылары Ашхабадта кездесіп, «Беловеж келісімін» колдайтындықтарын мәлімдеді. 1991 жылы желтоқсанның 20-сында Әзіrbайжан, Армения, Беларусь, Қазакстан, Қыргызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан басшылары Алматыда ТМД-ны құру туралы Келісім хаттамасына қол койды. Кездесуге катысушылар ішкі және сыртқы саясаттың әртүрлі салаларында ынтымактастық бейілділігін растайтын, бұрынғы КСРО-ның халықаралық міндеттемелерін орындауда кепілдік жариялайтын Алматы Декларациясын қабылдады. 1993 жылғы желтоқсанда Достастыкка Грузия косылды, ал 2009 жылғы 18 тамызда аталған бірлестіктен шыкты. Түркменстан ТМД-ның қауымдастырылған мүшесі болып табылады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет болып саналмайды және ұлтустілік өкілеттікке не емес. Ол өзінің барлық мүшелерінің егеменді тенденцие негізделген және 1993 жылғы 22 қантардағы Жарлығы бойынша іс-әрекет жасайды.

Қазақстан . Ұлттық әнциклопедиясынан



Ә «Ақылдың алты қалпағы» әдісі бойынша мәтіннің маңызды тұстарын талдандар. Мәтіндегі деректерді салыстырындар.



Ак (ак бұлттар) – фактілер, цифрлар және мәліметтерді таза күйінде беру.



Кызыл (от) – ішкі сезім, эмоция, көніл күй мен интуицияны білдіру.



Кара (тұман) – негативті ойлау, мысалы, «бұл орындалмайды, себебі...»



Сары (күн) – оптимизм, ашықтық, позитивті және конструктивті ойлар, ұсыныста р, мысалы, «неге, бұл міндетті турде орындалады!»



Жасыл (дала) – жаңа идеялар ағымын тудыратын шығармашылық ойлар.



Кек (аспан) – жоғары деңгейдегі жалпы кезкарастарды білдіреді, корытындылайды.



Б Мәтін мазмұнын теледидар дикторы сияқты баяндандар. Сөздерді іріктең, түрлендіріп, талғаммен қолданындар.



В Мәтіндегі ел атауларына дыбыстық талдау жасандар.

Есте сақта!**Көркем әдебиет тілі**

Көркем әдебиет тілі – әдеби тілдің ең басты, тарихи жағынан оның басқа стильтік тармақтарынан бұрын пайда болған көпсалалы бөлімі.

Көркем әдебиет тілі әдеби тілдің елеулі, ең басты стильтік тармағына жатады. Оның әдеби тілдің басқа түрлерінен айырмашылығы эмоциялы-экспрессивті асерлілік қызметіне лайық халық тілінің байлықтарын сез шеберлерінің талғам елегінен өткізеді.

Әдебиет тілінің бәрі әдеби тілге жатпайды. Мәселен, А.Байтұрсынұлына дейінгі ескі жазба әдебиет тілін әдеби тіл деп тани алмаймыз.

М.Балақаев



2-тапсырма. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу.

- Сөйлемді қалай түсінесіндер?
- Дәл осы мағынаны басқаша қалай бір сөйлеммен жеткізуге болады?
- «Есте сақта!» айдарында берілген ережемен байланысы бар ма? Болса, қандай?



A Көркем әдебиет стилі мен әдеби тіл арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды Венн диаграммасы арқылы көрсетіңдер.

Керек дерек!**Тіл – жүйе**

Тілдің грамматикасы ережелер жүйесінен тұрады. Сөйлеудің дұрыс-бұрыстығын, нормаға сай, сай еместігін осы жүйенің бұзылуына қарап білеміз. Бірақ сөйлеу табан астында шығатын жанды құбылыс және жеке адамның шығармашылық қабілетіне байланысты болғандықтан, онда грамматикалық ережелерге сай келмейтін синтаксистік құрылымдар көптеп кездеседі.

Тіл дамиды, оны дамытатын – жеке адам. Жеке адам жүйедегі құралдарды икемдеп, басқа мағынада жүмсап, жаңа өң беріп қолданады. Бұның өзі кейде кемшилік, кейде артықшылық болып шығады. Кемшилік болатыны – кейбір жеке қолданыстар көпшіліктен қолдау таппай, зандалыққа айнала алмай, тіл жүйесіне ене алмай, сол қолданылған жерде қалады. Артықшылық болатыны – тілдің жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамуы. «Тілдің міндегі – ақылдың андауын андағанша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің тулоін түйгенінше айтуға жарап. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадірінше жарайды», – дейді Ахан.

Б.Қапалбек



3-тапсырма. «Тілдің міндегі – ақылдың андауын андағанша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің тулоін түйгенінше айтуға жарап. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадірінше жарайды» деген ойды жалғастырыңдар.



A Әдеби тіл, норма, тіл жүйесі деген ұғымдарға анықтама беріңдер.

4.3. ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ПАЙДАСЫ



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып, дамыта баяндандар.

XXI ғасыр – интеграция ғасыры. Ұлттық мұдде тұрғысынан мұқият ойластырылған интеграцияға қарсы болу – заманауи үрдіспен дамуга қарсы болу. Ең дамыған елдердің барлығы бүтінгі бінктерге интеграция арқылы жетті. Букіл адамзат жаһандану жолымен дамып жатыр. Етекженді кымтап, есік-терезені тарс жауып отыру дамуды тежейді, әлем көшінің сонына қалдырады. Біз дамыған елдердің шаңын жүтуға емес, көшін бастауға ұмтылған елміз. Байбаламга салып, балақтан тартпай, байыппен ойлап, байсалды әрекет етсек жарасады. Интеграция ел тәуелсіздігіне ешбір қауіп төндірмейді, керісінше нығайта түседі. Ол нарықты кеңейтеді, алыс-беріс пен барыс-қелісті арттырады, бәсекелік қабілетіміздің і шынтайтынды.

Н.Назарбаев



A Өз білімдеріңе сүйеніп, «Біз дамыған елдердің шаңын жүтуға емес, көшін бастауға ұмтылған елміз» деген сөйлемдегі ойды өрбітіндер.



Ә «Кубизм» әдісі арқылы мәтінге байланысты сұрақ құрастырындар.

1. Кім ... ?
2. Қашан ... ?
3. Неге ... ?

4. Қалай ... ?
5. Қанша ... ?
6. Не ... ?



Б Мәтіндегі соңғы екі сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.



В Мәтіннен антоним бола алғын сөздерді табындар.



Г Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «Экономикалық интеграция дегенді қалай түсінесін?» деген тақырыпта сұхбат жазындар.



Есте сақта!

Лексикалық норма

Лексикалық норма дегеніміз – әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан түлғада, жалпыға ортақ мағынада жүмсалуы. Нормаға түскен сөз сол қалпында қатып қалмайды, әдеби тілдің талабына лайық занды өзгерістерге ұшырап отыруы да мүмкін.

Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер:

- 1) диалектизмдер: жаңғақ – шаттауық, жүгері – борми, балапан – шіби, тақия – тебетей, тәрізді – рауішті, дәңгелек – доңғалақ, түзеу – дүзеу және т.б.
- 2) кәсіби сөздер: судігер, көшет, әңгелек, масак, собық, қарық, атыз және т.б.
- 3) дөрекі, түрпайы және жаргон сөздер.

4-белім.



2-тапсырма. Академик Ә.Қайдардың «Соңғы жылдары диалектизмдер термин жасаудың бір көзі ретінде жиі жұмсала бастады. Мысалы: егемен, құжат, урдіс т.б. Міне, осылай сөздік қорымызды жергілікті халық тілі негізінде молайтуды көздеу терминдердің үлт тілінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Қонерген сөздер де терминжасам процесінде үлкен маңызға ие» деген ойымен келісесіндер ме? Мысал келтіріндер.



A Берілген ұғымдардың анықтамасын сәйкестендіріндер.

Дерекі сөздер	Тұрпайы сөздер	Жаргон сөздер
Шагын алеуметтік топ колданатын, ешқандай жеке тілдік дербестігі жок жалпыхалықтық тілдін тармагы. Аргомен мағыналас, онын аргодан айырмасы: ол жағымсыз (корлау, жактырмашу) ұғымда қолданылады. Мысалы: телик (төлешшар) т.б.	Тұрпайы, дерекі түрде айтылатын, біреуді корлау, кеміту мақсатында пайдаланылатын сөздер: есекші – сайт, сөз тасыны адам; қыртмылжың, көп сейлеу; санырау – күлағы ауыр, күлағынын мүкісі бар; сокыр – көзі көрмейді, загип адам; аксақ – аяғын сылтып басу; сакау – тілінін мүкісі бар.	Айтуға я жазута болмайтын сөздер. Бейпіл, арсыз сөздер ката-рына жатады.



Ә Кім көп табады? Диалект сөздерге мысал келтіріндер.



Б Оқу, футбол, тіл, мәдениет, театр, әнші деген сөздерді қатыстырып, бір сөзге ой екпіні түрліше түсетіндей үш сөйлем құрап жазындар.

Улғі. Атасы бүтін *ауылга* келді. Атасы ауылға *бүгін* келді. Ауылға бүтін *атасы* келді.

Керек дерек!

Ресми ісқағаздарына тән ерекшеліктер

Ресми стиль екі түрлі қызмет атқарады: бірі – информативтік (ақпарат беру) қызмет; екіншісі – волонтативтік (іске итермелу) қызмет. Мәселен, анықтама үлгісінде ақпараттық, немесе хабар беру қызметі басым көрінсе, бүйрықта бір іске итермелу, не болмаса, сол істі орындауға міндеттеу қызметі анық байқалады; ал хаттама құжатында әрі ақпараттық (тыңдалды), әрі бір іске итермелу (қаулы қабылданды, шешім шығарды) қызметтері қатар жүзеге асады.

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



3-тапсырма. Ресми стильдің информативтік және волонтативтік қызмет атқаратын құжат түрлеріне мысал келтіріндер.



A Ресми стильдің информативтік қызмет атқаратынын дәлелдендер.



Ә Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырындар.



Ресми ісқағаздар стилі

АЛҒЫСХАТ

«Сұнқар» компаниясының басшылығы соғыс, еңбек майданы ардагерлөрі және компания қызметкерлері үшін ұйымдастырылған Екінші дүниежүзілік соғыс жеңісінің 72 жылдығына арналған іс-шараны табысты өткізуге жәрдемдескені үшін «Жайық» мейрамханасының ұжымына шынайы алғыс білдіреді.

Мейрамхана қызметкерлерінің шын жүректен сапалы және жоғары деңгейде көрсеткен қызметі біздің қонақтарымызға ұмытпайтындағы әсер қалдырды.

Сіздің ұжымға шын жүректен мықты деңсаулық, амандық, барлық бастамада табыс тілейміз!

«Сұнқар» компаниясының директоры

халықаралық

оттыңжан



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алғысхват тек жеке адамға ғана беріле ме?
2. Алғысхват пен қолхаттың айырмашылығы неде?



A Сен қоғамдық қордың басшысысын. Сен басқарып отырған қорға демеуші ретінде ірі компания қаржылай көмек көрсетті. Сол ұжымға алғысынды білдіріп хат жаз.

4.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ (ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІРІГУ)



1-тапсырма. Бәсекеге түсіндер. Екі топқа бөлініп, «Қазақстан экономикасын қалай дамытуға болады?» деген сұрақ бойынша ұсыныстар айтып жарысындар.

I топ	II топ
Ауылшаруашылығын көтеру	Білім сапасын арттыру
Зауыттар салу	Мұнағашы кептеп сату
Женіл өнеркәсіпті дамыту	...



A Мәтінді оқындар. Мәтін құрылымын сақтай отырып, осы тараудың 1-сабағындағы мәтін деректерімен салыстырындар. Маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазындар.

Экономикалық бірігу халықаралық сипатта болады және ұлттық шаруашылыштарды бірынғай халықшаруашылығына бірігүе дейін жақындастыруды көздейді. Экономикалық бірігу – шаруашылыш өмірдің интернационалдануының жоғары нысаны. Оның негізін капитал мен өндірістің интернационалдануы құрайды, ол әуелі микроденгейде (фирмалар мен банкілер деңгейінде) болады, сонан соң

4-белім

ма крөдегейге (мемлекеттер деңгейіне) шығады. Сонда экономикалық бірігу халықаралық келісімдермен және шарттармен ресімделеді. Экономикалық бірігу өзінің жоғары көрінісінде институттық сипат алады, яғни тұракты әрекет ететін халықаралық органдар нысанында болады. Халықаралық интеграциялық бірлестіктердің басты нысандары: еркін сауда аймагы, кеден одағы, ортақ нарық, экономикалық және валюталық одактар – экономикалық бірігудің жоғары нысаны. Қазіргі кезде әлемде экономикалық бірігудің жоғары сатысында Еуропалық Одақ (ЕО) тұр, ол ортақ нарық сатысынан өтті. Еркін сауда аймагына НАФТА (Солтүстікамерикалық еркін сауда қауымдастыры) үлгі бола алады.

Каржы-экономика сөздігінен



Ә Мәтін мазмұны бойынша сейлемдер құрандар.

1. Мені қызықтырыды:
2. Мені таңгалдырыды:
3. Менің білгі м келеді:



Б Мәтінде жиі қайталанған сөздерді (сөз тіркестерін) табындар. Ол сөздердің мәтіннің идеясын ашу дағы рөлін көрсетіндер.



В Мәтіндегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды тауып, талдандар.



Есте сақта!

Орфоэпиялық норма

Сөздердің жалпыға бірдей, қалыпты айтылу нормасын орфоэпия дейміз. Сөздерді әдеби тілдегі жалпыға бірдей ортақ нормада айтып сөйлеу – тіл мәдениетінің жоғары екендігінің белгісі. Құлаққа жағымды, көңілге қонымды айтылғанның бәрі – норма. Құлаққа жат не тосаң естілетін, көңілге қонбайтын, бұлдыр, түсініксіз, дөрекі айтылғанның бәрі нормаға жатпайды.



2-тапсырма. Тілші-ғалым С.Мырзабековтің «Айтылым сөздігінен» орфоэпиялық нормасы сақталған 20 сөз теріп жазып, кезек-кезек дауыстап оқындар. Өздерінді бағаландар.



А Орфоэпиялық норманы сақтай отырып, диктор ретінде мектеп жаңалықтарымен таныстырындар.



Ә Орфоэпия мен орфографияға тән белгілерді ажыратып айтындар.



Б Мына өлең жолдарынан екпін түрлерін табындар.

Ата-ананың қадірін балалы болсан, білерсін,
Ақ тәнінің қадірін жаралы болсан, білерсін,
Бостандықтың қадірін жазалы болсан, білерсін,
Дәuletіннің қадірін мал кеткенде білерсін,

Ажарыңның қадірін сән кеткенде білерсін,
Тіршіліктің қадірін жан кеткенде білерсін.
Андып жүр ген дұшпаның дәл жеткенде білерсін.

Бұқар жырау

Керек дерек!

Ресми ісқағаздарының түрлері

Ресми стильдің үш шағын түрі бар:

- әкімшілік-кенсе (ісқағаздары) шағын стилі (анықтама, өтініш, өмірбаян, түйіндеме, мінездеме, арыз, хаттама, хабарландыру, бұйрық, жеке іспарағы), азаматтық қатынастарды реттейтін түрі (сенімхат, қолхат, келісімшарт, тапсырыс қағаздары, еңбек келісімі т.б.);
- таза заң шағын стилі (заң, қаулы-қараптар, жарлық, жарғылар, азаматтық, қылмыстық істер актілері т.б.);
- дипломатиялық шағын стилі (келіссөз, мемлекетаралық шарттар, іскери хат, үндеу, нота, мазмұндама, меморандум, конвенция т.б.).

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



З-тапсырма. Мәтін қай стилде жазылған? Осы ақпараттарды тағы қай стиль арқылы жеткізуге болады?



A Таза заң шағын стиліне мысал келтіріндер.



Ә Шағын түрге бөлінген ресми стилдің қай тобы ең көп қолданылады?

4.5. ИНТЕГРАЦИЯ ШАРТТАРЫ



1-тапсырма. Экономикалық интеграцияның мына салаларға тиғизетін әсерін болжандар.

Тіл

Мәдениет

Салт-дәстүр



A Мәтінмен танысып, оны белімдерге бөліндер. Эр белімге атау беріндер. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар.

Интеграция болуы үшін төмендегідей шарттар орындалуы тиіс:

- 1) интеграциялық бірлестікке енетін елдердің экономикалық даму деңгейлері шамалас болуы тиіс;
- 2) интеграциялық бірлестікке енетін елдердің географиялық жақындығы мен тарихи калыптасқан экономикалық байланыстары болуы тиіс;

4-бөлім

3) елдер арасында экономикалық даму, каржыландыру, экономикалық реттеу, саяси қарым-қатынаста мәселелер ортақ болуы тиіс.

Экономикалық интеграциялық процестер жүрмейінше, халыктың ал-ауқатын кетере алмаймыз. Тауелсіздігімізді сактай отырып, басқа елдермен келісімшарт жасасып, өз мұддемізді қорғап, басқалардың мұддесіне тиіспей, ортақ шешімге келуте тиіспіз. Мұны Еуразиялық Одақ күру камтамасыз етеді.

Казір біз «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдадық және жаппай жаңғырту жөнінен елеулі міндеттерді жүзеге асырудамыз. Біз әлемнің дамыған 30 елінің катарына енуге ұмтылып отырмыз. «Бұл мақсатқа біз өзіміздің көршілерімізben тығыз интеграция арқылы қол жеткізбек ниеттеміз», – дейді Елбасымыз. Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі мен инновациялық деңгейде дамуына септігін тигізеді.

М.Өмірзакова



Ә Фылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интеграцияның түрлері жөнінде мақала жазындар. Онда әр мемлекеттің өмірлік қабілеттілігі басқа мемлекеттердің интеграциясына тауелді немесе тауелсіз екендігін дәлелдендер.



Б «Қазақ тілін интеграция арқылы оқыту» дегенді қалай түсінесіндер? Ойларыңмен белісіндер.



В Мәтіннің соңғы сөйлеміне синтаксистік-кешенді талдау жасандар.

Есте сақта!

Орфографиялық норма

Орфографиялық ережелер белгілі принциптер негізінде түзіледі. Кептеген тілдің емле зандарына екі-үш, кейде үш-төрт түрлі принцип негіз болады. Олар: фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік т.б. Морфологиялық принцип бойынша сез бөлшектерінің (морфемалардың) түбір тұлғалары сақталып жазылады, фонематикалық принцип бойынша жазуда дыбыстардың бір сез ішіндегі немесе сез аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, олардың негізгі фонемалық түрі сақталады. Фонетикалық принцип бойынша сез бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуынша жазылады. Ал тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазу сез бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазу ережесіне де сай келмейді. Мұнда сездердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталады.



2-тапсырма. Кім көп табады? Қазақ тілінде қолданылатын фонетикалық принципке мысал келтіріндер.



А «Жазудың сездің айттылым үлгісіне ықпалы зор екенін ескерсек, жазу жүйесін қалыптастыруға жауапкершілікпен қарау керек» деген сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.



Ә Айтылу мен жазу алшақ болу керек пе? Екеуін алшақтатын қай принцип?



Б «Шәутеннің шәркейі» әңгімесінен үзінді тындаңдар (11-аудио). Диктор кідіріс қойып оқыды ма? Багаландар.

Керек дерек!

Ресми ісқағаздарына қойылатын талаптар

Ресми-іскери стиліне тілдік тұрғыдан төмендегідей талаптар қойылады:

- 1) түйіндеңін дәлдігі немесе бірмағыналылығы;
- 2) айқындық немесе жүйелілік;
- 3) логикалылық;
- 4) баяндаудың ықшамдылығы;
- 5) басы артық сөздің болмауы;
- 6) құрамының тұрақтылығы.

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



3-тапсырма. Мәтін тармақтарында айтылған ойды өрбітіңдер.



А Ресми стиль бойынша сұрақтар құрастырып, сұхбат жазындар.



Ә Осы талаптар тағы қай стильге қойылуы мүмкін?



Ресми ісқағаздар стилі

Құттықтаухат

Құрметті _____

Сізді «Молшылық» компаниясының ұжымы туған күніңізben құттықтайды!

Сіздің басшылығыңыздың компаниямыздың кез келген дағдарысқа төтеп берे алатындығына сенімдіміз!

Сізге шын жүректен береке, мықты денсаулық тілейміз. Жаңынцызда әрдайым сенімді достарыңыз болсын, ал туыстар мен жақындарыңыздың махаббаты мен қолдауы жаңа мақсаттар мен табыстарға жету үшін рухынцызды көтеріп отырсын. Эрқашан бақ, махабbat, бақыт жаңынцыздан кетпесін!

«Молшылық» компаниясының ұжымы



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Құттықтаухатты жазудың катан үлгісі бола ма?
2. Құттықтаухат кандай жағдайларға жазылады?



А Әз-Наурыз мейрамына орай мектеп директорына сынып атынан құттықтаухат жазындар.

4-белім.

4.6. ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ: БОЛАШАҚТЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ



1-тапсырма. Жаһанданудың атынан монолог құрандар. Ең үздік монологті анықтап, баға беріңдер.



Мен жержүзіндегі
халықтың борін
біріктіремін...



A Мәтінмен танысып, Еуразиялық Одақ және оның Қазақстан үшін маңызы туралы ой толғап, Елбасына хат ретінде жолдандар.

Еуразиялық Одақ әуел бастан бәсекеге кабілетті жаһандық экономикалық бірлестік ретінде құрылуы тиіс. Бізді тек «модерниизацияны қуушы» қагидаттарындағы дамушы елдер жынтығы болудың тар шенберлі перспективасы да, өзге әлем үшін мәнгілік табиғи ресурстардың үлкен перифериялық экспорттаушысы болып калудың пешенемізге жазылуы да қанағаттандыра алмайды.

Еуразиялық Одақ дамудың евроатлантикалық және азиялық ареалдарын қосатын мықты буын ретінде қалыптасуы тиіс. Экономикалық тұрғыда біз Еуропалық Одактын, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азияның ыргакты экономикаларын байланыстыратын көпір бола аламыз. Бүгінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі жобасы жүзеге асырылуда. Уақыт ете келе осы маршрут бойына Еуропа және Қытай нарынына тауарлар жеткізу мерзімін 3,5 еседен астамға қысқартуды қамтамасыз ететін заманауи көліктік-логистикалық жүйе түзілетін болады. Трансеуразиялық жүрдек теміржол желісін құрудың болашағы да зор көрінетін сөзсіз.

Біртұтас экономикалық кеңістіктің Еуропалық Одакпен, Қытай Халық Республикасымен, Жапониямен, Үндістанмен арадағы ынтымактастырын көнегіту өзар а тиімді.

H.Назарбаев



Ә Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуының тиімді жақтары мен кері әсерін кесте түрінде толтырындар.



Б Мәтіннен қарамен берілген сөздерді теріп жазындар. Сөздіктердің көмегімен мағынасын ашындар.



В Мақаланың құрылымы мен ресімделуіне тоқталындар. Жанрлық ерекшеліктерін талдап, қай салаға арналғанын анықтандар.



Есте сақта!

Грамматикалық норма

Әдеби тіл дамыған сайын оның грамматикалық құрылышында біркелкілік, бірізділік үстем бола береді де, оның сымбаттылық қасиеті арта түседі. Қазақ тілінің грамматикалық амал-тәсілдері, тұлғалары, құралу тәртібі белгілі қалыпқа түсіп, жүртқа әбден дағдылы болған: сөз таптарының, сөз тұлғаларының, сөйлем құрылышының алуан түрлі бөлшектері қиын тауып қалыптасып кетті. Грамматикалық құрылыштың сол қалпын грамматикалық норма дейміз.

Грамматикалық нормадан ауытқулар:

Ескі бише отырман бос мақалдан,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап!

Абай

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге,
Ықыласпен тоқылық.

Ыбырай



2-тапсырма. «Есте сақта!» мысалдарындағы грамматикалық ауытқудың дұрысын айтындар.



A Грамматикалық нормага сай келмейтін сөздерді табындар.

Бәрініз бір-бір бедеу мініпсініз,
Ойын-күлкі сәүлетпен жүріпсініз,
Жібек сұлу дегеннің ауылы жакын,
Бар еді, балам, қандай жұмысыныз?

«Қызы Жібек» жырынан

– Жібермен, жібермен, қызыл тұлқі!.. Алдыңда тау тұрса да тайынбаған!

F.Мұстафин

Мекен іздең, жігіттер, кел кетелі,
Ортасында Кектебе белгі етелі,
Азаматтар, жалықпай тыңдасаныз,
Қозы Көрпеш, Баянды сөз етелі.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан

Ашу – бөрі, ақыл – кой,
Аралас бағып тұра алман,
Көз – төреші, көніл – хак!
Әмірін екі қыла алман!

Аралай ақын

4-белім.



Ә Тобын тап!

Шашар, өлеусіреп, санаусыз көп, әтеш, жұдә, жазагерлер, боладүр, шуперек, баратұғұн, түсініс беру, бірлан, шаттауық, әңгелек, масак, барғам, көшет, барам шығар.

Грамматикалық ауытқулар	Лексикалық ауытқулар



Б Өлөнді тыңдал, оқылу интонациясын сызба арқылы көрсетіндер (12-аудио).

Керек дерек!

Ресми-іскери стильдің тілдік ерекшеліктері

1. **Лексика-фразеологиялық:** кітаби сөздер мен даяр тіркестер, экономикалық-құқықтық терминдер мен стандарт бірліктер: *шарт, келісімшарт, міндет, жақ (тарап), жауапкершілік, заң, арбитраж, шығын, төлем* т.б.
2. **Морфологиялық:** курделі зат есімдер, есімшелер, сын есімдер (көрсетілген, берілген, келтірілген, жоғарыда аталған, келесі, орынбасар, тапсырыс беруші, орындауши, төлем иесі т.б.); қыстырма сөздер (*соған сайкес, біріншіден, екіншіден, бір жағынан, екінші жағынан* т.б.); сілтеу есімдіктері (бұл, сол, осы, сонда т.б.); етістіктер (*тапсыру, жеткізу, көрсету, айырбастау* т.б.); қысқаған сөздер (ААҚ, ЖШС, БАҚ) т.б.
3. **Синтаксистік:** хабарлы сөйлемдер, сабактас құрмаластар, бірыңғай мүшелі сейлемдер т.б.

М.Қанабекова



З-тапсырма. Ресми стиль туралы алған білімдерінді қорытып, ғылыми мақала жазындар.



А Мәтіндеңі лингвистикалық терминдер (лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік) туралы кенірек баяндандар.



Ә Мәтін бойынша сұрақтар құрастырындар.



Ресми ісқағаздар стилі

ЕСКЕРТУХАТ

Біз сізге тапсырыс жасағаныңыз үшін өте ризамыз, алайда шот 5 000 000 (бес миллион) теңгені құрайтындықтан, бізben сауда қатынастарын жасау үшін, алдымен шот бойынша 50% төлем жасағаныңызды қалаймыз.

Сіздердің қазіргі жағдайларыңыз туралы хабардармыз, бірақ біздің де төлем-тапсырмаларымыз аз емес. Сондықтан егер тапсырыс бойынша ішінара төлем жасасаңыз, яғни шотымызға 2 500 000 (екі миллион бес жүз мын) теңге аударсаныз, біз Сізге өте риза болар едік. Бұл бізге Сізді одан әрі қажетті тауармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Директор

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріндер.

- Ескертухат қандай бөліктерден тұрады?
- Ескертухат кімдерге жазылады (жекетүлға немесе занды тұлға)?



A Мектеп директоры атынан Түркия елшілігіне «өзара алмасу» бағдарламасы бойынша үш оқушының кеткені туралы ескертухат мәтінін жазып көріндер.

4.7. ҰНТЫМАҚ, БІРЛІК ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

1-тапсырма. Кімдікі күшті? Өздерің тұрған өңірде БАҚ-та жарнамаларды қазақ тілінде насиҳаттайтын агенттік ашылды. Сол агенттікке қандай атаулар ұсынар едіндер (мақал, тұрақты сөз тіркесі түрінде де беруге болады)?



A Нақылдарды оқып, өздеріңе ұнаған 5 мақалды таңдал, неге ұнағанын түсіндіріндер.

Үйріс¹ алды – ынтымак.

Адам үйымшыл, мал үйіршіл.

Айырылған азады, косылған озады.

Алтау ала болса, ауыздагы кетеді,
Төртеу түтел болса, төбедегі келеді.

Байлық – байлық емес, бірлік – байлық.

Бір күн ұрыс болса, қырық күн береке кетеді.

Біріккен бітіреді, үйымдастан ұтады.

Біріккен жүз бытыранқы мынды алады.

Жеке жүріп жол талқанша, көппен жүріп адас.

Жұмыла кетерген жүк женіл.

Үнтымак жүрген жерде ырыс бірге жүреді.

Бірлігі жок ел тозады,
Бірлігі күшті ел озады.

¹ Үйріс – адамды үстем ететін, куанышка белейтін игілік, мерей, бак, береке.

4-бөлім.

Топтанып ұшқан торғайға, тұрымтай да бата алмас.

Саусақ бірікпей,
Іне ілікпейді.

Бір кісінікі макұл,
Екі кісінікі – акыл .



Ә Өздеріңе үнайтын бір нақылға қатысты ойтолғау жазындар.



2-тапсырма. Сәйкесін табындар.

Әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан түлгада, жалпыға ортақ мағынада жүмсалуы	Тілдік норма
Тілдің тандамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелері	Орфоэпия
Әдеби тілді қалыптастырудагы жүйелі жазу	Әдеби тіл
Жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпта түскен, стильтік тармактары бар, көғамшық қызметі әр адуан тіл	Лексикалық норма
Сөздердің жалпыға бірдей, қалыпты айтылу нормасы	Орфография




А Кестеге бөліп орналастырындар.

Жайбаракат, мағлұмат, аяққім, тәңертең, Амангелді, бәтенке, шегара, жүрек, металл, такия, мекенжай, жұмысшы, кәзір, өмір.

Орфоэпиялық норма	Орфографиялық норма



Ә Кім кеп табады? Диалект сөздерді тауып, олардың әдеби нормасын айтып жа-рысындар.



Б Махамбеттің төменде берілген өлең жолдарынан грамматикалық аудитқуды анықтаңдар. Қарамен берілген сөздерді түсіндіріп беріңдер.

Айтса дағы айныман
Көлденениң сезіне.
 Эшкере болған¹ ісім бар
 Жайылған жүрттың кебіне.
 Кеткенім жок олжа үшін,
 Кетіп едім елімнен
 Атаңа нәлет Жәнгірдің
 Қан жылатқан заны үшін.
Баданамды баса бектеріп,
 Қасыма жаттан жолдас ертіп,
 Күн-тұн қатып жүргенім –
 Ана Нарында жатқан
 Жас баланың камы үшін.



В Темендегі сөйлемдерден әдеби тіл нормасынан жөнсіз ауытқыған тұстарды анықтаңдар.

1. Адамның кенет толуы – не дұрысқа, не бұрысқа көнбейтін өліара сәт қой. Екі қолын қайда коярын білмей абыржып қалмасы бар ма? Ақыры арқасына айқастырып салды да, бұтағын сызырып, сылып алған сырғауылдай сидия қалды. 2. Баса киген түлкі тымағының еki самайына калың қырау катқан Өзен қария шанадан түскені болмаса, қозғалмай түр. 3. Костюм үстіне түскен алақаны матаны уыстап мыжғылай берді.

«Сөз мәдениеті» кітабынан



З-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

- Тіл білімінің тілдің көркемдегіш амал-тәсілдерін, колданылу аясын, қатысымдық әрекет-қызметін зерттейтін саласы –

а) стилистика;	б) риторика;
ә) әдебиеттану;	в) лексикология.
- Лексикалық нормага сай сөздер қатарын көрсетіндер.

а) жанғақ, такия, жүгері;	б) лексикалық;
ә) шаттауық, тебетей, борми;	в) барлығы дұрыс.
б) шаттауық, такия, жүгері;	
в) жанғақ, тебетей, борми.	
- Ауызекі сөйлеу нормасы?

а) орфоэпиялық;	б) лексикалық;
ә) орфографиялық;	в) барлығы дұрыс.
- Грамматикалық ауытқыған сөздер қатарын көрсетіндер.

а) боладұр, баратұғұн, жібермен;	ә) әнгелек, шашар, масак;
----------------------------------	---------------------------

¹ Эшкере болды – әйгіледі, белгілі болды.

4-бөлім.

- б) өгүз аян, өзен бойу, өкүл гүйеу;
- в) терезе, азық-тұлік, құндызы.
5. Ресми стиль үлгілерін көрсетіндер.
- а) алғысхат, түйіндеме, келісімшарт;
- ә) макала, өмірбаян, эссе;
- б) мемуар, роман, кіссаса;
- в) колхат, өмірбаян, әңгіме.

**Өзінді тексер!**

- Фонема термині туралы бір-бірімен байланысты үш сейлем айтындар (шағын мәтін).
- Ынтымақ, бірлік туралы 3 мақал айтындар.
- Колхат қандай жағдайларда беріледі?
- Әдеби тілге тән белгілерді атаңдар.
- Ресми ісқағаздарына тән белгілерді атаңдар.
- Термин деген не? Термин сөздерге қойылатын 3 талап туралы не айтасындар?
- «Әдеби тіл – жазба тіл» деген тұжырымының тарқатып айтындар.
- Жөнсіз ауытқу дегеніміз не?
- Орфоэпия нормасы дегенді қалай түсінесіндер ?
- Лексикалық және грамматикалық нормалардың айырмашылықтарын мысал арқылы дәлелдендер.

**Ғалым болам десеңіз...**

1. А. Байтұрсынұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құрастырған F.Әнес. Алматы: Абзат-ай, 2013.
2. М. Балақаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Арыс, 2008.
3. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984.
4. Жұмсалымды грамматика негіздері. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016.

БІЛІМ. ФЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ

5.1. ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ФЫЛЫМ-БІЛІМ ТУРАЛЫ



1-тапсырма. Мына ұғымдардың қоғамда алатын орнын сипаттап, талқылаңдар.

Білім

Фылым

Инновация



А Мәтінді оқып, әрбір азатжол мазмұнын өз сөздеріңмен жеткізіңдер. Өздеріңе ұнаған азатжолдағы мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстырып, астарлы ойды анықтаңдар.

Оз білімін өмірдің, ендірістің тәжірибелерімен нығайтып, байтыш отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың кажетіне беріп отыратын ғалым ғана өз дәрежесінде заман талабының ересінде болады.

* * *

Фылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оку, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі.

* * *

Галымга азық берер кайнар кезі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады.

* * *

Еңбек етпесен, жиган білімің кәдеге жарамай жаткан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылты қажет.

* * *

...білімінді еңбек пен өмірдің өзінде шындалп отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.

* * *

Ісінізге, енбегінізге, окуынызға нағыз адамгершілікпен карасаныз, сез жок, женіске жетесіздер.

* * *

Өз елінің кара тасын мақтан ете алмаған – өзге жердің алтынын да мақтап жарытпак емес.

К.Сәтбаев



Ә Мәтіндегі ең көп қайталанған сөзді табындар. Ол сез мәтіннің тірек сезі бола ала ма? Өз ойларынды ортаға салындар.



Б Мәтіндегі азатжолдардың мазмұнына сәйкес келетін қандай мақал-мәтелдер білесіндер?



В Кім жылдам жазады? Мәтін бойынша табындар.

- Ең қысқа сез.
- Ең ұзак сез.
- Неше есімдік бар?
- Буын үндестігіне бағынбай жасалған сездер нешеу?



Г Соңғы сейлемді сейлем мүшелеріне талдандар.



Ғ К. Сәтбаев құрастырып шығарған «Ер Едігे» жырынан үзінді тындандар (13-аудио). Көркем әдеби тілге тән көркемдегіш құралдарды табындар.

Есте сақта!

Көркем әдебиет стилі

Көркем әдебиет тілінің өзіндік стильтері, өзіне тән ерекше сез қолдану заңдары болады. Жазушы, ақын, әдette, сездердің табиги мүмкіншіліктерін (тура мағынасын, көп мағыналылығын, синонимдік, антонимдік т.б. қасиеттерін) көn түрде пайдаланумен қатар, сездерді ауыспалы, келтірінді мағынада, қанатты сездер, тұрақты тіркестер және мақал-мәтелдер құрамында пайдаланады. Көркем әдебиет үшін бұлар да жеткіліксіз. Көркем әдебиетке тәn әр алуан көріктеу, шеберлік тәсілдері болады. Сез шебері соларды біліп, өз шығармашылығында шындалып пайдалану туіс. Олар: теңеу, эпитет, метафора, метонимия, кейіптеу, синекдоха, символ, аллегория, ирония, әсірелеу т.б.



2-тапсырма. «Есте сақта!» айдарындағы соңғы сейлемде берілген термин сездердің анықтамасын лингвистикалық терминдер сездігінен тауып жазындар.



А Өлең үзінділеріндегі қарамен берілген сездердің мағынасын ашындар.

Саймандарын сайланып,
Алтыннан **кемер** байланып,
Абжыландай толғанып,
Қызыл найза қолға алып,
Шұбарға қарғып мінеді...

«Аттамыс » жыры

Каз, тырна қатарланып, қайтса бермен,
Астында **ақ шомышы** жүр, ол – бір керуен...

Абай

Алатая қаусырма өркеш шегіп жатты,
Алабын **ақшудамен** бүркеп жауып.
Арда өскен асав андар аясында
Асыр сап ойнап жатты ауық-ауық.

Ә.Тәжібаев

Бұлқынып жатыр, ұмтылып жатыр, карашы,
Кішкентай жүрек көрсетіп жатыр қарсылық!

М.Мақатаев

Көркем әдебиет стилі

Өзекті жанға өлім бар, хандарың тұра келген ажал оғынан қаза тапса, көлденең жабысқан кеселден көз жұмса, елге кім иелік етеді? Қуні кеше ғана Хақназар хан шейіт болған сатте қырық тарапқа тарадындар, ақыры немен тынды? Басыңа сол зобалаң қайта тұмасын ойла. Әкесі ер деме – өзі ез шығар. Жасы кіші деме – қара қанжар шығар. Ата салтында алтын тақ – ағадан ініге мұра...

М.Магауин

3-тапсырма. Көркемдегіш құралдарды табындар.



A Берілген үзіндіні шешендік сөзге жатқызуға бола ма? Қалай дәлелдер едін?

5.2. АДАМ КАПИТАЛЫ



1-тапсырма. «Капитал» ойынын ойнаймыз. Мына қоржын – сенің капиталын. Әрқайсысың бір қағазға аты-жөндерінді жазып, болашаққа пайдаланамын деген инвестицияларынды (білім, ақша, тажірибе, тәрбие т.б.) салындар. Осы инвестицияларынды болашақта қандай мақсатта қолда натындарынды түсіндіріндер.



A Оқылым стратегияларын жүйелі қолданып, мәтінге тезистік жоспар құрындар. Мәтінге ат қойындар.



Ресейлік жетекші маман С.А.Дятлов адам капиталының мынадай езіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

1. Инвестициялардың адам капиталына кайтарымы оның иесінің өмір сүру мерзіміне (енбекке қабілетті кезеңнің ұзактығына) тікелей

5-белім.

қа тысты болады. Адамға жұмсалымдар негұрлым ертерек жасалса, соғұрлым ол төзірек қайтарым жасай бастайды. Бірақ мынаны ескеру керек, негұрлым сапалы және ұзак мерзімді инвестициялар анағұрлым жоғары және анағұрлым ұзак уақыттық нәтиже береді.

2. Адам капиталы тек табиғи және моральдық тозуға ғана душар болмайды, сонымен бірге ол жинақталу мен көбеюге де қабілетті. Адам капиталының тозуы, біріншіден, адам организмі мен оған тән психофизиологиялық қызметтердің табиғи тозу дәрежесімен, ал, екіншіден, білімнің ескіруінің немесе алған білім құндылығының өзгеруінің салдарынан болатын моральдық (экономикалық) тозу дәрежесімен аныкталады. Адам капиталының толықтырылуы қызметкердің қайта оку және өндірістік тәжірибе жинақтау үдерісінде жүзеге асырылады. Егер осы үдеріс үздіксіз жүретін болса, онда адам капиталын пайдалану шамасына қарай оның сапа және сан жөніндегі сипаттамалары (сапа, көлем, құндылық) жаксара түседі және өседі.

3. Адам капиталының қорлану шамасына қарай оның табыстылығы белсенді енбек қызметінің (белсенді енбекке қабілетті жас) жоғарғы шегімен шектелетін белгілі бір межеге дейін жоғарылайды да, содан соң күрт төмендейді.

4. Капиталды жасау кезінде «екіжакты көбейткіш нәтиже» орын алады. Оның мәні былай: оку үдерісінде тек оқитын адамның ғана емес, сонымен бірге оқытушының да тәжірибесі мен қабілеті жетіле, есе түседі, ол кейіннен біріншісінің де, сондай-ак екіншісінің де табыстарын есіреді.

5. Адамға жасалатын инвестициялардың барлығы бірдей адам капиталының жұмсалымдары болып таныла бермейді, тек қоғамдық мақсатка сай және экономикалық қажеттіліктері ғана осындай жұмсалымға жатады. Мәселен, қылмыстық әрекетке байланысты шығындар адам капиталына жасалатын инвестициялар болып саналмайды, ейткені олар қоғамдық тұрғыда мақсатқа сай емес және қоғам үшін зиянды.

6. Адамға жасалатын жұмсалымдардың сипаты мен түрлері тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерден және дәстүрлерден тарайтын. Мәселен, білім деңгейі мен балалардын мамандық тандауы едәуір шамада отбасылық дәстүрлерге байланысты болады.

7. Капиталдың өзге әртүрлі нысандарына жасалатын инвестиациялармен салыстырғанда адам капиталына жұмсалатын инвестиациялар жеке-дара тұрғысынан да анағұрлым пайдалы.

Р.Елжанова, Л.Шайхина



Ә Мәтіндегі негізгі мәселе жөнінде авторға оқырман тарапынан сұрақтар құрастырындар. Бір-бірінің сұрақтарынды бағаландар.



Б «Адам капиталы» дегенді қалай түсінесіндер? Ассоциация құрастырындар.



Есте сақта!

Публицистикалық және ғылыми стильдер

Жазуда, сейлеуде керекті сөз тандағанда, олардың стильтік ерекшеліктерін ескеру керек. Мысалы, публицистикалық стиль мен ғылыми әдебиет стилінің сөздік құрамы бірдей емес: публицистикалық стилде жазылған газет-журнал тілі жалпы халықта арналғаныдан, оның сөздері де жалпыға бірдей түсінкті болуға тиіс, ал ғылыми әдебиеттің тілінде жалпыға ортақ сөздермен қатар, жеке мамандыққа тиісті, жүрттың бәрі бірдей түсіне бермейтін сөздер де қолданылады; солардың ішінде әсіресе жеке ұғымды білдіретін атаулар, термин сөздер көп болады.



2-тапсырма. Бір тақырыпта публицистикалық және ғылыми стилде екі эссе жазындар.

Керек дерек!

Әдеби тілдің қалыптасуы

Дүниедегі тілдердің тарихы әдеби тілдің әртүрлі дәрежеде, әртүрлі жолдармен қалыптасатынын көрсетеді: кейде әдеби тіл сол халықтың бір ғана тобы сөйлейтін бір диалект негізінде қалыптасады. Мұндайда әдеби тілдің негізі болған диалект басқа диалектілерден белгілі бір артықшылықтармен ерекшеленеді. Мысалы, оның сөздік қоры басқалармен салыстырғанда бай болып келеді және ол диалектіде сол халықтың барлығына бірдей кең танылған әдеби шығармалары т.б. болады. Сөйтіп, сол әдеби тілдің дамуына басқа диалектілердің де тікелей қатысы болады да, сол «ата» диалектінің аясында қалыптаса береді. Орыс әдеби тілінің тарихшылары «орыс әдеби тілі Мәскеу диалектісінің негізінде қалыптасты» дегенде осы жайларды баса айтады.

Әдеби тіл бір ғана диалектінің негізінде қалыптасуы да мүмкін. Кейбір халықтың әдеби тілдері жалпы халық тілінің негізінде, яғни оның барлық говорларының негізінде қалыптасады. Олардың бірінде экономикалық ерекшелігіне байланысты кәсіби сөздер мол болса, бірінде негізгі сөздік қоры бай болады, ал үшінші бір говорда грамматикалық құбылысы басқаларға қарағанда бірізге түсken, қалыптасқан болып келеді. Бірқатар әдеби тіл осылардың барлығының да жақсы жақтарын бойына жинау үдерісінде қалыптасады.

М.Балақаев

5-бөлім.



3-тапсырма. Мәтін мазмұнын талдандар. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, бір-біріңе жауап беріндер.



A Терминдерді талдап, негізгі үрдістерді анықтаңдар.

Қазақ әдеби тілі

Әдеби тіл нормасы

Диалект

Говор



Ә «Керек дерек!» мәтінінің негізгі идеясын аша алатын сөздерді, ондағы негізгі ойды табындар.

Ресми ісқағаздар стилі

ХАБАРЛАМАХАТ

Сіздің 3/16 тапсырысыңыз бойынша тауар партиясы бүгін тиелді және үш аптаның ішінде келіп жетеді.

Қозғалтқыштың беліктері су өтпейтін материалға оралған және 6x3x3 өлшемдегі жәшікке салынған.

Карбюратордың беліктері жәшіктерге жеке салынған және әр жәшіктің ішінде бекітілген.

Жәшікті көтеруге арналған ілмектер 4 орында көзделген. Бұл жәшіктерді қайтармаға болады.

Генераторлар арнайы дайындалған жәшіктерге бекітілген, олардың ішінде тығыз төсемдері бар.

Бұл жәшіктердің екі орынға орналасқан ілмектері бар. Әр жәшік 7000 (жеті мың) теңге тұрады. Егер жәшіктерді қанағаттанарлық сапада қайтарсаныз, олардың құнын өтеуге болады.

Директор

Колы

Отырғаны



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Ресмихат үлгілері кай стилге жатады?
2. Хабарламахат пен ескертухаттың айырмашылығы неде?



A А.Байтұрсынұлының «Анама хат» өлеңін тыңдал, талдандар (14-аудио). Өлеңдегі ойды хабарлама деуге бола ма?

5.3. ТЕСЛАНЫҢ ТҮЙСІПІ






1-тапсырма. Түйсігін не дейді? Сұрақтарға жауап беріндер.


- Болашакта қандай маман иесі боласын?
- Болашакта ғалымдар қандай жаңалықтар ашуы мүмкін?
- Адамдар қай ғаламшарға қоныстануы мүмкін? Себебі не?
- Ғалымдар мәнгілік козғалтқышты ойлап табуы мүмкін бе? Егер ойлап табады десен, қандай сипатта болуы мүмкін?
- Жердің болашағын қалай елестетесін?



A Мәтінді оқып, төмендегі сандарға байланысты қандай ақпараттар берілгендерін айтыңдар.



Никола Тесла 1856 жылдың 10 шілдесінде Австро-Венгрия, қазіргі Хорватияның Смилян қаласында дүниеге келген. Ол – данышпан физик, инженер, электртехника және радиотехника саласында еңбек еткен өнертапқыш. Ұлты – серб. Тесла қатты найзағай болған түні дүниеге келген. Отбасылық наным-сенімге байланысты босандырып алған кіндік шешесі найзағайды жамандыққа болжаған. Ол шакалақ «қара түнектің баласы» болатынын айтады, бірақ тұған анасы оған қарсы шығып: «Жок, ол күн сөүлесінің баласы болады», – деген екен.



Откен ғасырдың 30-жылдары АҚШ-тың «New York Times» пен «Time magazine» сынды белгілі басылымдарының тілшілері әлемдік деңгейдегі ғалым Никола Тесланың үйінде жиі қонақта болып тұрған. Ол кезде Манхэттендегі «Governor Clinton» қонақүйінің 20-қабатында тұратын атақты ғалым журналистерге өз жұмысын қалай бастағаны, өнертапқыштық жолға қалай түскені туралы қызықты әнгімелерін айтып береді екен. Тілшілерді әсіресе Тесланың болашақ XXI ғасыр туралы ойлары қатты қызықтырады.

Тесланың «Ең қызығы, адамдар қалтаға салып жүргүре болатын шағын құрылғылар арқылы байланысады. Аспанда ұшактар адамның басқаруынсыз, яғни ұшқышсыз ұшады. Олар жерден радиотолқындар арқылы басқарылады» деген шілдесі де сол кезде ақылға конымсыз саналғаны анық. Тіпті Тесланы ақыл-есі дұрыс емес, фантаст, кия ли адам деп санағандар да табылған екен. Алайда бұл – XXI ғасырдың

5-бөлім

адамы үшін үйреншікті жайт. Өйткені мобиЛЬДІ телефондар, пайда болған 20 жылға жуық уақыт ішінде, өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді. Ал алғашында электр энергиясының өзін сикыр деп қабылдаған XX ғасыр адамдарын адам баласын ұялы телефон арқылы мұхиттың арғы бетіндегі адаммен еш кындықсыз сейлесе алады дегенге сендірудің кандай кын болғанын өзініз елестетіп көрініз.

«Бүкіл әлем үлкен міға айналады. Адамдар бір-бірімен аракашықтықка карамастан, лезде хабарласа алатын болады» деген ойлары бүтінгі ғаламтор туралы екенін ғалымның өзі білді ме екен?!

«Әлемнің екі шетіндегі адамдар бір-бірінің түрін көріп, даусын ести алады. Ол үшін шағын ғана құрылғылар пайдаланылады. Олардың құрылсызы біздің бүтінгі телефондардан да қарапайым болмақ. Ен бастысы, біз олардың көмегімен әлемнің кез келген нүктесінде болып жаткан оқиғаны өзіміз сонда отырғандай көре аламыз», – деп ойын нақты жеткізген Тесла бүтінгі смартфондар мен компьютерлерді, «Skype» пен «Periscope» секілді бағдарламаларды көрсө, «айтқаным айдай келді» деп куанар ма еді?!

Тесла 1943 жылы 7 кантарда Нью-Йорк қаласында дүниe салған.

М.Әлімхан



Ә ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жүрттар» елеңін тыңдалап, 2 топ болып, оның мәтінмен байланысы барын растайтын және жоққа шығаратын ойларынды дәлелді мысалдар арқылы білдіріндер (15-аудио).



Б Түртіп алу әдісімен мәтінге қысқаша конспект жазындар.

Есте сақта!

Тіл дәлдігі

Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келуі үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек.

Тіл дәлдігіне мынадай орындарда кемшілік келеді.

1. Сейлем ішінде орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе. Мысалы: *Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда тапқыш келеді. Өз көзіммен көріп, көз алдынан атқарып келіп отырмын*. Оның қалыптанған ерте тұратын әдемі бар еді.

Бұл үш мысалдың ішінде алып тастаса, орны ойсырамайтын сөздер: *мал жиғыш, пайда тапқыш, көз алдынан атқарып, қалыптанған*. Бұлар сейлемнің толық болуына пайда келтіріп тұрған жоқ.

2. Ойы қарайлас сейлемдер қатар айтылғанда, мәселен: «Мен қартайған шағымда, байы жоқ деп бақсан жоқ, күйі жоқ деп күйген жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, алі жоқ деп асыраған жоқ» деген сияқты. Бұлай айтудың сырты көркем сияқты көрінсе де, ішкі мағынасы пікірді толықтырмай, тек сөздің сейлемнің қарасын көбейтеді.



2-тапсырма. «Есте сақта!» айдарындағы ойды З сейлемге сыйдырып жазып, постер қорғандар.



A «Есте сақта!» айдарына үш сұрақ құрастырындар.



Көркем әдебиет стилі

Бұқар жыраудың қартайған кезінде көнілін сұрамақ болып Қаздауысты Қазыбек би келеді.

Төсекте жатқан Бұқар жырау:

– Бірден онға дейінгі санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады, Қазыбек, сен айтып берші? – депті.

Сонда Қазыбектің берген жауабы:

– Бір дегениңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегениңіз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегениңіз – үш бунақты шідерден шошынар ат жаман.

Төрт дегениңіз – төсекке шыға алмаған қарілік жаман.

Бес дегениңіз – білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман.

Алты дегениңіз – аймағын билей алмаған кісі жаман.

Жеті дегениңіз – жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Серіз дегениңіз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегениңіз – толғанғаныңыз.

Он дегениңіз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

«Сөз серкесі – шешендік» кітабынан



З-тапсырма. Эр санға берілген ойды жалғастырындар.



A Шешендік өнердің бүгінгі таңдағы орны туралы пікір білдіріндер.

5.4. АЛАШТЫҢ ФЫЛЫМ-БЛІМ ҮЙРЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ



1-тапсырма. Алаш арыстарының еңбектерін білесіндер ме? Сәйкестендіріндер.

Автор	Оқулық атавы
Міржакып Дулатұлы	1. «Педагогика» (Баланы тәрбия қылу жолдары) 2. «Физика», «Пішіндеме»
Жүсілбек Аймауытов	3. «Тіл құрал»
Магжан Жұмабаев	4. «Жануарлар», «Табигаттану», «Адамның тән тірлігі»
Ахмет Байтұрсынұлы	5. «Қазақша-орысша тілташ»
Жұмакан Құдерин	6. «Дүниенің құрылымы» (Д.Граведен аударған), «Жердің қысқаша тарихы» (Т.Тутковскийшен аударған)
Елдес Омаров	7. «Есеп құралы»
Халел Досмұхамедов	8. «Тәрбие жетекшісі», «Психология», «Жан жүйесі және өнер тандауы»
Кошке Кементеров	
Әлихан Бекейхан	9. «Фсімдіктану»



A Мәтіннің құрылымы мен ресімделуі жөнінде айтындар. Жанрлық ерекшеліктерін, идеясын көрсететін сөздерді табындар.

5-бөлім

Ғылымы ертерек дамыған елдердің жетістіктеріне сүйене отырып, ана тілінде оқулыктар жазу барысында сол салалардағы арнаулы ұғымдарды казақша атау қажеттілігі туындады. Сол кезге дейін тіліміздің ғылыми-техникалық прогрессе икемделіп, терминжасам тәжірибесі қалыптаса коймағанын ескерсек, бұл қажеттілікті өтеудің онай жұмыс болмағандығын пайымдау қын болмаса керек. Дәлірек айтқанда, қазақ зиялыштарының алдында ұлт тілінде термин жасаудың тұнғыш үлгісін көрсете отырып, казак терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын айқындау міндетті тұрды.

Мұндай аса жауапты міндетті атқаруда қазак оқығандарының арасында А.Байтұрсынұлының орны айрыкша болды. Ол тіл, әдебиет және жалпы мәдениетке қатысты жүздеген терминді жасап, оларды колданыска енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың жаркын үлгісін көрсете білді.

Ш.Құрманбайұлы



Ә XX ғасырдың басындағы және қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің айырмашылықтары туралы өз пікірлерінді білдіріндер.



Б Мәтіннен араб тілінен енген сөздерді теріп жазындар.



Есте сақта!

Тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер

Тілдің әрі ұтымды, әрі сымбатты байлықтарының біразы – тұрақты тіркестер: мақал-мәтелдер, фразеологиялық тізбектер, қанатты сөздер.

Бұларды әсіресе көркем әдебиетте, публицистикалық әдебиетте, көпшілікке арналған лекция, әңгімелерде мол пайдаланады.

Мақал-мәтелдер – халық данышпандығының айнасы, оларды тудырған халық тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі болып келеді. Олардың бәрі заның, өсінеттің, ереженің күшіндегі күші бар қыска-қыска нақыл сөзге айналып, тілде сақталып қалған.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, «Бүгінгі таңдағы ел экономикасы» тақырыбына сұхбат ұйымдастырындар.



А Берілген фразеологизмдердің мағынасын табындар.

мір дің оғындаі

ит тұмсығы батпайды

мұртын балта шаптайды

ат төбеліндей

ак түйенін қарны жарылды

мұрн ына шісі бармау



Ә Шешендік сөзді тыңдал, ондағы сөз қолданыстарына назар аударындар (16-аудио).



Публицистикалық стиль

Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауга болмайды.

Әрбір мектеп нағыз үлт мектебі болуы үшін екі діңгекке тіреледі: біреуі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы.

Үлттың тілі – сол үлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрган қантамыр сияқты. Егер де қантамыр жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

Көген көз қазағыма қаратып мінбе құрып, сол мінбеге шығарып: «Ақырғы ділінізді айтыңызы, Мұхтар!» – десе, тілімнің үшінда жүрген сөз төмендегіше: «Тас үгітіліп құмға айналады, темір тозады, үрпақ озады, дүниеде өлмейтін сөзғана, халқымызбен бірге жасасып келе жатқан мұра – сөзімізді арзандатып алмайық», – дер едім.

М.Әуезов



3-тапсырма. Ғұламаның қай сөзі ұнады? Неге?



А Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, «Әуезов әлемі» деген тақырыпқа 5 минуттық репортаж дайындандар.



Ә «Алаш қозғалысы және М.Әуезов» тақырыбына шағын эссе жазындар (7 сейлем).

5.5. НАНОТЕХНОЛОГИЯ



1-тапсырма. Нанотехнология туралы дербес пікір білдіріндер.

1. «Нанотехнология» тұраты өзіндік тікір (оі, идея) – бір сейлем.
2. Дәлел – екі сейлем.
3. Өз тікірін айғақтайдын мысал – екі сейлем.
4. Өз тікіріне қарсы дәлел – бір сейлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – бір сейлем.
6. Корытынды – екі сейлем.



А Мәтінді оқындар. Ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолданып, мәтіннің мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беріндер.

Қазіргі таңда нанотехнологиялар үлкен сұраныска ие болып отыр. Нанотехнологиялардың аркасында заманауи есептеуіш мәшинелер мен өндірістік технологиялардың, тіпті дәрі-дәрмектердің де өндіріліп жатқаны баршамызға күпия емес.

Нанотехнология – көзге көрінбейтін майда белшектерді белгілі бір ретке келтіре отырып, оның ерекшеліктерін алдын ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды қараптыруға қажетті жекелеген атомдарды ынгайлап орналастыру. Нанометр дегеніміз – бір метрді миллиардқа бөлгендегі ұсак

5-бөлім

бөлігі. Нанотехнология – осындағы кішігірім өлшемдермен айналысатын ғылым. 1986 жылы сол кездегі студент Эрик Дрекслер «Жасампаз мәшине» атты футуристік эссеінде алғаш рет «молекулярлы технология» деген сөз тіркесін қолданған. Эрик Дрекслер фантаст-жазушы Станислав Лемнің тұжырымдамаларына өз ойындағы киялдарды үстей отырып, «Саналы тіршілік ортасының» негізгі бейне-кескінін ойлап шығарған. Осы болжамға сәйкес, XXI ғасырда нанороботтар мен технологиялар әрбір ағзаның, заттың құрамына енгізіледі де, адамзат өзін коршаған әлеммен бірге тұтастай саналы суперкомпьютерге айналады.

«Нанотехнология», карапайым тілмен айтқанда, «кішкентай өлшемді технология» дегенді білдіреді. Бұл жерде «нано» сөзі «миллиардың бір бөлшегі» деген мағына береді. Яғни, кез келген заттың миллиардтан бір бөлшегі бастапқы тегінен ерекшеленеді де, басқа физикалық касиеттерге не болады. Міне, осы занцызың арқылы, яғни материяның белгілі бір күйден екіншісіне өту кезіндегі өзгерістер арқылы бұрын ешкімге белгісіз жана технология еніп жатыр. Қазіргі заманауи сандық технологиялармен үйлесімді жұмыс істейтін электронды құрылғылар – осы нанотехнологияның жемісі. Бұған мысал ретінде байланыс саласындағы талшықты-оптикалық жүйелерді жатқызуға болады. Яғни, ақпараттарды бір нүктеден екінші нүктеге, ауа ағындағы талшықтарды өз еркіміз бойынша басқару арқылы оп-онай жеткізе аламыз. Менделеев кестесіндегі көптеген химиялық элемент нанотехнологияның әсерінен өзгерістерге ұшыrap, басқа да бір касиетке не болып жатканы осылайша анықталған. Нанотехнология – адамзат өміріндегі ең төнкерісті жаңалықта рдың бірі.

«Ана тілі» газетінен



Ә Мәтінге бір сөзден немесе сөз тіркестерінен тұратын 3 нұсқада тақырып қоюйндар.



Б Мәтін мазмұнына сүйеніп, сызба бойынша сейлендер.



-  **В** Мәтіннен қос сөздер мен біріккен сөздерді теріп жазып, олардың түрлерін анықтаңдар. Оларға морфологиялық талдау жасаңдар.
-  **Г** Керкемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Өмірімізді өзгерткен технологиялар» тақырыбына шығарма жазыңдар.

**Есте сақта!****Сейлеу этикеті**

Сейлеу этикеті дегеніміз – қандай да бір қоғамда қабылданған адамдар айналасындағы және тиісті мәндермен жүзеге асырылатын сейлеу әдебінің ережесі. Сейлеу этикеті – қатынасты негіздейтін: тілдік, ұлттық, этникалық сияқты көптеген фактордың түйісін келетін адамдар арасындағы қатынас саласы.

Сейлеу этикеті кез келген ұлттық мәдениеттің манызды элементі де болып саналады. Оның мәдениетке екіжақты қатысы бар: 1) қатынас, сейлеу әдебі мәдениетінің элементі; 2) тіл элементі, ал тіл болса – мәдениеттің туындауы мен енімі, оның құралы мен сақтаушысы.



2-тапсырма. «Қазақстан-2050» Стратегиясымен танысып, мазмұнын қысқаша баяндаңдар. Мазмұндау барысында сейлеу этикетін, яғни сейлеу әдетінің ережелерін ұстаныңдар. Сейлеу этикетін сақтап сөйлегендерінді далелдендер.



А Баталарды тынданадар (17-аудио). Олар қандай жағдайда айтылады? Өздерің жатқа білетін баталарды айттыңдар.



Ә П.Грайс ұсынған қағидалармен толық келісесіндер ме? Осы қағидалардың сейлеу этикетіне қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар? Өз пікірлерінді ортаға салыңдар.

белгілі хабарды айт

тек қана шындықты айт

такырыптан ауытқыма

анық сейле

сыпайы бол



Б Сейлемдерден шылауларды тауып, олардың түрлерін ажыратыңдар.

1. – Апыр-ау, Сарыбайсың ба, кештетіп жүргенің жай ма? Ауыл аман ба?

– Шүкір, аман, өздерің қалай? (Ш.М.)

2. – Апа-ай, мына балаң не деді? Кім де болса осы сөзді үйреткен кісіде ес жоқ-ау! – деп қынжыла сейлеп, үйге кірді (М.Ә.).

3. – Аманшылық па? – деді келген кісі алдымен өзі тіл қатып.

– Аманшылық. Ал хабарынды айта бер! – деді ақ сары бәйбіше (Ә.К.).



ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

Қазақ рухани мәдениетінің ең терен де шебер кестеленген түрі әрі басқа мәдениет жетістіктерінің жасалуы мен орнығында, қалыптасып дамуында жетекші рөл атқаратыны – тіл. Тіл – барлық мәдениет түрінің негізгі тұғыры. Егер мәдениет түрі ретінде сурет өнері, би өнері, дін, әдебиет, сәулет өнері, театр мен кино т.б. танылса, осылардың қай-қайсысы болса да тілдің қызметінсіз толық өмір суре алмасы белгілі. Тіл өнерге айналып, көркемдік бейнені жасаудың құралына айналғанда ғана көркем әдебиет жасалады...

Тіл негізінде адамдар қауымы құралып, мәдениет, өркениет, өнер жасалады. Осының бәрін ескерсек, тілді мәдениеттің өзге салаларымен тең дәрежеде бағалау дұрыс болмайды. Өйткені тарихы терен тіл қоғамдағы барлық өзгерістің орындалуының негізгі факторы болған. Ал адам қолымен жасалған материалдық мәдениеттің немесе дүниетаным негізінде дараланатын рухани мәдениеттің үлгілері тек тілдің жетекшілік рөлі арқылы ғана іске асырылып, атадан балаға мирас етіледі.

А.Салқынбай



3-тапсырма. Ұғымының көндігіне қарай мәдениет, өркениет, өнер сөздерін қалай орналастыраң едіндер? Рет санын неге олай қойғандарынды түсіндіріп көріндер.



А Топтық тапсырма. Тіл – барлық мәдениет түрінің негізгі тұғыры дегенді қалай түсінесіндер? Ойларынды шағын мәтін түрінде білдіріндер.



Ә Тіл жанашыры Асылы Османның айтуынша: «Үштүғырлы тіл – сәтсіз құрылған тіркес. Тұғыр сөзі тек қана қазақ тіліне қолданылуы тиіс. Қазақ тілі ана тілі ретінде бір жүк арқаласа, мемлекеттік тіл ретінде тағы бір жүк арқалайды». Осындағы тұғыр сөзінің тұра мағынасы мен ауыспалы мағынасын іздең, жас тілші ретінде пікірінді білдір.

5.6. ТІЛДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ ІЛМ



1-тапсырма. Неге әлемдегі өзге де тіршілік иелерінен бөлек адам баласы тіл арқылы қарым-қатынасқа түсे алады? Сендер тілдің қалай пайда болғаны жайлы не білесіндер? З топқа бөлініп, мына болжамдарды дамытындар.

Алғашкы тілшер дыбыска еліктеуден пайда болған.

Тілдік дыбыстар эмоция (қайғыру, куану) негізінде пайда болған.

Тілшік дыбыстар САЛ. БЕР. ЙОН және РОШ деген айқылап айтылған төрт сөзден пайда болған.



А Матінмен танысындар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген маселеге баға беріндер. Өз білімдеріне сүйеніп, ондағы тұжырымдар туралы ой қозғандар.

Тілдің алғашқы негіздерін адамның пайда болуы үдерісімен байланыстыра караған дұрыс екеніне көз жеткізуге болады. Ендеше тілдің қалыптасуы да, адамның қалыптасуы тәрізді, миллиондаған жылға созылған үдеріс. Және оның қалыптасуы адамның қалыптасуымен бірге жүріп, бұл жолда жетекшілік қызмет аткарғаны да рас. Тілдің пайда болып қалыптасу үдерісі глоттогенез деп аталады.

Тілдің пайда болуы туралы әртүрлі теориялар бар. Олар тілдің қалай шыкканын, қалай пайда болғанын өзінше дәлелдейді. Тіл білімінде оларды екіге беліп карайды.

1. Биологиялық теориялар тілдің пайда болу себебін адам ағзасы мен психикасының ерекшеліктерінен іздейді:

а) еліктеу теориялары, оның ішінде кең таралған «дыбыска еліктеу қагидасы» бойынша, алғашқы адамдар коршаган ортадағы дыбыстарға, көрініс, бейнелерге еліктеп, оларды белгілеу үшін әртүрлі дыбыстар шығарудан бастайды (Х.Штейнталь);

ә) «Одағай теориясы» бойынша, адамдардың көніл күй әсері бойынша еріксіз, оқыс дауыстар шығаруы қазіргі тілге негіз болады;

б) ымдау теориясы бойынша, алғашқы кезде тілде «сөздермен» бірге мимикалар¹ мен жестілер² көп болған. Жалпы, тілдің кажеттігі адамдардың рухани әрекетімен, әрекет куралы болуымен байланыстырылады. Бұл көзқарастардың қалыптасуына Гегель мен Гумбольдтың пікірлерінің ықпалы зор болды.

2. Коғамдық теориялар бойынша, тілдің пайда болуы әлеуметтік себептерден ізделеді:

а) «Коғамдық келісім теориясы» бойынша, адамдар белгілі бір заттарды белгілеу үшін оларды бірдей атаута келіседі;

ә) еңбек теориясы бойынша, тіл адамдардың бірлесіп еңбек етуі кезіндегі байланыс жасау қажеттігінен пайда болған. Оның ішінде «еңбек айқайы теориясы» (Л.Нуаре, К.Бюхер) мен Ф.Энгельстің еңбек теориясы таралған. Сонғы теория бойынша тіл еңбекпен бірге «адамды адам еткен» факторларға енеді.

К.Алиkenova



Ә Сұрақтарға тұжырымды жауап беріндер. Тілдің пайда болуына байланысты теориялардың қайсысын дұрыс деп санайсындар? Тілдің пайда болуы туралы болжамдарың қандай?



Б Қай теорияға тән ақпарат екенін анықтандар.

¹ Мимика – бет пішінін ішкі сезімге карай кимыл езгерісі, бет құбылысы.

² Жест – адам денесінің немесе оның бір белгінің белгілі бір мән-мағына беретін қозғалысы.

5-бөлім

Гегель мен Гумбольдт	
Х.Штейнталъ	
Л.Нуаре, К.Бюхер мен Ф.Энгельс	
Кеңіл күй әсері	
Адамдар белгілі бір заттарды белгілеу үшін оларды бірдей атаута келіседі	



В Тұртіп алу әдісімен матінге қысқаша конспект жазындар.



Есте сақта!

Тілдік норма

Тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдік нормаларды қалыптастыру. Олар халық тілінің, әдеби тілдің дамуы барысында қалыптасады. Кейбіреулері (жазу нормалары, терминдер, пунктуация нормалары) қолдан жасалады да, басқалары тілде бұрыннан бар жүйелер негізінде баспасөз арқылы қалыптасады.

Тіл мәдениетіне жетік адамдар тіл байлықтарын мәңгерумен қатар, тілдік нормаларды да жақсы білуге тиіс.



2-тапсырма. Тіл мәдениетін зерттеген қазақ ғалымдарының еңбектерін тауып, танысындар.



А «Тіл мәдениетінің дамуындағы айтыс өнерінің ықпалы» деген тақырыпта пайымдау эссе жазындар.



Ә Венн диаграммасын толтырындар.

Сейлеу тілі

Жазба тілі



Көркем әдебиет стилі

Кен шалғай, иір-қиыр құм дала, дүние талаурап кеткен, ауа көгілдір тартады. Сонау көкжиекке қарасаң, көк сілемік буалдыр ішінде таңғажайып бір таулар көшіп-қонып жатқандай болады. Бүйра-бүйра сырғыма төбелердің үстінде кәдімгі оттың салқыны шарпыған секілденеді. Қектем шағында аз күнге болса да құлпыра кектеген көк, жасыл, қызыл, жолақ, ақтандақ сан алуан гүлдер енді қара күрең қуйік тартып қурап қалған. Аяқ бассаң, қаудырлап үгітіліп түседі. Осы бір ұлан-ғайыр жапан даланың бетіне болмашы бір кек жолақ ирелең сзық тастап шағын өзен ағып жатыр...

С.Шаймерденов



3-тапсырма. Мәтіндегі кей сөздердің орнын мағыналас сөздермен (тұрақты тіркестермен) алмастырып түрлендіріңдер.

Ресми ісқағаздар стилі

КЕПІЛХАТ

«_____» АҚ Жарғының негізінде іс-арекет ететін Бас директор
арқылы, «_____» АҚ пен «_____» АҚ арасында
жасалған 20 ____ жылғы _____ № ____ тауарларды сатып алу-сату
(жеткізу) шартымен келісілген міндеттемені орындау үшін, тауарларды 20 ____
жылғы _____ № ____ тауарлық жүккүжат бойынша тиеп жіберуді сұрайды.
«_____» АҚ «_____» АҚ ұсынған 20 ____ жылғы _____
№ ____ шот бойынша _____ (_____) тенге _____ тиын
мөлшерінде уақытылы төлем жасауға кепілдік береді.

Төлем 20 ____ жылғы ____ кешіктірмей «_____ банк» АҚ № ____
Алматы ОФ-ндағы «_____» АҚ-тың ЖСК: KZ899663741249742753 есеп-
шотынан жасалады.

Бас директор _____
_____ отынан
_____ көль



4-тапсырма. Жоғарыда берілген үлгіге сүйеніп, кепілхат жазындар.

5.7. ГРАММАТИКА, ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ МЕН ҚАРАСТАРЫАТЫН МӘСЕЛЕСІ



1-тапсырма. Грамматика З саладан тұрады. З топқа бөлініп, осы салалар туралы
білетіндерінді ортаға салындар.

Сөзжасам

Морфология

Синтаксис



A Мәтінмен танысындар. Мәтіннің құрылымы мен рәсімделуіне тоқталып, жанрлық ерекшеліктерін талдандар.

Лингвистиканың үлкен бір тарамы – грамматика, зерттеу әдісі мен қарастыратын мәселесінің әртүрлілігіне қарай, сан салаға бөлінеді. Сөз формаларының жасалу, өзгеру жолдары мен заңдылықтары, сөз тіркесінің байланысу түрлері мен қатынасы, сейлемнің максаты мен мағыналары, олардың құрылышы мен қолданылуы туралы ережелер жиынтығы сияқты мәселелердің бәрін грамматика ілімі қарастыратыны белгілі. Яғни, дәстүрлі грамматика тұрғысынан да зерттелінуге

5-бөлім

тиісті, әлі де зерттеле беретін мәселелер жеткілікті . Соңдықтан оны сипаттау жалпы тіл білімінде ғасырлар бойы тұрақты турде жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде тіл білімінің денгейлік салалары (лексика, фонетика, грамматика және т.б.) анықталып, әрқайсысының зерттелу шендері айқындалды. Осы орайда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары грамматика саласындағы көп жылғы ізденістерін көлемі 93 баспа табақтан тұратын академиялық денгейдегі еңбекпен корытындылап отыр. Кітап 2002 жылы жарық көрді . Бастау негізі өткен ғасырдың басында Аханың «Тіл құралы» арқылы қаланған бұл еңбекке отызга жуық автор атсалысты .

Б.Қатағбек



Ә «Кубизм» әдісі бойынша мәтінге сұрақтар құрастырындар.

- | | |
|---------------|---------------|
| 1. Кім ...? | 4. Қалай ...? |
| 2. Қашан ...? | 5. Қанша ...? |
| 3. Неге ...? | 6. Не ...? |



Б Мәтіндегі ең қысқа сөйлемді тауып, оған синтаксистік талдау жасандар.



2-тапсырма. Мәтіннің стилін анықтап, көріктеу, шеберлік тәсілдерін (көркемдегіш қуралдарды) табындар.

Расында да, бас көтертпей жауганы соңшама, есіктің алды, кораның маңындағы карды тазалап үлгере алмайсын. Ауыл-үйдің арасына куреп жалғызаяқ жол салудың өзі – азабы мол жұмыс. Кейбір салак¹ кісілердің белағашы борсыған мал камайтын коралары сыр беріп, алды – топ етіп тәбесі ойылып түсіп жатыр. Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, ашпак қардың астында бұк түсіп, қаздың жұмыртқасындаі томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлдындаі көтеріліп, жуастау будактаған тұтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып еліп қалмағанына тәубе жасайсыз. Төрт түлік, тебін² жок, омалып корада тұр. Тебінге шығарғанды қойып, суватқа апара алмай әуресарсанда жүр.

Міне, ұрланыш басталып жапалактай жауган қар мәңгілік сабырмен аспан астын түтел жаулап алған. Аспан деп баяғы ұғыммен айтамыз, әйтпесе аспан жок, мың-миллион сансызың қар көбелектер ғана бір-бірін куа жарысып, ойна келгенін істейді. Осыншалық ғажап, кулакқа корғасын күйғандай тыныштықты Нұржан бұрын көрмеп еді. «Дүниеде қар жауган сәттегідей бейбіт те тыныш өмір бар ма екен?» деп ойлады

¹ Салак – шаруага ыңғайы жок, кырсыз, құнтсыз, ұқыпсыз, еріншек.

² Тебін – тұяқты мал аршып жейтін қар астындағы шеп, қысқы жайылым.

жүзін аспанға қарата. Жыбыр-жыбыр қалықтаған қар жапалактар бетіне асықпай келіп қонып, жылбысылана еріп, суга айналып бетін айғыздап ага жөнеледі. Ештеп қытықтай ма-ау...

O.Бекей



3-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Көркем әдебиет стилінде жіңі жұмсалатын сез тіркесін табындар:
 - а) салтанатпен мерекелеу;
 - ә) қол қою;
 - б) ынталы жүрек;
 - в) тез кел.
2. Әдеби тіл нормасына жатпайтын сейлемді көрсетіндер:
 - а) Чиновник мырза, түйе кірсе несі бар, мұнда ол түтіл есек те отырыпты ғой.
 - ә) Кең далада жалғыз адам жүзіп келеді, жүзіп келеді.
 - б) Япым-ай, мына жерге ауыл орнап, дүкен құрылғаны жаксы болды-ау!
 - в) Жарқыраған мамыр күні тамылжып тұр.
3. Ресми стилюге берілгендердің қайсысы сәйкес келмейді?
 - а) анықтық;
 - ә) көріктеу элементтері;
 - б) толымды, жакты сейлемдер;
 - в) терминдер.

4. Стильдің қай түрі туралы айтылған?

Жай сейлем арқылы айтылатын ойға қатысты деректер мен мағлұматтар бірынғай сейлем мүшелері орайында жан-жакты қамтылыш, сейлемдер көбінесе жайылма түрінде жұмсалады.

- а) көркем әдебиет стилі;
 - ә) ғылыми стиль;
 - б) ауызекі сейлеу стилі;
 - в) публицистикалық стиль.
5. Сейлемнің қай стилде жазылғандығын табындар.
- Бұл сез агрессорларға қарсы күрестегі табандылық пен қайса-лықтың символына айналды.
- а) публицистикалық стиль;
 - ә) ғылыми стиль;
 - б) ауызекі сейлеу стилі;
 - в) ресми ісқағаздар стилі.
6. Стильдің қай түрінде ресми құжаттар, ғылыми әдебиеттер және көркем әдебиетке тән тілдік элементтер кабаттаса колданыла береді?

5-бөлім.

- а) ресми ісқағаздар стилі;
- ә) публицистикалық стиль;
- б) ғылыми стиль;
- в) көркем әдебиет стилі.
7. Сейлеу тілінің неше түрі бар?
- а) 1;
- ә) 2;
- б) 3;
- в) 4.
8. «Қазақ әдеби тілінің алғашқы зертханасы» деп нені айтамыз?
- а) терминдерді;
- ә) эмоционалды-экспрессивті сөздер ді;
- б) жана сөздерді;
- в) ауыз әдебиетін.
9. Диалог көбіне қай стилде қолданылады?
- а) ғылыми стиль;
- ә) ауызекі сейлеу стилі;
- б) ресми ісқағаздар стилі;
- в) публицистикалық стиль.
10. Мәтіннің ете жинақы болып құрылатындығы қай стилге тән?
- а) ауызекі сейлеу стилі;
- ә) көркем әдебиет стилі;
- б) ресми ісқағаздар стилі;
- в) публицистикалық стиль.



4-тапсырма. Сеңжұмбақ шешіндер.

1			F				
2			ы				
3			л				
4			ы				
5		M					

1. Кітап – ғалым, тілсіз
2. ... тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.
3. Кіміне карап қарсы ... ,
Біліміне карап шығарып салады.
4. Кітап ..., білім токығандікі.

5. Жаста оқыға и оқуың тасқа жазғанмен бірдей.
Егде тартқанда оқыған оқуың ... жазғанмен бірдей.



Өзінді тексер!

1. Әдеби тіл дегеніміз не?
2. Қазіргі казақ әдеби тілінің жұмысалу аясы қандай?
3. Әдеби тілдің қандай стильдік тармактары бар?
4. Жүрттың бәрі түсіне бермейтін сөздер мен атаулар көбіне қай стильде қолданылады және неге?
5. Көркем әдебиет стиліне ғана тән ерекшеліктерді атандар.
6. Мақал-мәтеддер дегеніміз не? Мақал мен мәтеддің ортақ белгілері мен ерекшеліктері туралы тоқталындар.
7. Сейлеу этикеті дегеніміз не?
8. Сейлеу этикетінің мәдениетке қандай қатысы бар?
9. Сейлеу әдебінің формаларында ұлттық мәдениет ерекшеліктері қалай көрініс табады?
10. Тіл мәдениетінің басты талабын атандар.



Ғалым болам десеңіз...

1. А. Байтұрсынұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құрастырыған Ф.Әнес. Алматы: Абзат-ай, 2013.
2. М. Балақаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Арыс, 2008.
3. Н. Ұәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984.
4. Жұмсалымды грамматика негіздері. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: ӘЛЕУМЕТТИК ТЕҢСІЗДІК

6.1. БАЙЛЫҚ ПЕН КЕДЕЙЛІК



1-тапсырма. Кім жылдам? Мына мақал-мәтелдердің мәнін жарыса ашып көріңдер.

Жарлы болсан да, арлы бол.

Кез біруыс топыракқа тояды.

Малы жок деп ерден түнілме,
Егіні жок деп жерден түнілме.

Ақылды арын қорғайды,
Сараң малын қорғайды.

Бай байлығын Құдайдан көрсе,
Кедей кедейлігін байдан көреді.

Етпен қарның ток,
Ниетпен жаның ток.

Барына шүкір ет, жогыңа сабыр ет.

Бай қанша кедейленсе де, талғандауын қоймайды,
Кедей қанша байыса да, жалтандауын қоймайды.



А Сурет пен мәтіннің байланысын түсіндіріңдер.

Қалада үш қабатты зәулім үйде тұратын байлардың бірі ұлын ауылға жіберіпті. Бір-екі апта ауылда болып, үйіне келген ұлынан әкесі:

- Шагын саяхат ұнады ма? – деп сұрапты.
- Нә, әрине!
- Олардың калай тұратынын көрдің бе?



- Элбетте!
- Ал енді шағын саяхаттан не түйдін, не байқадын?
- Байқағаным біздің хаузызымыз бакка дейін ғана, ал олардың өзен-көлдерінің шеті-кішіры жок. Біздің аулада түнде мұхит асып келген шамдар жанып тұрады, ал олардың бактарында жұлдыздар жарқырайды. Біздің аулада серуендейтін жер шектеулі, какпадан шығуга болмайды, оларда көз жетпес жазық дала бар. Біздің үй тұрган жер өлшеулі, олардың жері көкжекпен таласып тұр. Біз тамактың барлығын сатып аламыз, оларда азық-түліктің барлығы өздерінікі. Біздің үйді үлкен тас коршап, корғап тұр, оларды жан-жағынан достары коршап жүреді. Эке, біз, расымен, кедей еkenбіз той?!

Әкесі бұл жауаптарға ан-тан қалыпты.



Ә Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беріндер.



Б Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Әкесі баласының жауабына неге танғалды?
2. Сендер қала мен ауыл арасындағы айырмашылыққа қандай баға бересіндер?



Есте сақта!

Сөзжасам

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі көне замандардан бастап күні бүгінге дейін дамып, күрделеніп, екшеліп, толығып қазіргі дәрежеге жеткен. Осы ұзақ уақыттың ішінде сөзжасамның ішкі зандалықтары, құрамы, сөзжасамдық нұсқалары, олардың қызметі, мағынасы нақтыланып, тұтас бір күрделі жүйе ретінде қалыптасқан.



2-тапсырма. Сөзжасамның қалыптасу, даму кезеңдері, оларды зерттеуге үлес қосқан ғалымдар туралы зерттеу мақаласын жазындар.



А Мәтінді көшіріп жазындар. Туынды сөздердің сөзжасамдық тәсілдеріне қатысты кестені толтырындар.

Ауылдан екі жұз қадамдай жерге қағылған көгалдағы үлкен желіде амалсыздан жаткан байлаулы құлындардан басқа ірі жылқы жок. Бәрі де өзенге түсіп, екі-үш жерге топтанып, үйездеп ¹ тұр. Эншейінде шыдамды жылқы дәл бұл уақытта ыстықты шын ауырлад, мен-зен болып тұргандай. Бұлардың ыстықтан мазасы бір кетсе, ызындан үшқан, тынымы жоқ көкбас сона, бөгелектен тағы тыныштығы кетіп, суды аяқтарымен шылпылдатып, күйрығымен екі жағын сабаланып, тыным ала алмай тұр...

М.Әуезов

¹ Үйездегу – күннің ыстық кезінде жылқының, койдың шыбыннан, бөгелектен корғанып, тұмсығын бір-бірінің келенкесіне жасырып, топтанып тұруы.

6-бөлім

Синтетикалық	Аналитикалық	Лексика-семантикалық

Ә Тілдің сөзжасам жүйесінде өте тұрақты қатаң сақталатын, тілдің тарихи дамуы бойында өзгеріссіз келе жатқан зандылықтарға мысал келтіріндер.

Б Қазақ тіліндегі сөз таптарының сөзжасамдық мүмкіндіктері төрт топқа бөлінген. Олардың бөліну себебін түсіндіріндер. Мысалдармен дәлелдендер.

1-*топ*. Зат есім, сын есім, етістік.

2-*топ*. Сан есім, устеу.

3-*топ*. Есімдік, одагай, еліктеуіш сөздер.

4-*топ*. Шылау.

В 4 топқа бөлініп, келесі тақырыптарды қорғап шығындар.

1. Сөзжасам ның морфологиямен байланысы.

2. Сөзжасамның синтаксиспен байланысы.

3. Сөзжасамның лексикологиямен байланысы.

4. Сөзжасамның тілдің фонетика мәселесімен байланысы.

3-тапсырма. С.Торайғыровтың «Кедейлік» өлеңін тыңдалап, «Өлмесен де, өлтірем есе келе, Жүрмеспін жолдас болып саған еріп» деген жолдағы ойды өрбітіндер (18-аудио).

А Өлеңнен негізгі ақпаратты іріктеп жазып алындар.

Ә Кедейлікке әкелетін басты себептерді атандар.

Керек дерек!

Тұрмыстық қатынастағы сөздер

Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздер деп күнделікті өмірлік қарым-қатынаста, ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын сөздерді айтады. Ол – отбасы ортасында (ата-ана, ата-ана мен бала, бауыр-тұғандар арасында), дос-жаран, құрбы-құрдас ортасында және күнделікті өмір-тіршілікте адамдар арасында тілдесу, пікірлесудегі сөздер. Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас тілдесі кезінде қарапайым, еркін тіркестер, эмоционалды сөздер, қосымшалар мен демеуліктер жиі пайдаланылады. Сонымен бірге сөйлем диалогке құрылып, тілдесу кезінде сұраулы, лепті, бұйрықты сөз, сөйлемдер қосылып, қаратпа, қыстырма, одагай сөздер де қолданылады.

4-тапсырма. Лингвистикалық термин сөздерге анықтама беріндер.

А Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздерді қалай топтар едіндер?

6.2. БІЛІМ АРТЫҚ ПА, БАЙЛЫҚ АРТЫҚ ПА?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. 2 топқа бөлініп, білімнің артықшылықтары мен байлықтың артықшылықтарын айтып, дебат үйымдастырындар.

Бір ғұлама Әзіреті Әли бабамызға:

– Білім артық па, байлық артық па? – деп сауал қойыпты.

Сонда бабамыз білімнің артықшылығы жайлы он түрлі дәлел келтіріп:

– Біріншіден, білім артық, ейткені ол – пайғамбардан (с.ғ.с.) қалған мирас, ал байлық – бакылдардан қалған мұра.

Екіншіден, білім артық, ейткені ол сені бағады, ал байлықты сен бағасын.

Үшіншіден, білім артық, ол досынды көбейтеді, ал байлық дұшпа-нынды көбейтеді.

Төртіншіден, білім артық, іздеген сайын көбейе, молая береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсасан азаяды, көбеймейді, кемиді.

Бесіншіден, білім артық, оны ұрыдан сактаудың керегі жок, ал мал-мұлікті, жиған-терген байлықты ұрылардан күнде корғауың керек.

Алтыншыдан, білімнің көп болса, сені ел, халық құрметтейді, ал байлығың көп болса қызғанады.

Жетіншіден, білім артық, оған есеп-кисап жүргізбейсін, ал байлы-нынды ұдайы есептеп отыруың керек.

Сегізіншіден, білім қанша көп болғанымен іріп-шіріп бүлінбейді, ал байлық бір жұттық – өледі, жоғалады, қүриды.

Тогызыншыдан, артық білім жанынды байытады, ал байлық жан дүниенде шектейді, тұра жолдан тайдарады.

Оныншыдан, білімді адам орнымен сөйлейді, мәдениеті, адамгершілігі артады, ал байлығы мол адам оған мастанады, мактанады, астамшылық көрсетеді. Сондыктан да білім байлыктан барлық уақытта артық, – деген екен.

«Шешендік шырлары » кітабынан



А Мәтін қай стилде жазылған? Мәтін тақырыбын ашатын қанатты сөздерді айтындар. Астамшылық, мастану сөздерінің мағынасын талдандар.



Ә «Мен үшін білімнің артықшылығы...» деген тақырыпта пайымдау эссеін жазындар.

6-бөлім

Есте сақта!**Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл**

Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды. Жалпы, жалғамалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөз жасаудың ең негізгі, өнімді тәсілдерінің қатарына кіреді. Бұл тәсіл арқылы туындастырылған сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Олар: лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жүрнәк. Басқаша былай өрнектеп көрсетуге болады: лексикалық мағыналы сөз + сөзжасамдық жүрнәк = туынды сөз.



2-тапсырма. Кестені толтырыңдар. Синтетикалық тәсілде негіз сөз берілген туынды сөздің арасында қандай заңдылықтар орын алатынын анықтаңдар.

Негіз сөз	Туынды сөз
жүлде	
ак	
ақыл	
бәле	
түн	
ай	
өрт	
кәсіп	
қалам	
ан	



А 1989 жылы жазылған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда «бас» сөзінен 137 туынды түбір жасалғандығы көрсетілген. Сыныптарында бас сөзінен ең көп туынды түбір жасай алатын оқушыны анықтаңдар.



Ә Үлгі бойынша кестені толтырыңдар.

Сөзжасамдық журнақтар	Лексикалық мағына тудыратын журнектер	Лексикалық мағынаны түрлендіретін журнектер
оійнешек, ақта		інішек, сыништі

Керек дерек!**Публицистикалық стиль**

Публика – латын сөзі, «көпшілік» мәнін білдіреді. XIX ғасырдың екінші жартысында негізі қаланған стиль түрі – бүгінде қоғамға аса қажетті, маңызды мәселелерді насиҳаттап, көпшілікке көнінен қызмет етіп отырған қазіргі әдеби тілдің жүгі ең ауыр, елеулі саласы.

Публицистикалық стильдің негізгі әрі алғашқысы газет тілі болып есептеледі.



3-тапсырма. «Керек дерек!» мәтіні бойынша сұрақтар құрастырыңдар.



A Екінші азатжолдағы ойға «келісу/келіспеу» эссең жазыңдар.



Публицистикалық стиль

Қазақ тілі – қазақ халқының жүргегі, ақыл-оый, сана-сезімі, дүниетанымы, ұлттық болмысы, ең соңында, ұл болып өмір сүруінің басты шарты. «Тіл бұзылса, ми да бұзылады» (Мұхамедия Ахметов). Миы бұзылған адамның қалыпты өмір сүруі екіталай. «Тілің болса ғана тірісің. Тілің болмаса – өлісің» (Қазыбек Иса). Сондықтан да Қазақстанды өзінің ұлттық мұдделерін қорғайтын мемлекет ретінде құрған қазақ ұлты екендігі мойындалып, оның тілі төрғы шығып, салтанат құрғанда ғана еліміз өркендер, ұлттық рухани құндылықтар негізінде ұлттық мәдениетіміз, әдебиетіміз тұра жолда дами түсетін болады.

Академик Р.Сыздықова айтқандай, «Халық өмір сүру үшін тіл өмір сүру керек», «Адамның тәніне қуат берер асыл нәр ананың ақ сүтінде болса, жаныңа қуат берер асыл нәр – ананың тілінде», «Тіл – халық қазынасы. Құр қазына емес, ғасырлар бойы сақталған, арзаны кетіп, асылы қалған мол мұра, халық мұрасы, ұлт мұрасы», «Ұлтының жоғын жоқтаған шын күрескер болу үшін тілін білу – ең қажеттілік», «Қазақ тілі сақталса, қазақ халқы сақталады. Ең соңғы құлайтын қамал – тіл. Барлық амал-әрекет – сол қамалды құлатпау».

Н.Домбай. «Ана тілі» газетінен



Ә «Публицистикалық стиль» мәтініндегі қанатты сөздердің бірін таңдап, ондағы ойды өз сөздерінмен жалғастырыңдар. Кепшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлендер.



Ресми ісқағаздар стилі

ӨТІНІШ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры
(-ға/-ге, -қа/-ке) Филология факультетін
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы
бойынша үздік бітірген
(-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен)

ӨТІНІШ

Менің Сізге өтініш беру себебім, мені магистратураның құндізгі бөліміне 6МО20500 – «Филология» мамандығы бойынша қабылдауынызды сұраймын. Өзім туралы тәмәндегі мәліметтерді көлтіремін.

1995 жылды Алматы облысы Қапшағай қаласында тудым. Ұлтым – қазақ, Әкем – _____ кәсіпкер, шешем – _____ үй шаруасында.

Тұрақты мекенжайым: Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 125-үй, 21-пәтер. Үй телефоны: 35-65-45.

Жеке куалік нөмірі: 019865425, 2011 жылғы 12 қаңтарда берілген.

Оқыған шет тілім – неміс тілі.

Магистратураға қабылдау ережелерімен таныстым.

Өтініш иесі:

жолы

жетекшілік

2016 жылдың 5 тамызы



4-тапсырма. «Өтініш» терминіне қысқаша анықтама беріңдер.



A Улгіден өтініштің жазылу мақсатын көрсететін белгін табындар.



Ә Өздерің оқитын мектептің 10-сыныптарының арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп оқытатын арнайы сынып ашылды. Сол сыныпқа ауысу үшін өтініш үлгісін жазындар.

6.3. КЕДЕЙ МЕН БАЙДЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫГЫ



1-тапсырма. Мәтінді әрі қарай жалғастырындар.

Кундердің бір күнінде Байлық пен Кедейлік «Кім сұлу?» деп сөз таластырынты. Алайда бір ымыраға келе алмаған сон, жаяулатыш келе жатқан ер-азаматка:

– Біздің сұрағымызға сен жауап берे алатын сияктысын. Айтсы, екеуміздің қайсысымыз әдеміміз, сұлумыз? – деп сұрапты.

«Қап, қалай жауап берсем еken?» деп жаяу жүргіншінің басы катады: «Кедейлікті сұлу десем, Байлық ренжіп, менен кетіп қалар. Байлық сұлу десем, Кедейлік маган ызаланып, бас сала төнүі мүмкін. Қайтсем еken...



A Мәтінді оқындар. Пікірлерді жетілдіріп айтындар.

Ұлылардың байлық пен кедейлік туралы қанатты сөздері

Кейбіреулерге қанша мал бітсе де, байлық бітпейді.

Абай Құнанбаевы

Байлыққа қосар үлесін болмаса, байлықтан алар үлесін де жок.

Ғабит Мұсірепов

Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздер болар.

Әлихан Бекейхан

Байлық басы көпке байлаулы емес, базарда акша болатынға байлаулы.

Әлихан Бекейхан

Дәulet те біреуден көшіп, біреуге қона береді.

Майлықожа Сұттанқожаұлы

Байлық түбі – ақыл һәм кол ұсталығы. Осы екеуі косылмай, адам баласы қазы наға жарымайды.

Әлихан Бекейхан

Бай болмаған бай болса – жайламаған сай қоймас,
Хан болмаған хан болса – жалмамаған тай қоймас.

Умбетей Тілеуұлы

Дүниеде кедейлік жок өнерпазга.

Міржакып Дулатұлы

Жаны кедей адамның күлкynы бір тоймайды.

Махмұт Кашиқары

Алтын-күміс жиган адам бай емес, сөз жиган адам бай.

Жусіп Баласагұни

Мал-мұлік жілдым деп мәз болма, жан кеткенде кетеді.

Кожа Ахмет Ясауи



Ә Қай қанатты сөз ұнады? Неге?



Б Жоқшылық пен тоқшылық туралы талқылау эссеін жазындар.



Есте сақта!

Сөзжасамдық жүрнақтар

Жүрнақтар сөз таптарына телулі болады. Әр сөз табының өз сөзжасамдық журнағы бар. Олар әр сөз табына қатысты туынды түбір сөз жасайды. Зат есімнің сөзжасамдық журнағы туынды түбір зат есім сөздер жасайды. Сын есімнің сөзжасамдық журнақтары туынды түбір сын есім сөздер жасайды. Етістіктің сөзжасамдық журнақтары туынды түбір етістіктер жасайды. Сол сияқты басқа сөз таптарының журнақтары осындай қызмет атқарады.



2-тапсырма. Сөз тудыруышы журнақтар мен сөз түрлендіруші журнақтар туралы не білесіндер? Берілген сөздерді мысал етіп, ой тарқатындар.

6-бөлім.

көл
келшіккөрпө
керпешеоыйқ
оыйкшаұйы
ұйымжас
жасаруем
емделу**A** Етістік жасаушы жүрнақтарға З мысалдан табындар.

-ла, -ле: еркеле

-ар, -ер: ұзар

-сын, -сін: батырсын

-лан, -лен: әзірлен

-ал, -ел: онал

-гар, -гер: онгар

-тас, -тес: достас

-ық: молық

-ы, -і: байы

-ай, -ей: молай, кеней

-сы, -си: босансы

Керек дерек!**Публицистикалық стильдің шағын түрлері**

Публицистикалық стильдің шағын түрлерін шартты түрде бывайша жіктеуге болады: үгіттік публицистикалық шағын стиль; саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль; саяси-бұқаралық публицистикалық шағын стиль. Әрқайсының бір-бірінен ерекшеленетін сөз қолдану белгілері болады, кейде тілдік-стилистикалық түрғыдан ортақ тұстары да ұшырасады.

**З-тапсырма.** «Керек дерек!» мәтініндегі ақпаратты сызба арқылы көрсетіндер.**A** Өз білімдеріне сүйеніп, соңғы сейлемдегі ойды жалғастырындар.**Публицистикалық стиль**

Қауіпсіз тілдерге барлық ұрпақтар сейлеп, тілдің келесі ұрпаққа берілуі бұзылмаған ағылшын, араб, неміс, орыс, француз т.б. тілдер жатады.

Балалардың көпшілігі сөйлегенімен де, жалпы қолданылуы шектеулі (үйдеғана өз тілінде, ал мектепте, жұмыста басқа тілде) абхаз, адигей, аймара, аквава, ачи, башқұрт, белорус, қарашибай-балқар, латгалъ, сицилия, шуваш тілдері байлаулы түрған тілдер саналады.

Мектепте ана тілі ретінде оқылмайтын абаз, баоань, карель, корсиқа, ломбард, мокшан, эмилиано-романьоль, эрзя т.б. тілдерге елеулі қауіп бар.

Аға ұрпақ қана пайдаланатын, ата-аналарға түсінікті болғанымен де, олардың балаларымен қарым-қатынасында қолданылмайтын арнаут, ижор, килт, коряк, лангедок, лимузен, нанай, нганасан, чанга, чукот т.б. тілдер аса қауіпті жағдайда.

Орок, вод, тофалар, дахлик корн, лив, мэн секілді тілдер сирек қолданылып, онда да қолданушылардың ең жасы бірлі-жарым қарттар болғандықтан да жойылу алдында түр.

Бірде-бір сейлеушісі жоқ бабин, керек, обиспеньо, саам тілдері өлі тілдерге жатады.

Д.ЫСҚАҚҰЛЫ



4-тапсырма. «Публицистикалық стиль» мәтіні бойынша қазақ тілі қай топқа жатады? Өз ойларынды нақты мысалдар арқылы дәлелдендер.



A М.Шахановтың «Төрт ана» өлеңін тыңдал, оның жазылу мақсатын түсіндіріндер (19-аудио).



Ә *Тіл мәртебесі, тіл жағдаяты* деген сөздердің түсіндірмесін лингвистикалық сөздіктен тауып жазындар.



Б «Қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін...» тақырыбында аргументативті эссе жазындар.

6.4. IPI КӨЛЕМДЕГІ БАЙЛЫҚ



1-тапсырма. «Әкеден мал қалғанша, тал қалсын» тақырыбында келісемін/келіспеймін деген екі топқа бөлініп, дебат үйымдастырындар.

Келісемін

Келіспеймін



А Мәтінді оқындар.

Ipi көлемдегі байлық атадан балаға мирас болып етіп отырады. «Forbes» журналына енген 1645 миллиардердің үштен бірі байлығының бір белігіне немесе барлығына мираскор ретінде не болған еken. Байлықтың бұл түріне ешкімнің дауы жок. Зерттеушілердің де, қарапайым халықтың да ызасын кернейтін бір мәселе – лоббілік әрекеттер, яғни миллионерлер мен миллиардерлердің өз мүдделерін корғау, байыған сайын байи түсін камтамасыз ету үшін билік өкілдеріне пара беруі. Фармакология мен денсаулық саласындағы миллиардерлер тек 2013 жылы Брюссель мен Вашингтондағы лоббілік әрекеттеріне қажетті зандар мен шешімдерді шығару үшін 500 миллион доллар жұмсапты. Олигархтардың байлығын арттыра түсу жолындағы лоббілік әрекеттерді жалғастыруы әділ бәсекелестік пен түрлі салаларды көпшіліктің мүддесі жолында реформалауга кедергі болуда.

«Oxfam» халықаралық үйімі мен Оксфорд университеті бірлесіп дайындаған баяндамаға сүйенсек, 2009 жылы әлемнің ең бай 1 пайыз адамдарының иелігінде әлемдік байлықтың 44 пайызы шоғырланған болатын, ал 2014 жылы бұл көрсеткіш 48 пайызға жетті. Сол алтынмен апталып, күміспен күптелген ең бай 1 пайызға енген әрбір адамның еншісіне 2,7 миллион доллар мөлшеріндегі байлық тиіп отыр.

6-бөлім.

Ең бай 1 пайыз адамдардан қалған 52 пайыз байлыктын 46 пайзы әлем халқының ең бай 20 пайзының тиесілі. Осылай қалған 79 пайыз халықтың еншісіне әлемдік байлыктың 6 пайзы бүйіршіп отыр.



Ә Мәтінде кетерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырындар. Бір-бірлеріңін жауаптарынды бағаландар.




Б Берілген диаграмманы толтыра отырып, мәтіндегі соңғы азатжолды түсіндіріңдер.



В Кім жылдам? Бір парақшаға жазындар.

- Ең кысқа (мағыналы) сезді тауып жаз да, паракшанды көтер.
- Ең ұзак сезді тауып жаз да, паракшанды көтер.
- Ең көп санды тауып жаз да, паракшанды көтер.
- Ең аз санды тауып жаз да, паракшанды көтер.
- Мәтіндегі сез санын санап жаз да, паракшанды көтер.



Есте сақта!

Аналитикалық тәсіл

Аналитикалық тәсіл – сез жасаудың синтаксистік амалы, яғни түбір (негізгі ятынды) сездердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жаңа сез тудыру тәсілі. Ол – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сездермен толықтырған өнімді тәсіл. Бұл – басқа тілдердің сезжасамында да көн орын алатын, кең тараған тәсіл.



2-тапсырма. Бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы берілген сездерге мысалдар келтіріңдер.



А Өлеңді тыңданадар. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сездерді теріп жазындар (20-аудио).



Ә Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған кісі аттарын жазындар.

Керек дерек!

Публицистикалық шығарманың мақсаттары

Публицистикалық стильдегі шығарма қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көңілге қонымын болып, бұқараға ықпал ету сипаты басым келеді. Қоғамдық өмірдегі жаңалықтар, өзгерістер туралы жүргіштіліктер құлағдар етіп, қоғамдық пікір қалыптастырады.



3-тапсырма. Публицистикалық шығармандың мақсаттары туралы тұжырымында өрбітіп, өз ойларынды дәлелдендер.



Публицистикалық стиль

Шындығында да, кез келген таңба жасырын, әдетте, байқала бермейтін белгілі бір ақпараттың көзі болып табылады. Мысалы, *ай* – мұсылмандықтың крест – христиандықтың белгісі. Қазақтың ар руының өз таңбасы болған. Орхон-Енисей жазбалары жазылған сына жазулары түркілік мәдениеттің, кирилл славяндық мәдениеттің, латынеуропалық мәдениеттің символы іспеттес. Әліп билерде осы әртүрлі мәдениеттердің рухы жатыр; әліпбиді қолданған халықтың дүниетанымы, ойлау жүйесі, өмірді қабылдауы, көзқарастары секілді идеологиялық жақтарымен жіпсіз байланыс елеусіз ғана сақталып жатады.

«Мәңгілік майдан» кітабынан



4-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырындар.



A КР-ның ұлттық рәміздеріндегі таңбаларды атап, олардың мәнін түсіндіріндер.



Ә «Публицистикалық стиль» мәтінін жалғастырып, «Латын графикасының қазақ халқының болашағына тигізетін он әсері» атты эссе жазындар.

6.5. КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ ШАРАЛАРЫ



1-тапсырма. Таразыны тенестір. Сен билік басында отырған адамсың. Бай мираспен немесе өзінің білімділігімен, еңбеккорлығымен байыды. Кедейге мираспен ештеңе берілмеді, ақылы бар, еңбеккор, бірақ білім алуға мүмкіндігі жоқ. Бай мен кедейді онтайлы жолмен қалай тенестірер едін?

Ескертту. Байдан тартып алып, кедейге үлестіріп беруге болмайды.



A Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Көтерілген мәселеге баға беріндер.

Даво с форумының карсанында «Oxfam» халықаралық үйімі өз зерттеуін жарияладп, әлемді жайлаған әлеуметтік теңсіздіктің жылдан жылға өршіп бара жатқанын мәлімдеді. Жыл санап үдең бара жатқан баю үдерісін тоқтатпаса, әлемнің ең бай бір пайыз тұрғынының байлығы қалған 99 пайыз халықтың байлығынан асып түспек. Бүтінгі танда әлемдегі 10 адамның бірі аш жүреді, ал 1 миллиардтан аса халық күніне 1 доллар 25 центтен аз каржыға өмір суреді.

Кедейліктің әлемдік дамуға тұсау болып отырған қатыгез күбылыс екендігі көптен айтылып келеді. Элемнің ең бай әрі ең ықпалды адамдары бас қосатын Давос форумы карсанында теңсіздікке карсы

6-бөлім

күресіп келе жатқан «Oxfam» үйімін кедейлік пен тенсіздікті қысқартуға бағытталған жоспарын ұсынды. Сол ұсыныстардың біркетары:

бірінші – салық төлеуден жалтарын жүрген корпорациялар және жекетүлғалармен аяусыз курс жүргізу;

екінші – денсаулық және ағарту салаларына көп мөлшерде қаржы құйып, кедейлерді осы салалардағы мемлекеттік тегін қызметпен қамтамасыз ету;

үшінші – салық ауыртпалығын еңбек пен тұтыну саласынан алғып, капитал мен байлық саласына жүктеу;

төртінші – әйелдердің енбегіне сай әділетті ақы төлеу;

бесінші – кедейлік пен тенсіздікке қарсы күрестің мақсатты көрсеткіштерін үйлестіріп отыру.



Ә «Кубизм» әдісі бойынша мәтінге сұрақтар құрастырындар.

Кім ... ?

Қандай ... ?

Қашан ... ?

Қалай ... ?

Қайда ... ?

Не ... ?



Б Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, ат қойындар.



В Термин сөздер мен қасіби сөздерді теріп жазындар.



Г Қарамен берілген сөйлемге кешенді синтаксистік талдау жасандар.



Есте сақта!

Лексика-семантикалық тәсіл

Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдең бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады. Тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің мағынасында ғана өзгеріс болатындықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл аталаған. Бұл сөзжасамдық тәсіл көне заманнан бері қарай қызмет атқарып келеді.



2-тапсырма. «Есте сақта!» айдарында берілген ақпараттарға сүйеніп, лексика-семантикалық тәсіл арқылы басқа мағынаға ие болған сөздер қатарын толықтырындар.

Корған, жарыс, бірге, біреу, басқа, өзге...



А Берілген сөздердің негізгі және жаңа мағыналарын түсіндіріндер.

Тұмқа : 1) есіктің тұтқасы;
2) өмірдің тұтқасы.

Күлак :

Оң қол :



Ә Жаңа мағынаға ие болған сөзді табындар.

1. Біздің шаныракка да келіндер.
2. Жер болдым-ау, ұят-ай!
3. Сөз болыш журмесін!
4. Алтыным, ақылышнан айналдым.
5. Алыстан карасы көрінгендей болды.

Керек дерек!

Публицистикалық стильдің сипаты

Публицистикалық стильдің экстралингвистикалық сипаты:

- акпараттың жедел қабылдануы;
- хабардың толыққанды жеткізуі;
- баяндаудың:
 - а) нақтылығы;
 - ә) фактографиялылығы;
 - б) логикалылығы;
 - в) ықшамдылығы;
 - г) экспрессивті-эмоционалдылығы;
 - ғ) қымыл-әрекетке итермелесуі.



3-тапсырма. Эр тармақтағы ойды өз сөздеріңмен толықтырындар.



А Публицистикалық стильдің басқа стильтермен ұқсастығы мен айырмашылығын талқыланыңдар.



Публицистикалық стиль

Қазақ тілі – әлем тілдері арасында ешқайсысынан кем емес, тілдік қасиеттері жағынан келгенде, алдыңғы қатардан көрінетін кемел тілдердің бірі. Демек, қазақ тілі жаһандық тіл майданына салып жібергенде, бұзып-жарып шыға алатында, әбден жетілген, «мың өліп, мың тірілген» күрескер, өміршен, сұлу да көркем тілдердің қатарында. Сонда бар ғап қазақ тілінің нашарлығында, болмаса замана ағымына ілесе алмауында емес, сол алдаспан ана тілін заманға лайықты ұстанып, баптап, жал-құйрығын күзеп, байгеге қоса алмай жүрген қазақтардың өзінде.

«Өз тілімен сейлескен, өз тілімен жазылған жүрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Өз ұлттына басқа ұлтты қосамын дегендер әуелі сол жүрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» (А.Байтұрсынулының) екендігін әрдайым есте ұстай алмағандығымыздан да ана тілімізді осындай қүйге ұшыратып отырмыз.

Д.ЫСҚАҚУЛЫ

6-бөлім



4-тапсырма. «...Қазақ тіл жаһандық тіл майданына салып жібергенде, бұзып-жарып шыға алатында, әбден жетілген, «мың өліп, мың тірілген» курескер, өміршен, сұлу да көркем тілдердің қатарында...» деген ойды өрбітіп, ауызекі сөйлеу стилінде шағын матін құрандар.



A «Публицистикалық стиль» айдарындағы А.Байтұрсынұлының әр сейлемін әрі қарай өрбітіндер.

6.6. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР



1-тапсырма. Кім боламын? Болашақта қай әлеуметтік топқа жататыныңды анықта. Мына төменде берілген сөздерді ретімен қойып, ол мақсатыңа қалай жететінінді айтып түсіндір. Сондай-ақ өзің әлеуметтік жағдайы төмен топқа қандай көмек бере алар едін?

Денсаулық, мәдени орындар, каржы, спорт орталықтары, ғылым, кәсіпкер, оку орындары, банкир, дүкен, спорт, кітапхана, фирма, конакүй, фермер, мейрамхана, білім, дәрігер, ғалым, балабакша, жазушы, ақын, мұғалім, мектеп, спортшы және т.б.



A Мәтінді оқып, атау беріндер. Негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселені талдандар.

Казіргі нарықтық экономика жағдайында Қазақстанның әлеуметтік құрылымы бұрын-соңды болмаған күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Егемендік алған уақыттан бері республиканың әлеуметтік құрылымында жаңа топтар, топтар, жіктер пайда болды. Олар – бизнесмендер, кәсіпкерлер, фермерлер, банкирлер, алуан түрлі жеке фирмалардың, дүкендердің, конакүйлердің, мейрамханалардың т.б. жекеменшік иелері. Қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік-экономикалық топтар екінші бір топтарға ауысып, өтіп жатыр. Демографиялық жағдай, елжүрттың миграция¹ мәселелері де ерекше болыш отыр. Табысқа және экономикалық жағдайға байланысты қоғамда топқа, жікке бөлінушілік күшіне түсуде. Осылардың салдарынан ауқатты, дәүлетті, орташа адамдар пайда болды. Қоғам мүшелерінің бұлайша жіктелуіне меншік формасының өзгеруі, жалпы нарық қатынастарының орын алуы ықпал етті. Қоғамда өмір сүру деңгейіне біліктілік, кәсіби дағдылар асер етеді. Ғылыми деректер кәсіби мамандардың өмір сүру деңгейі жұмысшылардан жоғары екендігін дәлелдейді.

Л.Спанқұтова



Ә Қоғамдағы таптардың бұлайша жіктелуі адамның психологиясына қалай асер етеді деп ойлайсыңдар?

¹ Миграция – адамдардың (мигранттардың) қандай да бір аумақтардың шегарасынан өтіп, ұзак уақытқа немесе біржолата көнис табу.



- Б** «...Табысқа және экономикалық жағдайға байланысты қоғамда топқа, жікке белінушілік күшіне түсде» деген пікірмен келісесіндер ме? Неге?



Есте сақта!

Тұынды сөз

Тұынды сөз атаулы тілдің сөзжасам жүйесі арқылы жасалады. Басқаша айтқанда, тұынды сөз кездейсоқ жасала бермейді. Ол тілдің сөзжасам заңдылықтары бойынша, тілде қалыптасқан сөзжасам тәсілдерінің бірі арқылы, тілдегі дайын сөзжасам үлгілері бойынша жасалады. Сондықтан тұынды сөзді оның қандай тәсіл, қай үлгі арқылы жасалып тұрғанына қарап ажыратуға болады.



- 2-тапсырма.** Берілген сөздердің жасалу жолын анықтап, қатарларын толықтырындар.

- | | |
|---------------------------|-------------------|
| 1. Сәулетші, құдалық, ... | 3. Үйдіс-аяқ, ... |
| 2. Қолбасшы, ... | 4. Бір жеті, ... |



- А** Төмендегі сөздердің құрамын анықтап, сөйлем құрандар.

түсім	сүйік май	күн сәулесі
қаламакы	бас жүлде	атжарыс
екпе	ғарышкер	көзбе-көз



- Ә** Кестені толтырындар.

Жүрнек арқылы жасалған сөздер	Бірігу арқылы жасалған сөздер	Косарлану арқылы жасалған сөздер	Тіркесу арқылы жасалған сөздер



- Б** «Сөз қадірі» өлеңін тыңдап, ондағы негізгі ойды анықтандар (21-аудио).



- В** Бір буынды *at, aқ, су, жақ, таут.б.* атаулардан тұынды сөз жасалады. Осы бағытта ізденіп, ғылыми мақала жазындар.

Керек дерек!

Публицистикалық стильдің ерекшеліктері

Публицистикалық стиль саясат пен идеологияның құралы ретіндегі қызмет етеді. Эртүрлі саяси ақпараттар ағыны мен жаңалықтарды дер кезінде жеткізіп, оған баға беріп, бұқараға ықпал ету тәрізді маңызды міндеттер атқарады. Қоғамдық мәні бар мәселеге көпшілік назарын аударту мақсатында ой мен сезімге қатар әсер етерлікей экспрессивті-эмоционалды мәндегі тіл бірліктері жиі қолданылады.



- 3-тапсырма.** «Публицистикалық стильдің қызметі» туралы аргументативті эссе жазындар.

6-бөлім.



Публицистикалық стиль

Сол кезде халықты менгеріп ұстап тұратын азулы, айдынды хан сықылды бір күш керек еді, халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күш кетіп, мынадай соққы жолықты. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, сүйк бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кеменгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті. Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, сүйкқа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның өсімі де кеміді. Эрине, тән қуатты болса, жан қуатты болады. Нашар жаңнан осал мінездер туады... Жауыздық, залымдық, қара бұлттар қоршап, халықты астан-кестен қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен-күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай, адасып келіп-келіп түсіп отырган халіміз, міне, осы күнгі.

Ж.Аймауытов



4-тапсырма. Мәтіндегі басты, астарлы ойды көрсетіндер. Автордың не айтқысы келгенін, мақсатын анықтаңдар.



А Бұдан бір ғасыр бұрын жазылған мәтіннің түсініксіз тұстарын көрсетіндер.



Ресми ісқағаздар стилі

ЕҢБЕК КЕЛІСІМІ

1998 жылғы _____ Алматы қаласы

Біз, _____ бір жағынан (тапсырыс беруші),
(қасипорын атапу, қасипорын босшысынан атынан)

Жұмыскер _____, екінші жағынан (орындаушы),
атынан

Қазақстан Республикасының қазіргі қолданып жүрген зандарына сәйкес төменде көрсетілген еңбек шартына қол қоямыз.

(Еңбек келісімінің мазмұны қысқаша баяндалады)

Атқарылатын жұмыс _____

Орындалу мерзімі _____

Екі жақтың міндеттері

I. Орындаушының міндеттері:

– осы шарт талаптарын орындау;

– «Қазақстан Республикасы Еңбек туралы» Заңының талаптарын орындау.

II. Тапсырыс берушінің міндеттері:

– осы шарт талаптарын орындау;

– шартнама бойынша жұмыс түрімен қамтамасыз ету;

– техника қауіпсіздігіне, санитария талаптарына сәйкес жағдай жасау;

– жұмыс кестесінің өзгерістері жөнінде жұмысшыны (қызметкерді) бір ай бұрын хабардар ету.

Егер шартта көрсетілген талаптар орындалмаса, онда екі тарап та «Еңбек туралы» Заның талаптары бойынша жауап береді.

Осы шарттың күші:

- екі тараптың өзара келісімі арқылы;
- орындаушының іскерлік деңгейінің төмен екендігі байқалған жағдайда;
- орындаушы еңбек тәртібін бұзған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Осы еңбек келісіміне байланысты даулар қолданыстағы зандар арқылы белгіленген тәртіпте шешіледі.

Кәсіпорын басшысы _____

холы

альман

Жұмысты атқарушы _____

холы

альман



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Еңбек келісімі қандай жағдайларда жасалады?
2. Еңбек шартына сәйкес екі тараптың міндеттерін атап көрсетіңдер.

6.7. ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫ



1-тапсырма. Улесінді қос. Мына шаңырақ – қазақтың қара шаңырағы. Керегесі – бұқара халық. Қазақтың қара шаңырағын үнемі жоғары ұстап тұру үшін қандай идеяларыңмен бекітетін едіндер? Әрбіреуін сол идеяларыңды бір уыққа теліп, шаңырақ пен керегені байланыстырындар.



A Мәтінді оқып шығып, онда көтерілген мәселеге баға беріңдер.

Маман байдың балалары – Тұрысбек, Сейітбаттал және Есенқұл қазақ балаларына арнап Жетісу өніріне белгілі өнер-білім ошагы – «Мамания» мектебін соктырды. Ағайынды Мамановтар қазақ баласының білімсіз калғанына көзі жетіп, оларды білім-ғылымға баулыды. Есенқұл Маманов Уфадағы Галия медресесінің негізімен сегізжылдық мектеп салдырды. Мектеп құрылышына жер-жерден мықты шеберлер-

6-бөлім

ді алдырып, оған «Мамания» мектебі деген ат берді. Мұғалімдердің жалақысы, окушылардың кітап-қағазы, кедей балалардың тамагы, жатын орны секілді шығындардың бәрін Мамановтар әuletі өз мойнына алды.

Кейінгі казак байлары, негізінен, Алаш қозғалысының халық арасына кең таралуына септігін тигізді. Қазак баспасөзінің насиҳатшысы болып, қаржылық күйнілдіктарын шешті. Алашорда автономиясы жаңадан құрылған кезде де қаржылық және материалдық қажеттіліктерді өтеген осы казак байлары болатын. Олардың катарында Каражан Үкібайұлы, Медеу Оразбайұлы, Ике Әділұлы, Хасен Ақайұлы, Ыбырай Ақбайұлы, Иса Көпжасарұлы, Салық Омарұлы (Сырым батырдың шебересі), Тобанияз Элниязұлы, ағайынды Мамановтар, ағайынды Бекметевтер болды. Олар Алла берген несібен қарапайым халықпен бөлісіп, меценаттықтың жарқын үлгісін көрсетті. Атап айтсак, Есенқұл Маманов «Қазақ», «Айқап» секілді басылымдарға жәрдем берді. «Айқап» журналының 1915 жылғы №7-8 санында Есенқұл туралы көлемді мақала жарияланған. Онда казак әдебиетінің тарихында тұнғыш рет роман бәйгесін тіккен Есенқұл Маманов екені айтылған. 1915 жылғы «Қазақ» газетінің санында байларды газетке қаржылай жәрдем беруге шакырған «Ауқатты Алаш азаматтарына» атты үндеу жарияланды. Сол кезде Есенқұл Маманов «Қазақ» газетіне 1274 сом көлемінде қаржылай көмек берген екен.

Қазак баспасөзіне казактың байы Каражан Үкібайұлы да қаржылай көмектесіп отырды. 1918 жылы Мұхтар Әуезов «Абай» журналын шыгару үшін К. Үкібайұлынан қаржылай көмектесуін сұраған. М. Әуезовкө жазған хатында Каражан Үкібайұлы: «Журналды шығарсаныздар болды, қанша каражат керек болса да, үнемі беріп отырамын», – деп жауап берген.

Салық Омарұлының қаржылай көмегімен Жаһанша Досмұхамедұлы Мәскеу университетінің Зан факультетін бітірді. С. Омарұлы Алаш әскериіне арнап өз табынынан 200 жылқы атаған. Бұрын болыс, би болған Ике Әділұлы да Алашорда үкіметіне материалдық қолдау көрсеткен. Ал тағы бір казак байы Иса Көпжасарұлы Алаш милициясын жасактау үшін табынынан 100 жылқы берген. Өкініштісі, заманында билік пен бұкараның алтын көпіріне айналған қазак байларының көпшілігі репрессияның¹ құрбаны болып кетті. Одан қалса, Кенес әкіметі байлардың атын естісе шошынатын дәрежеге жеткізді.

С.Хасан



❸ «Мамания мектебі» жайлы оқып-білгендерінді айтып, әңгімелендер. «Мен саған, сен маған» әдісімен бір-біріңе сұрақ қойындар.

¹ Репрессия – күтінга ұшырату. Үкімет басшыларының зан орындары арқылы өз халқын, жекелеген екілдерін күтінга ұшыратып, жазалау шаралары.



Б Мәтінге тезистік жоспар құрындар.



В «Мен бай болсам, мынадай меценаттық әрекеттер жасар едім...» деген тақырыпта әссе жазындар.



2-тапсырма. «Сөзжасам» терминіне өз сөздерімен анықтама беріңдер. Сынып бойынша ең жақсы анықтама жасаған оқушыны анықтаңдар.



А Кім көп табады? Сөзжасам сөзіндегі әріптерден жаңа сөздер құрастырындар. Бір рет қана кездесетін әріпті екі рет алуға болмайды. Мысалы: самса т.б.



Ә Кім жылдам? Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Түнды сөздің сөзжасамдық тәсілдерін атандар.
- Түнды сөздің сөзжасамдық жолдары қандай?
- Сөзжасамның сандық сипаттары нешеу?
- Сөзжасамдық ұяларды атап шығындар.
- Лексика-семантикалық тәсіл туралы не білесіндер?
- Сөзжасамның қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілін тағы қалай атауга болады?
- Сөзжасамдық тізбектің құрамында қанша сөз болса да, олардың бәрі бірімен-бірі мағыналық байланысы бар сөздер болса, қай тәсілге жатады ?



Б Кім көп табады? Үлгі бойынша қатарды жалғастырындар.

Түнды түбір зат есім: айтыс, ...

Түнды түбір сын есім: күлкілі, ...

Түнды түбір етістік : айқайла, ...



Өзінді тексер!

1. Көптік ұғымның синтетикалық тәсіл арқылы берілу жолы:
 - а) аналар;
 - ә) кәрі-жас;
 - б) қымыз;
 - в) отыз қой.
2. Мына түнды сөздер қандай сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған?

Қарақат, қаракөз, ақбөкен, ақгул .

а) аналитикалық;

ә) синтетикалық;

б) лексика-семантикалық;

в) морфологиялық.

6-бөлім.

3. Бір сөзжасамдық ұяға жататын туынды сөздер кайсы?
 - а) су, сулық, сушы, сусыз, сулы;
 - ә) су, сулы жер, сумен;
 - б) сулы жер, нұлы жер;
 - в) сусыз тіршілік болмайды.
4. Сөзжасамдық мағынаның лексикалық мағынадан айырмашылығын көрсет:
 - а) туынды сөздің екіншілік мағынасы;
 - ә) түбірдің мағынасы;
 - б) грамматикалық тұлғаның мағынасы;
 - в) қосымшаның мағынасы.
5. Сөзжасам дегеніміз не?
 - а) жаңа мағыналы туынды сөздердің калыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін тіл білімінің бір саласы;
 - ә) қосымша жалғанған сөздерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы;
 - б) сөздердің тұлғалық сипаттың қарастыратын тіл білімінің бір саласы;
 - в) сөздердің мағыналық құрылымын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.



Фалым болам десеңіз...

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
2. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: ісқағаздарын жүргізу. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.

7.1. ҒАЛАМДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ГИМАРАТТАР



1-тапсырма. Мәтінді оқып, жазылу мақсатын (ақпарат беру, әсер ету) анықтандар.

Әлемдегі ең биік үш гимарат: Патша мұнарасы, Шанхай мұнарасы, World One.

1. *Патша мұнарасы*. Патша мұнарасы болашакта әлемдегі ең биік гимараттар көшін бастамақ. Араб елінің төрінен орын алған бұл гимарат жақында колданысқа беріледі деп болжам жасалуда. 1,2 миллиард АҚШ долларына салынып жатқан гимараттың ішінде керемет кенселер, обсерватория¹, «Four Seasons» конакүйі және 157-қабаттында әлемдегі ең биік терраса орналаспак.

2. *Шанхай мұнарасы*. Қытайдағы 121 қабатты Шанхай мұнарасының құрылышы 1993 жылы басталған болатын. Араға 21 жыл салып құрылым жұмыстары аяқталды. Бұл гимараттың құрылышына 4,2 миллиард АҚШ доллары жұмсалған. Ғажайып гимаратка қызығушылық танытқан миллиондаған адам тангажайып енер туындысының көрермені болып үлгерген. Көкпен таласқан «кек шатыр» табигат апаттарына төзімді әйнекпен қапталған.

3. *World One*. Көкпен таласқан 117 қабатты World One гимараты – әлемдегі ең биік тұрғын үй және Мумбайдары ең биік гимарат. Джорджио Арманинің дизайннымен салынған гимаратта қызмет бабында пайдаланылатын 3-4 белмелі (әркайсысы 1,5 млн АҚШ доллары тұрады) 300-ге тарта үлкен үй-жай косымша салынған.

Е.Жұмабайұлы



А Мәтіннен тірек сөздерді табындар.



Ә Қай гимарат ұнады? Ойларынды дәлелдеп, аргументативті эссе жазындар.



Есте сақта!

Сөз байланысының түрлері

Сөз байланысының матасу, менгеру, қабысу, жанасу деген түрлері бар. Қысы нақты ойды білдіреді, сондықтан сейлем болады.

¹ Обсерватория – астрономиялық, метеорологиялық және т.б. бақылау журғизу үшін жабдықталған гимарат.

7-бөлім.

**2-тапсырма.** Сөз түркесі бола алмайтын қатарды табындар.

өткір пышақ	ашты, текті	сабын сағыз	шексіз көкжиек
арсы-тұрсі	нәресте, сәби	жатып, құлаң	бүтін-ертең
көп талапкер	сарабдал сана	көрмей, білмей	тар бөлме
жүлдүз акты	алдаспан сабы	акылгей қария	женіл көлік
қыран бүркіт	қара торы	кеше жастық	



A Кім көп табады? Берілген ұлғіге сүйене отырып, сай келетін мысалдармен толықтырындар.

Қызысу : Айғаным келді, ...

Менгеру : казынаға таласты, ...

Матасу : дүкеннін наны, ...

Қабысу : асыл мұра, ...

Жанасу : ілгері жүріп кетті, ...

Керек дерек!**Неологизмдер және олардың жасалу тәртібі**

Тілге, сейлеу процесіне енген жаңа атау және оның жаңа қолданыс екендігі аңғарылып тұратын лексика қабатын неологизмдер деп атайды. Неологизмдердің актив лексикадан өзгешелігі тек жаңашылдығымен өлшенбейді. Кей сөз пайда болысымен актив лексика қатарына өтіп, әлеуметтік сипат иеленеді. Енді бірі неологизм қалпын ұзағырақ, сақтайды.

Жалпы, тілдегі неологизмдердің жасалу жолдары мынадай:

- 1) семантикалық тәсіл арқылы жасалған неологизмдер: *желі, ағын, жаһандану, нарық, ағза, үрдіс, кеден*;
- 2) аффикстік тәсіл арқылы жасалған неологизмдер: *зияткер, аяқдолышы, көсемсөзші, көшибасы, кеденші, бітімгер*;
- 3) сөздердің біргүйі, тіркесуі, қосарлануы арқылы жасалған неологизмдер: *бейнетаспа, әнүран, елтаңба, әуежай, зілтемір, жөргекпұл*.

«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы»
оку-әдістемелік кешенінен



3-тапсырма. Үш топқа бөлініп, неологизмдердің үш түріне анықтама беріндер. Мұғалімнің көмегімен ұттымды анықтаманы анықтандар.



A Кім көп табады? Неологизмдердің 3 түріне мысалдар келтіріп жарысындар.

7.2. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ

1-тапсырма. Берілген ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтандар. Дұрыс жауабын беріндер.

- Кесене Шымкент каласында орналасқан.
- Бұл киелі мекенді «Кіші Медине» деп атайды.
- Ясауи кесенесінде және оның төнірегінде Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Әмір Темірдің шөбересі Бабыр хан, Қаздауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр т.б. белгілі адамдар жерленген.

- Кесенені салдырган – Бейбарыс сұлтан.
- Кесенениң салынғанына VI ғасыр болған.



А Мәтінді оқындар. Маңызды тұстарын талдап жазындар.

Түркістан – түркі жүртшылығының астанасы. Діни және тарихи құндылықтар сакталған киелі қаланы «екінші Мекке» деп те атайды. Бұл қасиетті қалада ғұлама, акын, философ, сопылық ілімді тарагушы Кожа Ахмет Ясауи бабамыз жерленген. Сондай-ақ хандарымыз берінші батырларымыздын, акындарымыздын, билердің, әулие-әнбиелердің мазарлары¹ да бар.

Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін, екі жұз жылдан соң қирап бітуге таянған кішкене ғана мазардың орнына атақты қолбасшы Аксак Темірдің әмірімен зор құрмет ретінде дүниежүзілік сәулет өнерінің белгілі ескерткіші салынған.

Кожа Ахмет Ясауи кесенесін зиярат етушілер мен тамашалаушылар қатары жыл санап артуда. Сол себепті Түркістан қазірде – тарихи және туристік ірі кала.

Н.Юлдашева



Ә «Кубизм» әдісі бойынша мәтінге сұрақтар құрастырындар.

- | | |
|---------------|---------------|
| 1. Кім ...? | 4. Қалай ...? |
| 2. Қашан ...? | 5. Қанша ...? |
| 3. Неге ...? | 6. Не ...? |

¹ Мазар – 1. Атақты, әулие адамиын кабірі үстіне түргызылған санды құрылтыс нысаны, ескерткіш. 2. Зиярат ететін орын. 3. Мола, зират.

Есте сақта!**Сөйлем**

Сөз дайын тілдік бірлік болса, сөйлем әрдайым жаңадан құрылып отырады, сөйлеуде пайда болады. Сөйлем, негізінен, сөйлеу аясына жатады. Грамматикада сөйлемге біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер легі деген анықтама беріледі. Сөйлем мәтін құрайды және сөйлеу әрекетін жүзеге асырады. Сөйлемдер айтылу мақсаты мен құрылымына қарай бірнеше түрге жіктеледі.



2-тапсырма. Еске түсіріндер! Жай сөйлемнің түрлеріне мысал келтіріндер.

Жакты: ...
Жақсыз: ...
Жалаң: ...
Жайылма: ...

Болымды: ...
Болымсыз: ...
Етістікті: ...
Есімді: ...

Атаулы: ...
Толымды: ...
Толымсыз: ...



A Венн диаграммасын толтырындар.

Сөзге тән белгілер

Ортак
белгілері

Сөйлемге тән белгілер



Ә Кім тапқыр? Сөйлем мен мәтіннің айырмасын айтындар.



Б Мәтінді оқындар. Жай сөйлемнің түрлерін талдандар: жакты, жақсыз, жалаң, жайылма, болымды, болымсыз, етістікті, есімді, атаулы, толымды, толымсыз сөйлем.

Шұбар тайым табылды

Көкем алғы келген қамыс құлак шұбар тайым болатын. Шан тиместің тұқымы. Өзі койдан жуас. Күнде усті-басын сипап, кешке өзім суарып тұрам.

Аскарбайдың ауылында бәдік¹ бар екен, біздің ауылдың бозбалаларын шакырған. Тайымды суарып, мен де бәдікке бармакпын.

Қап-каранғы. Кезге тұртсе көрмейсің. Тек аспанда жүлдиздар моншактай жылтырайды. Тым-тырыс. Құздың етегінде бұлак сылдырайды. Бұлакқа киялап түсетін тар сокпакпен келе жатырмын. Екі жағым – құз. Устіме төніп тұр. Бұл бір коркынышты жер еді. Корықканынан денем түршігіп кетті. Төменде судың толқыны тасқа соғылып шулап жатыр.

Бір уақытта астындағы шұбар тай едірейіп, пысқырып, кейін шегінді. Көзім шарасынан шықты. Басым ду етті. Жүрегім балғамен үрғандай тез сокты. Екі көзім алда. «Е, не де болса тез болса екен» деп өліп барам. Бір нәрсе корс етті. Тайым мөнкіп калды. Топ еттім. Басым шың ете түсті: жер қатты еді. Жамбасы м ауырып калыпты.

¹ Бәдік – бұл жерде: ойын-сауық.

Мешел адамдай орнынан зорға көтеріліп, кейін жүрдім. Эрі тайымнан айрылып, әрі бәдіктен қалғаныма ыза болып, жасымды тыя алмай үйге бардым, көрген-білгенімді айттым.

Ертеңіне тайымда ішім қазандай қайнады. Күні бойы іздедім – табылмады. Кеш болды. Корыктым. Жаспын ғой. Бар бітіргенім – жылау. Кас қарада үйге кайттым.

Келсем, тайым қазыққа байлаулы тұр. Куанышым қойныма сыймай кетті. Сұрастырысам, тайым өзі келіпті. Неткен ақылды! Сонан былай тайымды бұрынғыдан да жаксы көретін болдым.

Ж.Аймауров



В Тілеуке Құлекеұлының өлеңін тыңдалап, мазмұнын жай сейлем түрлерімен жазып шығындар (22-аудио).

Керек дерек!

Өзге тілден енген неологизмдер

Тілдің сөздік құрамына жаңа ұғымдармен, жаңа заттармен, техникамен бірге басқа тілдерден жаңа атаулар енеді. Тіліміздің лексикалық құрамына орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден көптеген жаңа сөздер енди. Мысалы: ноутбук, онлайн, пиар, рейтинг, роуминг, скриншот, терминал.

Калькалау арқылы пайда болған неологизмдер: ашық есік күні (день открытых дверей), сауда нұктесі (торговая точка), сенім телефоны (телефон доверия) т.б.

«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы»
оку-әдістемелік кешенінен



З-тапсырма. Кірме сөздер мен басқа тілден енген неологизмдердің байланысы туралы айтындар.



А Басқа тілден енген тағы қандай неологизм білесіндер?



Ресми ісқағаздар стилі

ТАПСЫРЫС

Мекеменің атауы:	«_____» компьютерлік орталығы	
Мекенжайы:	Алматы қаласы, Абай даңғылы, 72	
Телефоны:	+7 _____	
Факс:	+7 _____	
1	Тапсырыс түрі	сатып алу
2	Тапсырыстың мәтіндік сипатталуы	техникалық құрал-жабдық

3	Тауардың атауы	CANON сканер-принтері
4	Тауардың бағасы	17 мың теңге
5	Тауардың саны	15 дана
6	Жеткізілім шарты	сатып алушы өзі жеткізеді
7	Төлем шарты	қолма-қол, теңгемен төленеді
8	Жеткізілім мерзімі	20 __ жыл __
9	Ұсынысқа қосымшалар	жоқ

№ __ орта мектеп директоры _____

отын-жөн

жолы

Мекенжайы: _____

Байланыс телефондары: +7 _____

Факс: +7 _____



4-тапсырма. Тапсырыстың құрылымына қандай мәліметтер кіреді?



A Өздеріне қажетті құрал-жабдықтың біріне тапсырыс үлгісін жазып көріндер.

7.3. АСТАНА КЕЛБЕТІ



1-тапсырма. З топқа бөлініп, ауызекі стильдің монолог түрін қолданып, елорда-мыздың өздеріне үнайтын көркіті жерлерінің бірін шетелдік туристерге гид ретінде таныстырындар.



A Мәтінді оқындар. Мазмұнын ашатын 3 сез жазып, постер қорғандар.

Есілдің сол жағалауындағы «Бейтерек» монументі жан-жағына нұрын төккен алтын шарды білкке көтеріп, өмір мен бейбітшілік символын күллі әлемге паш етіп тұр. Төбесінде көк туымыз желбіреген Акорданың киіз үй үлгісіндегі күмбезі баршамызды бейбітшілікке, ауызбіршілікке шакырады. Сондай-ақ Л.Гумилев атындағы еуразия ұлттық университеті, «Ел анасы» монументі, «Астана Арена» спорт кешені, Қазақстан Ішкі істер министрлігінің зәулім ғимараты, «Ханшатыр», «Керуен», «Мега» т.б. ойын-сауық орталықтары, «Бейтерек», «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Тәуелсіздік сарайы», «Конгресс Холл», «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры бас қаламыздың сәнін келтіріп тұр.

Бүгінде елордамыз түрлі деңгейдегі халықаралық шараларды өткізе-тін орталықка айналып үлгерді. 2010 жылы елордада ЕҚЫҰ саммиті үйімдастырылып, ете жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен қатар VII қызықты Азиатада ойындары да жоғары талапқа сай үйімдастырылды.

2017 жылы «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу құрметі де еліміздің бас қаласына берілді.

Міне, жастарымызды болашакка бастайтын бас қаламыз, жас қаламыз өнер мен білімнін, мәдениет пен ғылымның ордасына айналуда.

A.Кульдикова



Ә Мәтінге байланысты қанатты сөздер құрастырындар.



Есте сақта!

Сөйлем мүшелері

Сөйлем құрауға негіз болатын бас (тұрлаулы) мүшелер, әсіресе баяндауыш ойды дұрыс құрастыруға арқау болады. Бас мүшелер болмаса, басқа мүшелердің болуы да мүмкін емес. Өйткені анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар алдымен сол екі бас мүшениң маңына топтанады және бірін-бірі анықтап, толықтырып, сөйлем құрамына енеді.



2-тапсырма. Бай мен кедей, байлық пен кедейлік туралы мақал-мәтелдер тауып, олардың бастауышы мен баяндауышын анықтандар.



А Эртүрлі қатынастарда тұрған сөз тіркестерін жазындар.

Улғи . Анықтауыштық қатынас: *дәүлеттің кісі*,



Ә Берілген сөздерді түрлендіріп (жүрнәк, жалғау, шылау арқылы), 5 сөйлем мүшесінің қызыметіне қойып сөйлем құрастырындар.

Тенсіздік (тендік), әлеумет, бай, кедей, жомарт, сараң, мол.

Улғи . Тенсіздік белен алды – бастауыш.

Тенсіздіккің әсерінен болып отыр – анықтауыш.

Қоғамдағы тенсіздікке карсы шыкты – толықтауыш.

Ол тенсіздік заманында болған оқиға еді – пысықтауыш.

Бүтінгі басты мәселе – тенсіздік – баяндауыш.

Керек дерек!

Окказионализмдер

Жеке авторлық қолданыстағы жаңа сөздер де неологизмнің бір түрі ретінде қаралады.

Кейде көркем әдеби тіл нормасына ғана тән окказионализмдер тілдік нормамен үйлесім тауып, оған еніп те жататын кездері болады. 1957 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде И.Жарылғаповтың көрермен, оқырман деген өзіндік жаңа сөздері берілді. Бұл қолданыстар бүгінгі күні әдеби тілімізге қабылданып, одан орнықты орын алып отырған сөздердің бірі болып табылады.

«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы»
оку-әдістемелік кешенінен

7-бөлім.



3-тапсырма. «Керек дерек!» мәтіні қай стильде жазылған?



А «Көрермен, оқырман» тұлғасына ұқсас -ман, -мен қосымшалары жалғануы арқылы жасалған сөздерді тауып жазындар.



Ә Бүгінгі өмірімзеге шеттен еніп жатқан сөздерге қазақша нұсқалар ұсынып көріндер.

7.4. КІЗ ҮЙДІН ТҮРЛЕРИ



1-тапсырма. Венн диаграммасы арқылы киіз үй мен көпқабатты үйді салыстырындар.



А Мәтінді оқып, стильдік ерекшелігін, тілдік құрылымын талдандар.

Киіз үйлер қадірлі қонағына, құрылымына орай бірнеше түрге бөлінген.

Орда – салтанатты, жоғары мәртебелі адамдар бас косатын, елдік мәселе шешетін немесе аса күрметті хан, би, сұлтандар отыратын үй. Мұның да бірнеше түрі бар.

Аттын орда – 30 қанаттан (керегеден) тұратын мәжіліс ордасы.

Аттын үзік – хан отбасы тұратын 24 қанатты үй.

Ақ ала орда – дәүлетті бай тұратын 8 қанатты үй.

Ақ үй – дәүлетті бай тұратын 6 қанатты үй.

Боз үй, қоңыр үй – орта тұрмысты адамдар тұратын 4-5 қанатты үй.

Караша үй – кедей үйі.

Отаяу – жас жұбайлар үйі.

Жолым үй, абылайша, жаста – уақытша ғана отыратын шағын немесе жартылай тігілетін үйлер.

Күрке, қос – ауылда ас сактайтын, далада малишалар тұратын немесе кедейлер үйі.

Киіз үйдің іші былайша бөлінген: *төр* – жоғарғы әрі қадірлі орын. Мұнда жүк жиналады, конактар орналасады. Жас келиндер бұл жерді баса бермейді; *сол жақ* (кіргенде он жақ) – үй иесінің отыратын және жататын орны. Босага жакта азық-түлік, ыдыс-аяктар тұрады. Оны шимен жауып қояды; *он жақта* (кіргенде сол жақ) балалар орналасады. Босага жакка қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді; *от орны* касиетті орын саналады. Мұнда от жағылады, қазан асы лады.

Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясынан



Ә Тірексызба арқылы «кіз үй» сөзіне анықтама беріндер.



Б Мәтінге байланысты сұрақтар құрастырып, сұхбат үйімдестеріндар.

- Киіз үйдің алеуметтік теңсіздікте алатын орны қандай?

- ...



Есте сақта!

Сөйлемнің түрлері

Сөйлем айтылу мақсаты мен интонациясына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлем болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлемнің айтылу мақсаты – хабарлау, суреттеу, баяндау.

Сұраулы сөйлем жауп алу мақсатында айтылады.

Бұйрықты сөйлем біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылады.

Лепті сөйлем айтудың көңіл күйін (қуану, ренжу, зеку, өкіну т.б.) білдіреді.



2-тапсырма. Кім жылдам?! Берілген сөйлем түрлеріне 3 мысалдан келтіріндер.

Хабарлы
сөйлем

Сұраулы
сөйлем

Бұйрықты
сөйлем

Лепті сөйлем



А Тиісті тыныс белгілерін қойып жазындар.

1. Ертегі уаттай ма баланы да
Сөз сикыр гой жазбай ма жараны да

Би Қанай «Бұ қалай» деп бастағанда
Абылай сұрайды одан «Баян қайда»

Жау десе жатпайтұғын Батыр Баян
Апырым-ай келмеуінің мәні қалай

М.Жұмабаев

2. – Қайран Тектім-ай Алпамсадай арысым едің Қанбактай жеп-
женіл боп қаусап қалғаның-ау

– Бол шайынды болдыр жұмыс бар – деді
– Мұншалық корлықка жеткізді-ау Жалғыз рет түк серіпкен
карсылығын Панасыздың көрері осындағы итшілік күн болмай не
булушы еді Енді сүйенетін кісі таптай болмас Корған таптай тірлік
жок болады гой Барынды беріп құл болсаң да кешегі Сәлмен айтқан
кеселден сақтап қалар біреудің колтығына кірмеске лаж жок Сондай
жауыз жаумен ұстасар менде не дәрмен бар еді Ойласам бойынан
артық жұмыс екен – деген

М.Әуезов

Керек дерек!

Ғылыми стильдің ерекшеліктері

Ғылыми стилде ғылыми ой мен ақпарат мәтін ішінде жүйелі орналасып, олардың арасында тығыз мағыналық байланыс болады, ұғымдық бірлік сақталады.

Ғалымдардың тұжырымдауынша, ғылыми стилде тіл амал-тәсілдерінің дерексіз сипатта «ұғым» түрінде болуы ғылыми стилдің басты айырым белгісі болса, сөздің деректі сипат алып, оның образға кешуі көркем әдебиет стилінің басты айырым белгісі болып табылады.

Ал ғылыми стилге тән нормалық талаптар: айқындылық, дәлдік шарттарының сақталу мәнісі – ғылыми ой-пікірлердің түсінікті қабылдануы, нақтылы жеткізілуі, тілдік бірліктердің ешбір бояусыз тұра мағынада қолданылуы.

Н.Уәли



З-тапсырма. Ғылыми стилге байланысты білетіндерінді постер жазу арқылы қорғандар.



А Неологизмдер туралы түсінгендерінді ғылыми стилде жазындар (4-5 сейлем).



Ә С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңін тыңдандар (23-аудио). Өлеңдегі негізгі ойды үш сейлемге сыйдырып айтындар.

7.5. ҚАЗАК ЖЕРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ КЕСЕНЕЛЕР



1-тапсырма. Төменде берілген суреттер бойынша 3 сөйлемнен тұратын хабарлама жазындар.





А Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Қарахан әuletі билігі кезінде сәulet өнері барынша гүлденіп есті. Қазақстан жерінде бұл кезеңнен Бабажы қатын кесенесі, Қарахан күмбезі, Айша бибі кесенесі, Жұбан ана күмбезі, Тараз қаласындағы моншалар т.б. ескерткіштер біршама жаксы сақталған, кейбіреулерінің қалыңтары бар. Егер Бабажы қатын кесенесі және Қарахан мазарының тек алдыңғы беттері кірпішпен өрнектелген болса, Айша бибі кесенесі түтел әсем, сан алуан геометриялық және көгеріс накышына құрылған әшекей текталармен қапталған. Күн түсін кезде гимарат кабыргалары алуан түспен күлпішіп тұрады. Ескерткіш кабыргаларының құрылымы ерекше.

XV–XVIII ғасырларда Устіртте, Манғыстауда, Орал манында салынған мазарлар Еуразияның көптеген көшпелі халықтарында кең тараған баспаңа-күймені еске түсіреді. Иргетасы жоқ бұл мазарлардың босағасы берік бекітіледі. Олардың ойыктары пердені немесе шымылдықты еске түсіреді. Күмбездерінің үші оймышты сүмбі орнатылған шилиндер немесе шар тәрізді болып келеді. Барабандарға күмбездер орнату жіңі кездеседі. Ішкі безендіруі де баспаңа-күймен сабактастықты байқатады.

Қазақстан халқының көшіп-кону дәстүрінің біраз өзгеруіне байланысты күймелер бірте-бірте жойылып, оның орнына бұрын халық арасына онша тарамаған, орын ауыстыруға, кайта құруға негұрлым қолайлы жиналмалы, алмалы-салмалы киіз үй колданылды. Дәүлетті адамдардың киіз үйлері тікпе немесе жapsырма әшекейлермен өрнектелген ақ киізben (ақ түс бұрын шарапатты болып есептелді; ру, ауыл, тайпа басының белгісі болды) жабылды. Киіз үй өрнегінің құрылымы, сондай-ақ оның барлық композициясы белгілі бір жүйеге негізделді (шенберлі шанырак – күн, уықтар – күн сәулесінің тарамтарам шапалы, аспалы желбау лар немесе бакандар – «өмір ағашы»).

Қазақстан . Ұлттық энциклопедиясынан



Ә Мәтіннен көнерген сездерді теріп жазып, мағынасын сездік арқылы анықтаңдар.



Б Мәтінді мазмұнына орай бөліктерге бөліп, әр бөлігіндегі ойды бір-бір сейлеммен жеткізіндер.

Есте сақта!

Құрмалас сейлем

Құрмалас сейлем мен жай сейлемнің ортақ жақтары да, өзіндік ерекше сапа қасиеттері де бар. Қызметі жағынан алғанда, құрмалас сейлем де, жай сейлем де сейлеу бірлігіне жатады.

Ең алдымен құрмалас сейлем мен жай сейлем бір-бірінен құрылсызы жағынан ерекшеленеді. Жай сейлем бір ғана предикативтік бірлікке¹ ие болса, құрмалас сейлем екі және одан да көп предикативтік бірлікке ие.

¹ Предикативтік бірлік – бастауыш пен баяндауыштың тіркесуі.

7-бөлім.

**2-тапсырма.** Қай сейлемге тиесілі? Сәйкестендіріндер.**ЖАЙ СЕЙЛЕМ**

Бір гана ойды білдіреді.

Әр сейлемнің аяқталғанына байланысты езіндік айрымы бар дауыс ыргагымен айтылады.

Жеке сөздерден құралады.

Жеке сейлемдер бір-бірімен байланысып тұрғандықтан, дауыс ыргагы әр сейлемнің өз ынгайына карай ерекшелене, бірақ ұласпалы түрде айтылады.

Жеке сейлемге сай дауыс ыргагы да ықшам.

Екі жай сейлемнен құралады.

Күрделі ойды білдіреді.

Баяндауыштары тиянекты.

ҚҰРМАЛАС СЕЙЛЕМ

A Отken білімдерінді еске түсіріп, жай сейлем мен құрмалас сейлем түрлерін сызба арқылы көрсетіндер.



Ә Бұрынғы білетіндерінді еске түсіріп, құрмалас сейлем мен жай сейлемнің айырмашылығын өз сөздеріңмен санамалап айтындар.

Керек дерек!**Ғылыми стиль түрлері**

Ғылыми стильдің шағын үш түрі бар:

- таза ғылыми шағын стилі (белгілі бір ғылым саласының мамандарына арналған);
- ғылыми-көпшілік шағын стилі (қалың көпшілікті ғылым саласындағы жаңалықтар мен жетістіктер туралы хабардар ету);
- ғылыми-окулық шағын стилі (нақты бір ғылымның теориялық негіздерін игерту, ғылыми түсінік қалыптастыру).

Ғылыми стильдің қазіргі жанрлық түрлері:

- академиялық (таза ғылыми) мәтіндер: монография, мақала, диссертация, тезис, ғылыми есеп, баяндама, хабарлама, жарыссеz;
- әқпараттық-ресми мәтіндер: реферат, түйіндеме т.б.;
- анықтамалық-энциклопедиялық ғылыми мәтіндер: энциклопедия, анықтамалық, сөздіктер т.б.;
- ғылыми-бағалауыштық мәтіндер: рецензия, пікір, сараптама қорытындысы т.б.;
- ғылыми-оку мәтіндері: оқулық, оқу құралдары, дәріс т.б.;
- ғылыми-нұсқаулық мәтіндер: нұсқаулық, әдістемелік құралдар, бағдарлама, ұсыныстар т.б.;
- ғылыми-іскерлік мәтіндер: а) ғылыми және техникалық құжаттар: авторлық куәлік, стандарт, техникалық талаптар т.б.; ә) басқару мәтіндері: акт, ұсыным, келісім, жоба, қаулы, шешім, жоспарлық құжат, есеп т.б.



3-тапсырма. Сөйлеу әдебін сақтай отырып, «Керек дерек!» матініне пікір білдіріңдер. Маңыздылығы мен пайдасы туралы айтыңдар.



А Фылыми стильдің өздеріне ұнаған жанрлық түріне анықтама құрап жазыңдар.



Ә Фылыми стильдің шағын түрлеріне берілген анықтаманы толықтырыңдар.

7.6. МЕШІТТЕР МЕН САРАЙЛАР СӘНІ – КАФЕЛЬ



1-тапсырма. Көненің көзі болып саналатын ескерткіштерге қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу орынды ма?



А Мәтінді оқып, ондағы ойды екі сөйлеммен қорытындыланңдар.

Мұсылмандардың сәulet өнеріне енгізген тағы бір пайдалы өнертабысы – кафель.

Беті жылтыр плиталар парсы жерінде б.з.б. кезде-ақ пайда болған. Кафель өндірісінің шарықтау кезеңі X–XI ғасырларға сәйкес келеді. Әшекейлі плиталармен мешіттердің, кесенелердің және сарайлардың сырты мен іші безендірілген.

Әшекейлі плитамен безендірілген ең ежелгі сәulet туындылары деп XII ғасырда тұрғызылған Исфахандагы Сайда мешіті мен Казвиндегі Джами мешіттерін айта аламыз.

Халифат кезеңінде мұсылман елдерінің біртұастығынан кафель Парсы жерінен Түркия, Солтүстік Африка, Испания және Орталық Азияға тез тарады. Әр аймакта плитадағы әшекей жергілікті халықтың дүниетанымына қарай өзгеріп отырды. Түркияда плиталарға көгілдір қобалыт түсті гүлді өсімдіктер өрнегі салынса, Андалусия мен Марокко да ассиметриялық үйлесімділігі сакталған, бір-бірін толықтыратын түрлі түсті оюлармен боялған.

Испания жерінен Еуропаға өткен кафельді алғашында шіркеулерді безендіруге қолданған батыстықтар плита беттеріне Инжілдегі оқиғаларды бейнелеген.

Кафельдің мұсылман елдерінен шыкканын көбісі біле бермейді. Дегенмен көптеген интеръер әшекейлері алі де болса өздерінің шығыска тән үлгісінен өзгере койған жок. Сондыктan да олар Ислам елдерімен байланысты рылады.

И.Жұмабекұзы



Ә Мәтін қай стилде жазылған? Өз ойларынды дәлелдендер.



Б «Өнертабыс» сөзіне фонетикалық талдау жасандар.



Есте сақта!

Көпкомпонентті құрмалас сөйлем

Көпкомпонентті құрмаластардағы әрбір жай сөйлем – жеке-жеке түрғанда өз алдына бір-бір дербес бірлік. Бірақ құрмаластың құрамында үлкен хабардың, күрделі бір ойдың құраушы беліктері, басыңқыдағы айтылатын негізгі ойды толықтыруши, жан-жақты сипаттаушы элементтер болып табылады.

Күрделі құрмаластардың пайда болуына себепкер – айтушы. Әсіресе жазба тілде айтушы ойға қазық болатын бас пікірді жан-жақты толықтырып беру мақсатында үш-төрт сөйлемді қырларын келтіре отырып, ұласпалы интонациямен береді.



2-тапсырма. Сөйлем түрлерін ажыратындар.

1. Үміт пен катер безбенге түсіп, кейде үміт, кейде қатер басып, Әбіштер ауылына жеткенше енсе алмады (М.Ә.). 2. Алғашкы бір қағысулар осымен өтіп, ойын арасында айтыска тағы оралып келді. Куандық ән айтты, терме де тартты (М.Ә.). 3. Бұлар түн ортасы ауа үйге келсе, Балтабек үйіктап қап, Айбала көйлек жамап отыр екен (Ж.А.). 4. Оның дәңгелек көзі кірпігін қакпастан қадала қалатын әдеті бар еді, бұл жолы ол тесіле қараған жок, Әбдірахманның тула бойын, жүзін шарлап қарады (М.Ә.). 5. Қазан асылған соң, тезек мол жағылып, от қызыу үй ішін ысыта бастады. Ербол төреші болғандықтан, енді жүрттың бәрі жаттап алған төрттікті өзі тағы бір айтыш, аз ойланып бас шайқ ады (М.Ә.).



А Күрделі құрмалас сөйлем құрандар.

багыныңкы, басыңкы, басыңкы	
басыңкы, бағыныңкы, басыңкы	
багыныңкы, бағыныңкы, басыңкы, басыңкы	
басыңкы, бағыныңкы, бағыныңкы, басыңкы	
багыныңкы, басыңкы, бағыныңкы, басыңкы	



Ә А.Байтұрсынұлы бұндағы құрылымдағы сөйлемдерді өрнекті сөйлемдер деп атап, оған мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлем деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құрылуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салынған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлеу оралым деп аталады».

З топқа бөлініп, А.Байтұрсынұлының пікірін көпкомпонентті салалас, көпбағыныңкы сабактас және аралас құрмалас болатындей 1 сөйлемге сыйғызып айтындар.

Керек дерек!

Ғылыми стильдің жазбаша және ауызша түрлері

Ғылыми стильдің жазбаша түрлері: монография, диссертация, оқулық, оқу құралдары, мақала, пікір, сынни пікірлер, мақала не баяндама тезистері, ғылыми есеп т.б. Ал ғылыми стильдің ауызша түрлеріне даріс, баяндама, жын, ғылыми конференцияларда жарыссыздар, ғылыми сұхбат т.б. жатады.



3-тапсырма. Ғылыми стильдің басқа стильтермен ұқсастығы және айырмашылығы туралы айтындар.



А Ғылыми стиль туралы сұрақтар құрастырып, сыныптастарыңан жауап алындар.



Ресми ісқағаздар стилі

ӨМІРБАЯН

Мен, _____, 1983 жылы 14 қаңтарда Алматы облысының Панфилов ауданына қарасты Ушарал ауылында туым. Ұлттым – қазақ. Алматы қаласының Бостандық ауданындағы №81 орта мектебін 2000 жылы бітірдім.

2001 жылы Қазақстан-Британ техникалық университетіне оқуға түстім.

Ата-анам бар: әкем – _____, циркте жұмыс істейді. А나ам – _____, ауруханада жұмыс істейді. Мен үйленбегенмін.

Қазір осы жоғары оқу орнының 2-курсында оқып жүрмін. Мақсатым – жоғары білім алып, маман болып шығу.

Мекенжайым: Алматы қаласы, «Орбита-3» ықшамауданы, 26-үй, 48-пәтер, тел.: 29-48-56.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Өмірбаянның мазмұндық-күрылымдық жүйесін айтып беріндер.
2. Мемуар мен өмірбаян сөздері синоним бе? Неге? Дәлелдеңдер.



А Өз өмірбаяндарынды шағын әрі жүйелі етіп жазып, бір-бірлеріне оқып, баға беріндер.

7.7. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БІПК ҮЙЛЕР



1-тапсырма. Ортағасырлық қалалардың қазіргі атауын сәйкестендіріндер.

Испиджаб	Түркістан
Фарааб	Сайрам
Шауғар (Яссы)	Отырад
Баласағұн	Шу өзенінің бойында Ақтөбе деген ауыл

7-бөлім.



- А** Мәтінді түсініп оқып, тірек сөздерін табындар.



Биік үйлер қазіргі заманның жетістігі болып саналады. Бірақ мұсылман сәулетшілері ерекше технология колдану арқылы тігінен құрылыш салуғынын 1000 жыл бұрын игерген.

Йеменнің Хадрамаут ауданында күш тастан салынған, әлемдегі ең ескі биік үйлері бар Шибам деген ерекше кала орналасқан.

Йеменде биік үйлер IX ғасырларда салына бастаса да, ғимаратты салу технологиясы сол кезеңнен алі күнге көп өзгере қоймаған. Биіктігі 30 метрге жететін зәулім ғимараттар күйдірілмеген күш кірпіштен тұрғызылған. Кірпіш сазбалшықка туралған қамысты арадастыру арқылы жасалады. Басқа ешбір қосынды жок.

Бұл ғимараттардың мықтылығы мен беріктігі құрылыш барысындағы кішкене ғана құлығында, қабырғалардың қалындығы биіктеген сайын жүкара береді. Мысалы, ең жоғары қабатындағы қабырғалардың қалындығы ең төменде орналасқан қабырғалардан бес есе жұка.

Шибамда әртүрлі уақытта 500-ден аса биік үй салынған. Көпшілігінде қаланы әу баста құргандардың ұрпактары өмір сүруде. Ең ескі биік үйге 750 жыл болған.

Қыштан жасалған ғимараттар оюланған ағаш есік-терезелермен асемделген.

И.Жұмабекқызы



- Ә** Мәтіннің пәнаралық байланысы туралы өз ойларынды білдіріп, постер қорғандар.
- Б** «Іргетас» тақырыбында ғимарат пен адам арасындағы байланысты салыстыра дәлелдеп эссе жазындар.



2-тапсырма. 5 топқа белініп, сөздердің байланысу түрлеріне мысалдар табындар.



3-тапсырма. Шыңғыс Айтматовтың шығармасынан алғынған сөйлемдерді дұрыс күрандар.

тес терісінен
бір түйенің
шығады екен
бес-алты кепеш

бұл тозак
созылатын болған
бірнеше тәулікке

бас көтере бастады
бірте-бірте есін
жынып
бірақ басқа тайпалар

кігізіп кояды
басына кепеш қапталған
агаш мойынтурық
сорлынын мойнына

бұл оқиға
ысырылған жуан-жуандар
солтүстікке қарай
болып еді
лап қойғанда
көшпелі Азиядан

шейіт болып
Сарызек жағындағы
мұның ұлы
кетіп еді
бір согыста
жуан-жуандармен



4-тапсырма. Кім жылдам?

- Зат есімнен жасалған баяндауышқа мысал келтіріндер.
- Атау септігінде тұрып, іс-окиғаның иесін білдіретін сейлем мүшесін атандар.
- Жанама толықтауыштың сұрақтары қандай?
- Бастауышы болмайтын сейлемге мысал келтіріндер.
- Үстеулер, негізінен, сейлемнің қай мүшесін жасаушы сез табы?
- Есімше тұлғасындағы сез анықтауыш болатындей мысал келтіріндер.
- Еліктеуіштен жасалған пысықтауышқа мысал келтіріндер.
- Баяндауы ш бола алатын сез тантарын атандар.



5-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс топтастырындар.

Хабарлы
сейлем

Сұраулы
сейлем

Бүйрықты
сейлем

Лепті сейлем

- Нәзіла*. У-у, неткен байлық! Ал біз Гаунар екеуміз акшаның жоқтығынан күні бойы тамақ та ішे алмады...
- Омар*. Мен сіз қайтқалы тұрғаныңызды байқамаппын. Анғырттық дегениңің өзі адам өміріне көп кесірін тигізеді. Журініз...
- Нәзіла*. Эпке, сіз температурасы кетерілген адамды ғана ауру деп санайсыз ба? Махаббат та – ауру. Одан да адамның қызыы көтеріліп, қан қысымы жоғарылайды...

7-бөлім.

- *Омар*. Айтайын. Бакыт дегенді әр адам әртүрлі түсінеді. Диалектикалық материализм тұрғысынан келетін болсақ, бакыт деген...
- *Қабен*. Бірнеше күн бойы жолында тосканымда, маған ариғаның осы бір-ақ сағат болғаны ма? Біраз журе тұрсақ қайтеді?..
- *Әйел*. Түу, Қамажай-ай, қызықсын-ау. Сенің орнында, басқаның кайдам, мына мен төзे аламын ба, жок па, білмеймін. Білсен де, колымнан келмес-ау деп қорқамын...
- *Қамажай*. Неге? Олар келеді. Жұмыстан колдары босаған бойы келеді. Бар, жуына ғой, тамақ ішеміз...

Д.Исабеков



Өзінді тексер!

1. *Мен естідім*. Қандай байланыс түрі?
 - матасу;
 - жанасу;
 - киысу;
 - менгеру.
2. Менгеруді тап:
 - суға түсті;
 - аман келді;
 - біздің өлке;
 - кен дала.
3. Сөздердің байланысу түрлеріне қатысты талдаудың қайсысы дұрыс емес?
 - тогыз адам* – қабысу;
 - кен бөлме* – жанасу;
 - окуга лайық* – менгеру;
 - Алаттаудың Жамбылы* – матасу.
4. Берілген ретіне қарай сөз тіркестерінің байланысу түрін анықта:
агаштың бұтағы, хат ату, қалың орман.
 - матасу, қабысу, жанасу;
 - менгеру, қиысу, қабысу;
 - қабысу, менгеру, жанасу;
 - матасу, менгеру, қабысу.
5. Есімді тіркесті тап:
 - улken үй;
 - тағы да келді;
 - он шакты;
 - онга жуық.
6. Атаулы сейлемді тап:
 - Ұлт мәдениеті.
 - Таң атпай тұрып, жұмысқа кетеді.
 - Алтын күз.
 - Онға жуық.
7. Тура толықтауышы бар сейлемді тап:
 - Ұзак оқиғаны ерінбей әнгімелеп отырмын.
 - Кек көлігімен келген екен.
 - Осы айда түссе игі.
 - Калың кар екен деп, калың киініп келдік.



Ғалым болам десеңіз...

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016 ж.
3. Л.Дүйсембекова. Қазақ тілі: Ісқағаздарын жүргізу. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010 ж.

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ САЯСАТ ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

8.1. ӘЛЕМДІК САЯСАТ



1-тапсырма. Ауызекі сөйлеу стилінде «Әлемдік саясат» тақырыбына қатысты шағын мәтін құрандар.



А Мәтінді мұқият оқып, стилін анықтаңдар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар.

Адамзаттың дамуы демографиялық дағдарыс, экологиялық қыспак, азық-түлік тапшылығы сиякты дәстүрлі қауіптер мен қайшылықтарға қосарласқан жана қауіптерге душар болуда. Олар – ядролық карулардың және басқа да жаппай қыру каруларының бакылаусыз таралуы, халықаралық лаңқестік, түрлі індег¹ ауруларының жана түрлері, адамдарды құлдыққа сату, жасырын миграция, аштық, экстремизм т.б. қауіптер мен қайшылықтар. Әлемдегі бейбітшілік пен тыныштықтың сакталуына зардантарын тигізетін осы қауіп-көтерлерден келетін шығындарды азайтуға бағытталған тиімді де күшті саясатты басқа мемлекеттермен үйлестіре отырып жүргізуге алемнің әрбір мемлекеті мүдделі.

¹ Індег – жұрпалы аурудын калын көпшілік арасына (беттілі бір жерге, елге) жаппай тарауы, эпидемия.

8-бөлім

Казіргі әлемдік саясатка қатынасатын негізгі акторлар¹: егеменді мемлекеттер, мемлекетаралық үйымдар, халықаралық үкіметтік немесе үкіметтік емес үйымдар. Сонымен катаң қазіргі халықаралық қатынастардың белсенді акторлары, яғни қатысушылары түрлі мемлекет блоктары (НАТО, ОДКБ, СЕАТО, СЕНТО, АНЗЮС), интеграциялық топтар (ЕО, ТМД), мемлекетаралық бірлестіктер (ШЫҰ, БРИКС) т.б. халықаралық үйымдар өздерінің мақсаттары мен тәуелсіздіктерін сактай отырып, әлемдік саясатқа қатысады және жаһандық мәселелердің шешілуіне атсалысады.


С.Борбасов



Ә Мәтінде кездесетін демография, экология, экстремизм, миграция сөздеріне анықтама беріңдер. Қысқарған үйым атауларының мәнін ашындар.



Б Мәтін мазмұнының қандай пән немесе мамандықтармен байланысы бар? Кластер жасау арқылы көрсетіңдер.



В Қазыбек бидің сөзін тыңдал, онда айтылған негізгі идеялар туралы өз ойларынды қарасөзben жеткізіңдер (24-аудио).



Есте сақта!

Нұктес

Нұктес екі түрлі қызмет атқарады: 1) белгілі бір ойдың аяқталуына байланысты қойылады; 2) драмалық шығармаларда кейіпкер атынан кейін, қысқартылып алынған адам есімдері, кіші әріппен жазылған қысқартулардан кейін т.б.



2-тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің тиісті жеріне нұктес қойып, көшіріп жазындар. Нұктенің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Тобыкты ортасына Құнанбай айтты деген сөздердің, едәуір ойшыл адам айттарлық терен сөздердің мына сияктысы бар: 1 Адамның кай мінезі өнері болса, сол мінезі айыбы болады 2 Кісі айыбын айтпактан онай жоқ, өз айыбынды өзің айтқаннан ауыр жоқ 3 Отken істен онай жоқ 4 «Арымнан жаным садаға, жанымнан малым садаға» деген сиякты (М.Ә.) Құні-түні осылай мақтау -мадақтаудың өзара шайқасы өтіп жатты «Ей, балам, жыршылар сөз куып, бірімен-бірі жарыса

¹Актор – әлемдік саясатта болып жаткан үдерістерге ықпал ете алатын беделді қатысушы.

бастаса, жырдың да, сөздің де құны қашады Ақырында олар жыршыдан жырдың жауына айналады (Ш.А.) Көзін ауырса, колынды тый, Ішін ауырса, аузынды тый (мақа л.)



A Кестені толтырыңдар. Тыныс белгілерін дұрыс қоя отырып, сұраулы сейлемді хабарлы сейлемге айналдырыңдар.

Сұраулы сейлем	Хабарлы сейлем
Ендігі жылы 8-сыныпты қалай оқисын?	
Ат-шанаға бес-алты шакырым да сез болып па?	
Сатай, атты сонша қинап керегі не еді?	
Қартайып өлеңінің, одан кейін еш уақытта тірітмейтініңді ойлайсын ба?	
Жаңа артымыздан менің атымды атап біреу сонша айқайлады, сен емессін бе?	
Сейтіп, ендігі жылы бірге оқымыз ба?	



Өзінді тексер!

1. Пунктуация термині кай тілден алынған және қандай мағына береді?
2. Нүктे қандай жағдайда қойылады? Мысалмен түсіндіріндер.
3. Кеп нүкте қандай жағдайда қойылады? Мысалмен түсіндіріндер.
4. Үтір қандай сөздер мен сейлемдердің арасына қойылады? Мысалмен түсіндіріндер.
5. Сұраулы сейлем қалай жасалады? Мысалмен түсіндіріндер.
6. Тыныс белгілерінің ойды жеткізу дегі рөлі қандай? Мысалмен түсіндіріндер.



Фылыми стиль

Сейлемде жиі қолданылатын синтаксистік категориялардың бір тобына оқшау сөздер (қаратпа сөздер, қыстырма сөздер мен қыстырма сейлемдер, одагай сөздер және оқшау мәнде жұмсалған иә, жоқ сөздері) жатады. Аталған сөздердің кірістірілуімен мағынасы әртүрлі, құрылышы жағынан бір типтес күрделі сейлем құрылымдары түзіледі. Мұндағы үтірлердің қойылуы оқшау сөздердің сейлемдегі орын тәртібіне байланысты: оқшау сөз сейлемнің алдында және сонында келсе, бір жағынан, сейлем ортасында келсе, екі жағынан да үтірмен бөлінеді.

Тура желілі сейлемнің бір компонентіне қатысты түсіндірмелі сейлем (немесе дербес мәнді сөздер мен сөз тіркестері) бөлүші жақша арқылы ерекшеленеді.

«Қазақ пунктуациясының теориялық және практикалық мәселелері» кітабынан



З-тапсырма. «Фылыми стиль» мәтінінде берілген тұжырымдарға сәйкес мысал құрастырып жарысындар.

8-бөлім



A Мәтінді сызба арқылы сыйып, бір-біріне түсіндіріндер.



Ә Каратпа сөздер, қыстырма сөздер, қыстырма сөйлемдер, одағай сөздерді қолдана отырып, диалог құрастырындар. Көпшілік алдында сейлеу әдебін сақтаңдар.

8.2. ӘЛЕМДІК САЯСАТ КАТЕГОРИЯЛАРЫ



1-тапсырма. Ұлы тұлғалардың «Саясат – адамдарды алдау арқылы басқару өнері» деген сөзі бар. Осы сөзben «келісемін...», «келіспеймін...», «менің пікірімше...» деп жалғастырып, өз ойларынды ортаға салындар.



A Мәтінді түсініп оқындар. Мәтіндегі негізгі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырындар.

Казіргі әлемдік саясаттың түрлі деңгейлері – макро, мега, микро деңгейлері өзара байланысып, біріне -бірі күшті ықпал жасап отырды. Ұлттық мемлекеттер шенберінен тыскары жүргізілетін, әлемдік мәселелерді реттеуге немесе оларға ықпал етуі мақсат тұтатын саясат келесідей категориялардан турады.

1. *Сыртқы саясат* – мемлекеттің немесе жеке халықтың сыртқы саладағы қызметі. Бұл саясат мемлекеттің басқа мемлекеттермен байланыс жасау немесе жасамау деңгейін сипаттайтын. Сыртқы саясат мемлекеттің өмір сүруіне қолайлы сыртқы жағдайларды жасауды көздейді. Әлемдік қауымдастықтан ұлттық мемлекеттің орнын табуына ықпал етеді.

2. *Халықаралық саясат* мемлекеттердің халықаралық аренада бірлескен қызметі болып табылады. Саясаттың бұл саласы мемлекеттерге ортақ мәселелерді бірлесіп, келісімдер арқылы шешу жолдарын көрсетеді. Халықаралық саясаттың елдер мен халықтар арасындағы өзара тәуелділік шешімін табу үшін халықаралық әріп-тестікті талап ететін мәселелердің көбеюіне байланысты маңызы арта туседі.

3. *Мемлекетаралық саясат* жекелеген мемлекеттердің арасындағы қатынастар жүйесін белгілейді. Бұл саясат мемлекет органдарының, қызметтерінің және өкілдерінін (Президент, парламент, үкімет, Сыртқы істер министрлігі, кеден т.б.) еki мемлекетке ортақ мәселелерін өзара келісіп шешулерінің жолдарын анықтайтын.

4. *Ұлттық мемлекет үстіндегі саясат* жекелеген мемлекеттердің кейбір егеменді күкіктарын өз еріктерімен халықаралық ұйымдарға беруімен сипатталады. Мысалы, мұнай бағасын халықаралық нарықта реттеу күкіғі.

5. *Мұлтыңтық саясат* – бірнеше немесе одан көп мемлекеттен қураған біріккен саясат субъектілерінің халықаралық қатынастарға ықпал етуі (ЕҚЫҰ, ЕО, ШЫҰ, БРИКС). Бұл саясаттың субъектілері ұлттық мемлекеттер болып табылады.

6. *Трансұлттық саясат* – мемлекеттік емес саясат акторлары мен субъектілерінің (партиялар, кәсіподақтар, әлемдік діндердің үйымдары, халықаралық үкіметтік емес үйымдар, трансұлттық корпорациялар т.б.) халықаралық аренада қызмет етуі.

С.Борбасов



Ә Мәтіндегі үш сөйлемге синтаксистік талдау жасандар.



Б Мәтіндегі неологизм, термин сөздерді теріп жазып, мағынасына мән беріндер.



Есте сақта!

Сұрау белгісі

Сұрау белгісі – сұраулы сейлемнің соңына қойылатын таңба. Сұраулы сейлем деп жауп алу мақсатында жүзеге асатын сейлемді айтады. Сұраулы сейлем екі түрлі жолмен жасалады: 1) грамматикалық белгілер арқылы; 2) интонация арқылы.

Сұрау белгісінің қойылатын орны			
Сұраулы сейлемдерден кейін	Бірыңғай жеке сөздер не сөз тіркестері сұрау интонациясымен айтылғанда	Жауп қайтаруды тілейтін таза сұраулық мәні бар, амандасқанда айтылатын толық сейлемдерден кейін	Сейлемдегі бір сөздің мәні екүшті болып, күмән тудырғанда жаңшаға алынады
Бала бұл жағын білмейтін, шынында, балаға мұндаиды біліп керегі не? (Ш.А.)	Шауып ала ма? Сотқа берे ме? Өлтіріп жибере ме? Өртеп жибере ме? Қайта не бірін, не бәрін істеуге елдің беті түзелді (Ж.А.).	– Е, Жаңбыrbай, малжан аман ба? – деп Жылтыр ұшып түреліп, шұрқырай кетті (Ж.А.).	Мені білмейді деймісің (?)



2-тапсырма. «Ушбу хат» адісі бойынша бір партада отырған екі окушы бір-біріне хат жазындар. Хат ішінде міндетті түрде пунктуацияға байланысты сұрақтар болуы тиіс. Мысалы, сұрау белгісі қандай жағдайларда қойылады? Интонация арқылы қойылған сұрау белгісіне мысал келтір.



А Мәтіндегі сөздердің тыныс белгілеріне назар аударып, сұраулы сейлемдердің қалай жасалып тұрғанын түсіндіріндер.

1. Уәде беру онай болғанмен, сонау таудың үшар басындағы күшак жетпес қарағайды қырқып, төменге жеткізу онай ма?
2. Осының барлығы Оразқұлдың хайуандығынан, ақыр беретін дүниесі болған соң, тым болмаса бір ай бұрын кесіп, шамалы дегдіппей ме?
3. Жаман айтпай, жақсы жок, ертең өзі көз жұмса, маңында жанашыр ешкім қалмаса, бұл бейбактың¹ күні не болмак?
4. Мына жұмысқа араласуға Оразқұл рұқсат берे ме, жоқ па? (Ш.А.)

¹ Бейбак – байтұс, бейшара, мүсәпір.



Публицистикалық стиль

Ротокас тілі 11 әріптен тұрады. Бұл әлемдегі ең қысқа әліпби болып есептеледі. Ең ұзақ әліпби 72 әріптен құралған. Ол – кхмер тілі.

Қытай тілінде шамамен 50 мыннан астам иероглиф бар. Газет-журналды еркін оқи алу үшін кемінде 2000-нан аса иероглиф білу керек.

Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті VIII ғасырдан бастап (үйғыр жазуынан кейін) XX ғасырдың басына дейін қолданды. Оған дейін түркі жұрты руника жазуын пайдаланған еді.

Араб тілінің өзінде 34 дыбыс (28 дауыссыз, 6 дауысты) 28 әріппен таңбаланады. Эріптердің 22-сі төрт көріністе (сөз басы, сөз ортасы, сөз аяғы және жекеше түрде), 6-ауы екі көріністе жазылады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі араб жазуында 3 таңбамен берілді. Ол фонемалардың ашық, қысан, дифтонг белгілеріне қарап топтастырылды: фатхамен <a>, <ə>, (e); кесрамен <ы>, <i>, <e>; даммамен <o>, <ө>, <ү>, <γ>.

1912 жылы А.Байтұрсынұлы араб әліпбін қазақ жазуына ыңғайлады. Ахаңың әліпбінде 28 дыбыс болды. Онымен қабілеті орташа бала хат тану үшін төрт апта жеткілікті болды.

1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркі-танушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады.

Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауыстары мен 20 дауыссыз фонемасына әріп арналды. <қ>, <ғ>, <ң>, <ң> дыбыстарының жеке таңбасы болды. Ъ <ы> таңбасы орыс әліпбінен алынды, Ә <ғ>, ҆ <ж>, Ң <ң> таңбалары болды және одағайларда ғана қолданылатын шығыс кірме сөздерінде жазылатын h <h> дыбысының әрпі бар. Ол әліпби А.Байтұрсынұлы әліпбінің жай латын нұсқасы ғана болды.

Қ.Кудеринова



З-тапсырма. Қазақ халқының тарихында қолданыста болған жазулардың қайсысы үлт үшін пайдалы болды? Өз ойларынды білдіріңдер.

Көне түркі жазуы (руника)

Ескі түркіге ортақ араб жазуы

А.Байтұрсынұлы әліпбі

Латын жазуы

Кирилл жазуы



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазіргі қазақ (кирилл) әліпбінде неше таңба бар?
2. Түркі халықтарының арасында қай елдер латын графикасын пайдаланады?

3. Қазақ жазуы тарихында араб графикасына негізделген жазу қалай атады?
4. Қазақ тілінің төл дыбыстары қанша?



Ә F.Қалиевтің лингвистикалық түсіндірме сездігін пайдаланып, *графика, шрифт, әліби, таңба ұғымдарына тілдік анықтама беріндер.*



Ресми Ісқағаздар стилі

ТҮЙІНДЕМЕ

Аты-жөні: _____

Тұған жылы, күні, жері: 1974 жылы 4 сәуірде Талдықорған қаласында туздым.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Н.Тілендиев көшесі, 21-үй.

Үй тел.: 241-00-43.

Мамандығы: зангер, тарихшы.

Саласы: жоғары оқу орнының оқытушысы, мемлекеттік аппарат қызметкері.

Білімі мен қызмет жолы туралы малімет:

1991–1995 жж. – Ілияс Жансүгіров атындағы Талдықорған университетінде
Тарих және құқық факультетінің студенті.

1995–1997 жж. – Ілияс Жансүгіров атындағы университетте Тарих факульте-
тінің оқытушысы.

1997–2000 жж. – Қазақ мемлекеттік заң университетінің аспиранты.

Негізгі маліметтер: Қазақстан тарихы, құқықтану мәселелерімен айналысып, зерттеу жұмыстарын жүргіздім. «Әлихан Бекейханның саяси-құқықтық көзқарастары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым. Республика, қала, жоғары оқу орнындары ауқымында өткен конференцияларда баяндама жасадым. Жоғары оқу орнында жұмыс істегендегі тәжірибем бар. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласамын.

Қосымша маліметтер: ана тілім – қазақ тілі. Ағылшын және орыс тілдерін жетік білемін. Компьютермен жұмыс істей аламын. Туристік сапармен Түркия, Қытай, Корея мемлекеттерінде болдым. Женіл мәшине жүргізе аламын. Көпшілікпен жұмыс істегендегі ұнатамын. Ұйымдастырушылық қабілетім бар. Тапсырған іске жауапкершілікпен қараймын.

Әуестіктері: театрға, спорт жарыстарына барғанды, кітап оқығанды ұнатамын.

Кепілдеме туралы малімет: Қазақ мемлекеттік заң университетінің Мем-
лекеттік құқық кафедрасының менгерушісі берген кепілдеме қосымша беріліп
отыр.

4 наурыз, 2000 жыл

көлік

Аты-жөні



4-тапсырма. Қалай ойлайсындар, «түйіндеме» деген термин сәтті аударылған ба?
Неге? Дәлелдендер.



А Түйіндеме үлгісін құрылымдық жағынан талдандар.



Ә Өз түйіндемелерінді жазындар.

8.3. ХАН АБЫЛАЙДЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ



1-тапсырма. Төмендегі кластерді толтырындар.



А Мәтінді түсініп оқындар. Абылай ханның ұстанған саясатына өз бағаларынды беріндер.



Казак елінің тарихында Абылайдың сыртқы саясаты икемділігімен және ымырашылдығымен сипатталады. Оның Ресей мен Қытай сияқты күшті мемлекеттермен қатынастарының Орта Азия мемлекеттерімен қатынастарынан едәуір айырмашылығы болды. Отаршыл империялардың күш-куатын ете жақсы ұстанған хан, бір жағынан, Ресей протекторатын¹ танудан бас тартпай, екінші жағынан, өз иеліктерінде екі державаның да ықпалы күшеюіне жол бермей, олармен қатынастарда барынша икемділік көрсетуге тырысты.

Абылай көреген саяси кайраткер бола отырып, қалмактармен аса ауыр соғыстардан қалықраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 жылы тамызда Орта жүз ханы Әбілмәмбет 120 старшынмен бірге Орынборга келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде казак халқының тұтастығын сактау мақсатында Қинь империясымен де карым-қатынасын суытпады. Петербор мен Бейжінге елшіліктер аттандырды (1757–1777 жж. Бейжінге 10 елшілік жіберген). Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара кайшылыктарын Казак хандығы мұддесіне пайдаланып отырды. 1745 жылы Қалдан Серен дүніне салғаннан кейін, Жонғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жонғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өнірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған казак жерлерін кайтаруға, елдін дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін Абылай барынша

¹ Протекторат – бір мемлекет екінші мемлекеттің коргауында болатын мемлекетаралық карым-қатынас формасы.

күш салды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұксан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті.

К.Еңсенов



Ә Кім жылдам? Мәтіннен көсемше формасындағы етістіктерді теріп жазындар.



Б Абылай ханға алғысчат жазындар.



В Хан, ер, ел, бірлік туралы мақал-мәтеддерді тыңдалап, мәнін түсіндіріңдер (25-аудио).



Есте сақта!

Леп белгісі

Леп белгісі – лепті сөйлемнен кейін қойылатын таңба. Лепті сөйлем деп адамның көңіл күйін, түрлі сезімін білдіретін сөйлемді айтамыз.

Леп белгісінің қойылатын орындары					
Лепті сөйлемдерден кейін	Ұран, үндеу мәнді сөйлемдерден кейін	Одағай, қарата сез сөйлем басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса	Бұйрық, тілек, өтініш мәнді бұйрықты сөйлемнен кейін	Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар, бірақ ерекше бір сезіммен айтылған сөйлемдерден кейін	Ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулы бар, салемдескенде айтылатын сөйлемдерден кейін
Шіркін, дәлосынданай жігіт болып өсер меге! (Ш.А.)	Жасасын бірлік, бейбіт-шілік!	Оны естігенде Бекболат: – Е, бәрекелді! Япыр-ай! Түгел түсін пе? – дейді (Ж.А.).	Төлеген аңтек қипалақтап тұрып: – Кәне, жолдастар! Тамаққа жүріндер! – деді. (Ж.А.)	Көзі тостағандай, терең тұңғызық қандай тамаша десеніш! (Ш.А.)	Салеметсіз бе! – деді оған бейтаныс біреулер (Ш.А.).



2-тапсырма. Ойсергек. Өзінді таны. Екі топқа бөлініп, бірінші топ өздерінің топтарына хабарлы сөйлемдермен сипаттама беріңдер. Екінші топ бірінші топтың сипаттамасына таңғалу, мақтау сездерін пайдалана отырып, өз топтарына баға беріңдер. Ортаға спикерлер шығып жұмыстарын қорғайды. Мысалы: Біздің тобымыз өте алғыр, білімді, жан-жақты. Ой, жарайсыңдар! Неткен ұйымшил топ!



А Көркем шығармалардан лепті сөйлемнің әр түріне үш мысалдан теріп, кестені толтырыңдар.

Лепті сөйлемдерден кейін	Ұран, үндеу мәнді сөйлемдерден кейін	Одағай, қарита сез сөйлем басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса	Бұйрық, тілек, өтініш мәнді бұйрықты сөйлемнен кейін	Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар, бірақ ерекше бір сезіммен айтылған сөйлемдерден кейін	Ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулы бар, салемдескенде айтылатын сөйлемдерден кейін



Ә Қ.Мырза Әлі туындыларынан лепті сөйлемі бар шумақтарды өз беттерінмен іздел табыңдар. Леп белгісінің не себепті қойылғанын анықтандар.



Ғылыми стиль

Айқындауыш – қазіргі қазақтың әдеби тілінде жиғ қолданылатын анықтауыштың ерекше бір түрі. Айқындауыш – өзінің анықтайтын сөзімен тең грамматикалық байланыста тұратын сейлемнің шартты мүшесі. Айқындауыш анықталатын сөздің жетегінде кейде қосарланып, кейде онашаланып айтылып, өзінің алдындағы сөздің мазмұнын ашып, дәлдеп, анықтап тұрады. Сөз табы жағынан өзін айқындайтын сөзге орайлас жасалып, тұлға жағынан өзінің алдындағы анықталатын сөзбен түрлес болады да, мазмұн жағынан алдындағы жалпы ұғымның біреуін дәлелдеп көрсетіп тұрады.

«Қазақ грамматикасы» кітабынан



3-тапсырма. Айқындауыштың түрлерін естеріне түсіріп, дәлел ретінде мысалдар келтіріңдер.



A Өз білімдеріңе сүйеніп, анықтауыш пен айқындауыштың айырмашылықтары мен үқсастықтарын атанңдар.



Ә «Ғылыми стиль» мәтініне сілтеме жасай отырып, «Айқындауыш мүше» деген терминге өз беттеріңше анықтама беріп көріндер.

8.4. ЖАҢАНДАНУ: ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



1-тапсырма. Екі топқа белініп, тақырыпқа байланысты пікірталас үйымдастырындар (5 мин.).



A Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтандар. Тақырып бойынша қосымша мәліметтер келтіріңдер.

Жаңанданудың жағымды нәтижелеріне мыналар жатады: неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, өмір деңгейінің жоғарылауы, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жеделдетіп енгізу және тарату, жекетулғалар үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер тұғызу. Жаңандану тұнғыш рет біртұтас акпараттық кеңістік арқылы алемдік экономиканың барлық құрамдас белігін – өндірісті, ғылымды, қаржыларды, тұтынуды – біріктіруде. Олардың казіргі өзара тәуелділігі соңшалықты, ұлттық және аймақтық нарықтардың алемдік нарықтан кез келген оқшаулануы ұлтты немесе аймақты құлдырауға ұшыратады. Жаңандану кері айналмас сипатқа не болып, экономикалық дамудың шартына айналуда.

Жаңандану үрдістері әртүрлі әлеуметтік және экономикалық даму деңгейіндегі дамушы елдерге және халықтарға алуан түрлі әсер етеді. Дамушы елдерге жаңандану дамуға жана мүмкіндіктер жасайды. Сонымен катар осы елдер үшін аса үлкен кындықтар да тұтызады. Мысалы, дамыған елдермен салыстырғанда, дамушы елдердің артта калу деңгейі күн санағ арта түседі. Фаламдық нарықтық экономикаға

ену үшін дамушы елдерден өз алеуметтік-экономикалық кұрылымын түбекейлі өзгертіп, барынша күш-жігер салуын талап етеді.

Жаһандық мемлекеттік жүйе – казіргі мемлекеттердің әлемдік жүйесі. Бүгінгі танда ұлт әлемнің қоғамдық үйымдасуының негізгі бірлігі болып табылады, ал ұлттық мемлекет – оның саяси үйымдасуының негізгі өлшемі. Бұл екі бірлік те – қоғамдық және саяси – бір-біріне сәйкес келеді, ал бұл олардың мәнін, маңыздылығын, шынайылығын және олардың бірінсіз - бірінің күні жок екендігін білдіреді. Бұл ереже ұлт пен ұлттық мемлекетке легитимділік¹ кезі мәртебесін береді. Билікке кол жеткізу және оны ұстап тұру үшін саясаткерлер мен оны қолдаушылар ұлт мұддесі үшін қызмет етуі керек. Ал мұндай қызмет тек бір ұлт кана өмір сүретін ұлттық мемлекет аясындаған жүзеге асырылуы мүмкін.

Саяси түсіндірme сөздіктен



Ә Мәтінде кездесетін кірме сөздерге фонетикалық талдау жасандар.



Б Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, сынып ішінде өзара сұхбат жүргізіндер.



В М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты романынан «Компьютербасты жарты адамдар» үзіндісін тындандар (26-аудио). Жаһандану туралы өз пікірлерінді білдіріп, дәлелді эссе жазындар.



Есте сакта!

Көп нүкте

Көп нүкте – белгілі бір себептермен ойдың аяқталмай қалғандығын немесе асығып-аптығып сейлеуге байланысты айтылмақ ойдың толық айтылмағандығын білдіру үшін қойылатын тыныс белгісі.

Көп нүктенің қойылатын орны	Мысалы
Алынған дәйексөздің арасынан сейлем не сөздер қалдырылған жағдайда	Қ.Әмірәлиев бір мақаласында: «Әдеби тіл – поэзия тілі» десе, тағы бірде оны одан да анығырақ айтамын деп «Әдеби тіл дегеніміз – әдебиеттің өзі», – дейді, енді бірде «Әдеби тіл... – енер сөздің өзі», – деп пайымдайды (М.Б.).
Жазушы айтып келе жатқан оқиғаның жалғасын созбай тоқтатқан жағдайда	Кім біледі, бұл тұнгі жортуылдар әлі қаншаға созылар еді, егер де мына бір жағдай болмаса... (Ш.А.)
Айтып келе жатқан ойға кенеттөн тосын не алшақ жатқан нәрсе қосылып кетсе, оның алдынан қойылады	Сол жылы қызылшадан көп өнім алдық... Жарықтық балажан еді ғой.
Сейлеушінің белгілі бір себептермен (ентігу, тұтығу, асып-сасу т.б.) сөздерін бөліп айтқанда	Ж-ж-жоқ... өзім барам... А... с... с... қар, – деді Ботагез талықсыған дауыспен (С.М.).

¹ Легитимділік – кандай да бір құқықтың немесе екілеттікің заңдытығын мойындау, қуаттау, заңды деп тану және оның заңдылығын растайтын құжаттар.

8-бөлім.

**2-тапсырма.** Сейлемдердегі көп нүктенің қойылу себебін түсіндіріндер.

1. Қайырып берген зеренді де алмай, үршық ұстаған қолы тізесіне түсіп, отырып қалды... (Ә.Н.)
2. Тек бір-ак рет Шораға деген сезіміне шек келтірді, бірақ оған көбінесе Танабай кінәлі еді... (Ш.А.)
3. Құлыным, Қайырлым... кайда жоғалып кеттін... – деп әлсіз ғана шыққан дауыс естіледі (Ғ.М.).
4. Гүлсары сонда таныс сокпақ жолға түсіп, сонау өзен сыртындағы жайлауга тартып бара жатады... (Ш.А.)
5. Бағзы бір замандарда барымтаны осылай алып қашып, жаралы батырларды жау кольна түсірмей, кауіп-кательден осылай қаумалап алып шыққан болар-ау... (Ш.А.)

**A** Көп нүктеге қатысты кестенің әр бағанын екі мысалдан толтырындар.

Койылатын орны	Мысалы
Алтынгап дәйексөздің арасынан сейлем не сездер калдырылған жағдайда	
Жазушы айтып келе жаткан оқиганың жалғасын созбай тоқтатқан жағдайда	
Айтып келе жаткан ойға кенеттен тосын не алшак жаткан нарсе қосылып кетсе, оның алдынан қойылады	
Сейлеушінің белгілі бір себептермен (ентігу, тұтыну, асып- сасу т.б.) сездерін беліп айтқанда	

**Публицистикалық стиль**

Дүниежүзінде халық та, соған орай тіл де көп.

1980 жылы Герман Федеративтік Республикасында жарияланған мағлumatтарға қарағанда, 5661 тіл бар екен.

Қазір дүниежүзінде 2796 түрлі тіл қолданылады. Қолданатын жан саны 50 миллионнан асатын тіл – 13. Егер бұл тілдерді қолданатын жан санының аз-көптігіне қарай тізсек, реті мұнадай болады: қытай тілі, хинди тілі, ағылшын тілі, испан тілі, итальян тілі және т.б. Бұл тілдер 65 мемлекетте мемлекеттік тіл ретінде қолданылады.

Дүниежүзінде ресми тіл саны – 6: қытай тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, испан тілі, француз тілі, араб тілі.

**3-тапсырма.** Мәтіндегі сандарды сөйлөтіндер.

A Қажетті клишелер¹ мен лексикалық құралдарды² қолданып, «Қазақ тілін дүниежүзінің ресми тілі қатарына қалай қосса болады?» деген тақырыпта өз ойларынды дәлелдеп эссе (дискуссивті) жазындар.

¹ *Клише* – коммуникативтік жағдаятқа сай, дайын, тұракты қалыптасқан, қыскарып қолданылған сездер мен сез түркестері.

² *Лексикалық құралдар* – лексикалық бірліктер.



Ә Шет тілдерінің қайсысын үйренгің келеді? Неге?



Б Кім көп табады? Тіл туралы мақал-мәтелдер келтіріп, мәнін ашыңдар.

8.5. БҮКІЛӘЛЕМДІК ЖАҢАНДАНУ



1-тапсырма. 5 минуттық эссеңі толықтырыңдар.

Тұсінік .

Менінше, жаңандану ... білдіреді.

Жаңандану үрдістерін білу қажетті мәселеге айналды, себебі ...

Жаңандық мәселелер ретінде ... есептеймін.

Жаңандық мәселелер ... басты әсер етеді.

Қазақстанға әсери .

Әлемдік жаңандану Қазақстанға келесі жолдармен, яғни ... әсер етті (өткен шак).

Әлемдік жаңандану Қазақстанға келесі жолдармен, яғни ... әсер етуде (осы шак).

Әлемдік жаңандану Қазақстанға келесі жолдармен, яғни ... әсер етеді (келер шак).



А Оқылым стратегияларын жүйелі қолданып, мәтінді оқындар. Тезистік жоспар құрындар.

Бүкіләлемдік мәселелер:

- * *әлеуметтік-саяси сипаттагы мәселелер* : ядролық соғыстың өртін өшіріп, карулану үдерісін ауыздықтау, мемлекетаралық, ұлтаралық және аймақтық шиеленістерді бейбіт жолмен шешу, халыктар арасында өзара сенім мен сыйласым дәстүрін орнықтырып, қауіпсіздік жүйесін нығайту, акпараттық ағымдарды итілікті пайдалану;

- * *әлеуметтік-экономикалық сипаттагы мәселелер* : артта калуды, кедейшілікті жою, энергетикалық, шикізаттық, ішіп-жемдік, демографиялық дағдарыстарды реттеп, олардан шығу жолдарын бірлесіп іздеу;

- * *әлеуметтік-экологиялық мәселелер* : коршаған ортаны, табигатты күтімге алып, ұқыпты пайдалану;

- * *адам мәселесі* : әлеуметтік, экономикалық, саяси құқыктар мен бостандыктарға өміршендік сипат беру, надандықтың жолын кесіп, рухани дамуға жол ашу, касіретті аурулармен тізе косып күресу.

Бүтінгі танда дүниенің өзара жауласкан, антагонистік¹ саяси-экономикалық екі жүйеге бөлінуі ыдырады. Екіполюсті текетірес көпполюсті қарым - катынасқа негізделген адамзат қоғамының қауымдастығына ығысып орын берді. Әлемдік маңызы бар саяси

¹ Антагонизм – бәсекелестік, бақталастық, қарсыластық.

8-бөлім.

мәселелерді шешуге барлық мемлекет өз үлестерін қосатын болды. Жер шарының бір түкпірінде бой көрсеткен шиеленіс болса, оған бүкіл дүниежүзі елең етіп, жауапкершілікпен қарайтын болды. Бұл ретте халықаралық үйымдардың, әсіресе Біріккен Ұлттар Ұйымы мен арнаулы мекемелерінің (ЮНЕСКО, МАГАТЭ т.б.) аткарып отырған игілікті әрі ықпалды іс-әрекеттерін ерекше атаған жөн.

«Саясаттану» оқу-әдістемелік кешенінен



Ә Мәтінде берілген мәселелердің қайсысы біздің ел үшін ең маңызды? Өз ойларыңды ортаға салындар.



Б Термин сездерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.



В Мәтін бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу арқылы постер қорғандар.



Есте сакта!

Тыныс белгілерінің қабаттасуы

Кей кезде сөйлемнің айтылу ерекшелігіне қарай тыныс белгілері қабаттаса қойылады.

Тыныс белгілерінің қабаттаса қойылуы				
Сұраулы сейлем лептік интонациямен айтылғанда, сұрак басым болса, сұрау белгісі бұрын, көніл күйекпіні басым болса, леп белгісі бұрын қойылады.	Сұраулы не лепті сейлемдегі ой аяқталмаған жағдайда сұрау не леп белгісі, сосын көп нүкте қойылады.	Жалғаулық-сыз қарсылықты сала-лас құрмалас құрамындағы жай сейлемдер арасына үтір, сзықша қойылады.	Төл сөз бен автор сөзі арасына сзықша үтірмен, леп белгісімен қабаттаса келеді, сондай-ақ тырнақша мен үтір, көп нүкте, нүкте, сұрау, леп белгілері қабаттаса қойылуы мүмкін.	Драмалық шығармаларда ремаркалар келсе, ол жақшашаға алынып, жаңынан ішіне не сыртына нүкте қойылады.
Шіркін, сол есіктің ар жағындағы дүние қандай екен?! (Ш.А.)	Мүмкін, сонда бала осы бұзаумен бірге мектепке баарар ма еді, қайтер еді?.. (Ш.А.)	Сөз бергенге ерме, – без бергенге ер (мақал).	Қалқам-ау, саған не болды? – деді баланы тоқтатып.	Сазамбай (ұшып турегеліп). Кім, кім, не дейді? (Ж.А.)



2-тапсырма. Берілген сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қабаттаса қойылу себептерін түсіндіріңдер.

1. Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Ұры жатады... – деді. (М.Ә.) 2. – Көз алдында сайрап жаткан жолдан адасып қара басты ма?! (С.Мұр.) 3. Адам көнілі ғажайып үндерге, ғажайып сырларға тұнып

тұрған нәзік перне сияқты емес пе?! (С.Ш.) 4. Қызық, неге ешкім сүймейді еken? Қай жігітten кем?.. (С.М.) 5. Құдайдың құдіретімен дәрі-дәрмектің шипасы деген, міне, осы!.. (Ш.А.) 6. Апыр-ау, сағына күткен сол ертең қашан келер еken десенші!? (С.Ш.)



A Керкем шығармадан қабаттаса қойылған тыныс белгілерінің әр түріне үш мысалдан теріп, кестені толтырындар.

Тыныс белгілерінің қабаттаса қойылтуы	Мысалы
Сұраулы сейлем лептік интонациямен айтылғанда	
Сұраулы не лепті сейлемдегі ой аяқталмаған жағдайда	
Жалғаулықсыз карсылықты курмалас сейтемде	
Төл сөз бен автор сөзі арасында	
Ремаркамен келген драмалық шығармаларда	



Ә Ойсергек Мадақтау. Екі топқа бөлініп, әр топ бір минут ішінде қарсы топ пен оның мүшелеріне мақтау сөздерден құралған бес сейлемнен жазындар. Сейлем ішінде міндettі түрде қабаттаса қойылған тыныс белгілері болуы тиіс.

Керек дерек!

Тыныс белгілерін менгеру

Тыныс белгілерін жете менгеру үшін, біріншіден, қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты қандай тыныс белгілерінің қойылатындығын және соған байланысты ережелерді, екіншіден, қандай тыныс белгілерінің мағынаға байланысты қойылатындығын, үшіншіден, қандай тыныс белгілерінің интонацияға ғана негізделетінін білу қажет.

«Қазақ пунктуациясының теориялық және практикалық мәселелері»
оку-әдістемелік кешенінен



З-тапсырма. Төмендегі диаграмма бойынша мысалдар келтіріндер.



8.6. ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ



1-тапсырма. Мына мемлекеттердің президенттерін білесіндер ме?

Ресей
Тәжікстан
Түркія

Қазақстан
Өзбекстан
Түркіменстан

Беларусь
Кыргызстан
Монголия



A Мәтінді оқындар. Мәселені талдаң, негізгі ойды анықтаңдар.

Әлемдік саясат жаһандық тәртіптерді реттеуіші ерекше саясат түрі болып табылады. Әлемдік саясат принциптерінің жалпылық сипаты бар. Бірақ оларды орындауга әрбір мемлекет міндетті емес. Халықаралық нормалар мен күкіктарын белгілейтін күжаттарға қол койған мемлекеттер ғана өз міндеттерін әлемдік қауымдастық алдында орындаап отыруға міндеттеме алады.

Әлемдік саясаттың күнделікті мақсаты – әлемдік тәртіпте бейбітшілікті, тұрақтылықты, демократияны сактау. Сонымен қатар оның көздеңі – әлемдік саясатка катысушы субъектілердің барлығының мұдделері тоғысатын халықаралық орта жасау. Мұдделердің ортақтығы, адамзатты сактауга деген зәрулік көтеген мемлекеттердің жалпыадамзаттық мұдделердің басымдылығын мойындауына әкеліп отыр.

Сонымен қатар әлемдік саясатты тартыстардан, әрбір елдің өздеріне тән геосаяси күрестерінен, түрлі бәсекелестіктер мен мұдделер кайшылығынан тыскары алып қарастыруға болмайды. Әлемдік саясатта АҚШ, Қытай, ЕО, Ресей сияқты алпауыт¹ мемлекеттердің үстемдігі байқалады. XX ғасырдың 50–90-жылдары, мысалы, әлемдік саясатта екі басым полюс АҚШ пен Кеңес Одағы болды. Кеңес Одағы күйрекеннен кейінгі XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы бірполюсті әлемдік саясат болды. Ол АҚШ-тың басым болуымен сипатталады. Ал 2005–2010 жылдардан бастап әлемдік саясатта кепполюсті қатынастар басым болуда. Әлемдік қатынастарды айқындаушы күштер қатарына жоғарыда аталған мемлекеттермен қоса Үндістан, Жапония, Бразилия сияқты жылдам дамушы елдер ықпалы арта түсude. Әлемдегі өзгерістер – үздіксіз үдеріс. Онда ұдайы жана, табиғаты күрделі құбылыстар пайда болуы – заңдылық. Әлемдік саясат субъектілері осы әлемдік өзгерістерді, мәселелерді, кайшылықтарды танып білуге және оларды шешу ісіне немесе қауіптерді азайту шараларына әлем мемлекеттерін жұмылдырып отыруға міндетті.

С.Борбасов



Ә Мәтін мазмұнымен келісемін, келіспеймін, толықтыру енгізгім келеді деген З тармақтың бірін таңдал, З сөйлеммен өз ойларынды білдіріндер.

¹ Азнауыт – саяси және экономикалық билікке ықпалы бар, колында ірі капитал шоғырланған.



Б Берілген мәтінге жоспар құрындар.

В Мемлекет атауларын теріп жазып, фонетикалық талдау жасандар.



Есте сақта!

Үтір

Үтір – ең көп қойылатын тыныс белгі. Ол бірыңғай мүшелердің арасына, қаратпа, қыстырма, оңашаланған айқындауыш сөздер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің аражігіне қойылады. Үтірді қойғанда, тыныс белгілерін қолданудың үш принципін толық есте ұстау керек.

Үтірдің қойылатын орындары				
Бірыңғай сейлем мүшелерінің арасына	Қаратпа, одагай сөздерден кейін	Қыстырма сөздерден кейін	Оңашаланған айқындауыштардан кейін	Құрмаластағы жай сөйлемдердің аражігіне
Екі арада күрес, сайыс, жамбы ату, теңге ілу сияқты ойындар жүріп жатты (Ш.А.).	Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат (Абай).	Мүмкін, онда момын шал да дәл мұндай көрінгеннің айдауында жүрмес еді (Ш.А.).	Қонақүйде, дәңгелек үстел үстінде, қызылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жаңып тұр (М.Ә.).	Сонша жерден әдейі жаяу келген соң, сол астықтан азырақ жырмалап берейін (Ж.А.).



2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, үтірдің және қабаттаса қолданған тыныс белгілерінің қойылуына назар аударындар. Ережесін түсіндіріндер.

Қазынам бар.
Біреуге берсем бе екен?!
Өкпелейді -ау бермесем,
Берсем, бөтен.
Бар байлыкты койныма тығып алыш,
Әлде мына құмдардай өлсем бе екен!?
Қазынам бар.
Біреуге қисам ба екен!
Ренжиді-ау кимасам,
Қисам, бөтен.
Әлде мына даладай бар байлыкты
Бір өзім иемденіп, жисам ба екен?!
Қазынам бар.
Тәуекел, сатсам ба екен?!
Өзіндікін өзгеге сатсан, бөтен.
Әлде мына таулардай буркеніп ап,
Бұк түсіп, тер іс карап жатсам ба екен?..

М.Мақатаев



А Мәтінді тиісті тыныс белгілерін қойып жазындар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріндер.

8-бөлім.

Әстіп отырғанымызда желе жортып Нұғыманның келе қалғаны

- Ал балалар хал қалай
- Түске дейін жақсы істедік Эне аралап тексеріп көрініз Ал енді істеуден бас тартып отырмыз деді Әжібек
- Иә не бол қалды Себебі не
- Себебі біріншіден мен ашыны
- Неге
- Байдалы маған көже бергізбеді Екіншіден көженің ішінде түйірдей де ет жоқ
- Қалайша Сендердің тамактарына деп қойдың бір санын бергізіп ем ғой.

- Сенбесеніз сұраныз мыналардан

Біз тұс-тұстан

- Рас рас
- Көженің ішінде түйірдей де ет жоқ дедік шуылдан
- Жарайды оны мен өзім аныктаймын Әжібек кәне сен менің артыма мінгес Ал сендер балалар жұмыска кірісе беріндер

Әжібек бастықтың артына көзді ашып-жұмғанша мінгесіп те алды Элгіндегі мұнаюдың жылаудың ізі де қалған жоқ жүзінде жайран қағады

- Дабай жұмыска кірісіндер деп бүйірып қойды бізге

Айналасы бірер сагаттың ішінде кайтып оралды Әжібек

- Көжеге де тойдым Байдалыны да орнынан түсіртетін болдым деді масайрап - Біздің тамакка деп берілген етті өзі жеп койған екен Бастық алғінде бүкіл пішенишлердің алдында маскарапал желкесінен шығарды Бүтін нен бастап біргенділіктен босатам деді өзін

С.Мұратбеков



Ә Ойсергек. Өздерінің есімдерінің бастапқы әріптерінен сөйлем құрандар. Сөйлем ішінде міндетті түрде үтір болуы туіс. Екінші окушы үтірдің қойылу себебін анықтайды.

Публицистикалық стиль

Жалпы адамның ойлау қабілеті сол үлттың тілі арқылы ғана алғашқы мүшелде, яғни 13 жасқа дейін қалыптасады. Жас баланың бойындағы ген арқылы тұқым қуалап келе жатқан ойлау жүйесін сол негізде ана тілі арқылы әрі қарай жалғастыrsa, ол баланың ойлау қабілеті тез жетіледі. Ал енді ойлау жүйесі әлі қалыптаса қоймаған жас балаға өзінің бойында бар ген арқылы келе жатқан ойлау жүйесіне сәйкес келмейтін тілді оқытса, ол баланың бұрыннан тұқымында келе жатқан ойлау жүйесі бұзылып, жаңа тілге негізделген жаңа ойлау жүйесі пайда бола бастайды. Сондықтан да А.Байтұрсынулының «Бала, ең алдымен, өз ана тілінде ойлауы, сөйлеуі, білім алуы шарт», «әр бала өзінің ана тілінде 4-сыныпқа дейін оқуы керек, содан кейін барып басқа тілдерді оқуына болады» деп қадап тұрып айтып кеткенін барлық уақытта да естен шығармаған абзал.

Д.Ысқақұлы



3-тапсырма. Мәтіндегі «Әр бала өзінің ана тілінде 4-сыныпқа дейін оқуы керек, содан кейін барып басқа тілдерді оқуына болады» деген пікір бойынша ой өрбітіп, болжам жасандар.



A 13 жасқа қатысты тағы қандай мәлімет білесіндер?



Ә Откен сабактардағы Алаш қайраткерлерінің айтқан сөздерінің арасынан мәтін мазмұнымен сәйкес келетіндерін тауып, талқыландар.



Ресми ісқағаздар стилі

Алматы қаласы №21 жалпы орта білім беретін мектептің 10 «А» сынып окушысы

МИНЕЗДЕМЕ

_____ 1990 жылы 15 ақпанда туған. 1996 жылдан бастап №21 жалпы орта білім беретін мектепте оқиды. Оку барысында өзін жақсы жағынан көрсете алды. Сабакты «4» пен «5»-ке оқиды. Математика пәнінен қалалық олимпиадаға, окушылар арасында өтетін ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Өзінің терең білімін, ғылыми-зерттеу жұмысқа деген қабілетін көрсете алды.

_____ мектептің тәрбиелік іс-шараларына үнемі қатысады, сонымен қатар өз сыныбының старостасы. Жергілікті баспаса засылымдарына шыққан мақалалары бар.

Мінезі ашық, іскер, үйімдастырушылық қабілеті жоғары. Өз жұмысына, сабакқа ынталы, адамдармен тез тіл табыса білетін _____ мұғалімдер мен сыныптастарының арасында сыйлы және олардың зор ықыласына бөлениген.

17.12.2006 ж.

Мектеп директоры

қолы

отын-жанс

Сынып жетекшісі

мэр

қолы

отын-жанс



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Мінездеме не үшін беріледі?
2. Мінездеме күрылымына қандай мәліметтер кіреді?



A Бір-біріңе сыннып жетекшісі атынан мінездеме жазындар.

8.7. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ



1-тапсырма. Кім жылдам? Мына кестені толтырыңдар.

Ішкі саясатқа не жатады ?	Сыртқы саясатқа не жатады ?
---------------------------	-----------------------------



A Мәтінді оқып, ондағы мәліметтерді өз сөздеріңмен баяндандар.

Казақстанның сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Ресеймен карым-қатынас болып табылады. Бұл мемлекетпен біздің ел кеп жылдар бойы тығыз карым-қатынаста болып келеді. Өзара белісіп жатқан мемлекеттік шегара ұзындығының өзі 7 591 шакырымға созылып жатыр. Мемлекетаралық достастық екі ел президенттерінің және екі ел халқының өзара тығыз байланысы аркасында дамып отыр. Казақстан мен Ресей арасында отын-энергетикалық кешен, көлік және коммуникация, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі салалары бойынша байланыс орнылған. Қазақстан-Ресей карым-қатынасының біртұтас спектрі көптеген екіжақты күжаттар және келісімдермен реттелуде. Екіжақты карым-қатынаспен коса екі бірдей мемлекет аймақтағы әскери-саяси және экономикалық сипаттағы көптеген аймақтық үйімдар шенберінде өзара белсенді әрекеттесуде. Олар: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық Экономикалық Кауымдастығы, Шанхай Үйнімдастырылған Үйимдік және Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім үйімдары. 2012 жылы Казақстан мен Ресей өзара дипломатиялық карым-қатынас күрганының 20 жылдығын атап өтті.

Біздің мемлекетіміздің тағы да бір көршілес елмен карым-қатынасы серпінді даму үстінде. Бұл – Қытай Халық Республикасы. Жыл сайын екі ел арасындағы тауар айналымы есіп, экономика, мәдени-гуманитарлық ынтымдастырылған салаларында көптеген ірі жобалар жүзеге асырылып отыр.

Казақстан . Ұлттық энциклопедиясынан



Ә «Кубизм» әдісі арқылы мәтінге байланысты сұрақтар құрастырыңдар.

Кім... ?

Неге... ?

Канша... ?

Кашан... ?

Калай... ?

Не... ?



Б «Егер мен саясаткер болсам...» деген сейлемді өз сөздеріңмен аяқтап, ойларынды 5 сейлеммен түйіндендер.



В Кім тапқыр? Саясат сөзінен шығатын сөздерді жазыңдар. Бір рет кездескен әріпті екі рет алуға болмайды.



2-тапсырма. Сураулы, хабарлы сейлемдерді лепті сөйлемге айналдырындар.

1. Бұғы ана бауырына басып жылтыпласа, ертелі-кеш сүтін беріп асырамаса, бұлардың күні не болар еді? (Ш.А.) 2. Жадағай шананың өн бойын алыш тенкиип жаткан бір алаша бидайды қалай көтермек? (С.Ш.) 3. – Басқалар әзір шатасқан жок па? – деді Есілбай баласына (F.Mус.). 4. Бейсенбі, Әбділдә Жігітектің майды, әлді ауылдарынан атқамінер атаулыны жинап алыш ақылдасты (М.Ә.). 5. Қар басқан кең дала қыбырсыз, ұзак жота үнсіз де момын тыныштықта (М.Ә.). 6. Ал ендеше істің артына, аяқталуына ғана караса, сол Базаралының әрекеті ел көпшілігін екіндірер іс болған жок па? (М.Ә.)



А «Тыныс белгілері – шығарма ажары» тақырыбына ғылыми мақала жазындар.



Ә Т кестесі арқылы тыныс белгісі дұрыс не бұрыс қойылған сейлемдерді бөліп көрсетіндер.

Дұрыс	1. Артқы тракторлардың жарығынан жүрт енді гана шамалады, әр трактордың артында кішігірім үйдегі бол. ұбак-шұбак, сүйретілген бірлемелер келеді (С.М.). 2. Құмның ысы бастауынан қашып, ан біткен Бетпақтың даласына қарай өтіп кетсе керек, таңгертеңнен бері не бір каракүйрек, не бір кілік кездеспелі (С.Мұр.). 3. Құнанбай күзеуден ерте кайтып, кеткен сон, өзге елдін бәрі де дағдыдан тыс күземің ерте алып кешіп еді (М.Ә.). 4. Құрымбайцың окута кетуі шын болса, ол өз ісін ойламаган жерден істеген екен (Б.М.). 5. Әркайсысы ашылған кітаптың аумагындаі, алты қылқтан майды себелеп, қыс күнінің шуағы төтілді де, артынан-ақ ғұлт буркене ме, бозамықтанып сейіліп кетеді (С.С.).	Бұрыс
-------	--	-------



3-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады деген сөйлемдегі үтірдің қойылу себебі:

- а) каратпа сөз; в) онашаланған айқындауыш;
ә) қыстырма; г) бірынғай мүше.
б) одағай;

2. Орыс хатқының бай мәдени мұрасының бір саласы – оның танаша мақалдары, мәтептері – қазақ хатқына аудармалар арқылы таныс болып, хатық иегілігіне айналып келді деген сейлемдегі сзыбышаның койылу себебі:

- а) қаратпа сөз; в) оңашаланған айқындауыш;
ә) қыстырма; г) бірынғай мүше.
б) одагай;

8-бөлім

3. Белгілі бір себептермен ойдың аяқталмай қалғандығын немесе сол ойдың ар жағында айтылмай қалған тағы бір ойдың бар екендігін, не болмаса асығып-аптығып сейлеуге байланысты айтылмақ пікірдің толық айтылағандығын білдіру үшін койылатын тыныс белгі:

- | | |
|------------------|----------------------------|
| а) көп нұктесі; | в) тыныс белгі койылмайды; |
| ә) нұктелі үтір; | г) үтір. |
| б) сзыыкша; | |

4. Бірынгай мүшелердің алдынан жалпылауыш немесе жалпылауыш мәнді сөздер келсе, жалпылауыш сөздерден кейін қандай тыныс белгісі койылады?

- | | |
|-------------------|-------------|
| а) көп нұктесі; | в) нұктесі; |
| ә) сұрау белгісі; | г) үтір. |
| б) кос нұктесі; | |

5. Баяндаған отырған мәселеге автордың көзқарасын, өзіндік пікірін, сезімін анғарту үшін колданатын сөздер:

- | | |
|-----------------|----------------------------|
| а) қаратпа сөз; | в) онашаланған айқындауыш; |
| ә) қыстырма; | г) бірынгай мүше. |
| б) одағай; | |

6. Сейлем мағынасын айқындауга катысы бар, бірақ өзге мүшелерімен грамматикалық байланыска түспейтін сөз:

- | | |
|-----------------|----------------------------|
| а) қаратпа сөз; | в) онашаланған айқындауыш; |
| ә) қыстырма; | г) бірынгай мүше. |
| б) одағай; | |

7. Жауап күту мақсатымен айтылған сейлем:

- | | |
|----------------|----------------------|
| а) сұраулы; | в) хабарлы; |
| ә) бүйіркүйкі; | г) дұрыс жауабы жок. |
| б) лепті; | |

8. Сейлемнің бірынгай мүшелерін жинақтау, оның мәнін ашып тұжырымдау мақсатындағы сөздер:

- | | |
|-----------------------|----------------------|
| а) бірынгай мүшелер; | в) айқындауыштар; |
| ә) жалпылауыш сөздер; | г) дұрыс жауабы жок. |
| б) оқшау сөздер; | |

9. Біреудің ойлаған ойын, пікірін, топшылауын білдіретін сөздер мен сейлемдер:

- | | |
|----------------|---------------|
| а) автор сөзі; | в) оқшау сөз; |
| ә) төлеу сөз; | г) диалог. |
| б) тел сөз; | |

10. «Пәлі-ай Мақұл-ақ Ал ендеши мен нені айттым!» деген сейлемде койылатын тыныс белгісі:

- | | |
|-------------------|-------------|
| а) көп нұктесі; | в) нұктесі; |
| ә) сұрау белгісі; | г) үтір. |
| б) леп белгісі; | |

**Өзінді тексер!**

1. Осы тарауда еткен тыныс белгілерін атандар.
2. Көп нүктенің қойылатын орындарын естеріне түсіріп, мысал келтіріндер.
3. Қаратпа, одагай сөздерден кейін келетін үтірге мысал келтіріндер.
4. Тыныс белгілерінің қабаттаса қойылу себебін түсіндіріндер.
5. Айқындауыштарға қатысты тыныс белгілерін атандар. Мысал келтіріндер.
6. *Саясат* сөзін ашатын мақал-мәтелдер тауып айтындар.
7. Жаһандану дегенді қалаң түсінесіндер?
8. «Ұлттың сакталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген ойды З сейлеммен пайымдандар.
9. Түйіндеме деген не?
10. Егер саясаткер болсан, қоғамның кай саласына баса көніл бөлөр едін?

**Ғалым болам десеңіз...**

1. Р.Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы. Елорда, 2000.
2. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы/ К.С.Ерғалиев. Павлодар: ПМПИ, 2014.
3. Л.Дүйсембекова. Қазақ тілі: Ісқағаздарын жүргізу. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.
4. Қазақ тілі. Ресми қарым-қатынас тілі. Ісқағаздар тілі. Алматы: Рауан, 2000.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

9.1. ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТАРИХЫ



1-тапсырма. «Галереяға шолу» әдісімен суреттерді таныстырыңдар.



A Мәтінді оқып, ондағы негізгі ойды анықтандар.

Шешендік сөздер – ғасырдан-ғасырга ұласып, халық илгілігіне жарап келе жатқан ұлттық мұрамыздың бірі. Қысқа да нұска, бейнелі, мағынасы терен, шымыр, кисынға құрылған бұл сөздер тындаушының көnlінен шығып, оны сөзсіз иландырады.

Шешендік өнерге ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Ежелгі Грекияда, Римде шешендік өнерді «риторика»¹ деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүниежүзіне әйгілі ерте заман шешендері Протагор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сиякты өз заманының мемлекет кайраткерлері, ел аузына қаражан ойшылдары болған. «Риторика» гылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шықкан «Шешендікке қыскаша басшылық» атты енбекі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды.

Қазактың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билдерден басталып (XII–XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асанқайғы (XIV–XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті. Шалгез, Бұқар (XV–XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаздауысты Казыбек, Эйтекелерге жалғасты. Шешендік өнердің көнінен дамып биктеген кезеңі – XV–XVIII ғасырлар. Бұл кез қазақ халқының жонғар, қалмак, қытай басқыншыларына карсы тұрып, тәуелсіздігін корғау жолындағы күрес жылдары еді.

¹ Риторика – шешендік өнер туралы гылым.

Шешендік сөздердің алғашқы ұлгілерін халық ауыз адебиеті туындыларынан, ертегі, аныз-әнгімелерден, өлең-жыр, дастандардан үшыратамыз. Осы сөз өнерінің кен қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулыры, айтыста р мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

А.Кайытбаева

-  **Ә** Мәтіннің қандай үлгіде жазылғанын анықтаңдар (баяндау, суреттеу, пайымдау).
-  **Б** Алғашқы азатжолдағы етістіктерді қалау рай формасына алмастырып оқындар.
-  **В** Билердің сезін тындандар. Ұнаған үшеуін жатқа айтып, мәнін түсіндіріндер (27-аудио).



Есте сақта!

Нұктелі үтір

Нұктелі үтір – құрмалас сейлемнің құрамындағы жай сейлемдердің арасына қойылатын тыныс белгі. Онда сейлемнің құрылышы мен мағынасы негізге алынады.

Нұктелі үтірдің қойылатын орындары	
Баяндауыштары тұлғалас сейлемдер бірін-бірі толықтырып тұратын болса	Кісіге біліміне қарай болыстық қылады; татымсыза қылған болыстық өзі адамды бұзады (Абай).
Баяндауыштары тұлғалас, мағыналары тенденс, санамаланған сейлемдер жалпылауыш мәнді сейлемнің мағынасын ашып тұрса	Жаңағы әңгімендеген соң Әсия рені өзгеше; жүзінен шуақ есіп, мойнынан ғаламат бір ауыр жүк түскендей сергек, жеңілденгені сезіледі; үлкен кісіге ғана тән биязылық, ұстамдылық та мұнар шалған жаңарынан андалады (М.Сунд.).
Мазмұны әуендең болып келетін бірыңғай сейлемдерден кейін	Ақыл менен білімнен Әбден үміт үзілпін; Айла менен амалды Меруерттей тізілпін; Жалмауыздай жаландап, Ар, ұятан құспілпін ¹ (Абай).
Баяндауыштары тұлғалас, мағыналары жағынан жақын, өзара тенденс келетін құрмалас сейлем құрамындағы жай сейлемдер арасында	Марқакөлдің сүсын ішіп, отын жеген сарықарын, тұтам емшек жануардың баурынан сұт сорғалап, сүтемес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба еміздіктең, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпайлайды (Ж.А.).
Рет-ретімен әріптер не цифрлар арқылы санамаланып айтылатын сейлем не сөздерден кейін	Ертегілер іштей бірнеше жанрға бөлінеді: 1) қиял-ғажайып ертегілер; 2) хайуанаттар туралы ертегілер; 3) шыншыл ертегілер (М.Ә.).

¹ Қусу – кету. Ар, ұятан қетілпін.

9-бөлім



2-тапсырма. Сейлемдердегі нұктелі үтірдің қойылу мәнін түсіндіріп, көшіріп жазындар.

Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып косу; палуан апарып күрестіру; қаршыға, лашын салғызу; жүйрік ат пен мықты жігіт сактап, ұры түсіру; каскыр соккызу; акын, әниші, күйішін сактап, өнерді қызықтау сияқтының барлығын да өзі де көрді, бала-інілеріне де толық көрсетті (М.Ә.). Қатар конған екі ауыл, кейде үш ауылдың үлкендері конакқа шакырысып, ана жакта келелі кенес құрылып жатса, мына жакта суга барған катындар құдық басында шүркүрасып, ымы-жымы ынгайласып, ыдыс-аяқтар араласа бастар еді; жастар жағы бәрінен бұрын жол тауып, күнде-күнде күн батканын асыға күтер еді де, қалай қас карайды, солай ауыл сыртындағы жазғы таң сары белден ағарып атқанша аксүйек ойнап, алтыбақан теуіп, ән шырқап, ұлы түрсіл салар еді (Ә.Н.).



А Сейлемдерді қажетті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар. Қойылу себебін анықтап, ережесін еске түсіріндер.

1. Дауыс жер астынан шыккандай селк етіп зәресі зәндемге кетті жығылып барып оянды (Ж.А.). 2. Ұзын сапты ақ балтасын жарқылдатып кулаштай соғып кулатылған қарағайларды бүттарлайды да жатады үнемі сезбен де ісі жоқ әкем сияқты үндемейтін бір пенде (С.Ш.). 3. Өздерінің сиырларын суарам гой деп барып еді Қартқожаның ол ойы болмады ауылдың сиыры қаптап кетті (Ж.А.). 4. Ін үстіне мүйіз тұяктар тасырлап дүбірлеп келді айқай-дабыр молайды (М.Ә.). 5. Күнікей күліп отырып томсарып қалады томсарып отырып күліп жібереді бірсесе апасымен шартпа-шұрт келіп қалады бірсесе жайдарымсып апасының мойнынан құшактайды бір сағаттың ішінде күзгі күндей кырық құбылады (Ж.А.).



Ә Пунктуация сезін негізге ала отырып, сөзжұмбак құрастырындар.

П	У	Н	К	Т	У	А	Ц	И	Я
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

Көрек дерек!

Көркем әдебиет стилі

Әдеби тілдің кемелденіп, даму, жетілу үдерісінде көркем әдебиет стилінің орны айрықша. Көркем әдебиет стилінде айтылатын ой мен сезім әртүрлі образдар арқылы беріледі. Жазушы, сейлеуші оқырманға ойын жай баяндай салмай, әсерлі, көркем көріністер, бейнелер арқылы әсер етеді. Сондықтан тілдің эстетикалық қызметі басты рөл атқарады, бұл – өзге стильдерден көркем стильдің өзіндік даралық ерекшелігін көрсетеді.

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



3-тапсырма. Көркем әдебиет стилінің өзге стильдерден айырмасын бір сәйлемге сыйдырып айтындар.



Көркем әдебиет стилі

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – кекіргі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көнілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын нәрселер.

Абайдың отыз бірінші қарасөзі



4-тапсырма. Көпшілік алдында сейлеу әдебін сақтай отырып, Абай бабамыз айтқан ой кеселдерін толықтырып, бүгінгі заманмен байланыстыра баяндаңдар.



A Мәтіндегі сызықшалардың қойылу себептерін түсіндіріндер.

9.2. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ



1-тапсырма. Екі топқа бөлініп, мына қанатты сөздердің авторларын тауып жарысындар.

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын куса игі.
Өзіне келер ұттын
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені
Ортасынан куса игі!

Бір бала бар –
Атага жете туады.
Бір бала бар –
Атадан өте туады.
Бір бала бар –
Кері кете туады!

Откен күн, кеше – тарих,
Келер күн, ертен – сыр,
Ал бүтінгі күн – ұлкен сый.

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек; одан соң – күш керек; одан соң – тәртіп керек.

9-бөлім



- A** Мәтінді оқындар. Эр азатжолға атау беріп, ондағы ақпараттың орналасуына көніл аударындар.

Шешендік сөздер нұскаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Казактар ... мұдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырганың өзінде сөйлеген сөздер үйқаспен, ыргакпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таңгаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе казак тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс анғарып, қазактардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Сондай-ак казактың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялагандардың бірі – Ұбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жасөспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз енбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Казак әдебиеті тарихы» енбегінде «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипаттына дәлелдіғылыми тұжырымдама береді.

Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше енбек сінірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынұлы шешендік өнерді жеке алғы қарастырып, құнды пікірлер білдірді. Шешен сөз, кесемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын колданыс орнына қарай (саясатка катысты, сотта сейлеу, кошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыштағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген.

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық макалдарында «Таяқ еттен етеді, сөз сүйектен етеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды» деп сөзді айтушыға да, оған құлак коюшыға да биік талап койған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тындаушының жүргегіне жетіп, ерекше сезімге бөлег ен.

О.Жиреншин



- Ә** Құрмалас сөйлемдерді тауып, сызба арқылы пунктуациясын түсіндіріңдер.



- Б** Кешенді фонетикалық талдау жасандар.

Шешендік сөз

Тапқырлық

Нақыл сөз



В 4 топқа белініп, берілген сөздердің мағынасын өз сөздерімен түсіндіріңдер.

Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді .

Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ .

Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді .

Аталы сезге арсыз ғана токтамайды .



Г Мәтінді тыңдал, «Сөздің құдіреті» деген тақырыпта әңгіме жазындар (28-аудио).



Есте сақта!

Жақша

Мағынаға негізделіп қойылатын тыныс белгілерінің бірі – жақша. Жақша ішіндегі және сыртындағы сөздер өзара грамматикалық байланысқа түспейді. Жақшага алынатын сөздер сөйлем ішіндегі бір ойды не жеке бір сөзді түсіндіреді, автордың белгілі бір нәрсе жайында көзқарасын білдіреді.

Жақша қойылатын орындар	
Сөйлемдегі белгілі бір сөздің мағынасын, негізгі ойды айқындал, қосымша түсінік беру үшін қолданылатын қыстырмамәнді сөздер	Таңбалар – жеке үғымдардың (тілдік жағынан қарағанда жеке сөздердің, тіркес оралымдардың) шартты белгілері ғана (С.И.).
Ұзінді, мысал, нақыл сөздің шығу дерегін, кімнен алынғанын көрсететін түсініктер	Қазақ тілі – әрі бай, әрі көркем тіл (М.Ә.).
Драмалық шығармалардағы редакциялар (автор түсіндірмелері)	Ынтықбай. Шәрба ағам арбасын жекті ме екен? Тысқа шығып келші. (Кетеді.) (Ж.А.)
Мәтіндегі кей сөздің мәні екіүшты, күмәнді болып келсе, сол сөзден кейін қойылатын сұрау, леп белгісі	Еңбек – кеме, матрос – мен кемеде, Оны сүймек – сыйбага пешенеме (?) (Қ.Шанғ.)
Белгілі сөздерді түсіндіруде оның аудармасы, синонимі, екінші бір тілдегі баламасы	1900 жылдың желтоқсанында шетелдік «Искра» («Ұшқын») газетінің бірінші нөмірі шықты.



2-тапсырма. Сөйлемдерді тиісті жеріне жақша қойып көшіріп жазындар. Жақшаның қойылу ережесін түсіндіріңдер.

- Мектептегі баладан басқа мектеп бағдарламасынан тыскары жолмен кара халыкты оқыту, қырға шығатын мұғалімдердің кыр

9-бөлім

халқымен жақындастып, калаған игілік жұмыстарын жүрт құлағына тез сініруіне үлкен себеп болатын нәрсе – кара халыкты оқыту үшін мұғалімдердің жоғары курсаты оқитын сабактары: 1 халыкка қысқаша лекция, сейлеудің жөні, жаксы кітаптар, газет-журналдар оқып, түсіндірудің жөні; 2 ел арасында кітапхана ашудың жөні; 3 театр жасаудың жөні һәм басқалар болу керек (М.Ә.). 2. Салжігітten Темірбекті ол Салжігіт дейтін еді неге калдым? Несі – Әбіл әйелге бұлайша ерек атын қоюды бірінші естуім дейтін жесір әйел (С.М.). 3. Бірақ мені мен Раушанның Рауза деп бірге оқитын жолдастары атап кеткен көрінеді оқысында үлкен айырма бар екенін сезгендеймін (М.И.).



A Биопоэма. Өздерің туралы сұрақтарға жауап беріндер. Жауаптарыңың ішінде жақшамен берілген сейлемдер болуы тиіс. Эрқайсысың өз жауаптарынды оқып, жақшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.

1. Есімім.
2. Мен қандаймын (өзінді сипаттайтын үш сын есім келтір)?
3. Сүйікті іс-әрекеттерім (хобби).
4. Неден корқамын, сескенемін (корқыныш пен қауіпперін)?
5. Өмірлік қағидам (кредо).



Ә Блиц ойыны. Шындық детекторы. Үш оқушы тақырыпқа байланысты, яғни жақшаның қойылу ережесіне он мысал даярланадар. Он мысалдың біреуі қате, яғни ережеге сай емес жазылған болуы керек. Қалған оқушылар қате берілген мысалды табуы тиіс.



Б Көркем шығармадан үш мысалдан тауып, кестені толтырындар.

Сейлемдегі белгілі бір сөздің магынасын, негізгі ойды айқындаپ, конышта түсінік беру үшін колданылатын қыстырма мәнді сөздер	Үзінді, мысал, нақыл сөздің шығу дерегін, кімнен алғынғанын көрсететін түсінік	Драмалық шығармалардағы автор түсінірмелері

Көркем дерек!

Көркем әдебиет стилінің қалыптасуы

Көркем әдебиет стилі – тарихи түрғыдан ерте қалыптасқан стильдің бір түрі. Оның пайда болуына ықпал еткен негізгі арналары: XV–XIX ғасырлар аралығындағы **ақын-жыраулар поэзиясы, фольклор тіліне тән өлең-жырлар, лирикалық эпостар тілі, халықтың сейлеу тілі, Абай, Ұбырайдан басталған жаңа көркем әдебиет тілі**. Көркем әдебиет стиліне проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалар жатады.

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



3-тапсырма. Көркем әдебиет стилінің қалыптасуына негіз болған шығарма түрлері (қарамен берілген) туралы кенірек баяндандар.



Көркем әдебиет стилі

Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеудің үшін еткен еңбек пен ерліктен туады.

Жастарымыз отанышы болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал отаншылдық өз үйінен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе, сол адам отанышы болады. Өйткені өз аке-шешесін ардақтамаған – өзгениң ата-анасын құрметтемейді. Өз ауылдының тасын сыйламаған – өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген – өзге ұлтарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеудің аспан мен жердей.

Намыс – азаматтың алтын туы. Эке-шешесін сыйлаған балада намыс болады. Ер жігіттің елі – ата-анасы. Отаны – өз үйі. Елді, жерді, Отанды сүйеттінінді сөзben емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруақор, адал, әділ болып өседі. Іс деген – осы. Патриотизм осыдан басталады.

Б.Момышұлы



4-тапсырма. Мәтіннен диаграммадағы үтірге сайкес келетін сөйлемдерді ажыратып жазыңдар.



А Мәтіндегі үтірлердің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



Ә Мәтіннен жалпы халыққа түсінікті болмауы мүмкін сөздерді тауып, түсіндірме беріңдер.



Ресми ісқағаздар стилі

ХАТТАМА

Есік қаласы №

5.05.2010 ж.

Есік қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің 11-сынып окушыларының жиналышы

Тәрағасы _____
отынжан:

Хатшысы _____
отынжан:

Қатысқаны – 28 окушы (қатысқан, қатыспағандардың тізімі қоса беріледі)

Күн тәртібінде:

1.

2.

1. Тыңдалды:

Сынып жетекшісі _____ (-ның/-нің, -дың/-дің,
отынжан)

-тың/-тің) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жасаған баяндамасы тыңдалды.

Баяндаманың мәтіні қоса тіркеледі.

(Егер қаралатын мәселелер бойынша жеке-жеке адамдар баяндама жасаса, сөйлесе, онда әрқайсысы жеке жазылады).

Сейлегендер:

(Сөздің қысқаша мазмұны түсіріледі).

1. _____
сейлеулиниң отынжан:

2.

3.

Қабылданған қаулы

1 – 1

1 – 2 макұлдансын

2. Тыңдалды:

Сейлегендер

Қаулы

Тәрағасы

қолы

отынжан:

Хатшысы

қолы

отынжан:



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

- Хаттаманың құрылымына кандай мәліметтер кіреді?
- Хаттаманың күн тәртібінде не жазылады?



- A** Барің бірігіп сынның ішінде «Адам еңбегімен қадірлі» тақырыбына өткен тәрбие сағатына хаттама жобасын жазыңдар.

9.3. ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ПӘН РЕТИНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ



1-тапсырма. Блиц-сауалнама сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Би деген кім?
2. Казактың үш би? Олардың басқа билерден айырмашылығы қандай?
3. Шешендік сөздер дегеніміз не?
4. Қазак тарихында билердің релі қандай болған?
5. Билер соты дегенді қалай түсінесіндер?
6. Билерге тән басты қасиеттер қандай?
7. «Тура биде туган жок, туганды биде иман жок» деген канатты сөзді қалай түсінесіндер?



A Мәтінді оқып, мәліметтер мен пікірлерді өздеріңе белгілі маліметтермен толықтырындар. Логикалық және стильтік түзетулер енгізіндер.

Шешендік өнерге тән көптеген элемент сонау Цицерон заманынан бастап күні бүгінге дейін қалыптасу үстінде. Шешен адам үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Қандай да болмасын шешендік сез терең ойға, үткыр шешімге, бейнелі сөзге, тапқыр логикаға құрылады.

Шешендік өнердің зерттеліп, ғылыми жүйеленуі ерте замандардан басталған. Мәселен, көне Грек, Рим дәуірінде бұл өнердің жеке пән ретінде оқытылып, теориялық тұрғыдан зерттеле бастағанын көреміз. Шешеннің сейлеу барысындағы нандыру амалдарын қарастыра отырып, Аристотель өзінің «Риторика» еңбегін үш белімнен түзеді. Бірінші белімде шешеннің тындаушыларын тындауга мәжбүр ететін принциптері сараланады. Екінші белімде шешеннің тындаушы сеніміне кіріп, мақсатқа жетуі үшін кажетті жекебас қасиеттері мен ерекшеліктері сипатталады. Ушінші белімде Аристотель шешендік өнердің техникалық жактарын, сейлеу үдерісінде пайдаланатын ойды жарыққа шығарудың амалдарын, сейлеу мәтіндерінің құрылышын қарастырады. Ол сейлеудің алғы сез, әнгіме, далелдеме, корытынды секілді төрт түрлі бөлшегін бөліп көрсетіп, әрқайсысының нандыруға, сендеруге кажетті маңызын жан-жакты негіздейді.

Шешендік өнер көне Римде үлкен күшке не болды. Цицеронның мәлімдеуінше, Римде сез құдіретіне не болған адамға Тәніріндей табынған. Олар «адамды данкка бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі – қолбасылық, екіншісі – шешендік» деп білген. Рим мемлекеттік істерді халық жындарында, сенатта, сотта ерікті әрбір азаматтың сейлеу мүмкіндігіне не болатында жағдайда караган. Сондыктан Римде әрбір азаматтың шешен сейлеудің кыр-сырына қанығып өсуі мемлеке т істеріне араласу талабынан туындаған. Республикалық Рим

9-бөлім

үшін қоғамдық каркынды өмір, сөз бостандығы шешендік өнердің кеңінен өрістеуіне жол ашты.

«Ұлттық шешендік өнер ғылымының тарихы, әлбетте, «Шығыстың Аристотелі» атанған отырарлық оқымысты Әбу Насыр ал-Фарабиден басталады. Ол «Риторика» атты күрделі трактатында ғылыми-теориялық топшылауларын алдымен кәдімгі тәжірибелі іс-максаттан, колдану аясынан туындатады», – деп жазады шешендік өнер қақында жүйелі енбек жазған ғалым С.Негімов.

Қазақ қоғамында шешендік өнердің, билердің рөлін пайымдау максатымен жазылған XIX ғасыр шеніндегі Ш.Уәлиханов еңбектерін атап өткен орынды. Ш.Уәлиханов «Сот реформасы жайындағы жазбалар» дейтін енбегінде аталмыш өнер аясының билік-кесім айтылатын дау-дамайда туындайтынын дұрыс пайымдай келе, бұл өнердің бүтіндіей бір елдің билік жүйесін атқарып тұрган зандық күші бар көшпелі өмірге мейлінше лайықта лаған қасиетті өнер екендігін айтады.

С.Жиренов



Ә Берілген мәтінге жоспар құрындар.



Б Мәтінде жи қайталанған сөздерді тауып, жи қайталану себебін түсіндіріңдер.



В Шешендік сөзді тыңдал, шешеннің сөзіндегі салыстыру құралдарын көрсетіңдер (29-аудио).

Есте сақта!

Қос нұктес

Қос нұктес – сөйлемнің синтаксистік ерекшеліктері мен мағынасына байланысты қойылатын тыныс белгі.

Қос нүктенің қойылатын орындары	
Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш не жалпылауыш мәнді сөзден кейін	Осындай сырт ажарында дағдылы тірлік белгісі жоқ, сүкі қабақ жабырқау ауылға үш салт атты келді. Бұлар: Абай, Ербол, Дәрмен (М.Ә.).
Жалғаулықсыз салаласқан жай сөйлемдердің алдыңғысының мағынасы соңғы жай сөйлемдер арқылы айқындалса	Өзге қостар да тұрса керек: далада шүлдірлескен сөздер молайып, жақындағы бастады (Ж.А.).
Төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін	Ақбала бір кітапты қолына ұстап тұрып: – Ей, мынада Каутский де бар ғой, – деді (Ж.А.).
Әрі қарай санамалап кететін бірыңғай сөздердің сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен кейін	Тәуелді қалыпта екі рет бар: 1) анайылық рет; 2) сыпайылық рет (А.Б.).
Бірыңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқанда деген қыстырма сөздерден кейін	Шартты рай дегеніміз – істің істелуіне шарт көрсететін сөздің түрі. Мысалы: Берсөң – аларсың, ексең – орарсың (А.Б.).



2-тапсырма. Сөйлемдерді тиісті жеріне қос нұкте қойып кешіріп жазындар.

1. Сол болашақ жайнаң қағып көз алдында түрдү қайғысыз өмір, бала-шаға қамы, шаруашылықтың кеп күйбені, үй тұрғызып баспаңа салу, не керек, тіршілік ету керек. 2. Колхоз кассасында акша атаулы болмайды еткізілген астық та, сүт те, ет те шығынның есебіне кетеді. 3. Бірақ алда әлі екі кара катарласып жанұшырып барады бірі кара көк, бірі жирен. 4. Шылбыр ауланың төбесіндегі белагашка байланғандықтан, жата алмайды басы төмен салбырай берсе-ақ ауыздық езуін жыртып кете жаздайды. 5. Қазір қорықсан жоқ оттың жылуы мен тутініне сүйсініп жатыр (Ш.А.).



А Менің арманым. Өздеріңің армандарынды бес сөйлемге сыйдырып жазындар. Сөйлем ішінде ережеге сай етіп қойылған қос нұкте болуы тиіс.



Ә Көркем шығармадан үш мысал тауып, кестені ережеге сай толтырындар.

Жалпылауыш сездерден кейін, бірынгай мүшеслердің алдынан қойылған қос нұкте	Бірінші жай сөйлемнің мазмұны екіншісінде анықталып, ашылып берілген түсіндірмелі салалас аралығыншағы қос нұкте	Жалғаулықсыз себеп-салдар мәнді сөйлемнен кейін койылатын қос нұкте



Б Қос нұкте қойылған шумақтары бар өлеңдер тауып, себебін түсіндіріндер.

Көрек дерек!

Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері

Көркем әдебиет стилінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Соның ең бастысы – тіл байлығы, сездік құрамының молдығы. Авторлық баяндаудың құрылымына, кейіпкерлердің іс-әрекет, болмысына қарай тілдің бар байлығы қолданылады: **кәсіби, диалект сездер, этнографизмдер, қарапайым сездер мен жаргондар, сирек қолданылатын сездер, тарихи, көнерген сездер, окказионализмдер** т.б.

М.Қанабекова



3-тапсырма. Қарамен берілген лингвистикалық терминдерге түсініктеме беріндер.



Көркем әдебиет стилі

Әйтке бидің сездері

- Атаң қазақ атты түсіне қарап таниды, ерді ісіне қарап таниды.
- Атасы бас имеген жерге тізе бүккен ерді ер емес, ез деп біледі.
- Ел ағасы ақымақ болса, елін жау түгіл жолаушы тонар.
- «Құс жаманы ұясына саңғиды» демекші, ондай ерлер ел басқарса, өз елін жаумен бірге тонаудан шімірікпейді.

9-бөлім

5. Ақыл мен мінез – бірге тұған етіз. Ақыл – тамыр, мінез – жапырақ, жаман мінез – Жаратқанның ақылсызға берген жазасы.
6. Жақсы адамның серігі – ақыл, қанағат, әдел, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік.
7. Ер жігітке төзім – тірек; сабыр – қамал; ақыл – әл-қуат; ар – абырой; қазына, қанағат – асыл тас; бата – мұра; әдел – сән; жалған сез – дерт; ақиқат – ем; үміт – көніл азығы.
8. Төле би мен Қазыбек би Әйткеден: «Жігіттің жақсысы қандай болады?» – деп сурапты. Әйтке: «Дұрыс сезге тоқтай білген, басқаны сезіне тоқтата білген», – деп жауап беріпти.




4-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды бір сөйлемге сыйдырып жазындар.

9.4. ТУРА БИЛЕР



1-тапсырма. Ортақ қасиеттері қандай?



А Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтандар. Мәліметтер мен пікірлерді өндеп, толықтырындар.

Би – халықтың көкейіндегісін айткан, ойын жарыққа шығарған әділет жокшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйткеден қалған сез дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Ш.Үәлихановтың: «Би атағын беру казакта халық тараپынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тараپынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыппарына әбден жетік, сонымен катар тілге шешен қазактар ғана бұл күрметті атакка өз бетімен не болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет дәлелдеген. Ондай адамдардың атағы бүкіл казак даласына тез жайылып, олардың аты жүрттың бәріне мәлім болып отырған», – деген сөздерінен би халықтың көкейіндегісін айткан, жарыққа шығарған әділет жокшысы екенін танимыз. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деді. Демек, бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сезі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында.

О.Жиленшин



Ә Мәтін қандай үлгіде (баяндау, суреттеу, пайымдау) жазылған?



Б Мәтінге байланысты қанатты сөздер құрастырындар.



В Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, «Би-шешендердің сөздері – тәлім-тәрбие құралы» деген тақырыпта зерттеу мақаласын жазындар.



Есте сақта!

Тырнақша

Тырнақша – кідіріске, интонацияға немесе сөйлемнің құрылышына байланысты емес, мағынаға негізделіп қойылатын тыныс белгі.

Тырнақша қойылатын орындар	
Сейлем ішінде келген мақал-мәтелдер, афоризмдер	Жүсіп біздің ауылдағы сондай «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратын» кішкене «диктатор» еді (С.Ш.).
Дәйексөз, төл сөздер	– «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу» депті ғой. Эркім өз сүйгенін мақтайды да, – деп қойды жантайып жатқан бір жігіт (Ж.А.).
Нысан етіп алынған жеке сейлемдер, сөздер не сөз тізбектері, әріптер, буындар т.б.	Қазіргі қазақ тілінде егер-дің «ғ» дыбысы түсіп қалғанда, сөз еер болу орнына ер болып ықшамдалған (Ә.Х.).
Кекету, ажуалау және кері мағынада қолдану үшін айтылған сөз	Жас күнінде әйгілі Садақ ақынмен айтысып «Бала ақын» деген ат алып, сол Садақты өлең, сөзде мұдірткен осы Қадыrbай болатын (М.Ә.).
Зауыт, комбинат, фабрика, мәшине маркасы, ұшақ т.б. қойылған аттар	Жұмысқа берілгендей сонша, анадай жерде «Газик» келіп тоқтап, ішінен екі адам шыққанын да байқамай қалыпты (Ш.А.).
Газет, журнал, кітап, шығарма, кино т.б. аттары	Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады (М.Ә.).
Кейбір ойын, салт-дастур аттары	«Орамал тастау», «Хан жақсы ма», «Мыршым», «Белбеу соқ», «Ләппай тутәлә» сияқты құлдіргі ойындар да тегіс ойналды (М.Ә.).



2-тапсырма. Сейлемдерді тиісті жеріне тырнақша қойып, көшіріп жазындар. Қойылу себебін анықтап, ережесін еске түсіріндер.

1. Өзен жағасына есken бұта, шөптерге де Сүйкімді, Ашушан, Қорқак, Батыр неше түрлі аттар қоятын (Ш.А.). 2. Алтыбакан қасындағы ән мен ойын тағы біразга созылып барған сон, Ербол тың ойын бастады.

9-бөлім

Онысы – Ақсүйек, содан кейін Сереккүлақ еді (М.Ә.). 3. Ал жаңағы мықыр мойын сияқты жаңашылдар соның байыбына барып, мынасы дұрыс, мынасы бұрыс деп сарапал жатпайды (С.Ш.). 4. Мен, сейтіп, бір Волгаға отырдым да, айналып жүретін жаңа тасжолды тастанап, бұрын бала шағымда талай рет шынырап өзім журген ескі жолмен төте тарттым... (С.Ш.) 5. Бұрын мұндай жынын ортасында дос деген атпен Байсал, Қаратай, Бежей, Сүйіндік, Түсіп сияқты кісілер отыруши еді (М.Ә.).



A Көркем шығармалардан тырнақшаның әр түріне бес мысалдан теріп, кестені толтырыңдар.

Тырнақша койылатын орындар	Мысалы
Сейлем ішінде келген мақал-мәтеддер	
Нысан етіп алғанған жеке сейлемдер, сездер не сез тізбектері, әріппер, буындар	
Кекету, ажуалау және кері мағынада колдану үшін айтылған сез	
Зауыт, комбинат, фабрика, мәшине маркасы, ұшак т.б. атаулары	



Ә Биопоэма. Өздерің туралы төмендегідей сұрақтарға жауап беріңдер. Жауап ішінде міндетті түрде тырнақша қойылған сейлемдер болуы шарт.

- Есімім .
- Мен қандаймын (өзінді сипаттайтын бес сейлем жаз)?
- Сүйікті іс-әрекеттерім (хобби).
- Неден корқамын, сескенемін?
- Өмірлік қағидам (кредо).



Б «Мақал – сездің атасы» тақырыбына шағын эссе жазыңдар. Эссе ішінде тырнақшаға алғанған сез бен сейлемдер болуы керек.

Керек дерек!

Көркем әдебиет стиліне тән белгілер

Көркем әдебиет стилінің басты белгісі – тілдің лексикалық қабаттарының барлық түрлері (экспрессиялы-эмоциялық бояуға бай тұрақты сез тіркестері, фразеологизмдер, синонимдер, ауыспалы мағыналы, көпмағыналы сездер, антонимдер, антирезалық құбылыстар, мақал-мәтел, қанатты сездер, көріктеу тәсілдері) қолданылады.

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



З-тапсырма. Қарамен берілген сездерге мысал келтіріңдер.



Көркем әдебиет стилі

Аурудан аяған күштірек

Сейіт орам¹ үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, андаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп, шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны керген соң Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

– Аяғың ауырмай ма, қабағынды да шытпайсың? – деп сурады.

Сейіт шешесі шығып кеткен соң демін алып, сынғышыға сыйырлап:

– Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсө, шешем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, – депті.

Ы. Алтынсарин



4-тапсырма. Матінде көтерілген маселеге баға беріңдер.



A Қос нүктенің қойылу себебін түсіндіріңдер.

9.5. ШЕШЕНДІК СӨЗ ТУРАЛЫ



1-тапсырма. Мақалдар жарысы. З топқа бөлініп, берілген мақалдардың жалғасын табыңдар.

Түйенін буласы жақсы, ...

Сейлеген сон – өзіне сезін кожа.

Мал шепкә, ...

Сөзде – канку жаман.

Жақсы сез жан сүйіндірер, ...

Үндемеген есті артык.

Сейлегенше – сезінде өзін кожа, ...

Пәле тілден жұгады.

Ат айналып песін табар, ...

Шешен сезінен сынады.

Ауруда – шашшу жаман, ...

Адам сөзге токтайшы.

Байлауы жок шешенин ...

Жаман сез жан күйіндірер.

Пиे көзінен сынады, ...

Сез айналып жүйесін табар.

Қотыр көлдан жұгады, ...

Таяқ еттен етеді.

Сез сүйектен етеді, ...

Сөздің турасы жақсы.

¹ Орам – бұл жерде: көше.

9-бөлім.



- А** Мәтінді оқындар. Азатжолдағы ақпараттың жүйелі орналасуын сипаттаңдар.

Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге токыш, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнердің кындығы туралы Бұкар жырау:

...Көш бастау кын емес –
Конатын жерде су бар.
Кол бастау кын емес –
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сез бастау кын –
Шешімін таппас дау бар, –

деп дүрыс анғартады.

Нагыз шешен үшін сезге шебер болу жеткіліксіз. Ол табан астында тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мұдірмей¹ сез бастайтын батыл, сез сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Жалпы, казақ сез қадірін жете ұғынған, оған өз өмірінде мейлінше мән берген, айрықша бағалаған. Сез өнерін дертке балаған ел «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деп сез күдіретіне табынған, оның уытты күшін «Таяқ еттен етеді, сез сүйектен өтеді» деп бағалай білген. Мән-мағынасыз, қалай болса солай сейлеуге болмайтындығын ескертіп, «Андалай сейлеген ауырмай өледі», «Іріген ауыздан шіріген сез шығады», «Жақсы сез – жарым ырыс» деп тыйым айта отырып, жүйесін тауып сейлей білгенге «Сез тапканға колка жою» деп қошемет көрсетіп отырған. Әлемдік өркениетте ең бай да құнарлы тілді менгерген Қазақ елінің «Жүйелі сез жүйесін табар, жүйесіз сез иесін табар» деп сейлеудің мәдени нормаларын да белгілеп, тіл білудің соңшалыкты қын өнер екенін айтқандығы халқымыздың даналығын танытса керек.

О.Жиреншин



- Ә** Бұкар жыраудан басқа тағы қандай жырауларды білесіндер?



- Б** Берілген сездердің мағынасын бір-бірлеп постер қорғау арқылы түсіндіріндер.

Артық сейле, кем сейле,
Таразылай тең сейле.

Андалай сейлеген ауырмай
өледі.

Жақсы сез – жарым ырыс.



- В** Көпшілік алдында сейлеу әдебін сақтай отырып, «Шаршы топта сез бастау қын» деген тақырыпта диалог құрындар.

¹ Мұдірмей – сезден тосытмау, жауап табу, жаңылмау.

 Есте сақта!

Сызықша

Сызықша – мағынаға, интонацияға сейлемнің синтаксистік ерекшелігіне байланысты қойылатын тыныс белгі.

Сызықшаның қойылатын орындары					
Бастауыш та, баяндауыш та бір сез та-бынан болса	Жалпылауыш сезіндің алды-нан	Оңашаланған айқындауыштың екі жағынан	Салалас күрмалас сейлемдерден кейін	Төлсөзben автор сезі, диалогте	Сейлемді ықшамдаң қолдануға байланысты
Абайдың ке-зін оған көп тартатын бір нәрсе – мұның білікше-леу келген көздері (М.Ә.).	Ортасында Құнанбай, Бежей, Бай-сал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар (М.Ә.).	Үшіншісі – бұл ауылдың кенже-сі, осы үлкен үйдің иесі, жас, то-лық, орта бойлы, акшыл қызылт, сұлу жүзді жігіт – Мұсабай (М.Ә.).	Бардым, – жолыға алмадым. Айтудай-ақ айттым – көнбеді.	– Эй, осы мынаның өнері жоқ па екен, ән салғаны әжептәуір фой, – деді Арын (Т.К.).	Жақсы тә-жірибе – көпке ортақ (мақал).



2-тапсырма. Сейлемнің тиісті жеріне сызықша қойып, көшіріп жазындар. Қойылу себебін анықтаңдар.

- Жанағы қараны жылқан Байсал, септі бұзған¹ Сүйіндік, енді мынау тұл атты² бауыздаған Байдалы үшеуі де кейін «жол» алады (М.Ә.).
- Бұл баланың өмірінде көрген, іштей сенген жалғыз адамы Оразқұлға шамасы келер, бар қылмысын кезіне шұқып айттар осы Құлбек қана (Ш.А.).
- Кемпір де, Бекей апай да, Гүлжамал да, ен ар жағы Момын атай да бәрі қосылып Мүйізді Бұғы ананың етін мақтады (Ш.А.).
- Ортасындағы Абайдың үлкен енесі, Алшынбайдың әйелі, семіз, қара бәйбіше (М.Ә.).
- Бақанас, Байқошқар бұл өнірдегі Тобықтының ен үлкен өзені (М.Ә.).
- Ұлкендер тобына бір жактан, әкеден төмен отырып, телміре қараган Абай болса, дәл осы тәрізденіп, барынша бой салып, қарап отырған ана шеттегі жас жігіт Жиренше. Бұл Көтібак ішінде Байсалдың жақын туысқаны Шоканның баласы (М.Ә.).



A Өленді мәнерлелеп оқындар. Сызықшаның өленді оқу мәнеріне әсерін түсін-діріндер.

Ақ сәулө, күміс жүзді, күндyz қабак,
Сен гұлсің піс шашқан, жарып сабақ.
Болғанда көзің – жакут, етін – торғын,
Көзің – ай, шашың – жібек, мамық тамак.

Көзің – нұр, сөзің – алма, аузың – алтын,
Самород қоспасы жоқ нағыз балқын.

¹ Септі бұзу – марқұмының бұзылып-түйлген кім-кешектері мен жеке заттарын жылы толғанда немесе асын бергенде құрметті, сыйлы адамның ашу расімі.

² Тұл ап – каза болған адамның құйрық-жалы күзелгендік аты.

Шомылған сұнкар бойың нақ таунардай,
Бұрқырап нұр төгілсін, маган талпын.

С.Торайғыров



Ә Өз есімдеріңің бастапқы әріптерінен сөйлем құрандар. Сөйлем ішінде міндettі түрде сзықша болуы қажет. Ережеге сай сзықшаның қойылу себебін түсіндіріндер.



Б Шындық детекторы. Үш топқа бөлініп, бір-біріңе алты сұрақтан дайындандар (тақырыпқа байланысты). Екінші топ екі сұраққа әдейі қате жауап беріп, үшінші топ қате жауапты табуы керек.



В Кестеде көрсетілген ережелерге сәйкес көркем әдебиеттен бес мысал теріп жазындар.

Сзықша қойылатын орындар	Мысалдар
Жалпылауыш сөздін алдынан	
Онашаданған айқындауыштын екі жағынан	
Саладас құрмалас сейлемдерде	
Сейлемді ықшамдаған қолданута байланысты	

Көрек дерек!

Көркем әдебиет шығармаларының аясы, мақсаты, сипаты

1. Қарым-қатынас аясы (қолданылатын орны): көркем шығармаларда (жазбаша түрі), көпшілік алдында, сахнада айтылатын әңгіме, өлең т.б. жанрларда.
2. Қарым-қатынас мақсаты: ақырат шындықты, өмірдегі зат, құбылыстарды суреттеу, бейнелеу арқылы өкірман сезіміне әсер ету.
3. Стильдік сипаты: сөз деректі, образды эмоционалды-экспрессивті мәнде т.б.

М.Қанабекова



З-тапсырма. Көрсетілген үш мақсатты анықтамаға айналдырып жазындар.



Көркем әдебиет стилі

Қазағым, қактықпа, қамалма!
Ел болар қамынды амалда!
Кетті түн, атып тан, шығып күн,
Сал малды, сал жанды, аянба!

Мал бақсан, жай жатқан ел едік,
Бейнетті көп тартқан ер едік.
Қаны жат, тілі жат, діні жат
Жат елден таяқты жеп едік.

Жатқа жем бай едік, кен едік,
Бағың жоқ биліктен кем едік.
Партия сұрқия, қым-қиғаш,
«Басы аман» көп надан сен едің.

Ұран

Зарыққан, талықкан шағына
Тап болды бостандық бағына!
Ұйымдас, ұрандас, жағалас!
Сен де мін бабаңың тағына!

Құның жоқ, қорлықта өшіп ең.
Терезен төремен болды тең.
Намыстан, қайрattan, қатарға ен!
Басқадан кем болған сениң нең?

Ұраным, қорғаным – сен, Алаш!
Жолына құрмалдық – мал мен бас!
Өнер тап, өрге шап, қару ат,
Аллалап алға бас, ал, Алаш!

Ж.Аймаұтов



4-тапсырма. Өлеңді мағыналық беліктеге бөліп, әр белігіндегі ойды бір сейлеммен қорытып жазындар.



A Керкем әдебиет шығармасына бір сейлемге сыйдырып анықтама беріңдер.

9.6. СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТИ



1-тапсырма. З топқа бөлініңдер. Әр топ «Жігіттің жақсысы: дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген» (Әйтке би) деген тақырыпта шағын мәтін құрандар (5 сейлем). Мәтінді стиліне қарай мәнерлеп оқып шығындар.



A Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінге логикалық және стильтік түзетулер енгізіп, редакциялап көріндер.

Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Сыпайылықтың да жөні, жосығы бар. Сыпайылықты бүтінде тым карабайыр түсіну де көғамдық пікірде нық орныкты. Үйнекескінде¹, өз ойын кесіп айта алмаушылық, кібіртіктеу, орынсыз ұялу, дер кезінде сөйлей білмеу секілді қасиеттер сыпайылықпен бірге коныс теппейді. Сыпайылықтың ауылы биік ереде.

Қажет жерінде кайсаңыз да таныту, сөзді кібіртіктемей жалындаң, жайнап сөйлеу, жарқырай көріну секілді қасиеттер төл тіліміздің сөйлеу мәдениетімен кабысса, нұр үстіне нұр. Осындауда халқымыздың «Колынан да, сөзінен де іс келеді» деген мактандышқа толы тағылымды даналығы ойға оралады. Сөйлеу мәдениетінің қалауы да – сол. Ал қазак тілі – айнадай жарқыраған, сәуле шашар, керек кезінде айбынданып, айбарланып, қуатты күшке айнала алатын құнарлы да нәрлі тіл.

Сөйлеу мәдениетін дамытуда ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті нұсқалары мейлінше пайдаланылса, оның әсері де мол. Ертегі тындаған, әдет-ғұрып, жөн-жосық үлгілерін көріп өскен, узында жарыған ұрпак төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі. Бұлардан макұрым калған пенде алапат та аның сезімге тап келеді. Ақылға бастар аялы сөздің орнын ашу-ызага бектіретін арзан сөздер басып алады. Төпелеген сел мен даудың астында қалу, мінеки, осыдан бастау алады.

¹ Үйнекескінде – батылы жоктық, жасыктық.

9-бөлім

Сейлеу мәдениеті елге, елдік мұраттарға қызмет етеді. Бірлікті, ынтымак пен жасампаздықты меже еткен, тағылымды тірлікті толғауы тоқсан өмірдің тоқетері санаған ел мен жер осындау биік міндеттің тәбесінен көріне алары хак. Ата-бабалар тағылымы осыны мензейді. Ата тарих, ана тіл солай деп тәмсіл етеді.


A.Қайырбекова



Ә Берілген мәтінге жоспар құрындар.



Б Сейлеу мәдениеті дегенді қалай түсіндіресіндер?



В Ертегі тыңдаған, әдет-ғұрып, жен-жосық үлгілерін көріп өскен, узына жарыған үрпақ төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі. Ал егер олай болмаса, қандай болып өседі? Қалай ойлайсындар?



Есте сақта!

Төл сөз бен автор сөзі

Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері олардың орналасу тәртібіне, синтаксистік ерекшеліктеріне, интонациялық және мағыналық айырмашылықтарына байланысты қойылады.



2-тапсырма. Төл сөздің тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.

Сырым Нұралыға наразы болып жүргенде Аз бен көпті, ак пен караны, нашар мен мықтыны тенгере алмадын, біреу-біреуді шауып жеп жатыр, оны басқара алмадын деп өкпелепті. Нұралыға бір кез келгенде Сырым амандаспай жүре береді. Сонда Нұралы:

– Батыр қайырылып сәлем бергін келмейді тасып жүрсін-ау денті.
Сонда Сырым

– Хан, тасып жүргенім жок, алты алаштың басын қоса алмай сасып жүрмін денті.



А Мәтіннің бұрыс қойылған және түсіп қалған тыныс белгілерін дұрыс қойып, жаттығуды орындандар.

Қаздауысты Қазыбек би Әнет бабадан сөз үйреніп : кенес сұрап ; ақыл алу үшін көшіп келіп катар қонып, екі-үш жыл іргелес жүріпті. Әнет баба бірде Қазыбек биден .

- Би, сен бұл дүниеде кімге қарыздарсың ! – деп сұрапты.
- Аллаға қарыздармын деп жауап беріпті Қазыбек би.
- Сосын кімге қарыздарсын?
- Сосын анама. Ол мені жарық дүниеге әкелді ;
- Сосын кімге қарыздарсын :
- Атама. Ол мені тәрбиеледі өсірді оқытты.
- Тағы кімге қарыздарсын .
- Халқыма. Ол мені қадіріме жетіп көтере білді.
- Тағы кімге қарыздарсын
- Әнет баба сізге қарыздармын. Сіз менін кеп нәрсеге көзімді аштыңыз, деп жауап беріпті Қазыбек би.

«Ет аузынан» кітабынан



Ә Жақсы тілек. Жанында отырған сыныптастыңмен бірге бір-біріңе жақсы тілектер тізбегін диалог арқылы жазындар. Диалог ішіндегі тыныс белгілерге баса назар аударылуы тиіс.



Б Көркем шығармалардан төл сөз бер автор сөздеріне байланысты қойылатын тыныс белгілерінің әр түріне үш мысалдан теріп жазындар.



В Төменде берілген сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қойып, кешіріп жазындар.

1. Кешігіп қалдындар деп Шаймерден шай үстінде сөз бастады Жыл мезгілін күннің көзіне даланың шөбіне қарап ажыратуды қазақ қашан кояр екен. 2. Болды болды жетеді деді Сафура күйеуін өзінен салғана итеріп Смағұл сен неге селтиң қалдың үйге жүр (Д.И.). 3. Шіркін-ай сөзді сатып алған ба көбірек жазса кайтер еді деді ол тамсанып. Тегі ол бар ғой әуелден осылай токетерін айтады да кош болмен аяктай салады (Д.И.). 4. Қандай аяулы жан дедім Мария туралы Жас болса да нағыз ана ғой мейірімді ана ғой ол (Д.И.).

Керек дерек!

Көркем әдебиет стилінің тілдік ерекшеліктері

1. Лексика-фразеологиялық: ауыспалы мағынадағы сөздер, суреттемелік, көркемдеуіш құралдар (тенеу, метафора, эпитет, антидеза т.б.), бейәдеби бірліктер, синонимдер мен антонимдер, бейнелі сөз орамдары т.б.

2. Морфологиялық: одағай, шылаулар, қыстырма, қаратпа сөздер т.б.

3. Синтаксистік: риторикалық сұраулы сөйлемдер, қайталамалар, парцеляцияланған¹ құрылымдар, инверсия және т.б.

«Қазақ тілі стилистикасының негіздері» кітабынан



З-тапсырма. Көркем әдебиет стиліне тән тілдік ерекшеліктерді бір сөйлемге сыйдырып, ереже түрінде жазындар.

¹ Парцеляция – стильдік экспрессивтік максатта сөйлемді ерекше екінші арқылы жеке белшектерге бөліп айту әдісі.



Көркем әдебиет стилі

Жолда (үзінді)

...Ауылда жүргенде қысы-жазы дөң басында ететін кеш қазір тағы да бір өзгеше бол серпілтіп, өз қуатын айрықша білдіріп, Абайға қатты әсер етеді...

Өзі салмаса да, Абай қаршыға салған үлкендердің қасына өткен жазда көп еріп еді. Сонда ымырт жабыла бергенде, апақ-сапақта, кеш қараңғылығы қоюланған сайын, көк қаршыға, өрттей қаршыға, секунд санап жалындаш шалқып, жайнай беруші еді... Абай өз ойын, өз көnlінің күйін мына кеште дәл сол шабыттағы беті қайтпас қаршығадай сезді. Бүгін біртүрлі сергектік, сезімділік бар...

Өзге күндерден дәл бүгінгі күннің уақығалары әлдеқайда бөлек. Күндізгі әкелер, әлгі Шеже, жаңағы Бөжейлер... Бір Қарқаралы қаласының алақандай аясының ішінде болғанмен, осы адамдар арасы соншалық кереғар. Тіпті дүниенің төрт бұрышындаш алшақ жатыр. Бір жерде – күш, бір жерде – өнер, бір жерде – мінез... Арапары және бітімсіз бол, әр салада жатқаны несі!.. Бәрі бір орынға жиылып, ынтымақпен бір арадан табылса не етер еді?...

Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және, тіпті өз ойы сияқты көрінді. Анығында: «ақыл, қайрат...», «ақыл мен бақыт, байлық» дегендердің өзара дауы, таласы деген «парсы, түрік» тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі бар-ды.

М.Әуезов. «Абай жолы»



4-тапсырма. Мәтіннен көркемдегіш құралдарды тауып, жасалу жолына мән беріндер.



А Мәтіннен риторикалық сұраулы сейлемдерді жазып, постер Қорғау арқылы ойларынды дәлелдендер.



Ресми ісқағаздар стилі

ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ

_____ атындағы _____ мектебі
мәжілісінің №1 хаттамасынан

ҮЗІНДІ

Алматы қаласы 20___ ж. ____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. _____ атындағы _____ мектептің
10-сынып оқушысы _____ (-ды/-ді, -ты/-ті, -ны/-ні) қазақ тілі
пәнінен «Ақберен» республикалық байқауына қатысуға ұсыну туралы.

ҚАУЛЫ:

1. _____ атындағы _____ мектептің
10-сынып оқушысы _____ қазақ тілі пәнінен «Ақберен»
республикалық байқауына қатысуға үсынылсын.

Оку ісі жөніндегі менгеруші _____

аты-жөні

жөні

Хатшы _____

аты-жөні

жөні

**5-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бұл күжат неге хаттамадан үзінді деп аталады?
2. Көрсетілген күжаттың хаттамаға ұксас жақтарын көрсетіңдер.



A Аудан бойынша 10-сынып арасында М.Макатаев оқуларының байқауы болады.
Сол байқауға сыныптарыңнан бір оқушының қатысатыны туралы хаттамадан үзінді жазыңдар.

9.7. СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТИНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**1-тапсырма.** Мына сөздерге қысқаша анықтама беріп жарысындар.

зерттеу

текстология

сөйлеу мәдениеті

зерттеу нысаны

теориялық
мәселелер

сөз тазалығы

**A** Мәтінді оқып, көтерілген мәселеге баға беріңдер.

Сөз мәдениеті – әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орынмен қолдана білу, сейлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту.

Сөз мәдениеті қазіргі әдеби тілдің жүртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сейлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз кеп сейлеу, бір пікірді қайталай беру, өзіне-өзі сілтеме жасау, асқақтап сейлеу, дене қимылдарын араластыра беру сөз мәдениетіне жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жүмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті *сейлеу әдебі* деген үғыммен ұштасып жатыр.

9-бөлім.

Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіреле нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т.б. арнаулы сөздіктер манызды орын алады.

Казак тіліндегі сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің екілдері және Абай, М.Әуезов, Ф.Мұсірепов т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. Қазак тіл білімінде сөз мәдениетінің мәселелерін А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Р.Сыздыкова т.б. ғалымдар зерттеді. Кеңестік орыс тіл білімінде сөз мәдениетінің теориялық мәселелерін Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, Р.И.Аванесов, С.І.Ожегов, Ф.П.Филип т.б. зерттеді.

К.Аниимова

-  **Ә** Көпмағыналы сөз болса анықтап, мағыналарын түсіндіріндер.
-  **Б** Мәтін мазмұнына сай мақал-мател айтындар.
-  **В** Күрделі сөйлемдерді тауып, сызба арқылы пунктуациясын түсіндіріндер.
-  **Г** Мәтіннің тірек сөздерін анықтап, морфологиялық талдау жасандар.
-  **Ғ** Сөйлеу мәдениетінің зерттелуі туралы реферат жазындар.
-  **2-тапсырма.** Өлеңді тыңдалап, түртіп алу әдісімен тыныс белгілерінің санын айтындар (30-аудио).
-  **А** Бүгінгі көңіл күйлерінді одағай сөздерді пайдалану арқылы сипаттап жазындар. Сейлем ішіндегі тыныс белгілерінің ережеге сай қойылуын қадағаландар.
-  **Ә** Т кестесі арқылы тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемдер мен бұрыс қойылған сөйлемдерді бөліп жазындар.

Дұрыс	Бұрыс
<ol style="list-style-type: none"> Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасмет. Кімде-кім ата-анасын ардактаса; ата-анадан бірге туган бауырларымен тату болса; өзінің өскен ауыл, қаласын туган ұлтын сыйлап, қадірлесе, сол адам отанышыл болады. Намыс – азаматтың алтын туы. Өз ұлтын жақсы көрмеген; езге ұлтарды да ұнатпайды. Патриотизм – «Отаным сені сүйемін. Сен ушін құрбан болуга әзірмін» деп құргак сөзді айта беру емес. Елді, жерді, Отаны сүйетіндігінді сөзben емес, іспен дәлелде. 	

Ә.Нұрнайыков



Б Екі топқа бөлініндер. Бірінші топ пунктуацияға байланысты сұрақтар дайындаңдар. Екінші топ пунктуация тәқырыбына шағын эссе жазындар.



3-тапсырма. Тест сұрақтары.

1. «Қазақ тілінің анықтағышы» кітабының авторы кім?

- | | |
|------------------|--------------|
| а) Н.Оралбай; | в) К.Аханов; |
| ә) Ф.Мұсабекова; | г) Ә.Қайдар. |
| б) Р.Сыздық; | |

2. Біреудің ойлаған ойын, пікірін, топшылауын білдіретін сөздер мен сейлемдер:

- | | |
|----------------|---------------|
| а) автор сөзі; | в) оқшау сөз; |
| ә) телеу сөз; | г) диалог . |
| б) тел сөз; | |

3. Баяндауыштары тұлғалас сейлемдер бірін-бірі толықтырып тұратын болса, ондай салалас күрмалас сейлемдердің арасына қандай тыныс белгілері қойылады?

- | | |
|-----------------|------------------|
| а) үтір; | в) кос нұктесі; |
| ә) нұктесі; | г) нұктелі үтір. |
| б) көп нұктесі; | |

4. Түйген ойды, кагидаларды, ережелерді дәлелдеу максатымен алынған сейлемдердің алдында мысалы деген сөз колданылатын болса, одан кейін қандай тыныс белгі қойылады?

- | | |
|-----------------|------------------|
| а) үтір; | в) кос нұктесі; |
| ә) нұктесі; | г) нұктелі үтір. |
| б) көп нұктесі; | |

5. Жалғаулықсыз салаласкан жай сейлемдердің алдынғысының мағынасы сонғы жай сейлемдер арқылы айқындалып тұратын болса, мұндай жай сейлемдердің арасына қандай тыныс белгі қойылады?

- | | |
|-------------------|------------------|
| а) сұрау белгісі; | в) кос нұктесі; |
| ә) нұктесі; | г) нұктелі үтір. |
| б) көп нұктесі; | |

6. Бірынғай мүшелердің алдынан жалпылауы ш не жалпылауыш мәнді сөздер келсе, қандай тыныс белгі қойылады?

- | | |
|-------------------|-----------------|
| а) сұрау белгісі; | в) кос нұктесі; |
| ә) нұктесі; | г) үтір. |
| б) көп нұктесі; | |

7. Белгілі бір себептермен ойдын аяқталмай қалғандығын немесе сол ойдың ар жағында айттылмай қалған тағы бір ойдын бар екендігін, не болмаса асығып-аптығып сейлеуге байланысты айттылмақшы пікірдің толық айттылмаганын білдіру үшін қойылатын тыныс белгі:

- | | |
|-------------------|-----------------|
| а) сұрау белгісі; | в) кос нұктесі; |
| ә) нұктесі; | г) үтір. |
| б) көп нұктесі; | |

9-бөлім.

8. Тіл білімінің тыныс белгілерді зерттейтін саласы:
 - а) морфология;
 - в) психолингвистика;
 - ә) пунктуация;
 - г) синтаксис.
 - б) лексикография;
9. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетің дер:
 - а) Жүзінде қайғы да жок, қасірет те жок, – коркыныш қана бар.
 - ә) Жүзінде қайғы да жок, қасірет те жок, – қоркыныш қана бар?
 - б) Жүзінде қайғы да жок, қасірет те жок, коркыныш қана бар.
 - в) Жүзінде қайғы да жок қасірет те жок, коркыныш қана бар.
 - г) Жүзінде: қайғы да жок, қасірет те жок, – коркыныш қана бар.
10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетің дер:
 - а) Садақ деген сөздегі «са» буыны ашық буын.
 - ә) Садақ деген сөздегі -са буыны – ашық буын.
 - б) «Садақ» деген сөздегі «са» буыны – ашық буын.
 - в) «Садақ» деген сөздегі -са буыны – ашық буын.
 - г) «Садақ» деген сөздегі -са буыны ашық буын.



Өзінді тексер!

1. Нүктелі үтір қойылатын орындарды естеріне түсіріндер. Мысалдар келтіріндер.
2. Кос нүкте қай кезде қойылады?
3. Хаттама дегеніміз не?
4. Тура билер деген кімдер? Бұлай аталудың себебі неде?
5. Жақшаның қойылатын орындарын естерін е түсіріндер.
6. Риторика деген не?
7. Сейлеу әдебі мен тыңдай білу әдебін естеріне түсіріндер.
8. Сызықша қойылатын сөйлемдерге мысал келтіріндер.
9. Қазактың шешендік сез тарихы кімдерден бастау алады?
10. «Сейлеу мәдениеті қызыл сөзден куырдақ куыру емес» деген ойды өрбітіндер (3 сөйлеммен).



Ғалым болам десеніз...

1. Р.Сыздық, Қазақ тілінің анықтағышы. Елорда, 2000.
2. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы/ К.С.Ерғалиев. Павлодар: ПМПИ, 2014.
3. Л.Дүйсембекова. Қазақ тілі: Ісқағаздарын жүргізу. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.

ТЫНДАЛЫМГА АРНАЛҒАН МӘТИНДЕР**1-аудио****Алаш ұраны**

Алаш туы астында,
Біз алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарканың даласы.
Құрт аурудай жайлаган,
Құртпакка бізді ойлаган,
Қанымызға тоймаган,
Қолымызды байлаган,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаган.
Жерімізді шимайлаган,
Өшті залым карасы.
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Қолдайтын алаш бабамыз.
«Тұыскандық», «тендік» деп.
Туын колға ап шабамыз.
Берілгенде тілектер,
Жарылмай ма жүректер?!

Зан жасайтын орынга
Жүртпен бірге барамыз!
Қатардан орын аламыз!
Жасасын, алаш, жасасын!

Алаш туы астында,
Куә болсын арымыз.
Көркейтуге алашты.
Құрбандық біздін жанымыз!
Былай тұрсын малымыз,

Алаш деген ел үшін,
Сарыарканың жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,
Тегілсін біздің канымыз!
Аялмасын жанымыз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Өлсек, бірге өлдік біз!
Не жақсылық, не қайғы,
Көрсек, бірге көрдік біз!
Ішкі жанжал, таласты,
Күншілдікпен қарасты.
Мына жерге көмік біз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Күн сөнгенише сөнбейміз.
Енді ешкімнің алашты
Корлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына,
Бастаган ерлер сонында,
Басқага көніл бөлмейміз,
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды алаш, елмейміз!
Жасасын, алаш, жаса сын!

С.Торайғыров

2-аудио

1. Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс.
Жаксы болсан, жаксы тут бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей сонғы төрті,
Қылғанменен татымды бермес жеміс.
2. Ақылға сыймас ол Алла,
Тағриппа тілім қысқа ах!
Барлығына шұбасіз,
Неге мәужүт ол куа.

Ақыл мен хаус барлығын
Білмейшүр, жүрек сезедүр.
Мұтәкәллимин, мантқиппін
Бек ер босқа езедүр.

3. Кеше бала ең, келдің той талай жасқа,
Кез жетті бір калышта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

A.Кұнанбайұлы

3-аудио**Қазак тілі**

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүтін коркак ғұгады.
Ерікке ұмтылған үшкыр жаны кісенді,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстын кос қанаты қырқылды,
Құндей құшті құркіретен ел тынды.
Аскар Алтай – алтын ана есте жок,
Батыр, хандар – аскан жандар ұмтылды!

Ерлік, елдік, бірлік, кайрат, бак, ардын,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардын...
Алтын Қүнинен бағасыз бір белгі бол,
Нұрлы жүлдіз, бабам тілі, сен қалдын!

Жарық көрмей жатсан да ұзак, кен тілім,
Таза, терең, өткір, құшті, кен тілім.
Тараң кеткен балаларынды бауырына
Ақ колынмен тарта аларсың сен, тілім!

M.Жұмабаев

4-аудио**Адамдық діқаншысы**

Адамдық шика ишысы қырга шыктым,
Келі жок, көгалы жок құрға шыктым.
Тұқымын адамдықтын шаштым, екім,
Көнілін көгертуге құл халыктын.

Қор болған босқа кетіп енбек, бейнет,
Құлдарға құлдықтан жок артық зейнет.
Оттай бер, жануарым екі аякты,
Адамдық хайуанга канша қажет?!

Жараткан малды Құдай не кереккे –
Минуте, сою, согу, жүндемеккес.
Жорта бер қамыт кип, қамшынды жеп,
Бұйрық жок ұрасын деп үндемеккес.

Таякка еті үйренген койшы жайлап,
Кек есек козгала ма тұрткенге айцап?
Есептег алдағандай болғандар кеп,
Жасы қты асыл ма деп білмей қайрап.

A.Байтұрсынұлы

5-аудио**«Қазак» газеті**

«Қазак» газеті – XX ғасыр басындағы сахара елінің күллі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани тынысы-тіршілігін, салт-санасын, әдеп-түрпін, тіл байтығын каз-қалпында айнаға түскендей бейнелеп берген энциклопедиялық басылым.

Газет жұмысын Ахмет Байтұрсынулы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бекейхан сынды курескер үш алыш кеменгер ынтымагы жарасып бірге аткарды.

«Қазак» газеті атына заты сай тұнғыш рет ана тілінің табигатына лайық төл емлесімен жарық көрді... Халықтың өз атымен дүниеге тараған сәттен газеттің ұстанған басты бағыт-бағдары, сара жолы ұлтшылдық ұранын көтеріп, ұлт мұддесін көз shedі. «Қазак» газеті ұлт мұддесіне байланысты кай мәселені болмасын батыл көтерді. Өсіреле ана тілінде білім беру мен оқыту әдістемелік бағдарламасы, әліби мен емлекеге көзкарас хакындағы ұсыныстары һәм ұстанған үрдісі күні бүтін де өзінің мән-манызын жойған жок.

«Қазак» газеті – ғасыр басындағы қоғамдық өмірдің барлық саласында өз із-бедерін калдыратан, ана тілінің колданыс мәдениетін жогары сатыға кетерген, әдеби тілдің жәндігін, өріс аясының дамуына үлес косқан мерзімді баспасез.

Б.Әбітқасымов, А.Мектеп-тегі

6-аудио

Ақыл айтсан біреуге
Ішін еріп, егіліп,
Ұялмас акы тілеуге,
Бермесен қалар түніліп.
Ақы беріп тыңдаткан
Сез көкейге конар ма?
Құтагын сатқан тәнірі аткан
Ондырар ма, онар ма?
Күйесің, жүрек, күйесін.
Күйіннен не пайда?
Дүниеде нені сүйесін,
Өмір кайд а, дос қайда?

А.Құнанбайұлы

7-аудио

Әбу айтты:

– Менде де бар бір арман.
Маздал жаңыш, қол бұлғайтын шынардан.
Ұлы баба, бірақ менің арманым
Парыз бенен махаббаттан күралған.
Шамын жақсам ғылым менен өнердін,
Елімді зор мерекеге бөлермін.
Бұл сапарым азапты да шығар-ау,
Не де болса пешенемнен көрермін.

Мейлі, мәңгі жарымайын кімге,
 Мейлі, түйір наң калмасын үйімде.
 Мейлі, ұлының еңбек етіп арымен
 Жүргендігін ұтынбасын қалың ел.
 Қарлы боран қыран жолын бөгер ме?!

Өнеріммен тасып толам кемерге.
 Мен өзіме риза емеспін, елімнің
 Сүйеніші бола алмасам егер де...

М.Шаханов

8-аудио

Бойы бұлған

Бойы бұлған,
 Сезі жылман
 Кімді көрсем, мен сонан.
 Бетті бастым,
 Қатты састьм,
 Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,
 Тұл бойында
 Еш міні жок пендесіп,
 Түзде мырзан,
 Үйде сырдан,
 Сөзі қылжаң еркесіп...

Сез кыдырткан,
 Жүрт күтірткан,
 Антын, арын саудалап,
 Бұтты-шатты,
 Үй санатты,
 Байдан атты алмалап.

Кедейі – ер,
 Кеселі зор,
 Малды байлан сорлы жок.
 Аш көмектін,
 Жемдемектін,
 Босқа әлектің орны жок.

Ел қағынды,
 Мал сабылды,
 Ұрлық, етірік гу де гу.
 Байы – баспак,
 Біл саспак,
 Әулекі аспак сыпыра ку...

Абай

9-аудио

Түркістан

Түркістан – екі дүние есіргі той,
Түркістан – ер түріктің бесігі той.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәнірі берген несібесі той.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей.
Заулаган қалың өрттей аспанга өрдей.
Тұранның жері менен сұзы да жат,
Теніздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шелі қандай,
Теніздей кемері жоқ келі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шелді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанга аскан,
Мәңгіге басын ашпақ шаштар басқан.
Бауырында еркөң бұлак салады ойнак,
Жаралып таудан акқан салқын жастаң...

Тұранға жержүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кен ақыл, отты қайрат, жүрік киял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тұранда түрік ойнаған ұксап отка.
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Кеп түрік енші алысып тарасканда.
Қазакта кара шанырак қалған жоқ па?

М.Жұмабаев

10-аудио

Он бірінші сез

Осы елдің үнем қылыш жүргені немене? Екі нарсе. Өзуелі – үрлік, ұры үрлікпен мал табам деп жур. Мал несі артылтып алыш, тағы да байшмын деп жур. Ұлыктар алыш берем деп, даугерді жеп, күткарам деп ұрыны жеп жур. Қарапайым жүрт үрлік айтып мал атам деп, ұрыга атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жур. Екінші – бұзакылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салыш, бүйтсен бек боласын, бүйтсен кеп боласын, бүйтсен кек аласын, мықты атанасын деп, аукаттыларды азғыргалы әлек болыш жур...

Ұлыктар палі-палі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жур. Қара халық менин сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылынды согайын, дауынды айтайын деп, кай көп бергенге

партиял ас боламын деп, күдайға жазып, жатпай-тұрмай салып журіп басын, ауылын, катын-баласын сатып жүр. Осы бір ұры, бұзакы жоғалса, жүртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуте кірісер еді. Енді жүрттын бәрі осы екі бүлік іске ортак, мұны кім түзейші? Анттын, серттін, ададықтын, ұяттың бір токтаусыз кеткені ме? Ұрыны тью да онай болар еді, бірақ осы бұзакының тіліне еретүткін, азатұтын байларды кім тыяды?

А.Күнанбайұлы

11-аудио

...Аласы кізді таза жерге жайып таставды. Шәүтен апасына:

– Апа, шәркейім енді болды ма? – деді. Аласы:

– Жок, балам, енді пісіреміз, – деді. Қайтадан кайта-кайта білектеді. Шәүтен апасына:

– Апа, шәркейім енді болды ма? – деді. Аласы:

– Жок, балам, тағы да кепсін, – деді. Аласы кізді тағы далага жайып койды. Шәүтен апасына:

– Апа, шәркейім енді болды ма? – деді. Аласы:

– Жок, балам, пішемін, – деді.

Аласы қайшымен екі шәркей пішіп алды. Шәркейлердің желкесі қыжырайып, басы ак марканың кішкене күніндегі сықылдана қалды. Шәүтен жымын етті. Шәүтен апасына:

– Шәркейім енді бітті ме? – деді. Аласы:

– Жок, балам, жүн шүйкелеймін, – деді. Аласы шуда шүйкеледі. Шәүтен апасына:

– Апа, шәркейім енді бітті ме? – деді. Аласы:

– Жок, балам, жіп піремін, – деді. Аласы жіп пірді.

Шәүтен апасына:

– Апа, шәркейім енді болды ма? – деді. Аласы:

– Жок, балам, сыримын¹, – деді.

Аласы жіпті инеге сабакташ алыш, көп-көп тігіп, сырды. Шәүтен апасына:

– Апа, шәркейім енді болды ма? – деді. Аласы:

– Жок, балам, ұлтарамын, – деді. Аласы ұлтан салып ұлтарды. Шәүтен апасына:

– Апа, шәркейім енді болды ма? – деді. Аласы:

– Нә, балам... болды. Кел, аягына ки, – деді.

Шәүтен кіп алды. Аягына шап-шак кана алемі, ак шұбар шәркей болыпты. Шәүтен куанды. Апасын құшакташ, бетінен сүйді. Шәүтен марқасына келіп:

– Міне, балем! Мениң шәркейім, – деді...

Л.Жансугиров

12-аудио

Отан туралы

Мен онын түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, аскар тау, гулін сүйем.
Мен онын қасиетті тілін сүйем,
Мен онын құлпретті үнін сүйем.

¹ Сыру – арасын жиі етіп тігу.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маган «Отан!» деп сыйырлаған.
Жаным менін.
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғай бол оның шырылдаған!
Отан!
Отан!
Барінең бішк екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отаңды сүймеуін де күйік екен,
Отаңды сүйгендін де күйік екен...

M.Mazhamaliev

13-аудио

Ер Еліге

Мен, мен дүрмін, мен дүрмін,
Менименсіген мінезден
Тәубе қылған ер дүрмін.
Досымның отын сөндірмен.
Дүшпаным отын жандырман.
Өзім деген нәмартқа,
Шанқан боз ат міндірмен.
Токсанды жебе салдырман,
Асылын сұрамай ас бермен,
Атасын сұрамай дос қылман,
Өзім демес нәмарттын
Енсесіне мінген сон
Иманин шокпар тендермей,
Мұнан әрі мактанбаң,

Мұнан әрі мактансам,
Он екі тұтам оқ тартқан,
Кешегі өткен ер Шыныс,
Өзіменен тен дүрмін.
Тауга ұялар сұнкармын,
Тау бектерлей шүйермін,
Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін.
Бұжығынаң ашымын,
Сербет құйсан тұшымын,
Буыршыннан каттымын,
Бүйдаласан шеге алман,
Буырлыштан асаумын,
Бұғалық салсан тоқтаман.

14-аудио

Анама хат

Қарагым, дүтегейім, камкор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдын калам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Керуте жазғай еді Хак Тағалам!

Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балан,
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жок,
Өкімет, ер зорлықта не бар шаран!

«Үмітсіз шайтан болсын» деген сез бар,
Жолдар кеп жаннатқа да тарам-тарам.
Оқ түп он үшімде, ой тусіріп,
Бітпеген жүргегімде бар бір жарам!

Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғанцай жегенімнің бәрі харам.

Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!

Кеп айтпай, қысқасынан сездіретін –
Баланның мінезі бар сөзге саран:
Кетер деп «суга құлап, отка тусіп»,
Қайғы жеп, менін үшін болма алан!

Отырмын абактының бөлмесінде,
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есіктің құлпы мықты, күзетші кеп,
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.

Коршаулы айналасы, бінк корған,
Берік қып салған темір терезесіне.
Қалайша мұны көріп көніл сенбес,
Аттаныш жау келсе де бермесіне.

Қаламда Лаухул-Махфуз ұмыткан ба,
Жазбапты бұл орынды көрмесіме.
Қанбакпен салмағын тен бұл бір заман,
Ылаж жок жел айдаста ермесіне.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар
Тағдырдың кез болып түр көрмесіне.
Солардан жаным-тәнім ардакты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне!

А.Байтұрсынұты

15-аудио

Өнер-білім бар жүргіттар

Өнер-білім бар жүргіттар
Тастан сарай салғызы;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып-жумғанша,
Жылдам хабар алғызы.
Аты жок күр арбаны
Мың шакырым жерлерге.
Күн жарымда барғызы.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға тусірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Тенізде жузі балықтай,
Дүниені кезді жалықтай,
Білгендеге осылар
Барі дагы аныктай.

Білмегендеге танықтай;
Біз де бекер жатпаңык,
Осыларга таныспай;
Ат өнері білінбес
Бәйгеге тусіп жарыспай;
Желкілдеп шықкан кек шептей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарын кетті-ау алыска-ай,
Ұмтылыныз, қалыспай.
Біз надан боп өсірдік
Нектегі сакалды.
Өнер – жігіт көркі деп
Ескермәдік макалды...
Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен, достарым,
Сіздерге бердім батамды.

Ы.Аттынсаарин

16-аудио**Қазыбек билін сөзі**

— Тату болса, ағайын жакын,
 Ақылшы болса, апайын жакын.
 Бауырмал болса, інін жакын,
 Алдына тартқан адал асын,
 Қимас жакын — карындасын,
 Сыбайлас болса, нағашың жакын.
 Адал болса, досын жакын.
 Еркелейтін немерен жакын.
 Жан серігін жас кезіннен
 Барінен де әйелін жакын.
 — Алтын ұян — Отан қымбат.
 Құт-берекен атан қымбат.
 Аймалайтын анаң қымбат,
 Мейірімші апан қымбат.
 Аскар тауын — әкен қымбат,
 Тұыш-өскен елін қымбат.
 Ұят пенен ар қымбат,
 Өзің сүйген жар қымбат.
 — Арадан шыккан жау қын,
 Таусылмайтын дау қын.
 Шанышқылаған сөз қын,
 Жазылмаса дерт қын,
 Іске аспаған серт қын.
 Өзің түскен өрт қын и.

17-аудио

1. Дастарканың ток болсын,
 Уайым-кайғы жоқ болсын!
 Жарлы болсан жасыма,
 Бай болсан, тасыма!
 Бак-дәүлет берсін басына,
 Ғұмыр берсін жасына.
 Бале-жала, жын-шайтан,
 Жоламасын қасына!
 Иманның байлытын берсін,
 Құт-берекенің бәрі келсін!

2. Атың тұшар,
 Құсын сұнкар болсын!
 Желін биелі,
 Кешиң түйелі болсын!
 Ісін жүйелі,
 Басын киелі болсын!
 Қызың қияға,
 Ұлың ұяға консын!
 Сапарың сәтті,
 Жегенің тәтті болсын!

3. Көштерін келікті болсын.
 Жолдарын керікті болсын.
 Коныстарын құтты болсын.
 Босағасы мыкты болсын.
 Ауру-сырқаудан аман болындар.
 Бастарына айырылмас бак консын.
 Мейірбанды Алла сендерге жак болсын!

18-аудио

Кедейлік

Кедейлік, сен жексүрүн, түсің сұық,
 Ізлемес сені адам керек қылып.
 Амал жок, ықтиярсыз құл қыласын,
 Маган салса, қасымға келме жуық.
 Жанды жеп сен ғой мені арытатын,
 Күнің жоқ ат пен аска жарытатын,
 Жыртықтан жылтылдаған жас денемді
 Кунге кактап, аязга карытатын.
 Жарыппай киер кім, ішер аска,
 Сектіріп малы барлау нашан, наска.
 Жас көнілші қайғымен уландырып,
 Сенсің ғой толтыратын көзді жаска.
 Қинаитын жан алғыштай жанды сенсін,
 Түсі сұық жыланымен бірдей тенсін.
 Маган салса, кедейлік аты өшкірді.
 Дер едім, тұрмастай ғып жерге көмсін.
 Бірақ сен өлмейсін ғой, жанын берік.
 Құткаран бар әлемді шыны өліп.
 Өлмесен де өлтірем есе келе,
 Жүрмеспін жолдас болып саган еріп.
 Талайцы осы күні-ақ журмін керіп.
 Жалқауды какпадайсын аттай мініп.
 Талаптынын манына жоламайсын,
 Талаптанып кууга өзімде ерік.

С.Торайғыров

19-аудио

Төрт ана

Тағдырынды тамырсыздық індегінен қалқала,
 Мазмұн жокта мазмұнсыздық шыға келер ортага.
 Әр адамда ез анасынан басқа да,
 Ғұмырына етер мәнгі астана.
 Демеп журер, жебеп журер арқада,
 Болу керек күлпетті төрт ана:
 Тұган жері – тұп қазығы, айбыны,
 Тұган тілі – мәнгі өнеге айдыны,
 Жан байлығы, салт-дәстүрі – тірегі,
 Қадамына шуақ шашар үнемі.
 Және тұган тарихы.
 Еске алуға каншама
 Ауыр әрі қасіретті болса да.

Күлпет жок төрт анаға тен келер.
 Онсыз санан канбакқа ұксап сенделер.
 Өзге анатын ұлылытын танымас.
 Төрт анасын менсінбеген пенделер.
 Төрт анатан сенім таба алмаган
 Тамырсыздын басы қайда калмаган?!
 Төрт анасын сыйламаған халықтын
 Ешқашан да бақ жүлдізы жанбаган.
 Қасиетті бұл төрт ана – тағдырынның тынысы,
 Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.

М.Шахамов

20-аудио**Жасымда ғылым бар деп ескермедім**

...Адамның бір қызығы – бала деген.
 Баланы оқытуды жек көрмедім.
 Баламды медресеге біл деп бердім,
 Кызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.
 Өзім де басқа шауып, теске өрледім,
 Қазакқа карасөзге дес бермедім.
 Енбекінді білерлік еш адам жок,
 Түбінде тыныш жүр генің теріс көрм едім.

А.Кұнанбайұлы

21-аудио**Сөз қадірі**

Сөз – жалын,
 Ошак ішін маздататын,
 Куат мол лапылында азгана тым.
 Жандырып өртесе де алауында,
 Назды үн, нәзік әүен саз жататын.
 Сөз – ұстаз,
 Ақ жағасын кір шалмаган,
 Ашуы кернесе де ұрса алмаган.
 Шапагат шашып мейір айналага,
 Жүзінен, жанарынан нұр саулаган.
 Сөз – ұстаз,
 Жан сарайы жарқыраган,
 Білімнің ақ бұлагы сарқыраган.
 Күй толы көкірегі күмбірлекен,
 Таусылмас ақыл көні алтын адам.
 Сөз – ұстаз,
 Минуты кем шалкымаған,
 Күні кем корғасын бол балкымаған.
 Шарқ ұрып, білікке өрлең, аскар асып,
 Күні кем қыран құстай қалкымаған .

Е.Нұсінбеков

22-аудио**Бакыт, дәүлет, мал бітерде ырыс конар**

Бакыт, дәүлет, мал бітерде ырыс конар,
 Ынтымағы ағайының шұрыс болар.
 Бала пайдаланем болар,
 Жалшы жауынгер болар.
 Келін епті болар,
 Көп көрініп жау қашырап,
 Кемектен конак аттандырап.
 Адамы қырлы болар,
 Малы түрлі болар.
 Иті үреген келер,
 Тіркеген малы жүреген келер.
 Бак, дәүлет, мал кетерде ырыс қашар,
 Біреуі-біреуіне пәле жасар.
 Бала пайдасты болар,
 Жалшы жалқау болар.
 Қызы қылышсыз болар.
 Келіні керенау болар.
 Қатыны салақ болар,
 Ат мінсе, жалақ болар.
 Адамы қырсыз болар,
 Малы түрсіз болар.
 Иті үрмес,
 Тіркеген малы жұрмес.

Т.Кулекеұты

23-аудио**Шәкірт ойы**

Қарангы казақ кегіне,
 Өрмелеп шығып, күн болам!
 Қарангылықтың кегіне,
 Күн болмаганда, кім болам?
 Мұздаган елдің жүрегін,
 Жылтытуға мен кірермін!

Енбек, бейнет тарауы
 Ракатка сарқылар.
 Қыздырып күннін карауы.
 Нацандық тенізі тартылар.
 Орины отайып көгерер,
 Қызығын жайлап ел керер.

Тұрмыс, тағдыр – бірі де
 Бұл мақсаттан бұра алмас;
 Қанағман, Рустем, Әлі де
 Бұрам деп жолда тұра алмас.
 Сыланған жардың күлісі,
 Алданцырмас бірісі.

С.Торайғыров

24-аудио

Біз қазақ деген мал баккан елміз,
Бірақ ешкімге соқтыкпай, жай жаткан елміз.
Елімізден күт-береке кашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Нағызасына жылқының қылын таққан елміз.
Душпан басынбаган елміз,
Басымыздың сез асырмаган елміз.
Досымызды сактай білген елміз,
Дәм-тұзын актай білген елміз.
Бірақ аскактаған хан болса,
Хан орласын таптай білген елміз.
Агадан ұл туза, күд боламын деп тумайды,
Анадан қызы туза, күн боламын деп тумайды,
Ұл мен қызын жатка күд мен күн етіп

Сен темір болсан, біз кемірміз.
Еріткелі келгенбіз.
Қазак-калмак баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге таныскалы келгенбіз.
Танысуга көңбесен шабыскалы келгенбіз.
Сен кабылан болсан, мен арыстан.
Алыскалы келгенбіз.
Тұтқыр сары желіммен жабыскалы келгенбіз.
Бітім берсен, жениңді айт.
Бермесен, турысатын жерінді айт!

Казыбек би

25-я страница

Бака – келінде патша,
Балық – суында патша,
Жіргі – елінде патша.

Патша залым болса, жүрт тозады,
Патша ғадым болса, жүрт өзәди.

Хан екі айтса, қадірі кетеді.
Караша екі айтса, ары кетеді.

Әр ханының түсінде бір суркылтай.

Жүк ауырын нар көтереді.
Ел ауырын ер көтереді.

Өз елімнің басы болмасам да,
Сайының тасы болайтын.

Жат елдің жақсысы болғанша,
Өз елдінің сакшыс ы бол.

Бетен жердің гүлінен
Тұған жердің тікені артық.

Алыстан шабынган ердін күші қайтар.

Шын оракшы орак тандамайды,
Шын батыр құрал тандамайды.

26-әудио

**«Өркеннеттің адасуы» романынан
«Компьютербасты жарты адамлар» үзіндісі
(Рухсыз күш формуласы)**

Нә, біздің кайда апармак мына заман акпалы?
Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.
Қайда барсаң, кез алдында енеге бол жарқылдар.
Жарты бастық, жарты ұстаздар, жарты қыздар, жарты ұлдар.
Президент пе, депутат па, тракторшы ма, бәрібір.
Бойын руҳтан аулак салса бәрінін де мәні бір.
Өз халқының тілі, ділі – зор адамнан парқына,
Тамыр жалғай алмагандар не сыйламак халқына?
Бұл казакка кез өткен бе,
Тілдің мұнын сез еткенде
Кей басшылар нак бір жылан көргендей бол калтырар...
Ұлтсыздардың барі – рухани мугедектер, жартылар.
Тілін, ұлтын менсінбеуден ол каскалар бақ табар.
Бар назары материалдық шілікке тоқталар.
Жағымпаздар қолдауымен олар бүтін макталар,
Ал тарихта «рухын сатқан карын құлы» бол қалар.
Біз канша мын жас ескінді аттандырдық шетелге:
Білім алыш келсін дедік,
Жер, ел танып көрсін дедік,
Бірак осы ізгі үмітті жалан білім етер ме?
Қайтсек екен, мониторкөз, компьютербас, жас талап,
Білім+Рух болуы үшін ажырамас кос канат?
Қай кезде де білім – күшін әрі нүрлі жетегін.
Білімнің де адамзатқа зияны бар екенин
Кім ойлапты қудайым-ау,
егер ұры қашама,
Зор білімін құлығына кару етсе жан сала.
Бейқам елге оның тартар азабы да соншама.
Сан жас канат ғаламзатқа болмақ үшін етімді,
Түнгі оттарды іздең ұшар көбелектер секілді,
Қаспетті атаконис – өзен-тауын жерсінбей.
Баба тарих арлактаған рух тұғырын менсінбей,
Ойын тұсап ессіз, көзсіз еліктеудін жарқылы,
Тек батыстық дангаза өнер толқынында қалқыды.
Әлде бұл да жолы шыныр ұлттымыздың соры ма,
Қалай гүстік біз батыстық киараткыш күш торына?
Куаныш ек, қосылдық деп кәусар бұлак корына.
Адасқандай тылсым нудан,
Біз олардың кір су құйған
Жүрек пен ой айнитатын құбырына тап болсык,
Тіпті аз жылда колда барды жоғалтуға шак қалдык ...

М.Шаханов

27-аудио

Атты мен жаяудың салемі жараспас. Көзбен көрген – шын, құлакпен естіген – етірік. Қадірлі болғысы келген кісіге үш серік керек: бак, дәулет, ырыс. Тұзакка түскен бұлбұлдан, еркін жүрген торғай артық. Мандасты тайқыдан, кекіреті кайқыдан, сылтауы көптен сақта. Қару жисан, мылтық жи, жаяу журсен – таяқ, карнын ашса – тамак. Жаманнын сезі шаяншай, жаксынын сезі асылдан шыккан маяшай. Досына етірік айтпа, сенімін кетер, Дүшпаша сырныңды айтпа, тубіне жетер. Тұмау тубі құрт болар, тұман тубі жұт болар. Жасы кіші демендер, Ақылы асса ага гой. Өркенім өссін десен, кекшіл болма, кесапаты тиер еліце. Ашу – дүшпан, ақыл – дос, ақыльна ақыл қос. Бүгін сағы сынды деп, жақыныңды басынба. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар, тынысы бардың елде – ырысы бар. Айыпты айып жусын, ашуынды ақыл күсын. Агадан үл туса, құл боламын деп тумайды. Анадан кыз туса, күн боламын деп тумайды.

28-аудио**Әкең қана болады**

Белтірік шешеннің баласының ел іші істеріне жаңадан арадаса бастаған шағы екен. Бір жыны үстінде қызу әнгіме-дүкен болады. Кісілер сұлу сейлеп, талқыр сейлеп, алға озғысы келіп сез жарыстырып отырады. Жиналғандардың ішінде бір байдын мырзасы да бар екен. Өзі малға бай болғанымен, сезге кедей екен, мінезі де жайсыз болса керек. Сол реті келген жерде де, реті келметеген жерде де сезге жармасып, елшін алдын орай береді. Сөздін мәні кеткен сон. Белтіріктің баласы ез сезі кезегінде:

– Аузы кисық болса да, байцың ұлы сейлесін, – деп, өзінің сезге қатысқысы жок екенин самарқау білшіреді. Одан әрі қарай жүрттың әнгімесі жараспайды. Бай баласының аузы, шынында да, аздал кисық екен. Әлгі сезге намыстанып, ашу шакырады. Жынының шырқы бұзылады.

Болған жағдай Белтірікке жетеді. Баласының бірауыз сезінің біреудін жынының шырқын бұзуга себепші болғанына шешен қана болады. Баласын онаша шакырып алған Белтірік:

– Сөзден тәтті нәрсе жок. Сөзден ашы нәрсе жок. Сөзден женіл нәрсе жок. Сөзден ауыр нәрсе де жок. Сезінді тіліне билетте, ақыльна билет. Ақылды сезінді ақылсызға кор етпе, ақылсыға айт. Не сейлейтінінді біл. Кімге сейлейтінінді біл. Қай жерде сейлейтінінді біл. Қай кезде сейлейтінінді біл. Қалай сейлейтінінді біл. Оны білмесен, сара сезін шала болады, арты жала болады, екен қана болады, – деп ақыл беріпти.

«Шешендік шынылдары» хітабынан

29-аудио

– Астындағы атың жүрдек болса,
Жалғаның пырағы;
Алғаның жаксы болса,
Үй мен қонақтың тұрагы;
Әкен – аскар тау.
Шешен – қайнар бұлак;
Балан жаксы болса
Екі көздің шам-шырағы;
Міне – бес бакыт осы.

– Атың шабан болса,
Жалғаның азабы;
Алғаның жаман болса,
Дүниенің тозагы;
Балан жаман болса,
Көрінгеннің мазагы.
Міне – үш кемдік осы.

– Қалың ел кешсе,
Көл құлазиды;
Қантаган мал кетсе,
Бел құлазиды;
Наркын танымаган
Сөз құлазиды;
Қатарынан айырылған
Шал құлазиды.
Міне – төрт құлазу осы.

Канай шешен

30-аудио

Өлсө өлер табигат, адам өлмес

Өлсө өлер табигат адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп ойнап-кулмес.
«Менімен» «менікінін» айырылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өнкей білмес.

Кеп адам дүннеге бой алдырган,
Бой алдырып аяғын кеп шалдырган.
Өлді деуте съя ма ойландарышы,
Өлмейтүғын артына сөз калдырган.

Кім жүрер тіршілікке көніл бермей,
Бакп қоймас фәниздің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассын,
Терен ойдын телміріп сонына ермей.

A.Құнанбайұлы

ГЛОССАРИЙ

Аналитикалық тәсіл – сөз жасаудың синтаксистік амалы, яғни түбір (негізгі я туынды) сөздердің бірігуі, косарлануы, тіркесуі арқылы жана сөз тұзыру тәсілі.

Антрапоним – адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, буркеншік, жасырын, лакап аттары (тарихи тұлғалардың, қоғамдық кайраткерлердің, галымдардың, жазушылардың, өнер кайраткерлерінің, көркем адебиет пен фольклор кейіпкерлерінің және т.б.).

Ауызекі тіл – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасаудының бір түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сөйлеудің алдын ала әйдандастырылған тұракты, стилядик-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті, орындаған қалыптары.

Әдеби тіл нормасы – жалпыхалықтық тілдің белгілі жүйеге түскен, жазу цэстурі мен әртүрлі жазба және ауызша әдебиеттің негізінде қалыптасқан тұракты, стилядик-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті, орындаған қалыптары.

Әлеуметтік лингвистика – тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының түйіскең аралығында түшпәдемелік тіл білімі саласы.

Билингвизм – көстілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін өнер адамдарының психологиясын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік саласы.

Болымды сөйлем – объективті болмыстын, ойлаған ойын, іс-әрекеттің орындалғанын не орындалатынын хабарлайтын сөйлем.

Болымсыз сөйлем – объективті болмыстын, ойлаған ойын, іс-әрекеттің болмайтынын, орындалмағанын хабарлайтын сөйлем.

Будан сөздер – әртүрлі тіл элементтерінен жасалған сөздер. Мысалы, *автодукеніш* сөзі гректің *авто*, арабтың *дүкен*, казактың *-ші* жүриагынан жасалған.

Буриме әдісі – берілген үйікастарға өлең жолдарын (тармақтарын) құрастыру әдісі.

Біріккен сөздер – екі түбірден бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер.

Говор – тілдің диалектінің шініне кіретін шағын аймакка тараған белігі.

Грамматика – тіл білімінің сөз таптарын, сөздердің өзгеруі мен сөйлем құрылышын зерттейтін саласы.

Грамматикалық норма – тіліміздегі грамматикалық тұлғалардың бірізге, бір қалыпта түсіп, дәғдытаға айналып жүмсалуы.

Ғылыми стиль – зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, әдебиеске қажет ететін стилемдің бір түрі.

Диалектизм – белгілі бір аймак, облыс тұрғындары колданатын тіл ерекшеліктері бар халық тілінің белігі.

Диалог – екі не бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы берілетін ауызекі тілдің ерекше формасы.

Дифференциация – біртұтас заттың, құбылыстың өз ішінен белінуі, жекеленуі.

Дыбыс – тілдің дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, құлакка естілетін үн.

Есімді тіркестер – сөз тіркесінің басындық сынары есім сөз болып келетін түрі.

Жай сөйлем – қарым-қатынас қызметтің атқаратын, өзіне тән семантикалық құрылымы бар, бір предикативтік бірліктен тұратын сөйлем.

Жайылма сөйлем – құрамында бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелер (не олардың бірі) көткеск ан жай сөйлем.

Жақсыз сөйлем – сөйлемдегі айтылар ой бастауыштан басқа сөйлем мүшелері арқылы берілетін жай сөйлемнің түрі.

Жақты сөйлем – бастауышы мен баяндауышының байланысқан жай сөйлемнің бір түрі.

Жалан сөйлем – тек тұрлаулы мүшеден ғана қураған жай сөйлемнің түрі.

Жалғамалы тілдер – тілдерге типологиялық немесе морфологиялық топтастыру принципін қолдану арқылы, яғни оларды тұстық жақындығына қарап

емес, грамматикалық күрылсына қарап топтастыру нәтижесінде белгінетін тілдер типі.

Жанасу – алдыңғы сөздің сонғы сөзбен шылаулар арқылы немесе ешбір жалғаусыз, тубір тұлғаларында тұрып, орын жағынан бірде іргелес, бірде алшақ байланысұы.

Жүрнектар – жалғанған сезінен жана сез тудыратын немесе сезді түрлендіретін косымша.

Иниомалтық тіркестер – беліп-жарута көлмейтін және оның тұтас мағынасы күрамындағы сездердің әркайсысының лексикалық мағынасына байланысты болмайтын сездер.

Интеграция – тілдердің бірігуі, бірігу үдерісінде олардың айырмашылыктарының жойытуы.

Кәсіби сез – белгілі бір шаруашылыққа, қәсіпке байланысты қолданылатын, жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сездер.

Клише – коммуникативтік жағдаятқа сай, дағын, тұракты калыптаскан, кыскарып қолданылған сездер мен сез тіркестері.

Конверсия – ешқандай аффикстің көмегінсіз-ак тубірдің не негіздің басқа сез табына адмасуы арқылы жасалатын сезжасам тәсілі.

Конерген сез – күнделікті карым-катаңдаста жіңі колданылмайтын, бірақ тілдің сездік корында сакталған сездер.

Көркем әдебиет стилі – проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың тілі.

Күрделі етістіктер – екі я одан да кеп сезден құралып, бір ғана мағынаны білшіріп, бір сұрапқа жауап беріп, сейлемнія бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер.

Күрделі сездер – кемінде екі я одан да кеп дара сезден құралып, ритм, ыргак жағынан бірудай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған құрама сездер.

Кірме сез – зат, құбылдыс, ұғым түрлерімен бірге басқа тілдерден аудыскан сездер.

Кітаби тіл – XVI–XVII ғасырлардан бастап XX ғасырдың басына дейін казак қоғамы мәдени дүниесінде аудызша тел әдеби тілмен катар өмір сурғен жазба тіл.

Кабысу – сез тіркесінін бағынындық және басындық сынарларының жалғаусыз, іргелес тұрып орын тәртібі арқылы байланысұы.

Канатты сездер – белгілі бір әдеби немесе тарихи шығармаларда пайда болған, макал-мәтел сиякты кең тараган, әсерлі, мәнерлі тұракты сез тіркестері.

Құрмалас сойлем – құрамындағы екі не одан кеп жай сейлемдердің тұлғалық, мағыналық, предикаттық катынас негізінде және интонациялық жағынан өзара тығыз байланыста құрделі бір ойды білдіретін сейлем.

Қыскарған сездер – кейбір құрделі атаулардың, мемлекет, мекеме, ұғым аттарының бірнеше сездин тіркестерінен құралып, кейде қыскартылып қолданылуы.

Лексика – тілдегі барлық сездердің жыныстығы, сездік кор мен құрам.

Лексикалық норма – әдеби тілде сейлеу, жазу, оларды дұрыс, мағыналы және орынды пайдалану.

Лексика-семантикалық тәсіл – ешқандай журнаксыз-ак, ешқандай сез тіркестірусіз-ак жана сез жасау.

Лексикография – сездік түзудін теориясы мен тәжірибелі зерттейтін тіл білімінің саласы.

Лексикология – тілдің сез байлығын, лексикасын зерттейтін ғылым.

Макал-мәтеллер – өмірдегі түрлі құбылдысты жинақташ, түйіп, ықшамдаш беретін халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі.

Мәтін – бір тақырып төңірігіндегі сабактастық пен тұтастығы бар акпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сейлемдердің тізбегі.

Модаль сез – сейлемнің мазмұнына сейлеушінің көзкарасын білдіретін тіл бірліктері.

Неологизм – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық катынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жана сездер мен сез түркестері, фразеологиялық оралымдар.

Окказионал сездер – магыналары көпшіліктің колдануына сәйкеспейтін, әдетте, жеке авторлар тілінде ғана кездесетін алі орынкласаған сездер.

Орфография – сездердің дұрыс жазу ережелерінің жынытығы және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы.

Орфоэпия – сездер мен сез түркестерінің дұрыс айтылу ережелерінің жынытығы.

Памфлет – жалпы саяси күрүлымға немесе оның жеке жақтарына, қандай да бір қоғамдық топқа, партияға т.б. (олардың жеке бір өкілдерін әшкерелеу арқылы) карсы бағытталған шығарма.

Полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайлардың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден уш, одан да көп тілде сөйлей білүшілік.

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат күралдарында, деректі фильмдерде колданылатын функционалды стиль түрі.

Пунктуация – тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі.

Ремарка – автордың белгілі бір детальды нақтылау немесе толықтыру үшін берген түсінік сезі.

Ресми тіл – зан, сот, оқу т.б. ресми кенсе қызметінде мемлекеттік тілмен катаң колданылатын негізгі тілдердің бірі.

Ресми ісқағаздар стилі – жеке адамның, ұжымның, фирмалардың, мекемелердің атқаратын қызметіне байланысты пайда болатын жазбаша (ауызша) қарым-қатынас куралы.

Сабактас құрмалас – құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен сабактаса байланысан құрмаластың түрі. Сабактас құрмалас сөйлем құрамындағы алғашкы жай сөйлемнің баяндауышы тиянаксыз тұлғада келіп, екіншісіне бағына байланысады.

Салалас құрмалас – құрамындағы жай сөйлемдері салаласа байланысан құрмаластың түрі. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянкты тұлғада келіп, бір-бірімен тен дәрежеде байланысады.

Синтаксис – сез түркесі туралы, сөйлем туралы зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Синтаксистік талдау – сөйлемді, оның мүшелерін, түрлерін, құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді анықтау.

Синтетикалық тәсіл – сездердің косымшалар арқылы байланысуы.

Сөйленіс – тілдің жергілікті ерекшелігі, говор.

Термин сездер – ғылым, техника, өншіріс, өнер саласындағы белгілі бір ұғымды атау үшін колданылатын сездер мен сез түркестері.

Топоним – географиялық нысаннын (жер-судын) аты.

Тұынды сез – сез тудырушы негізден журнак арқылы синтетикалық тәсілмен жасалған сез.

Тұракты түркестер – екі немесе одан да көп сездердің түркесуінен жасалып, бір ұғымды билдіретін бейнелі сездер тобы.

Түркизм – белгілі бір тілге түркі тілдерінен аудысып, шет тілдік элементтер ретінде қабылданатын сез не оралым.

Тіл білімі – тіл және оның даму заңдары туралы ғылым.

Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Тілдердің генеалогиялық классификациясы – дүниежүзі тілдерін өзара бір-бірімен туыстығына қарай салыстырмалы-тарихи тұргышан тоңтастыру.

Тілдік норма – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіп, заңдылықка бағыншыру.

Ултаралық тіл – көпэтникалы мемлекеттерде халықтардың өзара карым-катастынастарын камтамасыз ететін сейлеу куралы.

Үндестік заны – буын не сез күрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір ауезбен айтылуы.

Фонема – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға көмектесетін тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік бірлік, яғни дыбыс типі.

Фонетика – тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы.

Фонетика заңдылықтары – дыбыстардың өз калпын сактауы мен үздіксіз болып отыратын өзгерістерін, өзара алмасуы мен тіркесуін зерттеп отыратын дыбыстардың даму заңдылықтары.

Фонология – тіл білімінің тілдің дыбыстық жүйесінің күрылымдық және функционалдық заңдылықтарын зерттейтін саласы.

Шет тілдер сөздігі – лингвистикалық сөздіктердің бір түрі. Шет тілінен белгілі бір тілге аудару сездігі.

Экстраграфика – тілдің қалыптасуы мен дамуына тікелей катысы бар этнокалық, қоғамдық-тариҳи, әлеуметтік, географиялық және басқа да факторларды өзара байланыстыра зерттейтін тіл білімінің саласы.

Этнолингвистика – этностың болмысынан туындал, санасында сараданып, тарихи жадында сакталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әүлеттен нәсілге ауысып келе жаткан дәстүрлі мирапты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ үрпакка ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің курделі де күнарлы саласы.

Этиопсихология – әртүрлі этностардың өзіне тән ұлттық мінезін, этностардың өзіне тән психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін пәнаралық ғылым.

Этнос тілі – белгілі бір этностиң сейлеу тілі.

МАЗМУНЫ

Күрметті жас дос!	3
1. ОРФОГРАФИЯ. ТІЛ ЖӘНЕ АЛАШ ІДЕЯСЫ	
1.1. Алаш идеясы. Жаңа атаулар емлесі	4
1.2. Алаш көзғалысы. Ықшамдалған сөздер емлесі	6
1.3. Алаш ұраны. Толпума сөздер емлесі	8
1.4. Алаш арыстары тіл туралы. Діни мазмұндағы сөздер	11
1.5. Тілдің адам өміріндегі орны. Кірме сөздер емлесі	13
1.6. Ахмет Байтұрсынұты кім? Будан сөздер емлесі	17
1.7. Телжан Шонанұлының оқу-агартуга катысты енбектері	19
2. ОРФОГРАФИЯ. ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ: ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ	
2.1. Мұхит асқан туынды. Біріккен сөздер емлесі	24
2.2. Білім жарысы. Тіркесті сөздер емлесі	27
2.3. Әлемдегі қаламақысы жоғары жазушы. Мамандандырылған сөздер	29
2.4. Мұзыканың үлкен кітабы. Орыс тілінен синген сөздер	31
2.5. Алаш кайраткері Кошке Кементерұлы. Бейнелес сөздер емлесі	33
2.6. Әлемдік кинематографияның өмірге келтуі. Игерілген кірме сөздер	36
2.7. Әлем таныған классик	39
3. ФОНЕТИКА. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕННЕТ	
3.1. Қазак мәдениеті мен акыл-ойының зангар білгі. Интонация. Пауза	43
3.2. Ш.Құдайберішұлы шығармашылығындағы «ар» тақырыбы. Мелодия	45
3.3. Магжан мен Жусіпбек. Ритм	50
3.4. «Мәңгілік ел» идеясы. Сойлеу темпі	53
3.5. Егемен әліппи. Каркындылық	55
3.6. Отырар өркеннеші. Тембр	58
3.7. Қазак отбасының құндылықтары	60
4. ӘДЕБИ НОРМА. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦІЯ – БҮТІНГІ КҮННІҢ ДАМУ ҮРДІСІ	
4.1. Батысевропалық экономикалық интеграция. Әдеби тіл	63
4.2. ТМД елдерінің тарихы. Көркем әдебиет тілі	66
4.3. Интеграцияның пайдасы. Лексикалық норма	69
4.4. Экономикалық интеграция (экономикалық бірігу). Орфоэпиялық норма	71
4.5. Интеграция шарттары. Орфографиялық норма	73
4.6. Еуразиялық Одак болашақтың стратегиясы. Грамматикалық норма	76
4.7. Ынтымак, бірлік туралы макал-мәтеддер	79
5. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ. БІЛІМ. ФЫЛЫМ. ИННОВАЦІЯ	
5.1. Қаныш Сәтбаев ғылым-білім туралы. Көркем әдебиет стилі	83
5.2. Адам капшалы. Публицикалық және ғылыми стильдер	85
5.3. Тесланың түйсігі. Тіл дәлдігі	89
5.4. Алаштың ғылым-білім үйрету бағдарламасы. Тұракты тіркестер, макал-мәтеддер	91
5.5. Нанотехнология. Сойлеу этикеті	93
5.6. Тілдің пайда болуы туралы ілім. Тілдік норма	96
5.7. Грамматика, зерттеу әдісі мен карастыратын мәселесі	99

6. СӨЗЖАСАМ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК

6.1. Байлық пен кедейлік. Сөзжасам	104
6.2. Білім артық па, байлық артық па? Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл ...	107
6.3. Кедей мен байдың айырмашылығы. Сөзжасамдық жүннактар	110
6.4. Ірі қолемдегі байлық. Аналитикалық тәсіл	113
6.5. Кедейлікті жою шаралары. Лексика-семантикалық тәсіл	115
6.6. Қазақстандағы әлеуметтік топтар. Тұынды сөз	118
6.7. Қазак байлары	121

7. СИНТАКСИС. СӨУЛЕТ ӨНЕРІ

7.1. Фаламдағы гажайып ғимараттар. Сөз байланысының түрлері	125
7.2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сейлем	126
7.3. Астана келбеті. Сейлем мүшелері	130
7.4. Қніз үйдін түрлері. Сейлемнің түрлері	132
7.5. Қазак жеріндегі ежелгі кесенелер. Құрмалас сейлем	134
7.6. Мешіттер мен сарайлар сәні – кафель. Көпкомпонентті құрмалас сейлем	137
7.7. Ортағасырлық биңк үйлер	139

8. ПУНКТУАЦИЯ. ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ САЯСАТ ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

8.1. Әлемдік саясат. Нұкте	143
8.2. Әлемдік саясат категориялары. Сұрау белгісі	146
8.3. Хан Абылайшын сыртқы саясаты. Леп белгісі	150
8.4. Жаңандану: пайдалы мен зияны. Көп нұкте	152
8.5. Бүкіләлемдік жаңандану. Тыныс белгілерінің қабаттасуы	155
8.6. Әлемдік саясаттың көшбасшылары. Үтір	158
8.7. Қазақстанның сыртқы саясаты	162

9. ПУНКТУАЦИЯ. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

9.1. Шешендік өнер тарихы. Нұктелі үтір	166
9.2. Шешендік сөздердің зерттелуі. Жақша	169
9.3. Шешендік өнердің пән ретінде калыптасуы. Кос нұкте	175
9.4. Тура билер. Тырнакша	178
9.5. Шешендік сөз туралы. Сызықша	181
9.6. Сейлеу мәдениеті. Төл сөз бен автор сөзі	185
9.7. Сейлеу мәдениетінің зерттелуі	189
Тындалымға арналған мәтіндер	193
Глоссарий	209

Учебное издание

**Капалбек Бижомарт Сейсенбекұлы
Закиряева Гүлназ Сабитовна
Жантасова Салтанат Егизбайқызы**

ҚАЗАҚ ТЛП

**Учебник для 10 классов общественно-гуманитарного
направления общеобразовательных школ
(на казахском языке)**

**Оқулыкты бәзендіргүте А.Дүзелханов, О.Безғалов,
Д.Сланов, С.Қызайбектің сибектері пайдаланылды**

**Редакторы А.Толенбердинова
Көркемлеуші редакторы А.Ақыл
Технические редакторы Л.Садыкова
Корректоры Ж.Баймагамбетова
Компьютерде беттеген Н.Сейдахметова**

**Государственная лицензия № 0000001 выдана издательству
Министерством образования и науки Республики Казахстан 7 июля 2003 года**



ИБ № 5848

Басыга 30.05.19 кол койылды. Пішімі 70×100^{1/4}. Офсеттік кағаз.
Каріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табагы 17,42.
Шартты бояулұ беттанбасы 70,33. Есептік баспа табагы 13,24.
Таралымы 40 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mekter@mail.ru
Web-site: www.mekter.kz

